Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
«КАЗГЮУ Университеті» АҚ

ӘОК 343.7

Қолжазба құқығында

ПИРЗАДАЕВ АРМАН НУРГАБЫЛОВИЧ

Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері (жымқырумен байланысты материалдар негізінде)

6D030100 - Құқықтану

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының докторы,
профессор
М.С. Нәрікбаев

Шетелдік ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының докторы,
профессор
Ю.В. Голик

Қазақстан Республикасы
Астана, 2015

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 4
КІРІСПЕ..... 5
1 ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ЗАРДАП - ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КАТЕГОРИЯ ЖӘНЕ МЕШІКТІ ЖЫМҚЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ..... 15
1.1 Қоғамға қауіпті зардап - қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесі ретінде..... 15
1.2 Жымқыру зардабының кейбір қылмыстық-құқықтық мәселелері..... 27
2 ЖЫМҚЫРУ ЗАРДАБЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ..... 42
2.1 Жымқыру зардабы – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгісі ретінде..... 42
2.2 Жымқыруды зардаптары бойынша саралау мәселелері..... 55
3 ЖЫМҚЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДАН КЕЛЕТІН ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ЗАРДАПТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 78
3.1 Жымқырудан келетін зардаптардың құны..... 78
3.2 Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігі..... 96
ҚОРЫТЫНДЫ..... 125
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 130

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

1948 жылғы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының № 217 А (III) резолюциясымен қабылданған Адам құқықтары жөніндегі Жалпы декларация;

1995 жылдың 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2014 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Республикасының №226-V Заңымен қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;

1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы»;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 11 шілде 2003 жылғы «Жымқыру істері бойынша сот тәжірибесі туралы» №8 нормативтік қаулысы;

1959 жылдың 22 шілдесінде қабылданған ҚазКСР Қылмыстық кодексі;

1885 жылғы қабылданған билердің Шар съезі Ережесі;

1996 жылдың 13 маусымында қабылданған Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі;

1967 жылғы Нью-Йорк штатының Қылмыстық кодексі;

1997 жылдың 14 наурызында қабылданған Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексі;

1997 жылдың 1 қаңтарында қабылданған Польша Республикасының Қылмыстық кодексі;

2003 жылдың 18 сәуірінде қабылданған Армения Республикасының Қылмыстық кодексі;

1997 жылдың 12 маусымында қабылдаған Түрікменстан Қылмыстық кодексі;

1994 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі;

2002 жылдың 18 сәуірінде қабылданған Молдова Республикасының Қылмыстық кодексі;

1999 жылдың 9 шілдесіндегі Беларус Республикасының Қылмыстық кодексі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЕК	–	Айлық есептік көрсеткіш
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГФР	–	Германия Федеративтік Республикасы
ЕО	–	Евразиялық Одақ
ЖШС	–	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КСРО	–	Кеңес Социалистік Республикалар Одағы
ҚазКСР	–	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚК	–	Қылмыстық Кодекс
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ҚР АК	–	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ҚР ӘҚБК	–	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі
ҚР БП	–	Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
ҚСжАЕК		құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті
ҚР ҚК	–	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ҚІЖК	–	Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
РФ	–	Ресей Федерациясы
РФ КСР	–	Ресей Федеративтік Кеңестік Социалистік Республикасы
ТМД	–	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
т.б.	–	тағы басқа
ҰҚК	–	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ	–	Ішкі істер министрлігі

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында қылмыстық құқық пен криминология ғылымдарында осы уақытқа дейін аз, шектеулі немесе біржақты түрде зерттелген категория – «қылмыс зардабы» мәселесін, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар мәселесін терең зерттеуге, қолданыстағы қылмыстық заңнаманы талдауға және 3 шілде 2014 жылы Қазақстан Республикасының №226-V Заңымен қабылданып, 1 қаңтар 2015 жылдан бастап күшіне енген ел тарихында екінші болып есептелетін Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексін әрі қарай жетілдіруге қатысты ұсыныстар білдіруге талпыныс жасалған.

Сонымен қатар, бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың криминологиялық мәселелерін зерттеу шегінде аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қылмыстылықтың құнын анықтау мәселелері де зерттелген және аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың профилактикалық шараларының тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар берілді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесінде көптеген категориялардың қатарында «қылмыстық құқық бұзушылық зардабы» категориясының орны ерекше. Бұл ерекшелік ең алдымен, қылмыстық құқықтың негізі, фундаменті болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылық құрамының төрт элементтерінің бірі – қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағына қатысты болуымен, оның бір белгісі болуымен түсіндіріледі.

Алайда, бұл белгі қылмыстық заңнамадағы материалдық құрамдағы қылмыстарда міндетті белгі ретінде көрсетіледі. Дегенмен, қандай да бір қылмыс қылмыстық заңмен қорғалатын белгілі бір қоғамдық қатынастарға қол сұғатыны сияқты, зардапсыз, салдарсыз қылмыс та болмайтынын айғақтайды.

Біз осы диссертациялық жұмысымызда барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарды зерттеу нысанасына алмай, барлық қылмыстар қатарынан тек меншікке қарсы қылмыстар, оның ішінде бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарды қарастырдық. Себебі, адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінде меншік құқығының алатын орны ерекше. Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан да, бұл игілікке қол сұғушылық адамның жеке басына қол сұғушылықпен пара-пар (кең мағынада алғанда) деуге болады.

Меншік – кез келген қоғамның өмір сүруінің экономикалық негізін құрайды. Мемлекетте меншік иесінің мүліктік мүдделері елеулі болып табылады. Аталған игіліктің маңыздылығының жоғарылығы сонша, халықаралық қауымдастық маңызды адам құқықтары мен бостандықтарының

қатарында Адам құқықтары жөніндегі Жалпы декларацияда оны бекітуді жөн тапқан: «Әрбір адам мүлікке жалғыз немесе басқалармен бірлесіп иеленуге құқылы. Ешкім де еркінен тыс мүлкінен айырылмауы тиіс» (17-бап) [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады [2].

Меншікті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Нақты айтқанда, қылмыстық заңның міндеттері бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін сақтау, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, басқа да құндылықтарды қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу деп Қылмыстық кодекстің 2-бабында көрсетілген [3].

Осы міндеттерді басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 6 тарауы «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталып, қылмыстық құқықта ондағы қылмыстар пайдакүнемдік ниеттің орын алғанына немесе жоқ болуына байланысты пайдакүнемдік немесе пайдакүнемдік емес болып екі топқа ажыратады. Өз кезегінде меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар жымқырумен байланысты және меншікке қарсы басқа да пайдакүнемдік қылмыстар болып екі топқа бөлінеді. Меншікке қарсы жымқырумен байланысты пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіпті зардаптары осы зерттеудің затын құрайды.

Бұрынғы 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 6-тарауы меншікке қарсы қылмыстар үшін жауаптылық 17 қылмыстық құқықтық нормада анықталған болса (175-188 баптарында), жаңа қылмыстық заңдағы «меншікке қарсы құқық бұзушылықтар» 18 бапта шоғырланған (187-204-баптары). Сонымен қатар, алдыңғы заңнамада криминализацияланған 183-1, 184-1 – баптарындағы қылмыс құрамдары жаңа заңда реттілігіне қарай жеке баптарда рәсімделген.

Теория мен практикада азаматқа ірі және аса ірі залал келтірген жымқыру түрлерін саралау доктриналдық және соттық талқылау барысында қарастырылатын, сондай-ақ бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлатылған және аса ауырлатылған түрлері құрамдардың әр қайсысында әр түрлі құраммен және толық көрсетілмейтін, сонымен қатар, бір бапта бар құрамның ауырлатылған түрі екінші баптың ауырлатылған түрі ретінде көрсетілмейтін. Қазіргі уақытта аталған мәселеге қатысты саралау мәселелері жаңа Қылмыстық кодекстің баптарының бөліктерінде біркелкі және біріздендіріліп, ғылыми пікірталастардың нүктесін қойып бергендей.

Заңдағы жаңашылдықтар мен қолданыстағы заңнамамыздың үнемі жетілдіріліп отыруы – бөтеннің мүлкін жымқыру жолымен қол сұғудан тиімді қорғауды қамтамасыз ету қадамдарын жасаған деуге болады.

Зерттеу тақырыбының негізгі мазмұнын құраған бөтен мүлікті жымқыру нысандарына қылмыстық заңдағы 7 қылмыстық құқық бұзушылықты жатқызады. Олар: ұсақ-түйек жымқыру (187-бап); ұрлық (188-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-бап); алаяқтық (190-бап); тонау (191-бап); қарақшылық (192-бап); ерекше құнды заттарды жымқыруға салу (193-бап) құрамдары. Бұрынғы қылмыстық заңнамада «ұсақ-түйек жымқыру» қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмағандықтан, 6 нысан бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты пайдакүнемдік қылмыстар деп танылған болатын.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 14 желтоқсан 2012 жылғы Жолдауында «Еліміз бен өңіріміз үшін мен он негізгі сын-қатерді бөліп көрсетемін. Егер біз өз дамуымызда жаңа табыстарға одан әрі қол жеткізуді жоспарлайтын болсақ, олардың әрқайсысын міндетті түрде ескеруге тиіспіз. Бірінші сын-қатер тарихи уақыттың жеделдеуі. Тарихи уақыт аса жеделдей түсуде. Әлем қарқынды түрде өзгеруде және болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы адамды таң қалдырады» деп көрсеткен болатын.

Нәтижесінде еліміздегі қылмыстық саясаттың негіздерін белгілейтін төрт іргелі Кодекстерді (Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы) жаңадан қабылдауды тапсырды. Заңгерлер мен ғалымдар арасында бұл кодекстердің Жобалары талқыланып, нәтижелері ретінде қазіргі күні жаңа Кодекстер қабылданды. 2014 жылдың 4 шілдесінде ел тарихындағы екінші болып есептелетін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жаңадан қабылданып, 1 қаңтар 2015 жылдан бастап заңды күшіне енгізіліп, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі тұлғаларды қылмыстық заңның кері күшінің ережелерін ескере отырып тәжірибеде қолданыла бастады.

Аталған құжат та алдыңғы Кодекстегі қабылданған үрдісті жалғастырып келеді. Бұл жөнінде кезінде Г.А. Злобин «Заң шығарушы қашан да қылмыстар қатарына жататын іс-әрекеттер шеңберін үнемі нақтылап заңнамаға өзгерістер жасап отырады. Ол өзгерістер ғылыми тұрғыда негізделген және қылмыстық заңды құрастыру талаптарына (соның ішінде әлеуметтік шындықтың әр түрлі салалырымен байланысына) сай келген болуы тиіс» [4, с. 71] деген болатын.

Соңғы уақыттары қаржылық (инвестициялық) пирамиданы ұйымдасқан түрде құру және оның жұмысына басшылық ету арқылы меншік иелеріне немесе өзге де иеленушілеріне айтарлықтай мөлшерде материалдық залал келтіру қатері артты. Осы орайда заңнамашының меншікке қарсы қылмыстар тобын Қазақстан Республикасының 17.01.2014 №166-V Заңы негізінде қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және (немесе) оның қызметіне басшылық жүргізуге байланысты қылмыс құрамымен толықтыруы орынды болды (177-1-бабы). Жаңа қылмыстық заңда бұл қылмыстық құқық

бұзушылықтың объектісі нақтыланып, қылмыстық құқықтық норма меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды көздейтін тараудан экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық көздейтін тарауға ауыстырылған болатын. Заңнамашының бұл шешімін толығымен қолдауға болады, өйткені қаржылық (инвестициялық) пирамида құру меншік қатынастарына қарағанда экономикалық сипаттағы неғұрлым ауқымды қатынастарға нұқсан келтіретіні айқын.

Қазақстанда жаңа мемлекеттік-құқықтық, қоғамдық-саяси қатынастарды құру өзімен бірге қалыптасқан экономикалық байланыстарды, жұмыссыздық, қоғамның әлеуметтік жіктелуі, тұрғындардың рухани-адамгершілік бағдары сияқты жағымсыз салдарды ала келді.

Ауыр салдардың қатарында елдегі криминогендік жағдайдың нашарлауы да бар. Оның ішінде пайдакүнемдік-күштеу қылмыстарының, бөтеннің мүлкін талан-тараждаумен байланысты қылмыстардың өсу тенденциясы байқалады.

Бірақ, қылмыстылық қоғамда алғашқы қауымдардың құрылуынан бастау алып, қоғамдық қатынастардың дамуымен бірге әрқилы өсіп отырды. Тек қоғамға келтірілген зардаптарды бағалау әрқашанда жаңа қылмыстық нормалардың, жаза түрлерінің пайда болуы мен арнайы органдардың құылуына және басқа мәселелерді шешуге ұйтқы болды.

Дегенмен, мемлекетіміз қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» негізінде отандық құқықтық саясатты жетілдіру мақсатында көптеген ауқымды шаралар жасап жатыр. Осы аталған тұжырымдаманың 2.8. бөлімі: «Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны – қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықтың қазіргі жай-күйін бағалай отырып, тұтас алғанда оны серпінді дамыту қамтамасыз етілді деуге болады. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс – қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың жеткілікті пәрменді құралы» деп бекітті [5].

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы меншікке қарсы қылмыстардың ішіндегі ең көп тараған және қоғам үшін едәуір қауіптісі болып табылады. Оны жымқырумен байланысты қылмыстарға қатысты соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерден байқауымызға болады.

Меншікке қарсы қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетінің мәліметтеріне сәйкес, Республикамызда тіркелген жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішіндегі меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі: 2010 жылы - 67,4%, 2011 жылы - 80%, 2012 жылы – 81%, 2013 жылы – 77,9%, 2014 жылы – 79,5%, 2015 жылы –

75% құрап отырғанына назар аудара отырып, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы қылмыстылық ішіндегі үлес салмағы жоғары екенін көреміз [6].

Көріп отырғандай, жоғарыда көрсетілген жылдар ішінде елімізде қылмыстылыққа қарсы белсенді күрес шараларына, сондай-ақ мемлекет тарапынан құқық қорғау органдарының саны мен сапасын арттырудағы жасалынып жатқан жұмыстарына қарамастан қылмыстылықтың жалпы көрсеткіштерінің ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үлесі аз емес.

Оның бірнеше себептерін көрсетуге болады:

– қылмыстылыққа қарсы күрес бойынша мемлекеттік аппараттардың (әр түрлі органдарда ұйымдастырылатын шаралар мен жұмыстар өз алдына, дербес және жеке жүргізілуінде) жұмыстарының өзара үйлесімсіздігі және жүргізілген жұмыстар нәтижелерін талдаудың жеткіліксіздігі;

– қылмыстылықтың алдын алуға байланысты кешенді криминологиялық болжамдардың жүргізілмеуі;

– әлемдік жаһандану жағдайында қылмыс істеу құралдары мен тәсілдері үнемі жетілдіріле түсіп қылмыстармен күрес шараларының алдын орап кетуі;

– 2010-2012 жж. бастап қылмыстар бойынша құқық қорғау органдарында түскен барлық арыздар мен хабарламаларды біріңғай тіркеу жүйесін енгізу нәтижесінде сапаға емес, санға таласу жағдайларының орын алуымен түсіндіріледі.

Еліміздегі істелетін қылмыстылықтың құрылымында көшбасшылық орынды бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстар мен олардан келетін зардаптың құрауы мұндай қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғарылығын куәландырады.

Қылмыстылықты әлеуметтік жағымсыз құбылыс ретінде түсінудің басты бағыты ретінде оны туындататын себептерге ықпал ету түрінде алдын алуды қажетсінеді. Сол себепті де бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабын болдырмау, олармен тиімді күресу мен алдын алу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мұндай қылмыстылықтың құнын анықтау күрес шараларының тиімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде зерттеу жұмысы барысында біз қылмыс зардабына қатысты фундаменталдық еңбек жазуды көздегеніміз жоқ, біздің алған бағытымыз меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау нәтижесінде келетін қылмыс зардабын зерттеу мен криминологиялық тұрғыдағы қылмыс зардабын қарастыру арқылы аталған тақырыптың тек бүгінгі таңдағы емес, болашақтағы да өзекті әрі күрделі мәселе екендігін көрсету болып табылады.

Жоғарыда аталған жағдайлар бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардаптарды зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай түседі.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Аталған тақырыпты қылмыстық-құқықтық және криминологиялық жағынан кешенді түрде зерттеуге талпыныс өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарымен тұспа-тұс келеді.

Қылмыстың әлеуметтік салдары мәселесіне арналған арнайы еңбектердің бірі және алғашқыларының қатарында М.М. Бабаевтың сонау 1982 жылы жарық көрген «Социальные последствия преступности» атты еңбекті атауға тұрарлық. Бұл еңбек тек қана қылмыс зардабын монографиялық деңгейде ғана зерттеп қоймай, тақырыптың криминологиялық жағынан ерекшеліктерін, зардаптарды дифференциациялау мен олардың профилактикасы мен жоюдың әдістерін көрсететін жұмыс болуымен құнды.

Ол кезеңдегі еңбектерде құқықтық сипаттағы жалпы теориялық жағдайларды шешуге мән беріліп, социалистік кезеңнің талаптарын қанағаттандыратындай дәрежеде болды деп есептеуге болады.

Кеңестік заман түсінуін қазіргі уақытта қолдану кей кездері ақтала бермейтіндіктен, ол кезеңнің теориялық және практикалық зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, осы жұмыстың ғылыми негізділігін белгілеу жағынан маңызы болды.

Аталған мәселені зерттеушілер қатарында соңғы уақыттары қорғалған докторлық диссертацияларды айта аламыз. Олар С.В. Землюков (Преступный вред: теория, законодательство, практика. – М., 1993), С.М. Кочои (Ответственность за корыстные преступления против собственности по законодательству России. – М., 1999), В.В. Векленко (Квалификация хищений чужого имущества. – Екатеринбург, 2001), А.Г. Безверхов (Имущественные преступления. – Ижевск, 2002), К.Ш. Уканов (Предупреждение хищений в Республике Казахстан: уголовно-правовые и криминологические аспекты. – М., 2003). секілді ғалымдардың және т.б. жұмыстары.

Зерттеу жұмысының теориялық негізі. Меншікті қорғау мәселесіне қатысты көптеген еңбектер бар. Ресейлік және қазақстандық ғалымдар: Г.А. Аванесов, Ю.М. Антонян, Е.О. Алауханов, К.Ж. Балтабаев, М.С.Баймурзин, К.А. Бегалиев, Ф.Г. Бурчак, В.Г. Беляев, Г.Н. Борзенков, И. Ш. Борчашвили, В.А. Владимиров, Р.Р. Галиакбаров, Н.С. Гагарин, Л.Д. Гаухман, К.К. Горяинова, П.И. Гришаев, М.У. Досанов, А.Ф. Зелинский, Г.А. Злобин, У.С. Джекебаев, М.И. Ковалев, Л.В.Кондратюк, Н.К. Котова, Ж.Г. Калишева, Е.И. Кайржанов, Ж.К. Кожантаева, С.М. Кочои, Г.А. Кригер, Б.А. Куринов, В.В. Лунеев, Г.С. Мауленов, А.Х. Миндагулов, М.С. Нарикбаев., А.В. Наумов, Р.Т. Нуртаев, Б.М.Нургалиев., В.С. Овчинский, Е.А. Онгарбаев, К.А. Панько, А.А. Пионтковский, С.М. Рахметов, И.И. Рогов, Г.Р. Рустемова, А.А. Смагулов, А.А. Тайбаков, П.Ф. Тельнов, А.Н. Трайнин, Г.Д. Тленчиева, Н.Н. Турецкий, М.Д. Шаргородский, М.А. Шнейдер, К.Ш. Уканов, Р.Н. Юрченко және т.б. ғалымдар еңбектерін арнайды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұл жұмыстың мақсаты болып бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардаптың сипаты мен мөлшеріне байланысты қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда

зерттеу жүргізу болып табылады. Қылмыстық заңнамадағы қылмыс зардаптарына қатысты ұғымдарды біріздендіру мен біріңғай саралауды қамтамасыз ету және бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарынан келетін зардаптардың мөлшерін, құнын анықтау мен осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар әзірлеуді де көздейді.

Осы мақсаттарды басшылыққа ала отырып зерттеу жұмысы төмендегідей міндеттерді шешуді алға қояды:

– қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық зардабының ұғымы мен белгілерін талдау;

– жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық зардабын қылмыс құрамының белгілері қатарында зерттеу;

– бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілейтін қылмыстық-құқықтық нормаларға талдау жасау негізінде қылмыстық-құқықтық заңнама мен тәжірибені жетілдіруге байланысты ұсыныстар әзірлеу;

– меншікті жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келген қоғамға қауіпті зардаптарға криминологиялық сипаттама беру және олардан келетін зардаптардың құнын анықтаудың маңызын көрсету;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптармен күресу мен алдын алу шараларының тиімділігін арттыру мәселелерін талдау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Аталған диссертациялық жұмыстың ерекшелігі ретінде біз ең алдымен таңдап алған тақырыптың күрделілігін айтар едік. Себебі, тақырып екі түрлі мәселені зерттеу нысанасына алады. Біріншіден, бөтеннің мүлкін жымқыру мәселесі болса, екіншіден, осындай қылмыстық құқықбұзушылықтардан келетін қоғамға қауіпті зардаптар мәселесін қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда қарастырады.

Әрине, бөтеннің мүлкін жымқыру мәселесі осы уақытқа дейін әр түрлі деңгейде зерттелген, тіпті көп зерттелген тақырып болып көрінуі мүмкін. Алайда, біздің жұмысымыз жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау нәтижесінде келетін зардаптары жағынан зерделеп, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құны мен олардың алдын алуды тиімді ұйымдастыру бағытында кешенді зерттеу жүргізуін көрсетуге болады.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде диссертант төмендегідей ережелерді қорғауға ұсынады:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде қолданылатын негізгі ұғымдарына жаңа «қылмыстық құқық бұзушылық зардабы» түсінігін «Қылмыстық құқық бұзушылық зардап ретінде тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасына сәйкес тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекетті кінәлі түрде жасау нәтижесіндегі залалды, зиянды және зардапты өзгерістерді атаймыз» - деп анықтама беріліп, енгізілуі қажет деп санаймыз.

Бұл болашақта құқық қолданушылық тәжірибеде қателіктер мен шатасуларға мүмкіндік бермейді деп сенеміз.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-бабын келесідей бөлікпен немесе ескертумен толықтыру: «Бөтеннің мүлкін жымқырған кінәлі адам тағайындалған жазаға қарамастан меншік иесіне Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 917-бабына сәйкес материалдық және (немесе) материалдық емес зиянды толық көлемде өтеуге міндетті» деп белгілеу қажет. Мұндай норма қылмыс істеген адамдардың жауапкершілігінің жаза өтеумен шектелмей, келтірген залалының орнын толтыру міндетін жүктеп, жымқыру арқылы алған мүліктің құнын түбінде бір өтейтінін білдіріп, жауапкершілік жүгін арттырады деп ойлаймыз.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі 187-бап «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамын жаңа құрам ретінде қылмыстық заңнамаға енгізуді қолдамаймыз, оны декриминализациялауды қажет ететін бап ретінде және бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамын Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне сәйкес бұрынғыдай әкімшілік құқық бұзушылық құрамы ретінде белгілеуді қалдыруды ұсынамыз. Себебі, бұл біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтар шеңберін кеңейтеді; екіншіден, қылмыстық құқықбұзушылар саны мен қылмыстылық туралы елдегі статистикалық мәліметтердің артуына әкеледі; үшіншіден мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мемлекет тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес міндеті жүктелген органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін керегі жоқ, артық күш жұмсауды қажетсінеді.

4. Зерттелген нормаларда (ҚК 187-бабы) кездесетін «болмашы мөлшер» деген заңнамалық ұғымды нақтылау мен қайта қарауды ұсынамыз. «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамындағы «болмашы мөлшер» деген сөздің қолдануын дұрыс емес деп табамыз. Себебі, «болмашы мөлшер» ұғымын енгізу теориялық және практикалық жағынан «ұсақ мөлшер», «аз мөлшер» деген ұғымдармен қатар заңнамаға жаңа «болмашы» мөлшер деген ұғымды енгізіп, одан сайын терминологиялық шатасуларды көбейтеді, онсыз да шұбалаңқы сөзімізді шұбарландырады. Қолданыстағы 187-баптың 1 бөлімінің диспозициясы біріншіден, осы жымқырудың ұсақ-түйектігін емес «болмашы мөлшерде жасалған» деп қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің мөлшерін қамтығандай сипатталған. Мысалы: «бір реттен артпайтын» деген секілді. Бұл жерде аудармашы осы баптың 2-бөлімі «бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру» болғандықтан бірінші бөлімнің мазмұнын түсінбегендей.

Сонымен қатар «болмашы» сөзі «аз мөлшер» немесе «ұсақ мөлшер» деген ұғымға қарағанда мағынасы жағынан кең талқылауға жол береді, құқық қолданушыларды ойландырып саралауда қателіктер жасауына жол береді. Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің «Осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп аталатын 3-бабының 10-бөлігінде белгіленген «болмашы мөлшер» деген ұғымды орысшадан тікелей аударылған, қазақ тілінде бар әрі түсінікті «аз мөлшер» немесе бап атауына да қайшы емес әрі түсінікті көрсетілгендей «ұсақ мөлшер» деп ауыстырған дұрыс деп ойлаймыз.

5. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар жалпы қылмыстылықтан келетін зардаптардың жартысынан астамын құрайды және бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың материалдық зияны ғана мемлекеттік мәліметтер базасында тіркеледі. Ал зиян тек материалдық қана емес, материалдық емес нысында да болатынын ескеріп, болашақта тек материалдық емес моральдық зияндарды есепке алу қамтамасыз еткен жөн. Бұл орайда қылмыстық істердегі азаматтық талап ережелері шеңберінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 47-тарауына сәйкес «Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер» бойынша да мемлекеттік мәліметтерді ресми тіркеуді жүргізуді енгізу қажет.

6. Зерттеу нәтижесінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу тиімділігін қамтамасыз ету үшін қылмыстылық құнының үш компоненттен тұратынын тұжырымдаймыз: а) қылмыстық құқық бұзушылықтардан келген (тікелей немесе жанама) зиян; б) мемлекеттің экономикалық және өзге де ақшалай тұрғыда жұмсайтын міндетті шығындары (құқық қорғау, жазаларды атқаратын мекемелер мен органдардың және т.б. қызметін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар); в) қоғамның криминалдық қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсайтын шығындары.

Жұмыстың методологиясы мен методикасы. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау жолында зерттеу материалистік диалектиканың заңдары мен таным әдістерін басшылыққа алды. Сол сияқты формальдық логиканың да ережелері, салыстырмалы-құқықтық, тарихи әдістер де қолданылып, кей тұстарда өзге ғылым салаларының да әдістері, заңдылықтары мен ережелеріне (құқықтық статистика, қылмыстарды квалификациялау, экономика, психология, социология, қылмыстық құқық социологиясы т.б.) сүйендік.

Зерттеудің нормативтік базасы. ҚазКСР-інің, Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу Кодекстері, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заңдары (кей тұстары салыстыру мақсатында кейбір шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларының ережелері де) зерттеудің нормативтік базасын құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы. Диссертация теориялық тақырыпты көтергендіктен де тек жеке-дара қылмыстық істерге ғана сілтеме жасалады. Сол себепті, ғылыми пікірталас тудырған кейбір тергеу және сот тәжірибесіндегі жекелеген оқиғалар зерттеудің эмпирикалық базасын құрайды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетеньдерінде ресми жарияланған материалдары зерттеуде пайдаланылып, талданды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінің және 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодексінің түйісуі кезеңінде қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар, соның ішінде шынайы өмірде ең көп таралған қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары болып есептелетін бөтеннің мүлкін жымқыру мәселелерін зерттейтін кешенді ғылыми еңбек болуынан көрінеді. Бұл зерттеудің

күрделілігі мен теориялық маңыздылығы ондағы зерттелетін мәселелердің ауқымдылығымен ғана шектелмей, ескі мен жаңаның ауысуы мен теке-тіресі жағдайында болуынан да көрінеді. Дегенмен біз жұмыста мүлде жаңа ешкім баспаған із салуды емес, теория мен тәжірибеде бар, шешілуі түйінді мәселелердің бірқатарын қарастырдық. Кейбір даулы мәселелер жаңа кодексте өз шешімін жұмысты жазу барысында тапқанмен, кейбір теориялық мәселелердің түйінін тарқату жаңа заңнаманың үлесіне тиесілі болып қалды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы диссертациялық жұмыс мазмұнында келтірілген қорытындыларды, шешімдер мен ұсыныстарды тәжірибеде қолданудың мүмкіндіктерін көрсетеді. Алынған қорытындылар мен ұсыныстарды заң шығару қызметінде, құқық қолданушылық процесінде, ғылыми жұмыстарда, оқу процесінде сәйкесінше:

– Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіру жұмыстарында қолдануға, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жетекші түсініктерін дайындауда;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жымқырудан келген зардаптар мәселелерін реттейтін заңнаманы арнайы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдары мен сот органдарының дұрыс қолдануы мақсатында;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жымқырудан келген зардаптар туралы қылмыстық заңдардың құқықтық негіздерін дұрыс қалыптастыру үшін ғылыми тұжырымдаманы даярлауда;

– қылмыстық құқық пәні бойынша және кейбір арнайы курстар бойынша оқу істерін жүргізуде, сонымен қатар, оқулық және оқу әдістемелік құралдарды дайындау үшін пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық атқару құқығы және криминология кафедрасында орындалды. Диссертациялық зерттеудің негізгі теориялық ұсыныс-қорытындылары мен тақырыптың кейбір ғылыми даулы тұстары бойынша жүргізілген зерттеулер мен оған берілген пікірлер кафедраның отырыстарында талқыланды.

Диссертация көтерген тақырыптың кейбір мәселелері ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда тыңдалып, зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар түрінде (соның ішінде, ҚР Білім жіне Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес) жарияланған.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен құралады. Диссертацияның көлемі осындай жұмыстарға қойылатын талаптар жөнінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау жөніндегі Комитеті бекіткен Нұсқаулыққа сәйкес дайындалған, 139 беттен тұрады.

1 ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ЗАРДАП - ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КАТЕГОРИЯ ЖӘНЕ МЕШІКТІ ЖЫМҚЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ

1.1 Қоғамға қауіпті зардап – қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесі ретінде

Өзімізге белгілі, адамның кез келген іс-әрекеті, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық та бар, қоршаған ортада белгілі бір өзгерістер туындатады. Алайда қылмыстық құқық бұзушылық заңға сыйымды мінез-құлыққа қарағанда қоғам үшін зиянды өзгерістерге алып келеді және ол қоғамға қауіпті зардап деп аталады.

Қандай да болсын қылмыстық іс-әрекеттің қоғамдық қауіпті зардаптарды туындататынын бекітетін нақты ереже еліміздің (ҚР ҚК 10-бабы) және кейбір шетелдердің қылмыстық заңнамаларында белгілі бір дәрежеде бекітілген Нью-Йорк штаты ҚК 1.05 § 1 б.; Қытай Халық Республикасы ҚК 13-бабы.; Польша Республикасы ҚК 1-бабы [7, с. 48-50]; Армения Республикасы ҚК 18-бабы [8]; Түрікменстан ҚК 10-бабы; Өзбекстан Республикасы ҚК 14-бабы [9, с. 15-16, 22], Молдова Республикасы ҚК 14-бабы [10].

1997 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-бабының 1-бөлігінде қылмыстың формальдық анықтамасы берілген, яғни «Қылмыс дегеніміз қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) деп танылады». Осы ұғымды қамтитын белгілер толық болғанда ғана адамның істеген әрекеті қылмыс деп танылады. Ал қылмыстық заң бойынша қылмыс деп танылған кез келген іс-әрекет (әрекет және әрекетсіздік) салдарынан қылмыс зардабы туындайды. Алайда іс-әрекет пен зинды зардап арасында нәтиженің туындауы алдында себепті байланыстың болуы міндетті. Егер ондай байланыс болмаса әрекет немесе әрекетсіздікті қылмыстың зардабының себебі ретінде қарастыра алмаймыз [11, с. 106].

Ал қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнама қылмыс ұғымын «қылмыстық құқық бұзушылықтар» тұрғысында қайта қарағандықтан, 10-баптың 1-бөлігінде «қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігі мен жазаланушылығына қарай қылмыс және қылмыстық теріс қылық» болып екіге бөлінетінін бекіткен.

Осы баптың 2-бөлігіне сәйкес қылмыс және 3-бөлігіне сәйкес қылмыстық теріс қылықты өзара ажырату үшін енді қоғамға қауіпті іс әрекетті кінәлі түрде істеу жеткіліксіз, енді бұл әрекеттер үшін қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жаза мерзімі мен мөлшерін анықтағаннан кейін және жазаның нақты түріне қатысты ҚР ҚК Жалпы бөлімінің 3-тарауында белгіленген ережелерді зерделеп барып ажыратуға мүмкіндік аламыз.

Мұндай ажырату арқылы қылмыстық заңнамада белгіленген іс әрекеттерді істеген кінәлі адамдардың жазаланушылығына қарай отырып олардың қаншалықты заңмен тыйым салынған объектілерге зардап келтіргенін де байқауға болады.

Теріс қылық үшін тағайындалатын жаза түрлері мен мөлшеріне қарап келтірілген зардаптың қылмысқа қарағанда аз екені анықталады. Оның анықтамасында «Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға не мемлекетке зиян келтіру қаупін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген айыпты түрде жасалған іс әрекет танылады » деп көрсетілген.

Заңдағы құрылымына қарай қылмыстың объективтік жағы материалдық (зардаптың туындауы міндетті), формальдық (қылмысты аяқталды деп есептеу үшін іс әрекетті істеу жеткілікті) құрамдағы және келте құрамдағы (қылмыстың аяқталу сәті қылмыстың алдыңғы сатыларына көшірілген) қылмыстар болып бөлінетінін білеміз. Осы құрылымдардың қай қайсысына болсын қылмыс зардабы тән болып келеді. Алайда, қылмыстық заңнамада қылмыс зардабы формальдық құрамдарда қылмыс құрамның шегінен тыс шығарылған. Олар қылмысты саралауға әсер етпегенімін, жаза тағайындау кезінде сотпен ескеріледі.

Оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде беріліп жүрген зардаптың қылмыс объектісіне келтірілген зиян ретіндегі анықтамасы нақтылауды қажет етеді. Өзіміз білетіндей, қылмыс объектісі бұл қоғамдағы адамдар арасындағы белгілі бір әлеуметтік құндылықтарға байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстық зардап ретінде тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасына сәйкес тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекетті кінәлі түрде жасау нәтижесіндегі зиянды өзгерістерді атаймыз.

Қылмыс зардабы қылмыстық-құқықтық құбылыс ретінде ең алдымен қылмыстық құқық ғылымында зерттеледі, нормалардың құрылымында сипатталады және ескеріледі, дегенмен қылмыстық заңнамада оның нақты ұғымын бекітпейді. Қылмыс зардабының ұғымын қылмыстық құқық ғылымында әр түрлі ғалым-заңгерлер береуге талпыныс жасаған. Мәселен, С.В.Землинский: «Қылмыс зардабы бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Бір жағынан ол іс әрекеттің объективтік және субъективтік қасиеттерінен көрінетін және қылмыскер тұлғасының қасиеттерін сипаттайтын қылмыстық іс әрекетті қорытындылайтын элемент. Екінші жағынан қылмыс зардабы әлеуметтік игіліктер мен құндылықтарға қол сұға отырып қылмыс аяқталғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы теріс өзгерістерге әкелуі мүмкін».

М.М. Бабаевтың пікірі бойынша әлеуметтік салдар «бұл қылмыстық мінез құлықпен тікелей, жанама, тікелей және туынды негативтік өзгерістермен (зиян, залал, жоғалтулар, шығындар және т.б.) себепті байланыста болатын, соңғы нәтижесі болып әлеуметтік (экономикалық, адамгершілік, құқықтық және басқалар) құндылықтар, сонымен қатар қоғамның қылмыстылықпен күресті ұйымдастыру мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың әлеуметтік профилактикасымен байланысты экономикалық және өзге де шығындарына әкелетін қылмыс жасаудан қоғамдық қатынастарға келетін шынайы зиян» [12].

Қазақ әдеттік қылмыстық құқығында қылмыс зардабын қылмыс ұғымынан ажырағысыз, бөлінбейтін құбылыс деп санаған. Қылмыс ретінде феодалдар табының экономикалық және саяси мүдделеріне материалдық немесе моральдық зиян келтіретін іс-әрекетті түсінген [13].

В.В. Лунеев «Социальные последствия, жертвы и цена преступности» атты ғылыми мақаласында «Қылмыстың зардабы қылмысқа қарағанда ұзағырақ өмір сүреді» деген Вальтер Скотттың пікірін көрсетеді. Осы пікірді қолдай отырып [14, с. 36-56] «Салдарсыз қылмыс болмайды» дейді А.С. Михлин өзінің «Последствия преступления» атты еңбегінде [15, с. 27].

Сондай-ақ «Барлық қылмыстарға зардап тән белгі емес, зардаптың туындауы тек қана материалдық құрамдағы қылмыстарға тән белгі» деп көрсетеді белгілі ғалымдар Л.Д. Гаухман мен Л.М. Колодкин [16, с. 158].

«Бұл екі бағыттың бір-бірінен негізгі айырмашылығы, ол қылмыстық зардап мәселесіне кең және нақты қарауда болып отыр. Кең түрде, яғни әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан алғанда кез-келген қылмысты әрекет әлеуметтік тұрғыдан қауіптілік тудырып, оның нәтижесі әлеуметтік қауіпті салдар түрінде көрінеді. Екінші бағыттағы көзқарас қылмыстық құқықтың өз зерттеу обьектілерін нақты анықтауынан шығады. Яғни нақты көрініс берген зардаптарды ескеріп, олардың түрлерін, көлемін анықтауды ұсынады. Қолданыстағы қылмыстық құқықтық ережеге осы екінші көзқарас, яғни зардап немесе салдар тек материалдық сипатта ғана көрінеді деген бағалау сәйкес келеді. Бұл бағалаудың артықшылығы, ол біріншіден, қылмыстық құқықта жиі қолданылатын жалпыдан жекеге өту тәсіліне және қылмыстарды бір-бірінен нақты ажырату белгілерін заңда келтіре отырып, квалификацияны оңтайлы ұсыну тәртібіне сәйкес келеді. Қылмыстық салдарды анықтау туралы бұл бағытты сондықтан қылмыстық-құқықтық салдар немесе зардап деп атауға болады» [17, б. 112].

Қылмыстық құқық тек заңмен қорғалған құқықтық қатынастарға обьективті түрде зиян келтіруге немесе оған зиян келтіру қаупін тудыру бойынша тұлғаның қызметін зерттейді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде қылмыс зардабының, қылмыс салдарының нақты анықтамасы берілмейді, бірақ оны сипаттайтын кең ауқымды терминдер тізімі қолданылады: қоғамдық қауіпті зардап; ауыр зардап; зиян; залал, болмашы мөлшер, елеулі зиян, т.б.

Заң әдебиеттерінде де «қылмыс зардабы», «қылмыс нәтижесі», «залал», «шығын», «зиян», «соққы», «жоғалтулар» туралы айтылғанмен (М.М. Бабаев зардап ұғымының базасы болып қылмыс объектісіне «залал», «шығын», «зиян», «соққы», «жоғалтулар» келтіруі табылады деп есептейді) [18] осы терминдердің арақатынасы жоғары деңгейде зерттелмеген, тіпті ұқсас түсініктер ретінде қолданылып заңи шатасуларға жол береді.

Қылмыстық құқықта қылмыстың зардабы туралы тек қана қылмыс құрамының объективтік жағының белгісі ретінде ғана айтылған [19]. Заманауи еңбектерде де қоғамға қауіпті салдарға қатысты өзгерістер де аз-ақ [20, с. 233-241].

Қылмыс зардаптарының белгілеуіндегі заң шығару терминологиясының көп варианттылығы, ресми анықтаманың жоқтығы объективті түрде қылмыстың осы белгісін анықтау туралы да сандаған пікірлер тудырады. Сондықтан олардың кеңейтілген немесе керісінше, шектеуші түсіндірмелеріне жол бермей қылмыс зардаптарының мазмұнының тұрақтылығын мақұлдау керек.

«Қоғамдық қауіпті зардаптар» негізгі түсінік болып табылады, ал «залал», «зиян» туынды ұғым ретінде болады және зардаптардың («мүліктік залал», «моралдық зиян» т.б.) айқын түрлерінің сипаттамасы үшін заңнамада қолданылады [21].

Сондықтан біздің пікірімізше, әр түрлі қоғамдық қауіпті зардаптардың түрлерін шатастыруды болдырмау үшін Қазақстан Республикасы ҚК қолданылатын ұғымдар бойынша қылмыстық заңның Жалпы бөлімінің шеңберінде «қылмыстық құқық бұзушылық зардап « ретінде тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасына сәйкес тыйым салынған қоғамға қауіпті іс әрекетті кінәлі түрде жасау нәтижесіндегі залалды, зиянды және зардапты өзгерістерді айтамыз» деп анықтамалық түсіндірме беру қажет.

Сонымен қатар теорияда «салдар» және «нәтиже» терминдерін ажыратып жатады. А.С. Михлин «салдар» және «нәтиже» теория мен тәжірбиеге синоним ретінде енді, ал оларды бөліп қарау мәселені шатастырмаса шешпейді дейді [15, с. 29].

Қылмыстық құқық теориясында қалыптасқан көзқарасқа сәйкес қылмыстық салдар қылмыстық нәтижемен ұқсас қаралады, және қол сұғушылық объектісіне қылмыстық құқық нормаларымен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қылмыстық іс-әрекет арқылы келтірілген зиянды өзгеріс (зиян, залал) түсініледі. Бөтеннің мүлкін жымқыру меншік иесіне өзіне тиесілі мүлікті экономикалық жағынан иеленуге, пайдалануға немесе билік ету мүмкіндігін жүзеге асыруды қиындатады. Ал қылмыс нәтижесі бөтеннің мүлкін жымқырудың объективтенген қоғамға қауіпті салдары. Ол ұрланған мүліктің сомалық құнымен анықталады [22, с. 220].

Н.Ф. Кузнецова: «нәтиже» белгісіне ие нормаларды талдап, заң шығарушы ақшалай бағаланатын қылмыс затына келтірген экономикалық залалды білдіреді» деп жазады.

Біздіңше, А.С. Михлиннің көзқарасымен келісуге болады. Басқа ғылым салаларында салдар және нәтиже терминдері бөлек, дербес ұғым ретінде қарастырылатын болар, бірақ қылмыстық-құқықтық циклдағы пәндер үшін талдап отырған қылмыс «салдары» және «нәтижесі» терминдері бір құбылыс қылмыстылықтың әкеп соғатын, қылмыс істеудің құқықтық салдары. Мәселен, механика саласында белгілі бір детальдарды дұрыс қабыстырмау салдарынан форма құрастырылмай қалды немесе қайта бұзып қайта жөндеуге тура келеді. Ал қылмыстық құқық саласында қоғамға қауіпті заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасау қылмыстық-құқықтық жазалауға (қылмыс нәтижесі немесе қылмыс салдары) әкеп соқтырды.

Алайда соңғы кездері қылмыс зардабы мен қылмыс салдарын бір құбылыстың екі дербес көрінісі ретінде ажыратуды ұстанатын авторлар да кездеседі. Осы екі ұғымның арақатынасын дұрыс анықтау мәселесі тек қана теориялық емес, практикалық та тұрғыда маңызды. Себебі кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлатылған түрлерінің белгісі ретінде іс-әрекеттің мөлшері («елеулі зиян», «ауыр зардап», «ірі мөлшер» т.б.) қылмыстық заңды дұрыс қолдануға, адамның іс-әрекетін дұрыс саралауға әсер етеді.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар мен меншікке қарсы қылмыстарды тереңдеп зерттеушілердің бірі Н.А. Лопашенко «қоғамға қауіпті зардап» және «қылмыстық нәтиже» терминдерін ажыратып қарайды. Жымқыру әрқашан да материалдық сипаттағы жағымсыз салдар туындатады, меншік иесіне немесе заңды иеленушіге материалдық зиян келтіреді деп көрсетеді [23, с. 143].

Жымқырудың антиқоғамдық салдары қоғамдық қатынастардың өн бойында адамның меншік құқығының қалыпты қызмет етуі жағдайын бұзу түрінде жасырылған деуге болады. Қылмыстық нәтиже болса бағалық, құндық, натуралық және де өзге де өлшенетін параметрлері бар материалдық құрылымды білдіреді.

Я.М. Брайнин қылмыстық іс-әрекеттен туындайтын сыртқы шеңберде пайда болған барлық өзгерістерді жатқызды, мысалы тек жәбірленушінің өлімі емес, оның туыстарының қайғысы. Және ол қылмыс нәтижесі қылмыс құрамының болуы үшін маңызды салдар дейді [24].

Ю.А. Красиков және А.И. Рарог зиянды нәтиже және зиянды зардап қылмыстық құқықтың терминологиялық аппаратын нақтылайтынын пайымдайды [25, с. 87].

Қылмыс зардабының мынадай маңызды белгілерін көрсетуге болады:

1) қылмыстық зардап бұл кез келген емес, тек қана қылмыстық заңмен тыйым салынған қылмыстық іс-әрекет нәтижесінің әлеуметтік сипаттамасы;

2) қылмыстық зардап бұл кез келген емес, тек қана қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың зиянды өзгерісі. Яғни қылмыстық зардап тек қана қылмыстық іс-әрекетпен емес, қылмыс объектісімен де тығыз байланыста. Осы екі белгілерді байланыста қарау арқылы қылмыс зардабының мәнін анықтауға болады.

Және де бұл арада біздің ойымызша «зардап» терминінің философиялық және қылмыстық-құқықтық мәні салыстырылуы дұрыс емес секілді. Оған қоса кейіннен «салдар» ретінде танылатын жаңа терминнің енгізілуі түсініксіз. Сондықтан қылмыстық құқық шеңберінде «қоғамға қауіпті зардап» айтылады, ал қоғамға қауіпті іс әрекет нәтижесінде заңда көзделгеннен өзге зардаптардың барлығы қылмыстық салдар термині арқылы беріліп, ол термин криминология ғылымында зерттеледі деп тұжырымдаймыз.

Теорияда қылмыстық құқық бұзушылық зардабын қылмыс құрамының екі бірдей элементінің белгісі ретінде қарастыратын пікірталастар бар. Ол қылмыс зардабын қылмыс объектісімен және қылмыстық іс-әрекетті негізгі міндетті белгісі ретінде қарастыратын қылмыстың объективтік жағымен байланыстырып

қарауда жатыр. Біздің міндетіміз осы екі түрлі көзқарастың бірін мақтап, екіншісін терістеуге келіп тірелмейді, керісінше бұл пікірлердің құқықтық табиғатына үңілу нәтижесінде бір шешімін көрсетуге келіп саяды.

Қылмыс зардабы тек қана қылмыс құрамының объективтік жағының белгісі ретінде қарау бұл құбылыстың ішкі көрінісін көрсетпейді. Адамның қандай да бір әрекеті қоғам мен табиғатта болатын өзгерістердің себептері болуы мүмкін. Осы өзгерістерді зерттеген В.Н. Кудрявцев себепті байланыс пен салдардың маңыздылығына тоқталады. Бір іс-әрекеттің нәтижесіндегі себеп бірнеше нәтиже туындауы мүмкін, және жағдай өзгерген жағдайда (немесе бірдей жағдайдағы әр түрлі себептерден) әр түрлі салдар туындауы мүмкін. Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зиянды салдардың тізбегі ұзын да теориялық шексіз болуы мүмкін [26, с. 81].

Алайда қылмыстық мінез-құлық нәтижесінде туындаған өзгерістер, зиянды залалдардың барлығының тізбегі қылмыстық зардаптарға жатқызылмайды [27]. Зиянды салдарды қылмыстық деп тану нақты қылмыс құрамы шегінде қылмыстың қажетті және факультативтік элементі ретінде қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі мен кінәлі түрде келтірілген зиянды өзгерістермен шектеледі.

Заң әдебиеттерінде қылмыс салдарының мәнін ашуда авторлар оның қылмыс объектісімен байланыстылығын көрсетеді. Және қоғамға қауіпті іс-әрекеттен келген қылмыс зардабы қол сұғушылық объектісіне келтірілген зиян, яғни қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға келтірілген зиян деп қарастырылады [28].

Қылмыс объектісін терең зерттеушілердің бірі Б.С. Никифоров «егер қылмыс салдарын оның іс-әрекетпен қатынасы тұрғысында қарайтын болсақ, оның құқықтық табиғатын анықтай алмаймыз. Салдардың қылмыс объектісімен қатынасы ғана дұрыс қылмыстық-құқықтық саралаудың пәні бола алады» [29, с. 144].

Ал қылмыстық зардап пен объектінің өзара байланысы ең алдымен қылмыс зардабы бір уақытта объекті мен іс-әрекетке тиесілі, және осы екеуінің арасын жалғастырады дейді сөзін жалғастырып Б.С. Никифоров [29, с. 134-154].

А.С. Михлин, осы пікірді қолдай отырып, «бұл байланыс зардаптың объектісіз мүмкін еместігін, және оның объектінің өзінде өмір сүретінін, сондықтан көбіне қылмыс объектісімен анықталады» деп жалғастырады [15, с. 11].

Бұл өзара байланыстағы объектінің ролі ең алдымен қылмыстық қол сұғушылықтардың мазұны мен сипаты зиян келтірген қоғамдық қатынастар мазмұнын анықтайтын объектінің қасиеті болуымен анықталады. Сөйтіп қылмыс зардабы іс-әрекеттен (әрекет немесе әрекетсіздік) туындап, өзінің мазмұнын заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды зиянды өзгерту түрінде залал келтіретін қолсұғушылық объектісінен алады.

Сондықтан қылмыс объектісі, іс-әрекет және зардап ұғымдарының өзара байланысын жеке-жеке қарамай, қоғамға қауіптілік ұғымы арқылы түсіндірген

дұрыс. Өйткені қоғамға қауіптілік «заң қорғайтын қоғамдық қатынастар жүйесіне белгілі бір дәрежеде зиян келтіру қасиетіне ие» деп айтуымызға болады [30].

Қоғамдық қатынастар қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде бірнеше элементтерден тұратын күрделі құбылыс. Бұл жағынан алғанда қоғамдық қатынастар үш элементтен тұрады:

– субъектілер (қатынасқа түсетін қатысушылар);

– объект (қоғамдық қатынас туындайтын әлеуметтік құндылықтар);

– мазмұн (қоғамдық қатынас субъектілерінің мінез-құлқын анықтайтын құқықтар мен міндеттер).

Әрекет немесе әрекетсіздік жолымен қылмыс жасалғанда әр түрлі жағдайда қоғамдық қатынастардың әр түрлі элементтеріне әсері тиуі мүмкін. Бір жағдайда ол қоғамдық қатынастардың өзінің мазмұнына, екінші жағдайда қатынастардың субъектісне, немесе бұл қатынастардың материалдық жағына бағытталуы мүмкін. Алайда барлық жағдайларда да қандай элементіне зиян келтірсе де тұтастай алғанда қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық деп танылады.

Бөтеннің мүлкін жымқырудың топтық объектісі бұл меншік иесінің немесе басқа да иеленушісінің меншікті иелену, пайдалану және билік етуін бұзатын қатынастар. Белгілі бір экономикалық құндылығы бар немесе құны бар меншікке немесе оның бөлігіне қатысты бұл мүмкіндіктен айыру бөтеннің мүлкін жымқырудың қылмыстық салдары болып табылады.

Яғни объектінің ерекшеліктері туындайтын зардаптың сипатына да әсер етеді.

Қылмыс салдары материалдық немесе материалдық емес сипатта болуы мүмкін. А.Н. Трайнин: «Салдар деп тек қана сыртқы ортаның өзгерістері емес, саяси, психикалық, моральдық тұрғыдағы фактілер де танылуы тиіс... материалдық сипаттағы қылмыстық салдар нақты өлшенеді, субъектінің объектіге қатынастар мен қылмыс затына қатысты қол сұғуы жолымен қолсұғушылық кезінде туындайды. Ондай салдарға адамның өмірі мен денсаулығы, мүліктік залал, экологиялық мүдделер жатады, олар материалдық сипатқа ие. Аталған салдарлар табиғаты жағынан сыртқы, физикалық ортаның пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың өзгерісімен байланысты [31, с. 290].

Материалдық емес салдар саяси, моральдық залал дискреттік өлшемдерден көрінетіндіктен, мұндай залалды нақты дәл есептей алмаймыз. Алайда соған қарамастан материалдық емес өзгерістер қылмыс салдары ретінде мәнін жоғалтпайды. Материалдық емес салдарлар Қазақстан Республикасында қорғауға алынған, ол жеке тұлғаның мүддесіне зиян келтіру, адамның ар-ожданына, саяси, еңбек және басқа да мүліктік емес сипаттағы құқықтарына зиян келтіргенде, мемлекеттік қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен бейбітшілікке қарсы келгенде орын алады.

Ал енді қылмыстық құқық бұзушылықтың моральдік зардабына тереңірек үңілетін болсақ, 1985 жылы 29 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қылмыс пен биліктен зардап шегушілер үшін негізгі әділеттілік қағидалары бекітілген

Декларарция қабылдады. Сол Декларацияда тарихта бірінші рет халықаралық дәрежеде «қылмыстық зардап шегуші» түсінігі енгізілді. Яғни, ол - жеке немесе ұжымдық нысанда зиян келтітірлген тұлға ретінде қарастырылып, зардап түрлеріне физикалық, моральдік және материалдық зияндар жатқызылды.

Сонымен қатар осы Декларацияның 4 бабында БҰҰ кіретін мемлекеттің ұлттық заңнамаларында тұлғаға қылмыспен келтірілген моральдік, материалдық, денеге зақым келтіру бойынша зардаптардың орнын толтыруға мүмкіндіктің қарастырылуы бекітілген [32].

Германия заңнамасында «моральдік зиян» - зардап шегу компенсациясы деп аталып (Schmerzensgeld), денеге және психикалық зардаптар жатады [33].

Ал АҚШ пен Англияда «психологиялық зардап» түсінігі бар (psychological damage) және оған физиклық және психологиялық зардаптар кіргізілген.

Ұлыбританияда моральдік зиянның орнын толтыру бойынша 1994 жылы қабылданған арнайы «тариф сызбасын» қолданатын Комиссия айналысады. Сонымен қатар бұл Комииссияның негізгі жұмысында 1995 жылы қылмыс зардабынан келтірілген компенсация Заңы болып табылады [34].

Бұл заңның орындалуы Ұлыбритания ІІМ жүктелген және заңда компенсация құнының 500 мың фунт стерлингтен аспауы қажеттілігі бекітілген [35].

АҚШ-та да мемлекеттік компенсация жүйесі қалыптасқан және ол «қылмыстан зардап шегушілер құқығы» Заңы негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар компенсацияның бір бөлігі арнайы міндетті сақтандыру қорларынан төленеді [36].

Қылмыс объектісінің қылмыс зардабы үшін маңызы қылмыстық зардаптың сыртқы формасына ықпалымен шектелмейді. Қылмыс объектісі ретінде қоғамдық қатынастардың мазмұны қылмыстық зардаптардың әлеуметтік-саяси және құқықтық тұрғыда бағасын да анықтайды. Бөтеннің мүлкін жымқырудың қылмыстық зардабы меншік қатынастарын бұзуды білдіреді. Мұнда бұзу көлемі ұрланған мүліктің құнымен бағаланатын меншік иесіне келтірілген материалдық залалдың сипатымен анықталады. Алайда аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабын құқықтық бағалау әр түрлі.

Бұл жерде ол зардап сипаты мен түріне емес, ол қандай объектіге, қандай қоғамдық қатынас қатысушысына, қоғамдық қатынастың мазмұнына көлеміне байланысты. Мәселен, адам өлімі әр түрлі іс-әрекет нәтижесінде туындауы мүмкін, алайда оны құқықтық бағалау қылмыс нәтижесінің түрі мен сипатымен ғана емес, объектінің мазмұнымен де байланысты. Қылмыстың қандай объектіге бағытталғанына байланысты зардап түрі анықталады, ол меншікке қарсы қылмыстар қатарына немесе экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға жатуы мүмкін.

Қылмыстық зардап қол сұғушылық объектісіне залал келтіретін белгі ретінде қоғамдық қатынастарға қауіп пен зиян келтіруден көрінеді.

Сондықтан, Б.С. Никифоров іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігі «барынша анық дәл көрінісін табады, қылмысты саралау үшін қылмыстық құқық

бұзушылықтардан қандай зиян, кімнің мүддесіне зиян келтіргенін шешу маңызды» дейді [29, с. 158].

Зардап туындаған жағдайда қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі қолсұғушылық объектісі мен оған келген зиян көлеміне байланысты.

Қылмыс зардабымен анықталатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен қылмыстың қоғамға қауіптілігі бір ұғым емес. Қылмыстың қоғамға қауіптілігі қылмыстың барлық элементтерінің жиынтығында (объективтік және субъективтік белгілермен қатар, тұтастай қылмыстың белгілерінің) қаралады. Дегенмен қылмыстың қоғамға қауіптілігі объективтік жақта өз көрінісін анық алады [37].

Жоғарыда айтқандай, қоғамға қауіпті іс-әрекет пен қылмыстық зардап қылмыс құрамының объективтік жағының белгісі болып табылады. Бірақ зардап қоғамға қауіпті іс-әрекетке қарағанда міндетті емес белгі ол тек материалдық құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың міндетті белгісі. ҚР ҚК Ерекше бөлімінің кейбір баптары бойынша қылмыс субъектісі қылмыстық зардаптың туындауынан тәуелсіз түрде жауапкершілікке тартылатындығын бекіткен (формальдық құрамдар, мысалы, 191-бабы «Қарақшылық» қылмысы аяқталды деп есептеледі, қылмыстық іс-әрекет жасалған кезден бастап) бұл нормалармен көзделген әрекеттер аяқталған қылмыс құрамдарын білдіреді.

А.Н. Трайнин, Н.Ф. Кузнецова, Т.В. Церетели секілді ғалымдар қылмыстық салдарды барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ажыратылмас белгісі деп есептейді. Соған байланысты зиянды зардаптарды келтіру мүмкіндігі жоғарыдағы құрамдарда қылмыстық салдардың түрі ретінде қаралады [38, с. 49; 26, с. 148-150; 39, с. 22-27].

Н.Д. Дурманов, Я.М. Брайнин, В.Н. Кудрявцев, А.С. Михлин залал келтіру мүмкіндігі қылмыстық зардап болып табылмайды дейді [40, с. 40-41; 24, с. 191-192; 15, с. 30-34; 37, с. 170-174].

Біздіңше, кез келген қылмыстық құқықбұзушылық қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды бұзу қауіпін тудырады емес, бұзады, яғни қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасау нәтижесінде тұлға субъективтік құқықтарды асырып немесе заңдық міндеттерді орындамай қоғамдық қатынастарға қол сұғады. Әйтпесе заңшығарушы жазалау қатерімен қалыпты мінез-құлықтың шеңберін белгілемес еді. Қоғамдық қатынастарды бұзу қылмыстық заңнамамен тыйым салынған іс-әрекеттерді істеудің барлық жағдайында орын алады. Соған сәйкес қылмыстық зардап материалдық және формальдық құрамдағы қылмыстар жасау нәтижесінде келетін залал деп танылады. Формальдық құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабы ең алдымен қылмыстық құқықтық норманың мазмұнын түсіну жолымен, қылмыстың тікелей объектісін анықтау жолымен түсіндіріледі.

Қылмыс зардабы материалдық немесе материалдық емес сипатта болады [41, с. 61; 42, с. 78]. Формальдық құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігінде материалдық құрамдағы қылмыстар сияқты белгілі бір залал келтіреді, ол залал әдетте материалдық емес сипаттағы залал

түрінде көрінеді. Сондықтан формальдық құрамдағы залалды нақты өлшеу мүмкін емес, ал объектідегі кез келген өзгеріс қоғам үшін қауіпті болып табылады. Мұндай құрамдар үшін заң шығарушы қылмыстың ауырлығы мен сипатын бағалау міндетін құқық қорғау органдары мен сот, прокуратура органдарына артпай-ақ өзі белгілеп қояды, яғни қылмысты аяқталды есептеу үшін қылмыстық іс-әрекетті істеуді жеткілікті деп таниды, қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін міндетті шарт ретінде қылмыс зардабы қаралмайды.

Қылмыс зардабын нақты қылмыс құрамы шеңберінде тікелей объектімен бірге қарастыру негізгі және қосымша қылмыстық зардаптардың табиғаты мен мазмұнын анықтауға көмектеседі. Бұл мәселені шешу бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстарды бағалау үшін маңызды, себебі бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардан әдетте бірнеше зардаптар туындайды.

Нақты қылмыс құрамының объектісіне, яғни қоғамдық қатынастарға келтірілген зардаптарға қарап қылмыстық зардаптарды негізгі объектіге келтірілген залал, қосымша объектіге келтірілген қосымша залал деп бөлеміз. Негізгі және қосымша қылмыстық зардаппен бірге факультативтік қылмыстық зардап та болады.

Қылмыстың факультативтік зардабы ретінде қылмыстық-құқықтық объектіде қылмыстық заңның ерекше бөлімінің бабының диспозициясында көзделмеген, бірақ туындаған жағдайда онымен қамтылатын және ҚР ҚК тиісті нормасы бойынша қосымша саралуды қажет етпейтін зардап танылады. Факультативтік зардап қылмыстық-құқықтық норманың конструкциясы бойынша туындаған жағдайдың өзінде қылмыс құрамының элементі болып есептелмейді.

Факультативтік зардап барлық қылмыстар үшін тән емес, сондықтан оның шегінен тыс жатыр. Оның бар немесе жоқтығы қылмысты саралауға әсерін тигізбейді.

Қосымша объект қылмыс құрамының қажетті элементі болып табылады. Алайда осы объектіге тән қылмыстық зардаптар осындай белгі болуы керек дегенді білдірмейді. Қылмыстық зардап объект пен қылмыстық іс-әрекетке қарағанда айырмашылығы қылмыстық заңнама бойынша барлық қылмыс құрамдарының ажыратылмас белгісі емес. Қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне қол сұғушылық нақты қылмыстық зардаптың туындауымен байланыстырылмайды. Мұндай құрамдардағы қылмыстық зардап қылмыс құрамының қажетті элементі ретінде маңызы болмайды.

Факультативтік зардап негізгі және қосымша зардаптармен бірге қылмыс жасау процесінде де одан тыс та туындауы мүмкін. Бір әрекет бірнеше зардаптың себебі болуы мүмкін.

Сонымен қосымша және факультативтік қылмыстық зарбаптар арасындағы басты айырмашылық қосымша қылмыстық зардап нақты қылмыстың объективтік жағының элементі болса, факультативтік зардап қылмыс құрамы элементінің белгісі емес. Сондықтан да қосымша зардаптың болмауы негізгі зардап бар болған жағдайдың өзінде тиісті қылмыс құрамы жоқ деп танылады.

Егер негізгі объектіге зиян келтірген қылмыстың факультативтвік зардабының бар немесе жоқтығы қылмыс құрамына әсер етпейді [43].

Алматы облысы, Қарасай аудандық сотының 2013 жылғы 15 ақпандағы үкімімен: Ж., бұрын сотталмаған, ҚР ҚК-нің 179-бабы 3-бөлігінің «в» тармағымен мүлкі тәркіленіп, 8 жыл бас бостандығынан айыруға, жазаны түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге сотталған. У., бұрын сотталмаған, ҚР ҚК-нің 179-бабы 3-бөлігінің «в» тармағымен мүлкі тәркіленіп, 8 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, жазаны түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге сотталған. Р., бұрын сотталмаған, ҚР ҚК-нің 179-бабы 3-бөлігінің «в» тармағымен мүлкі тәркіленіп, 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, жазаны түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге сотталған. Сотталғандардан жәбірленуші К.-ның пайдасына 1 828 910 теңге материалдық шығын, 2 000 000 теңге моральдық залал өндірілген.

Сот үкімімен Ж., У. және Р. алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен, бөтеннің мүлкін ірі мөлшерде ұрлау мақсатында қару ретінде пайдаланатын заттарды қолданып, жәбірленуші К.-ның өмірі мен денсаулығына ауыр зиян келтірумен, қауіпті күш көрсетумен ұштасқан қарақшылық жасап, жәбірленушіге 1 418 000 теңгеге ірі мөлшерде залал келтіргендері үшін кінәлі деп танылған [44].

Бұл мысал да көрсетіп отырғандай, бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарынан келетін зардаптардың көпшілігі ірі мөлшердегі залал түрінде болады және тек міндетті зардап емес, моральдық залал түріндегі факультативтік зардап та тәжірибеде өндірілетінін көрсетеді. Моральдық зиян факультативтік зардап түрі ретінде қылмыс құрамы үшін қылмыстық жауаптылық туындататын міндетті белгі емес. Алайда моральдық залалды өтеу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 951-952 - баптарымен реттелетіндіктен, ол қылмыстық заңнама шеңберінен тыс жатыр. Және меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде әсіресе қарақшылық қылмыстылығы басым жағдайда тек қана меншік құқығына ғана қол сұғып қоймай, адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіреді. Яғни қарақшылықпен байланысты меншік қылмыстары міндетті түрде жеке адамдарға қарсы бағытталуымен ерекше.

Заң шығарушы қылмыс істеу нәтижесінде кінәлі мен жәбірленуші екі жақтың бейбіт келісімге келіп, орын алған шығынның орнын толтыруға негізделген қалпына келтіру сот төрелігі жөніндегі жаңа институттарды біртіндеп енгізу керектігі жөнінде, сондай-ақ, соттағы қылмыстық тексеру мен айыптауды соттан тыс жағдайда, сонымен қатар, ашық сот жағдайында өткізу арқылы қылмыстық істердің категориясын кеңейту туралы соңғы кездері жиі айтып жүр.

Осылайша, қылмыс істеу арқылы келтірілген материалдық шығынның орнын 3 есе қылып төлететін жаңа институтты заңнамаға енгізу керек [5]. Аталмыш ұсыныс 2009 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2010-нан 2020 жылдар аралығындағы құқықтық саясаты Тұжырымдамасында

көрсетілген қылмыстық-процессуалдық саясаттың нормативтік бағыттарымен сәйкес келеді, қылмыстық істердегі азаматтық талап мәселесіне де жақын болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген шығынды 3 есе қылып өтеп берудің негізгі идеясы сонау қазақ әдет құқығынан алатындай және ол төмендегідей ережемен түсіндіріледі. Өтемақының бір бөлігін зардап шегуші-жәбірленушіге, бір бөлігін мемлекетке, қалған бір бөлігін сақтандыру қорына төлейді.

Жәбірленуші мәселесі түсінікті (ҚР ҚІЖК бекітілген ережеге сәйкес).

Мемлекеттің «үлесі» де түсінікті, себебі, қылмыстық заңнаманың міндеттерін жүзеге асыруға, құқыққорғау жүйесінің беделін сақтауға, мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметін қамтамасыз етуге, келтірілген шығынның орнын толтыруға байланысты мемлекеттік органдарға, мекемелерге, ұйымдарға, лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ, заңды және жеке тұлғаларға келген шығындар бар.

Қазақ әдет құқығына да бұл институт таңсық емес, кінәлі айыптың бір бөлігін билерге беруге міндетті болған. 1885 жылғы билердің Шар съезінде қабылданған Ереженің 37 пунктінде «қылмысы үшін кінәліге тағайындалған айыптан бөлек «кандат» және «бийликат» өндіріп алынады. «Кандат» бір жылқы мөлшерінде ұрының өзі мініп жүрген жылқысы ұрының тұрғылықты жері бойынша басқарушыға, бийликат істі шешкен билерге әр кінәліден бір жылқы түрінде өндіріледі» деп белгіленген [45, 71-85].

Үшінші бөлікке келер болсақ, бұл қылмыс орын алып, құрбан болғандар болған жағдайға қатысты. Алайда, қылмыскерді үнемі дерлік ұстап алу мүмкін емес. Демек, мұндай жағдайда ол адам зардап шегуші мәртебесінен жәбірленуші мәртебесіне ауысады. Ал жәбірленушілердің саны өте көп және оларға келтірілген шығынның орнын толтыру керек. Бұл дегеніміз, жәбірленушілердің шығынын сақтандыру қорлары төлеп береді деген сөз.

Жоғарыда аталғандар орнын толтыру қағидасына сай келеді. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар жалпы қылмыстылықтан келетін зардаптардың жартысынан астамын құрайды және бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың материалдық зияны ғана мемлекеттік мәліметтер базасында тіркеледі. Ал зиян тек материалдық қана емес, материалдық емес нысында да болатынын ескеріп, болашақта тек материалдық емес моральдық зияндарды есепке алу қамтамасыз еткен жөн. Бұл орайда қылмыстық істердегі азаматтық талап ережелері шеңберінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 47-тарауына сәйкес «Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер» бойынша да мемлекеттік мәліметтерді ресми тіркеуді жүргізуді енгізу қажет.

Бұл кінәсін мойындау туралы келісім институты мен бітімгершілік институты ережелерінің тетіктерінің бірі ретінде ұсынылады.

Қазіргі таңда көптеген елдерде қылмыстық қудалау шарасының орнына альтернативті жүйелер енгізіліп жатыр. Оның ішінде өзектісі сот әдлідінің

орнын толтыру идеясы (restorative justice) яғни, ең алдымен жәбірленушіге келтірілген зардаптардың орнын толтыру арқылы кінәлінің міндетінен құтылуы. Мысалы, бітімгершілікке келу бойынша АҚШ та 300 ге жуық, Канадада 26, Европа елдерінде 700 ге жуық бағдарламалар бар [46].

Қылмыстық зардаптардың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің нормаларында ұғымының бар болуы немесе жоқтығы тек қана заң шығару техникасының әдісі. Ал, заң әдебиеттерінде қылмыс зардаптарының заң нормасында қолданылуын бірнеше жағдайлармен ұғындырылады.

Біріншіден, қылмыс өзінің сипаттамасы бойынша қоғамдық қауіптілік дәрежесіне ие болғандықтан, заң шығарушы іс-әрекеттің зардап әкелуін күтпей-ақ, оның іске асыруының ерте кезеңдеріне қылмыстың аяқталуы сатысын көшіруге мүмкіндік алады (мысалы, қарақшылық құрамы келте немесе қысқартылған конструкциялы құрамға жатады);

Екіншіден, қоғамдық қауіпті зардаптар дәл өлшемге және сипаттамаларға келмейді, демек, айқын сандық-сапалық көрсеткіштері болмайды (мысалы, жала жабу қолданыстағы ҚР ҚК 130-бап; қорлау ҚР ҚК 131-бап);

Үшіншіден, зардап іс-әрекетпен ажырамас байланыста және (заттардың табиғи жүрісі бойынша) оқиғалардың табиғи дамуында оған ілесіп жүреді, мысалы, «тергеушіден немесе соттан қылмыс істелгенін дәлелдеу ерекше қажеттілікті талап етпеген» жағдайдан бөлек кездерінде жасалған іс-әрекеттің зардабы көрініп тұр. (Бөпені ауыстырып жіберу, заңсыз бас бостандығынан айыру, зорлау, тонау, қарақшылық т.б).

Олай болса қылмыстық-құқықтық категория ретінде қылмыс зардаптары бұл екі жақты сипатқа ие болатын қылмыстық-құқықтық категория. Бір жағынан, ол қылмыс құрамының объективтік жағын құрайтын белгісі (заң конструкциясына қарамастан қылмыс құрамының барлық түрлерінде кездесетін) болып табылады; екіншіден қылмыстық іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздік) әсерімен қоғамдық қатынастардың негативті өзгеріс түрінде қылмыс объектісінде көрінеді.

1.2 Жымқыру зардабының кейбір қылмыстық-құқықтық мәселелері

Меншікті қылмыстық-құқықтық қорғау - меншік құқығының конституциялық кепілдіктерінің бірі. Меншікке қол сұғу - кез келген мемлекеттің қылмыстық заңнамасындағы дәстүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарында. Тіпті адамзат баласы бөтеннің мүлкін жымқыру қылмысын жеке адамға қарсы қылмыстармен бірдей алғашқы болып білді деуге болады.

Сондықтан зерттеуімізде ең алдымен жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарың мәнін ашу мақсатында қылмыстық-құқықтық зардаптың құқықтық табиғатына назар аударуды жөн санадық.

Бөтеннің меншігін жымқыру қылмыстары пайда болған уақыттан бері ең көп тараған қылмыстар болды және болып қала береді. Оны тарихи тұрғыдағы

теориялық еңбектер, қазақ әдет құқығы заманында да жымқырумен байланысты қылмыстар болғандығын көрсететін еңбектерден аңғарамыз.

Қазақ әдет құқығына «мүліктік қылмыстар» деген термин болмағанмен, мүлікке қатысты барлық құқықбұзушылықтар мен қылмыстар «ұрлық» (воровство) деп аталып келген. «Разбой», «тонау» «ұрлық» қазақ қоғамында белгілі болғанмен олар қазіргідей сипатта болмады, мәселен, барымта мен «жау шапты», «жау келді» ұғымдары «разбой-қарақшылық» деп түсінілді.

Патриархалдық-феодалдық қоғамда ұрлық жасағандарға қатігез, ауыр жаза қолданғанына қарамастан, ол барынша кең тараған құбылыс болды. Ұрлаудың заты болып қазақ қоғамында мал және қару-жарақтар танылды. Және тағайындалатын жазаның ауырлығы қылмыс затының сипатына, ұрланған дүниенің құнына, қайталап істелгеніне, топтасып істелуіне және кімдерге қарсы жасалғанына қарай анықталды. Айып әдетте мал ұрлағаны үшін «үш тоғыз» (1 бас мал ұрлағаны үшін 27 бас мал), басқа заттарды ұрлағаны үшін мүліктің үш еселенген құнын қайтаруға міндеттелді [47, с. 227-228].

Мал ұрлағаны үшін өлім жазасын да қолдану да қазақ әдет құқығында көзделген, Қазақ әдет құқығының 137-бабында «егер ұрлықшы қылмысты бірнеше рет қайталап істесе немесе кінәлінің немесе оның туыстарының айып төлеуге жағдайы келмесе өлім жазасына кесіледі» деп анық көрсеткен [48].

Ұрлау үшін ауыр жаза белгілеу сол замандағы бай-сұлтандардың да, меншік иелерінің де мүддесіне сай келді. Ал адамдарды қылмыс істеуден тартындырып отырды.

Тіпті ел ішінде «Ұрының үйі күйсін аяма» деген мәтел де сол кезеңдегі ұрлау іс-әрекеттері үшін аяусыз жазаланатынының көрінісі [49, с. 263].

1598-1628 жылдары қазақ хандығын билеген Есім ханның «Ескі жолы» заңнамалар жинағында да «ұрланған аяқты мал үшін ұрыдан ол малдың көзі қайтарылады, көзі жоқ болып кетсе оның орнына тұрарлық төлеуі алынады, бір қара ұрлағанның айыбына «ауыздықсыз ат, астарсыз шапан, он қараға дейін қосымша ат тон кесілген. Он қарадан жоғары ұрлаған ұрыдан – «мойнына қосақ, артына тіреу» екі айып алынады» делінген. Сонымен қатар, кейінгі 1680-1718 жылдары бейлеген Тәуке ханның «Жеті жарғы» ережелеріне сәйкес, егер ұрыны ұрлық үстінде өлтірсе, онда құн төленбейтін болған. Ұстап алған ұрыны 25-тен 60-қа дейін қамшымен дүре соғып жазалауға сотсыз рұқсат берілген. Егер осы «дүре салудан» кінәлі өліп кетсе, құн төленбеген. Құн төлегенде алдымен ұрланған малды қайтарып және «тоғыз» айыбын төлеуге міндетті болған. «Тоғыз» айыбы: бас тоғыз немесе түйе бастатқан тоғыз (бір түйе,құлынымен екі бие, құнан-дөнен төрт жылқы), орта тоғыз немесе ат бастатқан тоғыз (бесті ат, екі құнан, екі тайынша, төрт қой), аяқ тоғыз немесе өгіз бастатқан тоғыз (бес жасар өгіз, екі тайынша, үш қой, үш қозы) түрлерінде белгіленген [50].

Шолу жасалған мәліметтер де ұрлау (бөтеннің мүлкін жымқыру) қылмыстарының мазмұнына, сипатталуына, ірілі-ұсақтығы мен істеген кінәлі адам мен оның жақындарының тартылатын жазасының ауырлығына қарамастан өмірде болған, бар және болатын құбылыс екендігін тағы бір көрсеткендей.

Ежелгі Рим заңнамалық ескерткіштерінде (12 кесте Заңдары) де жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығын «ұрлаушылық» furtum ретінде анықтаған. «Furtum» ұғымы мүлік құқығын бұзумен байланысты және заманауи мағынадағы ұрлыққа сәйкес келмегенмен барлық жымқырудың нысандарын қамтитын түсінік ретінде кең мағынада қаралды [51, с. 528].

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттілік деңгейі жоғары, оны жәбірленушілердің көп бөлігінің құқыққорғау органдарына арызданбауымен түсіндіруге болады.

Осыған байланысты 21 қараша 2012 жылғы Байқоңыр қалалық сотының азамат Н. қатысты үкімі қадағалау сатысында өндіріс қысқартылды. Сот үкімі бойынша азамат Н. мектеп бухгалтері қызметін атқара жүріп қызметкерлердің жалақысына ҚР Үкіметінің 29.12.2007 жылғы №1400 Қаулысы негізінде 25 пайыз үстемақы беріп, мемлекетке сеніп тапсырылған 836 393 тенге көлеміндегі мүлікті ысырап етті. Сот үкімімен 176-баптың 3-бөлігінің «б» тармақшасына сәйкес 5 жыл шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасына, 1 жыл сынақ мерзімімен тартылды.

Аппеляциялық алқа Н. қатысты сот үкімін ауыр түрінен жеңілдеу түріне қайта саралады (176-баптың 3-бөлігінің «б» тармақшасынан 176-баптың 2-бөлігінің «в» тармақшасына саралап, 500 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеу түріндегі жазамен ауыстырды).

Кассациялық алқа аппеляциялық қаулыны өзгеріссіз қалдырды.

Қадағалау алқасы ҚР ҚК 176-баптың 2-бөлігінің «в» тармақшасы бойынша Н. қатысты сот актісін заңсыз деп тауып, оның күшін жойып, іс бойынша өндіріс келесідей негізде қысқартылуға жатады деп шешті.

Аталған қылмыс құрамы бойынша ізге түсу жеке жариялы түрде жүзеге асырылады. Яғни қылмыстық іс бойынша өндіріс жәбірленушінің арызы болмаған жағдайда қозғала алмайды. Аталған талап Қызылорда облыстық сотының сот сатыларында ескерілмегендіктен, заңсыз сот актісін шығаруға әкеп соқтырды.

Адамдар үшін меншік қаншалықты маңызды болса меншік құқығы да қоғамдық өмірде негізгі орынның бірін алады. Меншік қатынастарын нормативтік құқықтық жағынан реттеу Қазақстан Республикасында мемлекеттің қалыптасуының барлық кезеңінде жүрді. Тарихи тұрғыда Қазақстан біршама уақыт Ресей империясының, одан кейін КСРО құрамында болып, тек 1991 жылы ғана өз тәуелсіздігін алды. Республикада меншік құқығы туралы нормативтік ережелер айтылған мемлекеттердегі қалыптасқан ағымға бағынышты еді. Ол кезеңде меншік иесінің құқығы шектелген күшке ие болып, белгілі бір ауқымнан шықпауға әрі бақыланбауға тиіс болды. Оның меншікке қатысты құқығын тар ауқымда қатаң түрде шектеліп отырғанын байқаймыз [52, с. 5].

Меншік жеке бастың еркіндігі ұғымынан туындайтын табиғи құқықты «байланыстырғыш» ролін атқарады деуге болады. Жеке адамның меншікке егемендігі мемлекеттің өктемдігіне қарсы неғұрлым тиімді тосқауыл ретінде

қарастырылды. Мемлекеттің шексіз билігін шектеуді, ағарту, рационалдық және саяси ойдың жаратылыстану-құқықтық мектептері өркениетті қоғамның институттық негізі ретінде қабылдады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады [2]. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленді. Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болып табылады деп белгіленген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 188-бабында [53].

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез-келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзінің меншік иесі ретіндегі құқығын сақтай отырып, басқа адамдарға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалықтар түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Сол себепті меншік иелерінің заңды құқықтары мен мүдделері азаматтық құқық нормаларымен және меншік құқығына қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанда қылмыстық құқық нормаларымен қорғалынады.

Қылмыстық құқықта меншік иесінің құқықтары меншік нысандарына қарамастан тең дәрежеде қорғалынады. Меншік нысандарының барлық түрлерінің тең түрде қылмыстық-құқықтық қорғалуы үшін қылмыстық заң қылмыстық жауаптылықтың негізін, шегін, қолданылатын санкция түрлері мен мөлшерін бірдей етіп бекіткен.

Меншік нысандарының тең қорғалынуы үшін: қылмыстық заңнама біріншіден, әртүрлі меншік нысандарына қол сұғатын ұқсас іс-әрекеттерді бірыңғай саралауды белгілеген; екіншіден, меншікке оның нысандарына қарамастан қол сұғушылық үшін қылмыстық құқықбұзушылықтың ауырлататын немесе аса ауырлататын белгілерін де бірдей белгілеген; үшіншіден, меншік нысандарына қарамастан оған қылмысты қол сұғушылық үшін заңда жазаның бірдей түрлері және шегі белгіленген.

Алайда мүліктік қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық түрлері абсолютті меншік құқығымен байланысты емес, кейбіреулері шартты түрде меншікке құқықты бөтенге беруді қамтиды. Мысалы, автокөлік құралын ұрлау мақсатынсыз иемдену.

Меншікке қарсы қылмыстар деп мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал қауіпін тудырумен байланысты Қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз [54, б. 140].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 6 тарауында орналасқан. Бұл топтағы қылмыстар жеке тұлғаға қарсы қылмыстар тарауынан кейін орналасуы арқылы бұндай қатынастарға қол сұғуды кең

мағынада жеке тұлғаға қарсы қолсұғушылық деп қарастыруға болады. Бұл қылмыстар мемлекетке, азаматтарға және қоғамға мүліктік залал келтіре алады.

Меншікті құқықтық қорғау мәселелері бойынша теориялық әдебиеттерді зерттеу және бөтеннің мүлкін жымқыруға салу істері бойынша сот тәжірибесін зерделеу бұл мәселенің қазіргі таңда өзектілігі жоғары деген қорытындыға әкеледі. Республиканың Жоғарғы соты істердің бұл санаты бойынша сот тәжірибесінің материалдарын жүйелі түрде зерттеп, зерделеп, соның нәтижесінде меншікке қарсы қылмыстарға жауаптылық үшін заңдарды қолдану мәселелеріне байланысты бірқатар маңызды қаулылар қабылдады. Соның ішінде ерекше атап көрсетуге болатыны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 11 шілде 2003 жылғы «Жымқыру істері бойынша сот тәжірибесі туралы» №8 нормативтік қаулысы.

Бұрынғы 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі 6 тарауында меншікке қарсы қылмыстар үшін жауаптылық 17 қылмыстық құқықтық нормада анықталған болса (175-188 баптарында), жаңа қылмыстық заңдағы «меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 18 бапта шоғырланған (187-204 баптары). Сонымен қатар, алдыңғы заңнамада криминализацияланған 183-1, 184-1 баптарындағы қылмыс құрамдары жаңа заңда реттілігіне қарай жеке баптарда рәсімделген.

Зерттеу тақырыбының негізгі мазмұнын құраған бөтен мүлікті жымқыру нысандарына қылмыстық заңдағы 7 қылмыстық құқық бұзушылықты жатқызады. Олар: ұсақ-түйек жымқыру (187-бап); ұрлық (188-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189 бап); алаяқтық (190 бап); тонау (191 бап); қарақшылық (192 бап); ерекше құнды заттарды жымқыруға салу (193 бап) құрамдары. Бұрынғы қылмыстық заңнамада «ұсақ-түйек жымқыру» қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмағандықтан, 6 нысан бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты пайдакүнемдік қылмыстар деп танылған болатын.

Бұл қылмыс құрамдары меншікке қарсы қылмыстар құрылымында ең үлкен орын алады, бірақ бұл қылмыстар аса қауіпті болмауы да мүмкін. Айталық, ұрлық қылмысы барлық жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың арасында ауқымды бөлігін құрағанмен, ірі және аса ірі залал келтіретін қылмыстар жай ұрлық құрамына қарағанда аз екен.

Осы орайда зерттеу нысанасына сәйкес бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстар мен олардан келетін зардаптардың құқықтық табиғатын түсіну үшін жымқырудың түсінігі, белгілері және түрлерін зерттеуге аламыз. Жымқыруға салудың дәлме-дәл анықтамасын беру осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың мәнін анықтауға, қылмысты дұрыс саралауға, жымқыруға салудың жекелеген түрлерін басқа ұқсас қылмыс түрлерінен ажыратуға, сондай-ақ осы қылмыс түрлерімен тиімді түрде күрес жүргізуге, олардың алдын алуға және заңдылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Заң әдебиеттерінде жымқыру ұғымы отандық қылмыстық-құқықтық доктрина шеңберінде біртіндеп қалыптаса бастады.

Алдымен бұл ұғым мемлекеттік және қоғамдық мүлікке қол сұғатын қылмыстарға ортақ белгі ретінде қаралды. кейін оны азаматтардың жеке мүліктеріне қол сұғушылыққа қатысты қолдана бастады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес жымқыру ұғымы бұл топтық ұғым, себебі оның негізгі элементтерінің сипаттамасы жымқыруға салудың барлық нысандарына тән белгілерді айқындап, біріктіруге мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесінде соңғы уақытқа дейін жымқыруға салудың біртұтас анықтамасы қалыптаспаған болатын.

Күші жүріп тұрған заңда жымқыруға салудың ұғымын беру барысында бұрын қолданыста болған заңдардың тәжірибесі, сондай-ақ қылмыстық құқық ғылымында берілген анықтамалардың ерекшеліктері ескерілген.

КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық заңдары «жымқыру» ұғымын кең түрде қолданғанымен де, бұл ұғымды заңда бекітпеді. Жымқыруға салудың ұғымы қылмыстық құқық ғылымында теориялық деңгейде қалыптастырылды. Яғни, «жымқырудың» біртұтас ұғымының болмауы соттардың біртектес қылмыстық істерді қарау барысында әртүрлі шешімдер қабылдауына әкеліп соқтырды. Бұл жағдай құқық қорғау органдарының меншікке қарсы қылмыстарының алдын алудың тиімділігіне, олармен нәтижелі күрес жүргізуге кедергі келтірді.

1997 жылы 16 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде алғаш рет заң деңгейінде жымқырудың толық көлемдегі және кеңейтілген анықтамасы қылмыстық кодекстің 175 бабының ескертуінің 1 - тармақшасына сәйкес: «осы Кодекстің баптарында ұрлық деп, пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз, қайтарымсыз алып қою және айналдыру танылады» деп бекіткен [55, с. 89].

Жымқыру ұғымын заңнамада беру қылмыстық заңның кепілдемелік функциясын күшейтеді, тиісті іс-әрекеттердің дұрыс саралануын қамтамасыз етеді. Және де заңнамадағы ұғым мәні бойынша іс-әрекеттің құрамын сипаттайды, әр түрлі қоғамдық қатынастарға (жеке, мемлекеттік және т,б.) қол сұғушылықтарды реттейді. Сондықтан жымқырудың ұғымын бергенде қылмыс құрамдарын да міндетті түрде ескеру қажет. Және де жымқыру бұл қылмыстың объектісі мен заты, әрі қарай жымқырудың объективтік жағы, одан кейін жымқырудың субъективтік белгілері талдануы тиіс.

«Иемдену» және «ұрлау» терминдерін қолданған ҚазКСР Қылмыстық кодексінен 1997 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің айырмашылығы мұнда барлық қылмыстық іс-әрекеттер үшін біріңғай «жымқыру» терминін енгізуі аталған нормативтік құқықтық актінің заң техникалық жағын күшейтті [56, с. 18].

Ю.И. Ляпунов «...заңнамада жымқырудың ұғымын беру жымқырудың барлық нысандары үшін ортақ топтық құрамның сипаттамасын береді және қылмыстарды дұрыс саралаудың жалпығаміндетті бағдарын көрсетеді» [22, с. 64].

Отандық тәжірибеге сүйенсек, жымқыруға салудың толық ұғымы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 11 шілдедегі 2003 жылғы №8 қаулысында берілген болатын. Осы қаулының бірінші тармақшасына сәйкес «бөтен біреудің мүлкін жымқыруға салу деп меншік иесінің мүлкін пайдақорлық мақсатпен заңсыз, тегін алуды және оны өз пайдасына немесе басқаның пайдасына айналдыруды бөтеннің мүлкін ұрлау деп түсіну керек». Бұл орайда бөтеннің мүлкі жасырын да, ашық та, алаяқтық, қорқытып алу, иемдену, ысырап ету немесе қызмет бабын пайдаланып қиянат жасау жолымен де ұрлануы мүмкін [57].

Бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумының 25.07.96 ж. Қаулысында басқаша берілген «бөтеннің мүлкін ұрлау ретінде меншік иесінің мүлігін пайдакүнемдік мақсатта және өз пайдасына немесе басқа үшінші адамдардың пайдасына айналдыру үшін ақысыз, заңсыз алу түсініледі».

Заң деңгейінде берілген жымқыруға салудың ұғымын қарастырған кезде, бұл ұғымды қалыптастыруға түйткі болған ғалым-заңгерлердің әртүрлі көзқарастарына назар аудармауымызға болмайды. «Жымқыру» ұғымына қатысты ғылымда Г.А. Кригер және В.А. Владимировтың берген тұжырымдары төңірегінде шоғырланғандықтан, қысқаша тоқталып көрейік.

Г.А. Кригер жымқырудың ұғымы осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерін жалпылайтын ұғым болуы қажет. Яғни, «жымқыруға салу деп мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың қорларындағы мүлікті пайдақорлық мақсатпен қылмыстық иелену немесе үшінші жақтарға беру танылады» дейді [58, с. 56].

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінің 175-бабының ескертуінде берілген жымқыру ұғымын Г.А. Кригермен берілген жымқыру ұғымымен салыстырып қарастырсақ, қылмысты жүзеге асырған «әрекетке» және «ұрланған мүлік иесіне» қатысты кейбір айырмашылықтарды көруімізге болады. «Ұрланған мүлік иесіне» қатысты қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жәбірленуші ретінде «меншік иесін» және «мүліктің өзге иеленушісін» таниды.

Ал қылмыс жәбірленушісі ретінде «мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың, олардың қорларын түсінеді». Бұл айырмашылықтың болуын уақыттан іздеуіміз керек. Себебі Кеңес Үкіметі тұсында меншік нысандары мен меншіктің мәртебесі бірдей емес болатын.

«Қорлар» ұғымы экономикалық санат болғандықтан біркелкі мағынада қолданылмайды. Бұл термин қандай да болмасын ұйымның мүлкі туралы сөз болған кезде қолданылады. Бірақ та, иелігінде нақты мүлкің болмаса да, белгілі бір қорға ие болуға болады. Осыған байланысты Г.А. Кригермен берілген жәбірленушіге қатысты ұғым шектелген болып табылады.

В.А. Владимиров болса, жәбірленуші ретінде мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың қорларын емес, тікелей мемлекет немесе қоғамдық ұйымдардын озін таниды. «Мемлекеттің немесе қоғамдық ұйымның иелігінен

мүлікті құқыққа қайшы алу және ұрланғанды өз меншігіне айналдыру мақсатында қайтарымсыз түрде алу» деп түсінеді [59, с. 51].

Бұл жағдайда мемлекет немесе қоғамдық ұйым түріндегі нақты жәбірленушілер бар.

Бұл анықтамалардағы мәнді айырмашылықтарды көрсету қажет. В.А. Владимиров жымқыру кезіндегі іс-әрекеттің екі элементін көрсетеді. Олар мүлікті алу және екіншісі оны иелену. Г.А. Кригер жымқыруды қылмыстық иелену немесе мемлекеттік, қоғамдық үйымдардың қорларындағы мүлікті үшінші тұлғаларға беру деп анықтайды. Бұл анықтамалар бүгінгі күн талабына сай келмейді, жеке меншік иесінің құқықтары ескерусіз қалған.

Соңғы кездері 2000 жылдардан бастап меншікке қарсы қылмыстар мен жымқыруға байланысты ғылыми еңбектер мен диссертациялық жұмыстар да пайда бола бастады. Сол еңбектердің барлығында дерлік жымқырудың ұғымын беруге талпыныс жасалды, осы еңбек те көрсетіп отырғандай жалғаса береді.

Мәселен, С.Ф. Милюков «Жымқыру дегеніміз бөтеннің мүлкін кінәлінің өзінің меншігі сияқты билік ету немесе өз пайдасына не өзгенің пайдасына айналдыру мақсатында қоғамға қауіпті құқыққа қайшы алып қою» деп түсіндіреді [60, с. 232]. Бұл анықтамада бұрынғы еңбектерде кездеспеген «қоғамға қауіптілік» секілді қылмыстың белгісі бой көтереді. Бірақ ол белгіні жымқырудың бір белгісі ретінде енгізудің қажеттілігін жұмысында негіздемейді. Оған қоса қылмыстың төрт белгісінің екеуін көрсетеді де, қалған «кінәлілік» және «жазаланушылық» секілді екі белгісін анықтамаға қоспайды.

Бұл пікірге қылмыстық құқық патриархтарының бірі А.И. Бойцов қарсы пікір білдіреді. Егер автордың көзқарасын заңнамаға енгізетін болса кез келген мүліктік сипаттағы қылмыстарды құқыққа қайшы екендігі дәлелденетін болса құқыққорғау органдары жымқырумен байланысты қылмыстар деп тануға негіз береді [61].

А.В. Голикова «жымқыру дегеніміз бөтеннің мүлкін залал келтіріп кінәлінің иемденуі мақсатында құқыққа қайшы, ақысыз нысанда алып қоюын түсінеміз» деп жымқырудың ұғымын береді [62].

Аталған пікірдің кемшілігін С.А. Бочкарев келтірілген залалдың сипатын көрсетпеу залалды кең мағынада түсінуге жол беріп қана қоймай, жымқырудың мүліктік залал келтірмеуі де мүмкін; және де пайдакүнемдік мақсаттың орнына бөтеннің мүлкін иемдену мақсатын жымқырудың белгісі ретінде қарау оны басқа да мүліктік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратуға мүмкіндік бермейді. Айталық, бөтеннің мүлігін бүлдіру немесе жою құрамын да жатқызуға тура келеді. Нәтижесінде жымқыру өзінің ерекшелігін жояды, басты белгілерінен айырылады. Және ғылымда қалыптасқан пайдакүнемдік мақсаттағы жымқыру қылмыстарын жіктеу қатарынан алып тастауға тура келеді [63, с. 24].

Е.А. Раздобудко, В.И. Плохова тіпті жымқырудың легалдық жалпы ұғымын артық санап, заңдағы ол ұғымнан бас тартуды ұсынады. Ол жымқырудың жалпы ұғымынан бас тартып «мүлікке қол сұғушылық» терминін

қолдану арқылы тәжірибеде көптеген мәселелерді шешуге болар еді» дейді [64, с. 124-126; 65, с. 36].

С.М. Кочои «...Жымқырудың бір жалпы ұғымын бергеннен көрі нақты бір қылмыстың: ұрлық, тонау, алаяқтық және т.б. ұғымын берумен шектелген жақсы» [66].

Алайда ол бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың қандай белгілерін заңнамада көрсету керектігін, қазіргі редакциясын өзгерту керек пе әлде жоқ па ол мәселеге тоқталмайды. Және де бір белгіні жымқырудың әрбір нысаны үшін қайта қайта заң мәтінінде қайталап көрсету заң техникасы ережелеріне қайшы.

Біз А.Г. Корягиннің пікірімен қосыламыз. Ол «қылмыстық заңнамада жымқыру ұғымын белгілеу арқылы заң шығарушы құқыққорғау органдары қызметкерлерінің тәжірибеде қылмыстық істерді қате саралауының алдын алады. «Жымқыру» ұғымын жан-жақты түрде қарастырғаннан кейін, тек жымқыруға тән, оны басқа ұқсас құрамдардан ажыратуға мүмкіндік беретін негізгі объективті және субъективті белгілерді бөліп көрсетуімізге болады» [67, с. 86].

Және де «жымқыру» терминінің қылмыстық заңнамада болмауы жымқыру мен пайдакүнемдік қолсұғушылықтардың араласып кетуіне, сөйтіп әр түрлі проблемалардың қайнар көзі болуына себеп болады.

«Жымқыру» дәл осындай ұғыммен қылмыстық заңның баптарында, тараулары мен бөлімдерінде сәйкес, бірдей болып кездеспеуі керек. Ал мұндай қайталама ұғым ескі 1997 жылғы қылмыстық заңнамамызда орын алған болатын.

1997 жылғы Қылмыстық кодекстің қазақша нұсқасында қолданылған «ұрлау» терминінің өзі де өте ұтымды емес. Себебі орыс тіліндегі нұсқасында берілген «хищение» термині қазақ тіліндегі нұсқада «ұрлау» болып кеткен. Яғни заң шығарушы топтық ұғымды жеке дара ұғыммен бір деңгейде қарастырған.

Олай айтып отырған себебіміз «ұрлау» барлық жымқыруға салу нысандарының бір нысаны ұрлықтың нысандары ғана болып табылады. Бұған қоса сол 1997 жылғы ҚР ҚК 175-баптағы «ұрлық» құрамын түсіндіргенде де заң шығарушы заң нормасының конструкциясында «ұрлық» дегеніміз бұл бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау деп көрсеткен. Сонда ұрлық дегеніміз жасырын ұрлау. Түсініп көріңіз, заң техникасының талаптарына сәйкес норма құрылымында қайталанған ұғымдар болмауы тиіс.

Аудармаға қатысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысында берілген ұғым да сәтсіз екендігін айтуға болады. Онда 1-бабында «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады» деп көрсетілген. Бір «хищение» сөзінің орнына заңшығарушының «заңсыз иемдену» деп сөз тіркесін құқық қолданушы пайдаланғаны сөз қолдануды қиындатады.

Сондықтан да біз жаңадан қабылданып күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің алтыншы тарауының баптарында «хищение» сөзін аударып «жымқыру» деп беруі ұтымды әрі бұған дейінгі ғылыми пікірталастарға тоқтам қойды деп есептейміз. «Жымқыру» деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады». «Жымқыру» сөзі мағынасы жағынан да жақын, жымын білдірмей бөтеннің мүлкін заңсыз иемденуді түсіндіреді.

Ал енді, жымқырумен байланысты қылмыстық заңнамадағы терминологиялық заңдық-техникалық мәселердің бірі біздің ойымызша: 187-бап. «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамындағы «болмашы мөлшер» деген сөздің қолдануын дұрыс емес деп табамыз. Себебі, «болмашы мөлшер» ұғымын енгізу теориялық және практикалық жағынан «ұсақ мөлшер», «аз мөлшер» деген ұғымдармен қатар заңнамаға жаңа «болмашы» мөлшер деген ұғымды енгізіп, одан сайын терминологиялық шатасуларды көбейтеді. Қолданыстағы ҚР ҚК 187-баптың 1 бөлімінің диспозициясы біріншіден, осы жымқырудың ұсақ-түйектігін емес «болмашы мөлшерде жасалған» деп қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің мөлшерін қамтығандай сипатталған. Мысалы: «бір реттен артпайтын» деген секілді. Бұл жерде аудармашы осы баптың 2-бөлімі «бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру» болғандықтан бірінші бөлімнің мазмұнын түсінбегендей. Екіншіден, «тонау», «қарақшылық» жымқыруға жатпайды ма? «Бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе талан таражға салу» бұл жерде «ұрлықтың», «алаяқтықтың», «қарақшылықтың», «тонаудың» аяқталған дәрежесі ретінде қарастырылып тұрғандай немесе 189 баптағыдай «Сеніп тапсырылған» деген сөз тіркесін қосу керек. Немесе осы баптың 1-бөліміндегі «яғни» сөзінен кейін «зардабы» деген сөз енгізілсе дұрыс болады деп санаймыз. Сонда заң шығарушының қылмыстық құқық бұзушылық зардабына көңіл бөліп тұрғаны анық байқалады.

Сонымен қатар болмашы сөзі аз мөлшер немесе ұсақ мөлшер деген ұғымға қарағанда мағынасы жағынан кең талқылауға жол береді, құқық қолданушыларды ойландырып саралауда қателіктер жасауына жол береді. Жаңа Қылмыстық кодекстің «Осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп аталатын 3-бабының 10-бөлігінде белгіленген «болмашы мөлшер» деген ұғымды орысшадан тікелей аударылған, қазақ тілінде бар әрі түсінікті «аз мөлшер» немесе бап атауына да қайшы емес әрі түсінікті көрсетілгендей «ұсақ мөлшер» деп ауыстырған дұрыс деп ойлаймыз.

Бұл өз кезегінде онсыз да шұбалаңқы болып бара жатқан қазақ тіліміздің мәртебесін көтеріп қана қоймай, заң тілі мен техникасын сақтауға ықпал етіп, бір ғана «незначительный» ұғымын «болмашы мөлшер» немесе «ұсақ түйек мөлшер» деп заң мәтінінде екі түрлі ұғыммен аударуға жол бермес еді.

Сонда бұл баптың мәтіні келесідей болып өзгертіледі:

«187-бап. Ұсақ-түйек жымқыру.

1. Ұсақ-түйек жымқыру, яғни зардабы ұсақ мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу, бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру – бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады»[68].

Тағы бір айта кетер мәселе, қайталама ұғым ретінде «жымқыру» ұғымы тек қана меншікке қарсы қылмыстар тарауында ғана кездеспейді, ол қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімінің басқа тарауларында да жымқыру түрінде сипатталған. В.В. Мальцев, А.И. Бойцов оған қатысты былайша пікір білдіреді: «заңшығарушы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағын сипаттағанда жымқыру деген белгіні ажырытып, оны тек меншікке қарсы қылмыстар тарауына қатысты ғана қолданғанымыз жөн» [61, с. 99].

Л.Д. Гаухман, С.В. Максимов қылмыстық заңнамадағы есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды жымқыру немесе қорқытып алушылық құрамы әр кезде де пайдакүнемдік мақсатты көздемейді, тіпті ол қылмыстарға бұл белгі тән емес, бұл құрамға пайдакүнемдік емес, осы заттарды алып қою тән [69].

С.М. Кочои есірткі заттарын, ядролық заттарды жымқыру құрамдарында «жымқыру» терминін «иеленіп алу (завладение)» терминімен ауыстыруды ұсынады [66, с. 88-89].

А.Г. Безверхов жымқыру терминін Ерекше бөлім бабының ескертуінде емес, Жалпы бөлімнің түсініктерді көрсететін немесе анықтама беретін бабында түсіндіруді ұсынады. «Бұл өз кезегінде заң талқылауын жеңілдетеді, қылмыстық заңның меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан басқа құрамдарында да қолдануға мүмкіндік береді, ұғымды пайдалану тиімділігін арттырады» [70].

Мұндай шешім көптеген шетелдердің қылмыстық заңнамаларында да көрініс тауып, «жымқыру» ұғымы қылмыстық кодексте қолданылатын түсініктемік аппараттар қатарынан орын алған. Мәселен, Аустрия, Германия, Польша, Беларусь Республикаларының Қылмыстық кодекстерінде арнайы норма белгіленген. 1994 жылғы Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Терминдердің құқықтық мазмұны» деп аталатын бапта 45-термин бар [71, с. 31-37].

Қылмыстық заң және ғалымдар арқылы берілген «жымқыруға салудың» ұғымында адамды жымқыру үшін жауаптылыққа тартудың мәнді шарты болса да, жәбірленушінің мүлікті иеленуінің заңдылығы көрсетілмейді. Осыған байланысты тәжірибе жүзінде жиі кездесетін жағдай, мүліктің заңсыз иеленушіден алынуы, яғни ұры ұрыдан ұрлайды. Бір жағынан алып қарастырсақ, егер де олар мүлікті меншік иесіне, заңды иесіне не болмаса құқық қорғау органдарына қайтару мақсатын көздемейтін болса, онда мұндай

іс- әрекеттер құқыққа қайшы болып табылады. Осы жағдайға байланысты сот тәжірибесіне талдау жүргізіп байқайық. Жоғарғы Сот Пленумының қаулысына сәйкес, «алынған мүлік адамның заңсыз иелігінде болса да, кінәлінің әрекеттерін бөтен мүлікті жымқыруға салу ретінде саралау қажет» деп көрсетілген.

Тауып алынған немесе кінәлі адамның қолына кездейсоқ түскен бөтен мүлікті иеленіп алуды бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену ретінде қарауға болмайды.

Заң шығарушы деңгейінде берілген «жымқырудың» анықтамасында, жымқыру меншік иесіне немесе өзге де иеленушіге зиян келтіруі қажет деген талап бар. Келтірілген зиян алынған мүліктің мөлшерімен анықталынады. Осыған байланысты назар аударатын келесі мәселеміз, заң шығарушы қылмыстық істі қозғау үшін меншік иесіне қатысты ұрланған мүліктің құны 10 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы қажет деп есептейді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық құқық бұзушылықтар кодексіндегі 187-бап «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамын жаңа құрам ретінде қылмыстық заңнамаға енгізуді қолдамаймыз, оны декриминализациялауды қажет ететін бап ретінде ұсынамыз. Себебі, бұл біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтар шеңберін кеңейтеді; екіншіден, қылмыстық құқық бұзушылар саны мен қылмыстылық туралы елдегі статистикалық мәліметтердің артуына әкеледі; үшіншіден мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мемлекет тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес міндеті жүктелген органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін керегі жоқ, артық күш жұмсауды қажетсінеді.

2014 жылы жаңа Қылмыстық кодексті қабылдаудағы ең басты мақсат және жетістік ретінде оның декриминализациялануы бойынша заңшығарумен қоғамға жарияланғандығы бәрімізге мәлім. Шынымен де біз оның мазмұны бойынша өзгеріске ұшырағанының куәсі болдық. Дегенменде, алдыңғы қылмыстық заңнамада «ұсақ-түйек» ұрлау ретінде аталып ол бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылса, жаңа қолданыстағы қылмыстық кодексте бұл түсінік «ұсақ-түйек жымқыру» деп атауын өзгертіп ол қылмыстық құқық бұзушылық ретінде енгізілді. Бұл орайда декриминализациялау мақсатына қол жеткізілгеніне күмәнмен қарауға болады.

2015 жылы жасалған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар санының ішінде «ұсақ-түйек жымқыру» үлесі 4,3% болып отыр, ал жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар ішіндегі оның заодабының үлесі 1% дан аспайды.

2015 жыл бойынша жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға жұмылдырған күшке тоқталсақ, 1267 әкімшілік полиция қызметкерлері, 12169 қылмыстық криминалдық полиция қызметкерлері, 759 ұйымдасқан қылмыскерлермен күрес басқармасының қызметкерлері, 278 нашақорлық бизнесімен күрес басқармасының қызметкерлері, 5854 участкелік инспекторлар, 1286 кәмелетке толмаған азаматтар бойынша инспекторлар, 43 экономикалық тергеу қызметкерлері, 7501 патрульдік пост қызметкерлері

жұмылдырып, 1320 бөлуге арналған қабылдау камералары, 647 арнайы қабылдау камералары, 1009 қызметтік иттер, 8109 ғылыми техникалық құралдар қолданылып, 5933 арнайы сараптамалар мен зерттеулер жасалған [6].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін тағайындалатын жаза түрлеріне келетін болсақ.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыс құрамдарын (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау) істегені үшін «мүлкін тәркілеу» түріндегі қосымша жазаны тағайындау мүмкіндіктері барынша кеңейтіліп, бұл жаза түрі жаңа қылмыстық заңның 48-бабына сәйкес қолданылады.

Сонымен қатар, қылмыс істеген адам тек жаза өтеумен шектеліп, ал меншік иесіне келген материалдық залалдың орнын толтыру мәселесі қылмыстық жазаның сыртында қалады. Ал бөтеннің иелігінен заңсыз шығарылған мүлік қайтарылуға тиісті. Бұл орайда меншік иесіне немесе мүліктің өзге де иеленушісіне жымқырылған мүліктің өзі немесе нарықтағы құны қайтарылуы тиіс.

Кінәлі тұлға жымқыру қылмыстарын істеу барысында бөтен адамның мүлкін алу арқылы өзі, жақындары мен үшінші тұлғалар үшін өзіне тиесілі емес, бөтен адамның мүлкін немесе мүлікке құқығын заңсыз иеленеді. Заңсыз жолмен өзінің қажеттіліктерін бөтеннің мүлкіне қолсұғу арқылы алу әлеуметтік әділеттілік принципіне қайшы келеді. Ал әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру - қылмыстық құқықтың басты принциптерінің және функцияларының бірі.

Мүлкін тәркілеудің аталған функциясы қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық құрылымынан тәуелсіз, бағынышты емес. Мүліктік қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны артып отырған бүгінгідей заманда мүлкін тәркілеу түріндегі жаза мұндай пайдакүнемдік, соның ішінде жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың тежегіші, оларды ауыздықтауға көмектесін құралдардың қызметін атқара алады.

Сол үшін қолданыстағы ҚР ҚК 188-бабын келесідей бөлікпен немесе ескертумен толықтыру: «Бөтеннің мүлкін жымқырған кінәлі адам тағайындалған жазаға қарамастан меншік иесіне Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 917-бабына сәйкес материалдық және (немесе) материалдық емес) зиянды толық көлемде өтеуге міндетті» деп белгілеу қажет. Мұндай норма қылмыс істеген адамдардың жауапкершілігінің жаза өтеумен шектелмей, келтірген залалының орнын толтыру міндетін жүктеп, жымқыру арқылы алған мүліктің құнын түбінде бір өтейтінін білдіріп, жауапкершілік жүгін арттырады деп ойлаймыз.

Зерттеп отырған құрамдардағы адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша және қылмыстық топ жасаған әрекеттер деген қылмыс құрамының ауырлатылған және аса ауырлатылған түрлері қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайласудың заңда белгіленген нысандары болып табылады, қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайласумен жасады деп тану үшін олардың қасақана

қылмыс істеуге қасақана бірлесу белгісінің болуының өзі әрекетті сыбайласу деп тануға негіз береді.

Сонда, заң шығарушы адамдар тобының алдын ала сөз байласуы адамдар тобының алдын ала сөз байласпай істеуіне қарағанда ауыр екендігін, сонымен қатар қылмыстық топтың жымқыру әрекеттері адамдар тобының алдын ала сөз байласқан адамдар тобының жымқыру әрекеттеріне қарағанда ауыр екендігін баптың әр түрлі бөліктеріне орналастыру арқылы шешуді көздегені ме? Қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобының алдын ала сөз байласпай жасауы мен адамдар тобының алдын ала сөз байласып істеуінің ауырлық дәрежесін ескеру үшін заңда соңғысын құрамның ауырлататын түрі ретінде белгілеу тиімсіз әрі негізсіз. Себебі қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысудың нысандары үшін жауапкершілікті ауырлатудың жолы заңда белгіленген нысандарды бір баптың әр түрлі бөліктеріне орналастырмай-ақ, заң шығарушы белгілеген жаза тағайындаудың жалпы ережелеріне сүйеніп және Қылмыстық кодексінің 27-31, 57-баптары негізінде шешуді сотқа жүктей алады. Сот норма санкциясында белгіленген жазаның төменгі және жоғарғы шегінде қылмыстық іс әрекет жасаған адамның жауапкершілігін жеке дараландыру қағидатын жүзеге асыра алады деп есептейміз.

Мұндай бекіту қылмыстық сыбайласудың барлық нысандары үшін жауаптылық белгілеудің де шарты бола алады. Әйтпесе тек қана адамдар тобының сөз байласуы бойынша және қылмыстық топ жасаған әрекеттер үшін ғана қылмыстық сыбайласу үшін жауапқа тартылып, басқа сыбайласу нысандары үшін жалпы негізде қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары үшін жауаптылыққа тартылатындай болып көрінеді.

Ғылыми әдебиетттерде, мысалы Ю.М. Антонян қылмыстық құқық бұзушылықтардан, соның ішінде жымқырудан келетін зардаптардың төмендегідей белгілерін көрсетеді:

– меншік қылмыстарынан келетін зардаптың мазмұны материалдық, психикалық, адамгершілікке қарсы және соматикалық және өмірінен айыру сипатында болуы мүмкін. Материалдық – бұл бөтеннің мүлкіне залал келтіру, психикалық – меншік иесіне немесе өзге де иеленушісіне келтірген психикалық зардап, жымқыру адамгершілік нормаларына қайшы, мүлікті бөтеннің иелігінен шығару барысында субъект меншік иесінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін, немесе адам өмірінен айыру түріндегі зардап келтіруі мүмкін;

– залал келетін қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі – тек қана жеке тұлғалардың меншік құқықтары емес, отбасының, мемлекеттің, қоғамның меншік құқығын реттейтін қарым-қатынастарға зардап келтіреді. Бұл қатынастардан қосымша реттеу аяларына (экономика, әлеуметтік сала, мәдениет, қоғамдық тәртіп т.б. салаларына) зардап туындатады;

– келтірілген зардаптардың ауырлығы қарақшылық құрамындағы абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа ауыр зиян келтіруден бастап ұсақ-түйек ұрлықтан келетін материалдық зардапқа дейін анықталады;

– қоғамға қауіпті зардаптың туындау уақыты қылмыс құрамының конструкциясына қарай (материалдық, формальдық) жалпы ережеге сәйкес анықталады;

– пайдакүнемдік жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптары жаңадан қылмыстық-құқықтық тыйым салуларды бұзатын фактор болады;

– залал келтіру орын алған адамдардың өмір сүруінің аясы;

– келтірілген залалдың көлемі [72, с. 208-210].

Аталған белгілер меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптары үшін ғана емес, жымқыру іс-әрекеттеріне де тән, яғни оның құрам элементтері шеңберіндегі міндетті белгілері болып табылады деп есептейміз.

2 ЖЫМҚЫРУ ЗАРДАБЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

2.1 Жымқыру зардабы – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгісі ретінде

Қылмыстық құқық ғылымында жымқыру ұғымы мен оны сипаттайтын негізгі элементтерді ашу жымқырудың барлық нысандарына тән белгілерді анықтауға және дараландыруға, нақты жымқыру нысандарын талдауды жеңілдетуге, меншікке қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратуға, қылмыстық жазаланбайтын іс-әрекеттерден ажыратуға көмектеседі.

Қылмыстық құқық теориясында бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарының негізгі белгілерін оның анықтамасына сәйкес анықтайды. Дегенмен заң шығарушы «жымқыру» ұғымын заңда белгілеу арқылы теориялық пікірталастарға тоқтам жасады.

Заңға сәйкес «жымқыру деп бөтен мүлікті осы мүліктің иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы қайтарымсыз, тегін алып қоюын және (немесе) айналдыруын айтамыз».

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 17-бөлігінде берілген жымқыру ұғымын талдай келе, оның мазмұнын құрайтын мынадай белгілерді бөліп көрсетуге болады:

– мүлікті кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына алу;

– меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіру;

– құқыққа қайшы алу және/немесе айналдыру;

– ақысыз алу және/немесе айналдыру;

– бөтеннің мүлкін алу және/немесе айналдыру;

– пайдакүнемдік мақсат.

Осы белгілердің ішіндегі жымқыру зардабын сипаттайтын - меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіруді қарастырып көрейік.

Жымқыруға салудың объективтік жағының барлық белгілерін анықтау, оның қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін айқындауға мүмкіндік береді [73].

Меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіру белгісі жымқыру құрамын материалдық құрамға айналдырады.

Осы залал келтірілген уақыттан бастап қылмыс құрамы аяқталған деп танылады. Келтірілген залалдың мөлшері жымқыруға ұшыраған мүліктің, заттың құнымен есептелінеді.

Жымқырудың қоғамдық қатынастарға зардабының дәрежесін анықтау үшін, заң шығарушымен келтірілген зардаптар материализацияланған, себебі осындай сыртқы нысанға ие болғанда ғана біз оларды нақтылай аламыз.

Осылай материализацияланған нысандағы жымқыру зардабы қылмыстық құқық бұзушылықтың обьективтік жағының міндетті белгісіне айналып қылмыстық құқықтық категория болады [74].

Сонымен қатар, жымқыру зардабы қылмыстық құқық бұзушылықтың обьективтік жағының факультативтік белгісін құрайды.

Осы негізде – қылмыстық құқық бұзушылық құрамындағы обьективтік жағында зардаптың міндетті белгісі ретінде қаралса материалдық, ал керісінше болса формальді құрам ретінде есептеледі [75].

Оған қоса, жымқырудың қоғамға қайшы бағыты – меншік иесіне қарасты тауарлық-материалдық құндылықтар болып табылады.

Ал осы құндылықтар өзінің сыртқы нысанынсыз, материалдық негізінсіз экономикалық категория ретінде саналмайды.

Және жоғарыда көрсетілгендей заңда бекітілген қоғамдық қатынастарға қарсы әрекеттік көрініс алу және/немесе айналдыру нысандарында болады.

Бөтеннің мүлігін алу және/немесе айналдыру алу іс-әрекеттері деп түсінуге байланысты қылмыстық құқық теориясында әр түрлі көзқарастар бар.

Мәселен, О.Ф. Шишов жымқырудың белгісі ретінде алу ретінде бөтеннің мүлкін қолмен алу және айналдыру арқылы оған иеленуге, пайдалануға және заңсыз билік етуге мүмкіндік алады. Алу ұрлық, алаяқтық, тонау үшін кінәлі ашық немесе жасырын, күштеп немесе күш қолданбай, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлікті алу жүргізіледі [76].

Профессор А.П. Рарог бөтеннің мүлкін алу меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің иелігінен кінәлінің иелігіне өтуін түсінеміз. Алуды бұл жерде кең мағынада түсінеді, мәселен мүлік барлық жағдайда заңды иеленушісінің билігінен, қолынан емес, кейде оған құқығы алаяқтың қолына өтуі мүмкін.

Профессор И.Ш. Борчашвили «алу» белгісі қарақшылықтан басқа барлық жымқыру тәсіліне тән. Қарақшылық құрамы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында басқа құрамдар секілді материалдық құрам емес, формальдық құрам ретінде құрылған. Қарақшылық кезінде қылмыстың аяқталу сәті бөтеннің мүлкін алумен байланыстырылмайды, қылмыс жәбірленушінің мүлкіне иелену мақсатында шабуылдаған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі [77, с. 17].

Алу ұғымы бөтеннің сеніп тапсырылған мүлігін иемдену немесе ысырап ету құрамында «алу» бар ма деген сұрақты заң шығарушы шешіп берген, яғни алу кінәліге меншік иесінің сенім білдіруі арқылы берілген мүлікті өзінікі секілді алу арқылы иемденуді немесе ысырап етуді білдіреді.

Олай болса жымқыру белгісі ретінде бөтеннің мүлкін алу дегеніміз меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің мүлкін кінәлінің немесе өзге үшінші тұлғаның пайдасына алу немесе айналдыру.

Кінәлінің немесе үшінші тұлғалардың пайдасына мүлікті алу айналдыру. Профессор М.С. Нарикбаев жымқыру бөтеннің мүлкі меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің иелігінен белсенді іс-әрекеттер жолымен істеледі. Жымқырушы адамның әрекеті мүлікті алумен шектелмейді. Алынған заңсыз мүлік кінәлінің билігіне өтуі тиіс. Билігіне айналдыру кінәліде мүлікті иеленуге, пайдалануға немесе билік етуіне фактілік түрде үстемдік ету [78, с. 7].

Егер мүлік меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің иелігінен белгілі бір себептермен (қоқысқа тастау, түсіріп алу, жоғалту және т.б.) шығып қалса бөтеннің мүлкін заңсыз иелену қалай шешілетіндігі сот-тергеу тәжірибесінде

пікірталасты. Бұндай жағдайда бөтеннің меншігіне заңсыз иелену жымқыру құрамын құрамайды·[79, с. 349].

Меншік иесінің иелігінен шығып қалған заттарды пайдакүнемдік иемдену Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде де, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін ел тарихындағы екінші қылмыстық заңнама болып есептелетін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрамайды. 1960 жылғы Қазақстанның Қылмыстық кодексінде тауып алған немесе кездейсоқ табылған мүлікті иеленіп алу құрамы (79-бабы) декриминализацияланған, біздің қолданыстағы және қолданысқа енетін кодексімізде мұндай іс-әрекеттер қылмыс болып танылмайды [80].

Дегенмен жекелеген шет мемлекеттерде мүлік меншік иесінің немесе өзге адамдардың иелігінен шығып қалса тауып алған немесе кездейсоқ табылған мүлікті иемдену үшін қылмыстық жауаптылық туындайды. Мысалы, Испания Қылмыстық кодексінің 253-бабына сәйкес меншік иесі беймәлім затты немесе жоғалған затты иемдену үшін қылмыстық жауаптылық туындайды. Тауып алған бөтен мүлікті көрінеу аса ірі мөлшерде иемдену үшін жауаптылық Беларусь Республикасының ҚК 215-бабында белгіленген [81].

Шет елдердің тәжірибесіндегі меншік иесінің иелігінен шығып қалған мүлікті пайдакүнемдік ниетпен иемдену үшін қылмыстық жауаптылықты қолданыстағы заңнамаға сәйкес криминализациялауды қолдайтын қазақстандық ғалымдар да бар. Мысалы: К.Ш. Уканов өзінің докторлық жұмысында («Предупреждение хищений в Республике Казахстан: уголовно-правовые и криминологические аспекты») осындай тұжырымды бекітуді ұсынады.

Ал жымқырудың бір белгісі оның құқыққа қайшылығы болса, мүлікті өзінің немесе басқа адамдардың пайдасына алу қылмыс құрамы болуы үшін заңда қылмыс ретінде бекітілуі қажет. Сонымен қатар өзінің, ортақ (үлестік) немесе даулы (иеленіпі алушыға тиістілігі мүмкін) мүлікті алу жымқыру деп есептелмейді [82, с. 469].

Егер тұлға мүлікті алуға заңды құқығы болғанына қарамастан оны алу тәртібін бұзу мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыс құрамы жоқ [83, 115-117].

Ортақ немесе даулы мүлікті немесе алынатын мүлікке қатысты белгілі бір заңдық құқығым бар деп қателесіп алу жүргізген жағдайдың өзінде жымқыру құрамын құрамайды, алайда белгілі бір жағдайларда өзінше билік ету немесе басқа да қылмыстық жазаланатын іс-әрекетті құрамуы мүмкін.

Бөтеннің мүлкін ақысыз алу мен бөтеннің мүлкін өзінікіне айналдыру мүлік үшін оның құнын (толық немесе жартылай) немесе еңбегімен өтеу түрінде немесе құны жағынан бірдей мүлікпен айырбасталмаған не төленбеген мүлік түсініледі. Алауов Е.О. мүліктің бағасының ішінара төмендетілуі, мысалы мемлекеттік мүлікті, орнын толтыруды білдірмейді, және жымқыру үшін жауапкершіліктен бостапайды. Себебі кінәлі бір бөлігіне ақысы төленбеген мүлікті жымқырады. Мәселен, жеке тұлғаның мемлекеттік мүлікті көтерме бағамен заңсыз алуы [84, 35].

Жымқырудың елеулі белгісі бөтеннің мүлкін тегін алу болып табылады. Тегін алуға мүліктің ешқандай құнын төлемей алу немесе болмашы құнын төлеу арқылы, құны бағалы мүлікті әдейі құнсыз мүлікке алмастыру арқылы алулар жатады. Бөтеннің мүлкін тегін алу арқылы меншік иесіне немесе өзге де заңды иеленушіге тікелей материалдық залал келтіріледі. Осы залал келтірілген уақыттан бастап қылмыс құрамы аяқталған деп танылады. Келтірілген залалдың мөлшері жымқыруға ұшыраған мүліктің, заттың құнымен есептелінеді.

Мүлікті жымқыруға салудың қоғамға қауіптілік себебінің бірі мүліктің қайтарымсыз түрде алынуы.

Қайтарымсыз, тегін деп, ақшалай эквивалентсіз немесе орнына басқа мүлікті бермей алынған мүлік есептелінеді. Егер де, мүлікті иемдену барысында меншік иесіне сәйкес өтемақы берілсе, бұл әрекеттерді мүліктік зиян келтірілмегендіктен жымқыру ретінде қарастырмаймыз [85, б. 217].

Сонымен, жымқыру зардабы қылмыстық құқық бұзушылық зардабының обьективтік жағының белгісі ретінде, қылмыстық заңмен қорғалатын меншікке қарсы қоғамдық қатынастарға келтірілетін залал болып табылады. Яғни, жымқыруды қылмыстық құқықтық саралауда қарастырылып, әрекетті криминализациялауға үлкен әсер етеді.

Жымқырудың обьективтік жағының міндетті белгілерінің бірі негізінен заңға қайшы іс-әрекетімен келтірілген қауіпті зардаптың арасын жалғастыратын себепті байланыс болып табылады. Бұл себепті байланыс болмаса қылмыстық құқықтық жауапкершілік болмайды.

Қылмыстық заңнаманың диспозициясында себепті байланыс анықталып көрсетілмесе, кейбір жағдайда мамандардың қортындысы талап етіледі.

Бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарының объективтік және субъективтік белгілеріне қысқаша шолу жасау негізінде қылмыстық құқық теориясындағы жымқыру ұғымының мазмұнын, құқықтық табиғатын ашуға мүмкіндік ашылады.

Жымқыру құрамының объективтік белгілеріне тоқталғанда қылмыс объектісін сипаттау жөн деп саналады.

Қылмыстың объектісі дегеніміз қылмыстық заңмен қорғалатын, қылмыс нәтижесінде зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін төндіретін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объектісінің дәстүрлі түрде екі белгісі бар, қол сұғылатын қоғамдық қатынас және қылмыстың заты.

Қол сұғушылықтың объектісі, қылмыс құрамының маңызды және міндетті элементтерінің бірі болып табылады. Оның ролі екі негізгі функциямен анықталады.

Объект қылмысты бағалауда, оның қоғамға қауіптілігін белгілеуде, қылмыстың әлеуметтік саяси дәрежесін анықтауда шешуші роль атқарады.

Объект қылмысты ғылыми және заңдық тұрғыдан белгілі бір топтарға бөлуге мүмкіндік береді [86, с. 28].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде қылмыс объектісінің жалпы анықтамасы, ұғымы берілмеген. Объектіге арналған арнайы зерттеулер барысында қылмыс объектісіне, оның ұғымы мен түрлеріне қатысты көптеген мәселелерге талдау жүргізіледі. Дегенмен қылмыс объектісіне қатысты пікірлер бір арнаға тоғысып, қылмыстың объектісін зерттеген көптеген авторлар «қылмыс объектісі дегеніміз бұл қоғамдық қатынастар» деп тұжырымдайды [87, б. 45].

Жымқырудың объектісіне қатысты мәселе қылмыстық-құқықтық ғылымда әр түрлі шешіледі. Бір авторлар жымқырудың объектісі болып экономикалық меншікті, яғни базистік категория ретінде таниды [88, с. 5].

Екіншілері меншікке құқықты [90], үшіншілері екеуін бірге қарастырады [66, с. 17-18; 91], төртіншілері мүлік және мүліктік мүдде деп көрсетеді [89, с. 83; 92].

Авторлардың әрқайсысы өз пікірлерін жан-жақты талдап негіздемесін береді. Біздіңше бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі ретінде экономикалық және құқықтық категория ретіндегі меншіктік қатынастар танылады дегендері дұрыс. Өйткені қоғамда меншік қатынастары субъектілердің иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығына байланысты нормалармен реттеліп, бекітіледі және қорғалады. Осы құқықтарды жүзеге асыру барысында азаматтар белгілі бір қатынастарға түседі, ол қарым-қатынастар қоғамға қауіптілік туындатып қылмыстық-құқықтық тыйымдарды бұзуы да мүмкін. Біздің пікірімізді А.В. Шульга дәл тапқандай «Меншік адамдар арасындағы оның объектісін пайдалануға қатысты қатынастар» дейді [93, с. 28].

Қылмыстық заң мүлікті, заттарды емес, адамдардың арасындағы заттарға байланысты қатынастарды қорғайды.

Жымқыруға салудың мәнін анықтауда негізгі рөлдің бірі қылмыс объектісінің түрлерін анықтауға берілген. Бұл мәселе қылмыстық құқық теориясында жете зерттелген қылмыстың объектісінің негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып шешіледі және қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы, топтық және тікелей объектісіне қарай бөліп қарастырылыды.

Меншікті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабында «қылмыстық заңның міндеттері ретінде бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін сақтау, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, басқа да құндылықтарды қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу» деп бекітілуінен заңдық шешімін тапқан. Бұл санамаланған объектілер жалпы объектіні құрайды.

Жалпы нормаға сәйкес қылмыстық заңның алдында екі үлкен міндет тұр: ол, біріншіден , белгілі бір мақсаттарды көздеп қоғамдық қатынастарды қорғау

болса, екіншіден қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. Ол жалпы және арнайы (жеке) алдын алуды (превенция) қамтып, жазаны орындау процесі барысында сотталған адамда қылмыстық емес мінез құлықтың негіздерін қалыптастыруды, жаза мақсаттарына қол жеткізуді білдіреді.

Қылмыстық құқық теориясында меншікке қарсы қылмыстарды жіктеуге қатысты түрлі көзқарастар болғанымен, қазіргі уақытта қылмыстық құқық теориясында бір шешімге тоқтап, бұл тараудағы қылмыстық құқық бұзушылықтар пайдакүнемдік ниеттің орын алғанына немесе жоқ болуына байланысты пайдакүнемдік немесе пайдакүнемдік емес болып 2 түрге бөлінеді. Өз кезегінде меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар жымқырумен байланысты және меншікке қарсы басқа да пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар болып 2 (екі) топқа бөлінеді.

Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы объектісі меншік қатынастары болғандықтан, жымқыруға салу әрекеті тікелей меншікке қарсы бағытталған [94, с. 89].

Сол себептен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6 тарауы «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын меншік құқығына байланысты қоғамдық қатынастар.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың, соның ішінде жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісін меншік иесінің иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар құрайды.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі болып меншіктің кез-келген нысаны табылады. Меншіктің нақты нысаны қылмыстық жауаптылыққа және адамның мінез-құлқын саралауға әсерін тигізбесе де, қылмыстық іс бойынша анықталынуы міндетті болып табылады, себебі: біріншіден, қылмыстық іс бойынша дәлелдеу затының міндетті элементі; екіншіден, кейбір ауырлататын белгілерді тануға әсерін тигізеді [95, с. 125]. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі ретінде меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің (мемлекеттік немесе жеке меншік те) мүлігі болуы мүмкін. Яғни, топтық және тікелей объектілерді дұрыс ажырату, мүліктің қай түріне зиян келтірілгендігін анықтау үшін қажет (мысалы: жер, автокөлік, ерекше құнды заттар т.б.) Объектіні дұрыс анықтау қылмыстың қоғамға қауіптілігін ашуға және жаслаған іс-әрекеттерді дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

Кейбір авторлардың пікірі бойынша жымқыруға салудың тікелей объектісі мүліктің нақты бір түрі болып табылады. Мұндай көзқарастар негізсіз болып табылады, себебі, объект қоғамдық қатынас, ал мүлік бұл объектінің материалдық көрінісі, яғни осы қатынастардың нәтижесі. Мүлікке зиян келтіру тек жымқыруға салумен ғана емес, басқа да қылмыстық әрекеттермен жасалынуы мүмкін. (Мысалы: диверсия, салақтық). Ендеше, жымқыруды басқа қол сұғушылықтардан ажырату негізін объектіден іздеуіміз қажет. Егер де мүлік объект ретінде болса, біз мүліктің сипаттамасымен байланысты

қылмыстарды ғана бір-бірінен ажырата аламыз. (Мысалы: жымқыруға салу мақсатынсыз автокөлікті заңсыз иелену кезіндегі автокөлік, ерекше құнды заттарды жымқыруға салу кезіндегі ерекше құнды заттар және т.б.).

Кейбір ғалымдар жымқырудың тікелей объектісі меншік қатынастары емес, керісінше мүліктің өзі деп есептейді [96, с. 29.]

Мүлік меншік қатынастарының орын алуының алғашарты, ол мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік қатынастарының көрінісі болуы мүмкін.

Сонымен, мүлік жымқырудың тікелей объектісі бола алмайды, ол жымқырудың заты болып қана саналады. Бірақ қылмыстың заты абстрактілі емес, шын мәнісінде, ол әрқашанда нақты әлеуметтік мазмұнға ие. Мүлік жымқырудың заты ретінде белгілі физикалық, экономикалық, заңдық қасиеттерге ие болуы тиіс.

Адамдар арасындағы қатынастар оларға берілген құқықтарды сақтауды көздейді. Бұл құқықтар сақталмаған жағдайда қоғамдық қатынастар да өзгереді, бұзылады. Сондықтан да объект ретінде бұзылған меншік құқығы немесе белгілі бір затқа иелену құқығы (интеллектуалдық меншік құқығын бұзу, жерге заттық құқықтарды бұзу) бола алады. Бірақ та, бұл көзқарас қылмыстың барлық мәнін және қоғамға қауіптілігін көрсете алмайды, себебі, қылмыстың затымен байланысты қылмыстар қамтылмай сырт қалып қояды.

Сондықтан да, жымқыруға салудың объектісінің сипаттамасын талдағанда теорияда жымқыру қылмыстарының затына байланысты мәселені шешу қажет.

Жымқыру объектісінен жымқырудың затын ажырату керек. Екеуі бір түсінік емес.

Қылмыстық құқық ғылымында зат деп, қылмыс бағытталған қоғамдық қатынастардың материалдық көрінісі, яғни оған қол сұғу арқылы объектіге зиян келтіретін заттар түсіндіріледі [97, с.125]. «Қылмыс заты бұл қылмыстық қол сұғылатын объектінің материалдық жағы, бірақ ол қылмыс объектісінің өзі емес» деп Н.И. Коржанский айтқаны дұрыс [98, с.104].

Қылмыстың заты материалдық әлемнің заттары. Жымқырудың заты материалдық әлемнің заттары, олар белгілі бір материалдық немесе рухани құндылыққа ие. Яғни материалдық әлемнің заттары оған адам еңбегі жұмсалмаған жағдайдың өзінде адамның тұтынушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру қасиеттеріне ие болуы шарт [99, с.357]. Адамдардың тұтынушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру заңсыз, қылмыстық жолмен де қамтамасыз етілуі мүмкін.

Мүлік жымқыру заты ретінде айрықшаландыратын белгілерге ие. Осындай ерекше белгілері болғанда ғана мүлік жымқырудың заты функциясын атқара алады.

Жалпы қағидаға сәйкес, қылмыскер иеленген зат басқа біреудің меншігінде болуы қажет. Жымқыруға салудың затын анықтау үшін оның негізгі белгілерін төртке бөлуді теорияда С.М. Кочои бөліп көрсетеді:

а) әлеуметтік белгі жымқыру заты болып тек қана адам еңбегі жұмсалған объектілер бола алады;

ә) заттық белгі жымқыру заты әрқашан материалданған;

б) заңдық белгі жымқыру заты ретінде тек қана бөтеннің мүлкі болып табылады;

в) экономикалық белгі қылмыс заты белгілі бір құндылыққа ие [100, с. 12-15].

И.Я. Козаченко жымқыру қылмыстарының заты үш белгіге ие болуы керек деп есептейді. Олар: а) заттық ол материалдық объект болып табылады; ә) экономикалық ол заттанған адам еңбегін қамтиды; б) заңдық мүлік бөтендікі және адамның оған қатысты құқығы жоқ [101, с. 357].

Кез келген жымқырудың міндетті белгісі ретінде қылмыс затының маңызын оның қылмыстық-құқықтық норманың диспозициясында бөтеннің мүлігі ретінде болуы да айқындайды. Алайда алаяқтық құрамының заты ретінде мүліктен басқа әр түрлі құжаттарда бекітілген мүлікке құқық та болып табылады.

Жымқыру барысында мүлік меншік иесінің немесе басқа да иеленуші адамның иелігінен алынады. Егер де мүлік кез-келген басқа да себептермен меншік иесінің иелігінен алынған немесе шығып кеткен болса, бұл заттарды иелену жымқыруға салуды құрайды.

Осыған байланысты меншік иесінің қарамағындағы заттар дегеніміз не? Меншік иесінің қарамағындағы заттар дегеніміз, тек қана арнайы қорғалынатын немесе құлыпталынған заттар емес, кәсіпорын аумағындағы, мекеменің ғимаратындағы, құрылыс алаңындағы немесе шаруашылық қызмет жүргізілетін кез-келген орындағы, көлік құралдарындағы, сондай-ақ меншік иесі жоғалтпаған, бірақ та уақытша қараусыз жатқан заттар да бола алады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты ретінде қылмыс істеу нәтижесінде қол сұғылатын материалдық әлемнің заттары, яғни ақша, бағалы қағаздар, асыл тастар, кейбір кезде мүліктік құқықтар, интеллектуалдық қызметтің нәтижелері, яғни азаматтық айналымнан алынбаған басқа да жылжитын немесе жылжымайтын мүліктер қарастырылады [102, б. 178]. Жымқыруға салудың заты ретінде идеялар, көзқарастар, адамның ақыл-ойының көріністері, мәліметтер қарастырыла алмайды

Қылмыстық құқық теориясы мен практикасы кез келген жымқыру қылмыстарының затының белгілерінің жүйесін қалыптастырды. Ол бойынша жымқыру белгілері мынадай:

Жымқыру затының физикалық-заттық белгісі. Қылмыс заты (мүлік) объективтік сыртқы әлемнің материалдық заты. Жымқыру заты болғандықтан мүлік әруақытта да материалдық, яғни матриалдық өмірдің бөлігі, заттың белгісіне ие болады. Жымқыру кезінде мүлік заттандырылған, кеңістікте кескінделген, сыртқы әлемнің материалдық заты ретінде қарастырылады. Жымқыруға салу адамның, қоғамның есебінен өмір сүру ынтасын, қоғамдық өндіріс процесінде алынған материалдық құралдармен заңсыз пайдалану ынтасын көрсетеді. Сондықтан идеяларды, ойларды иелену, адамды ұрлау жымқыру болып табылмайды.

Жымқырудың заты әдетте сырттай сезілетін зат. Ол газ, сұйық, қатты күйде болуы мүмкін екендігін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде

мұнай-газ сияқты сұйықтықтарды құбырдан ұрлау үшін жауапкершілік көздеуінен де байқаймыз.

Жымқыру заты жылжитын да, жылжымайтын да мүлік бола алады. Жымқыруды анықтау үшін мүліктің кейбір түрлері (үй, пәтер, жер бөлігі) өзінің объективті қасиеттеріне байланысты жасырын түрде алына алмаса да, алдау, күш қолдану және қорқыту жолымен алына алады. Бірақ та сот-тергеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай кейбір жағдайларда «жылжымайтын» мүлік «жылжитын» мүлікке ауыса алады. Мысалы: жеке тұрғын үйді бұзып тастау; бау-бақшаның темір қоршауын алу және әкету; байланыс линияларын демонтаждау және т.б.[103].

Жымқыру заты азаматтық айналымнан алынған заттар да бола алады. Алайда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі басқа, меншік құқығымен байланысты емес қатынастар. Сондықтан мұндай заттар басқа топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты қызметін атқарады. Мәселен, егер де қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қауіп төндіретін заттар (қару-жарақ, радиоактивті заттар, есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттар) жымқыруға салынса, жасалынған әрекеттер мүліктік қылмыс ретінде емес, ҚР ҚК 9 тарауы бойынша «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар» бойынша сараланады.

Заттық белгісі болмағандықтан интеллектуалдық құқық, компьютерлік мәліметтер, электр және жылу энергиясы жымқыруға салудың заты бола алмайды. Бұл заттар қылмыс заты ретінде басқа құрамдар бойынша жауаптылық туындатады.

Алайда соңғы кездері нарық жағдайларына байланысты қоғам өміріндегі меншікке қатынастардағы өзгерістерді ескеріп жымқыру затын түбегейлі түрде кеңейту керек [104, с. 12; 105, с. 25-27]. Олардың қатарына интеллектуалдық құқық, компьютерлік мәліметтер, электр және жылу энергиясы, газ және мұнай, бабиғи байлықтар т.б. енгізу керек.

Негізінен, жымқырудың затының кең таралған түрі жылжитын мүлік болып табылады. Олар: көлік құралдары, өндіріс құралдары, тұрмыстық заттар, азаматтық айналымнан алынған заттар және т.б. [28, с. 39].

Жымқыруға түсетін жылжитын және кеңінен таралған заттардың ішінде айналымдағы ақша, бағалы қағаздар, бағалы тастар мен зергерлік бұйымдар, құнды металдар мен табиғи асыл тастар, қалта телефондары, видео-, аудиотехника, компьютерлер мен ноутбуктер, табиғи тондар мен бас киімдер, тұрмыстық техника да бар. Заттардың қатарына тек қана материалдық әлем заттарын ғана емес, белгілі бір құндылығы бар интеллектуалдық құқық, компьютерлік мәліметтер, электр және жылу энергиясы, мұнай-газ секілді игіліктерді де жатқызу қажет. Бұл игіліктер сонымен қатар азаматтық құқықтық нормаларға сәйкес заттардың қатарына енгізілген.

Жымқыруға салу затының келесі белгісі экономикалық белгі. Талан-таражға салудың затының экономикалық белгісі біріншіден, экономикалық-шаруашылық құндылығы болуы тиіс; екіншіден, мүлік құнынан көрінетін бағасы болуы тиіс.

Заттардың тұтынушылық құны оның пайдалалығымен есептеледі, қалта телефоны адамдардың коммуникабельдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Немесе бұзылып жөндеуге келмейтін тұрмыстық техниканы меншік иесі шығарып тастаса ол заттың тұтынушылық құны болмайды, оны рұқсатсыз немесе қоқыс жәшігінен алу қылмыс құрамын құрамағандықтан қылмыстық жауапкершілік туындатпайды. Керісінше, шаруашылық құндылығы жойылған заттар немесе адам еңбегі сіңбеген табиғат объектілері жымқыруға салудың заты ретінде қарастырылмайды. Осы белгіге сүйене отырып, біз талан таражды экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата аламыз.

Мүліктің құнын, бағасын есептегенде ол заттың қылмыс істеу сәтіндегі нарықтағы бағасы ескеріледі [106].

Заттың құндылығының көрінісі оның құны, ақшалай бағасы. Сондықтан да ақша, валюталық құндылықтар және басқа да бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, коносамент және т.б.) құнның эквиваленті болғандықтан жымқыруға салудың заты ретінде карастырылады.

Мүліктік емес сипаттағы құжаттар, сондай-ақ тек мүлікті алуға құқық беретін құжаттар (сенім хат, квитанция т.б.) экономикалық белгісі болмағандықтан мүлік ретінде қарастырылмайды. Бұл құжаттарды әрі қарай мүлікті алу мақсатында жымқыруға салу, алаяқтыққа дайындалу ретінде қарастырылады. Мүлікті иеленумен байланысты емес құжаттарды, штамптар мен мөрлерді жымқыруға салу үшін жауаптылық басқа құрамдар бойынша (ҚР ҚК 324 бап) көзделген.

Экономикалық көзқарас жағынан жымқыруға салудың заты құнға ие болып, ал оның өзі затқа сіңген қоғамға пайдалы еңбектің көрінісі болып табылады. Демек, жымқырудың заты ретінде оны дайындауға, өндіруге, өсіруге, табуға адамдардың еңбегі жұмсалған мүлік есептеледі.

Сондықтан, жер қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар жымқырудың затына жатпайды. Сонымен бірге, республикалық бюджет қаражаты, мемлекеттік қазына, алтын, алмас, валюта қоры, мәдениет және табиғат ескерткіштері бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың затына жатпайды.

Жымқырудың әрбір нақты фактісіне байланысты алынған мүліктің нақты шынайы құны дәлме-дәл анықталынуы қажет. Бұл мәселеге байланысты 11 шілде 2003 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативті қаулысында былай делінген. «Қылмыстың заты болып табылатын мүліктің құнын анықтау барысында, меншік иесінің қылмыс жасалған кезде қолданылған, сәйкес құжаттармен бекітілген комиссиондық, нарықтық немесе бөлшек бағаларға сәйкес затты алу ерекшеліктерін ескеру қажет. Баға болмаған жағдайда және алынған заттың мөлшеріне байланысты дау туындаған кезде жымқырудалған мүліктің құны сарапшының қорытындысы негізінде анықталынады. Алынған заттың мөлшері, оның нақты бағасы арқылы келесі жағдайларда да анықталынуы мүмкін: егер жымқыруды жасыру мақсатында кінәлі алынған заттың орнына құны шамалас затты беретін болса. Бұл жағдайда

алынған мүліктің орнына берілген мүліктің құны зиянның мөлшерін анықтау барысында ескерілуі мүмкін».

Жымқыруға салу затының үшінші белгісі құқықтық белгі. Бұл белгі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысында бекітілген. Осыған сәйкес, «Жымқыруға салудың және меншікке қарсы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты кінәлінің меншігіндегі емес, яғни бөтен мүлік болып табылады» [107, с. 43]. Яғни:

а) жымқыру қылмыстарының заты бөтеннің иелігіндегі мүлік болуы тиіс. Бөтеннің мүлкін алу деп осы мүлікті меншік иесінің немесе өзге заңды иеленушінің иелігінен шын мәнінде кінәлінің өзінің немесе басқаның иелігіне алуын айтамыз. Жымқырудың тағы бір белгісі оның заңсыз істелуі, яғни бөтеннің мүлкін заңға қайшы, негізсіз, меншік иесінің немесе өзге де заңды иеленушінің келісімінсіз басқаның иелігіне көшіру, өткізу болып табылады. Мүлік жөніндегі өзінің нақты немесе болжамды құқығын өз бетінше жүзеге асыру жымқыруға емес, өз бетінше билік ету немесе басқа қылмыс құрамын құрайды;

ә) еркін азаматтық айналымнан алынған заттар болмауы тиіс. Егер де қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қауіп төндіретін заттар (қару-жарақ, радиоактивті заттар, есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттар) жымқыруға салынса, жасалынған іс-әрекеттер мүліктік қылмыстар ретінде емес, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9 тарауы бойынша «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар» ретінде сараланады;

б) мүлік шын мәнінде бар, меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің заңды иелігінде немесе меншік құқығында болуы тиіс;

в) бөтеннің мүлкін иемдену мен ысырап ету құрамына тән белгі мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты тек қана сеніп тапсырылған мүлік бола алады [108, с. 27].

Жымқырудың тағы бір белгісі оның заңсыз істелуі, яғни бөтеннің мүлкін заңға қайшы, негізсіз, меншік иесінің немесе өзге де заңды иеленушінің келісімінсіз басқаның иелігіне көшіру, өткізу болып табылады.

Қылмыс затының белгілерін нешеге бөліп қарастырғанмен, жымқыру қылмыстарының белгілері кешенді түрде осы белгілердің барлығына ие, қамтуы тиіс.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты Азаматтық кодексте көрсетілген меншік құқығының кез-келген объектісі бола алады. Бұл мәселеге байланысты отандық заң шығарушының позициясы өте орынды деп есептейміз.

Меншік қатынастарын бұзатын жымқыруды істеудің ауырлық дәрежесі келтірілген материалдық залалдың мөлшерімен анықталады. Ол қол сұғушылық затының экономикалық, әлеуметтік, құқықтық бағасымен тығыз байланыста бола отырып оның құнымен, ақшаға шаққандағы құнымен тығыз байланысты.

Жасалынған жымқыру туралы толық көлемде көрініс алу үшін объективтік белгілермен қатар, субъективтік белгілерді де ескеріміз қажет.

Жымқырудың субъективтік белгілеріне:

1) кінәнің қасақаналық нысаны;

2) пайдакүнемдік мақсат.

Жымқырудың субъективтік жағы кінәнің тікелей қасақаналық түрімен сипатталады. Адам алынған мүліктің басқа адамның меншігі екендігін, бұл мүлікке деген құқығының жоқтығын сезінеді, бірақ та пайдақорлық ниетті басшылыққа алады. Пайдақорлық мақсаттың және тікелей қасақаналықтың болмауы жымқыру үшін қылмыстық жауаптылықты да жояды [109, с. 29].

Жымқырудың субъективтік жағы кінәнің тікелей қасақаналық нысанымен сипатталады. Тікелей қасақаналықта қоғамға қауіпті зардаптың тууының болмай қалмайтындығы болжанады. Белгілі бір зардап келтіруге ниет еткен адам өзінің ниетінің сөзсіз іске асатындығына кәміл сенеді және туындайтын зардапты ой-сана арқылы елестетіп, оның сөз жоқ болмай қалмайтындығына көз жеткізеді.

Қоғамға зиянды зардаптың болуын тілеу немесе оның тууына саналы түрде жол беру элементін құрайды. Тілеу-бұл белгілі бір мақсатқа, нөтижеге жету деген ерік білдірушілік болып табылады.

Тікелей қасақаналықта қоғамға зиянды зардаптың болуын тілеу, әр түрлі нысанда көрінуі мүмкін [110, с. 92].

а) қоғамға зиянды зардап келтіру кінәлінің түпкі мақсаты немесе қоғамға зиянды зардап түпкі мақсатқа жетудің қажетті құралы болса я болмаса;

б) қоғамға зиянды зардап кінәлі адам үшін түпкі мақсатқа жетудің белгілі бір сатысы болуы мүмкін.

Яғни, жымқыру кезінде кінәлі тұлға өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала біледі және тілейді.

Осыған байланысты сот-тергеу практикасының материалдарында да кездеседі. Яғни қасақаналықпен бөтеннің мүлкін иемдену болмаса қылмыс та жоқ деп танылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының шешімімен Семей қалалық соты 32 881 100 тенге сомасындағы азаматтық талапқа қатысты бөлігінде 29.03.2012 ж талап арызды қанағаттандыру туралы шешіміне сәйкес А. әрекетінде жымқыру белгісі жоқ деп тапты.

Семей қалалық соты 32 881 100 тенге сомасындағы азаматтық талапқа қатысты бөлігінде 29.03.2012 ж. талап арызды қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды. Кассациялық саты үкім мен апелляциялық қаулыны өзгеріссіз қалдырды. Қадағалау сатысы А. Әрекетінде жымқыру белгісі жоқ деп тапты. Іс материалдарынан белгілі болғандай, балабақша құрылысына қажетті материалдар бағасының жоғары құны объектіні толық көлемде белгіленген мерзімде тапсыруға мүмкіндік бермейді.

Көгалдандыру, жертөлені абаттандыру, сыртқы кәріс жүйесі, жерді тегістеу жұмыстары жүргізілмеген. А. құрылыс-монтаж жұмыстарын тапсырма

шарты бойынша әрі қарай жалғастыра береді. Балабақша 2010 жылдың желтоқсан айынан бастап жұмыс істеп тұрған.

Аталған мән-жайларда қаржылық тәртіптің бұзылуы мен тапсырма шартының талаптарына сәйкес бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иемдену туралы қылмыстың істелгенін куәландырмайды. Аталған ақша құралдарын иемденуге қатысты қасақаналық жоқ.

Кінәлінің санасымен жымқыру үшін тән барлық белгілер қамтылады: тұтастай іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі, жымқырудың нақты қылмыс құрамының белгілерін жиынтығында құрайтын фактілі мән-жайлар, сондай-ақ қылмыс құрамдарының саралаушы белгілері.

Жымқыру кезінде қасақаналықтың еріктілік кезеңі кінәлінің қылмыстық әрекеттерді жасау ынтасында, қылмыстың объективтік жағына кіретін зардаптардың орын алуын тілеу түрінде көрініс табады.

Жымқыру кезіндегі қасақаналық анықталған және анықталмаған (нақтыланбаған) болады. Қасақаналықты анықталған деп тану үшін субъектінің өз іс-әрекеті нәтижесінде зардаптың туындайтынын көре білгені жеткілікті. Жымқырудалатын мүліктің құнын қылмыскердің нақты білуі міндетті емес. Кінәлінің еркінен тыс мән-жайларға байланысты қылмыстық нәтиженің туындамауы қасақаналықтың бағытталуына сәйкес рі немесе аса ірі мөлшердегі іс-әрекет ретінде сараланууы тиіс.

Анықталмаған (нақтыланбаған) қасақаналық субъектінің санасында немесе тілегінде жымқырудың залалы нақтыланбайды, кез келген ауырлықтағы материалдық залал келтіруге жол беріледі. Мұндай жағдайда жауапкершілік нақты туындаған зардап бойынша анықталады.

Субъективтік жақтың міндетті белгілеріне пайдакүнемдік мақсат жатады. Пайдакүнемдік мақсаттың орын алмауы іс әрекетті жымқыруды қылмыс құрамына жатқызуға жол бермейді.

Жымқыру барысындағы пайдакүнемдік мақсат алынған бөтен мүлікті өзінің пайдасына немесе үшінші жақтардың пайдасына айналдыруға ұмтылуды білдіреді. Жымқыру барысындағы пайдакүнемдік мақсат алынған мүлікті өзінікі сияқты билеу, иемдену және пайдаланудың нақты мүмкіндігін алу түрінде жүзеге асырылады. Пайдакүнемдік мақсаттың болмауы бөтен мүлікті алуды жымқыру ретінде саралаудың негізсіздігін білдіреді. Ұрлық, тонау, қарақшылық, алаяқтық және басқа да меншікке қарсы қылмыстар пайдакүнемдік мақсатпен істелмесе қылмыс құрамы жоқ болып табылады.

Қылмыстық құқықтық әдебиеттер мен сот тәжірибесінде көп уақыт жымқыру кезіндегі ниет және мақсат туралы қарама-қайшы пікірлер болған. Қазіргі таңда ғалымдардың пікірлері осымен байланысты ұқсас келеді.

Кез келген қасақана қылмыс бұл адамның санасында пайда болған ниеттердің жүзеге асырылуының нәтижесі. Ниет қасақана ойдың пайда болуына дейін, яғни қойылған мақсатқа жету үшін шешім қабылдағанға дейін жүреді.

Ұрының санасында қылмыстық жолмен ұнатқан затқа иелік ету, оған деген қажеттілікті қанағаттандыру басым ниеті орын алады. Бұл ниет барлық басқа

ойларды өзіне бағындырады және кінәлі тұлғаның барлық әрекеттерінің сипатын және бағытталғандығын анықтайды.

Жымқыру барысында пайдакүнемдік ниетпен қоса басқа да ниеттердің (бұзақылық, кек алу және т.б.) болуы мүмкін. Егер де, бөтен мүлік бұзақылық, зорлау немесе басқа да қылмыстық әрекеттер барысында жасалған болса, бұл мүліктің қандай мақсатта алынғандығын анықтау қажет. Егер адам пайдакүнемдік мақсатты көздесе, меншікті иемдену әдісіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша сарапануы қажет.

«Субъектіде пайдакүнемдік ниеттің негізінде белгілі бір мақсат қалыптасады. Осы мақсаттың ерекше мазмұны жалпы қылмыстық қол сұғушылықтардың ішінен ерекше топты жымқыруды бөліп қарастыруға мүмкіндік береді» дейді А.А. Пинаев [111, с. 47].

Пайдакүнемдік ниеттер дегеніміз бұл материалдық игіліктерді иеленуге ешқандай құқықтық негіз болмағанның өзінде тұлғаның заңсыз жолмен баю, материалдық пайда алу ойларын көздеуді айтамыз.

Ағыбаев А.Н., Бисенова М.Қ. ойынша қылмыстық мақсат деп адамның қылмыс істеуі арқылы болашақта белгілі бір нәтижеге жетуін айтамыз. Сонымен, қылмыстың мақсаты қылмыстық ниетке негізделіп пайда болады, ал қылмыстық ниет мақсатпен бірге белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру арқылы түпкілікті нәтижеге жетуге итермелейді [112, б. 85].

Қылмыстық пайдакүнемдік ниет пен мақсат өзара тығыз байланысты ұғым. Адамның мақсатының қалыптасуы ниетке байланысты ұғым. Ниет пен мақсат өзара тығыз байланысты ұғым болғанымен олар адамның еріктілік процесінің әр түрлі жағын сипаттайды. Ниет адам неге қылмыс жасады деген сұраққа жауап берсе, ал мақсат сол әрекеттің бағытын анықтайды.

Жымқырудың субъектісі он төрт жасқа толған адам, ал иеленіп алу немесе ысырап ету арқылы жымқыруға салудың субъектісі болып 16-ға толған арнаулы (сеніп тапсырылған мүлікті иеленген, ысырап еткен) адам танылады.

Жымқырудың субъектісі болып заңда көрсетілген жасқа толған, есі дұрыс адам саналады.

2.2 Жымқыруды зардаптары бойынша саралау мәселелері

Сот-тергеу тәжірибесі үшін жымқыруды түрлерге жіктеу маңызды болып табылады, олар қол сұғушылықты істеу тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай жіктелетін қылмыс нысандарына емес, әрбір қылмыс нысанының меншік иесіне немесе мүліктің өзге де иеленушісіне келтірген залалының мөлшеріне қарай бөлінеді.

Қылмыстық құқық ғылымында жымқырумен байланысты қылмыстар әр түрлі критерийлер бойынша жіктеледі, олар өз кезегінде бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілі бір көріністерін неғұрлым анық және толық көрсету мақсатын көздейді. Теориялық жіктеуді қолданбалылық аспектіде пайдалану сот-тергеу практикасының жұмысын жетілдіруге, оптимизациялауға көмектесіп, әр түрлі проблемалық мәселелерді шешудің жолдарын анықтайды.

Кең таралған жіктеу жымқыруды түрлер мен нысандарға бөлуден көрінеді.

Өз кезегінде жымқыруды келтірілген залалдың мөлшеріне қарай түрлерге бөлу кең таралған жіктеу болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында жымқыруды келтірілген залалдың мөлшеріне қарай бөлу кеңестік уақыттың ғылымында да болды. Владимиров В.А. пен Ляпунов Ю.И. өздерінің монографиялық жұмыстарында социалистік мүлікті жымқырудың мөлшеріне қарай мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұсақ, мемлекеттік және қоғамдық мүлікті аса ірі мөлшерде жымқыру және т.б. деп бөлген. Ұсақ ұрлық әкімшілік жауаптылық туындатса, аса ірі мөлшерде жымқыру қылмыстық жауапкершілік туындатады деп жан-жақты талдау жасаған.

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың түріне қатысты кейбір шетелдердің қылмыстық заңнамалары түрлі ұстаным танытады. Мәселен, АҚШта ұрланатын мүліктің сипаты, яғни оның құны федералдық соттарды қоспағанда барлық деңгейдегі соттық юрисдикцияға жататын ұрлықты ажырату үшін мәнге ие. Алғашқыда жалпы құқықтан ұрлықты ұсақ және ірі мөлшердегі ұрлық ретінде бөлу бастамасын алды. Қазіргі уақытта мұндай бөлу Калифорния штатында ғана сақталған. Осы штаттың Қылмыстық кодексінің 487-бабында ірі мөлшердегі ұрлық бұл 400 доллар сомасы көлемінен асатын жылжитын және жылжымайтын мүлікті, ақша, еңбек қызметін жымқыру деп көрсетілген.

Басқа штаттарда ірі мөлшердегі ұрлық ретінде бұдан да ары кетіп үлкен соманы көрсеткен. Мәселен, Нью-Йорк штатында – келтірілген зиян мөлшеріне байланысты ұрлаудың төрт категориясын корсетеді: 1 мың доллардан асқан жағдайда IV дәрежелі ірі ұрлау, 3 мың доллардан асатын III дәрежелі ірі ұрлау, аса ірі жымқыру I дәрежелі ұрлау 50 мың доллардан асатын ұрлау деп көрсетілген. Қорқытып алушылықпен істелген жымқырудалған мұліктің сомасы II дәрежелі ірі ұрлау, 1 млн. доллардан асатын болса I дәрежелі ірі ұрлау деп белгіленген. Олар өз кезегінде E, D,C и B (ст. 155.30-155.42) классты фелония деп есептеліп бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сәйкесінше 4,7,15 және 25 жыл мерзімге тартылатын болған.

Миннесота штатында жазаның ұрланған мүліктің құнына келесідей байланысы болған: егер мүліктің құны 35 мың доллардан асса 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға кесіледі; егер 2500 доллардан асса 10 жыл; 500 доллардан асатын болса 5 жыл; егер 200 доллардан асатын болса 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға кесіледі. Басқа жағдайларда яғни мүліктің құны 200 доллардан аз болса 90 күнге дейін бас бостандығынан айыру жазасына тартылады (ч. 3 ст. 609.52).

Англия қылмыстық құқығы меншікке қарсы қылмыстарды 1968 ж. және 1978 жылғы Ұрлық туралы Заңдарға, 1971 жылғы «мүліктік зиян келтіру» туралы Заңына, 2006 жылғы Алдау сипатындағы қылмыстар туралы Заңдарға сәйкес анықтайды.

Жапонияның 1907 жылы қабылданған қолданыстағы қылмыстық заңнамасына сәйкес ұрланған мүліктің экономикалық құндылығының болуы

міндетті емес, қылмыстық заңмен қорғалатын мүліктің меншік иесі немесе иеленушісі үшін субъективтік құндылығы бар екенін анықтаса жеткілікті [113].

Италия қылмыстық кодексінде меншікке қарсы қылмыстарға XIII тарауы арналған, оның 1 тарауы «адамдар мен заттарға қатысты күш қолдану жолымен істелген меншікке қарсы қылмыстар туралы» деп аталады [114, с. 609].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары баптарында алынған мүліктің мөлшеріне қарай бөтеннің мүлкін жымқырудың төрт түрін ажыратады:

1) болмашы мөлшерде ұсақ-түйек жымқыру (ҚР ҚК 187-бабы) - ұйымға тиесілі мүліктің құны 10 АЕК аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі 2 АЕК аспайтын жымқыру әрекеттері;

2) ұрлық (ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігі) 10 АЕК-тен 500 АЕК дейінгі мөлшердегі мүлікті ұрлау іс-әрекеттері;

3) ірі мөлшерде ұрлық жасау (ҚР ҚК 188-бабының 3-бөлігі) 500 АЕК-тен 2000 АЕК дейінгі мөлшердегі ұрлау іс-әрекеттері;

4) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық (ҚР ҚК 188-бабының 4-бөлігі) 2000 АЕК-тен асатын мөлшердегі ұрлау іс-әрекеттері.

Жымқыруды түрлерге бөлу бөтеннің иелігінен заңсыз алынған заттың мөлшеріне байланысты. Осы белгілерге сүйене отырып, жымқырудың келесі түрлерін бөліп көрсетуімізге болады. Олар: ұсақ-түйек, жай, ірі және ерекше құнды заттарды жымқыру [115, б. 45].

Бұл жерде соңғы түрі алынған мүліктің мөлшері мен құны тұрғысынан алғанда бір қатарда болмағандықтан, біз ерекше құнды заттарды ұрлау құрамын басқа жіктеуде қолданған дұрыс деп есептейміз.

Ерекше құнды заттарды жымқыруға салу Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің дербес бабы бойынша жауаптылықты туындатады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасына сәйкес бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін әрі қарай жекелеп талдап көрейік.

Ұсақ-түйек жымқыру. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде 187-бап «Ұсақ-түйек жымқыру».

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 10-бабының 2-бөлігінде «Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген қайсыбір әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды. Бұл жалпы ереже қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарында әрі қарай жалғасын тапқан.

1997 жылғы ҚР ҚК 175-бабының ескертуінің 5-бөлігінде «Меншік құқығында ұйымға тиесілі немесе оның қарамағындағы бөтен біреудің мүлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету жолымен жасалған ұсақ-түйек ұрлау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды. Оны жасауға кінәлі адам заңға сәйкес әкімшілік жауапқа тартылады. Егер ұрланған мүліктің құны әрекет жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын болса, ұрлық ұсақ-түйек ұрлау деп танылады» деп бекітілген болатын.

Мысалы, Алматы облыстық сотының үкімімен 2012 жылдың 11 сәуірінде Б. және С. алдын ала келісіммен И.-дің мүлкін ұрлап, одан кейін қылмыстың ізін жасыру мақсатында ұрланған мүліктерді қасақана өртеп жібергендігі үшін ҚР ҚК 175-бабының 2-бөлігі «а» пунктімен айыпты деп танылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер туралы алқасы бұл істі қайта қарап, қылмыс уақиғасында елеулі зардап болмағандығы үшін істі қысқартқан. Себебі, ұрлау арқылы келген зардаптың көлемі 14300 теңге болған. Ал бұл қылмыс түрі бойынша міндетті белгі болып саналатын елеулі зардаптың көлемі 175-баптың ескертуіне сәйкес 10 айлық көрсеткіштен кем болмауы керек. 2012 жылғы 11 сәуірдегі ақша курсы бойынша 14300 теңге сол жылдың айлық есептік көрсеткішке жетпеуіне байланысты елеулі зардап жоқ деп танылып, қылмыстық іс қысқартылған.

Ондай іс-әрекеттер үшін қазіргі таңда күші жойылған Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 136-бабы «Бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйектеп ұрлау» құрамы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылған. 136-баптың ескертуінде «Бөтен біреудің мүлкін ұрлау, егер ұрланған мүліктің құны заңдарда белгіленген он еселенген АЕК аспаса, ұсақ-түйектеп ұрлау деп танылады» деп бекіткен болатын.

Бұл тәжірбеге оралатын болсақ бөтеннің мүлкін ұсақ-түйек жымқыруды қылмыстық құқық бұзушылық жауаптылықтан әкімшілік жауаптылыққа ауыстырудың үш шарты пайда болды. Олар:

а) бөтен біреудің мүлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету құрамдары бойынша жымқыру;

ә) жымқырудың заты болып тек қана бөтеннің мүлкі, меншігіндегі немесе жүргізуіндегі зат танылады;

б) жымқырылған мүліктің құны қылмыс істеу сәтінде Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген 10 АЕК аспауы тиіс [116, с. 83].

Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы» және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауындағы құқықтық реформаларды жүргізу бойынша тапсырмасының орындалу негізінде әзірленіп 2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап күшіне енген қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде жоғарыда көрсетілген қазіргі таңдағы жалпы қылмыстылықтың ауқымды бөлігін құрап отырған өзекті мәселе меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құқықтық реттелуі ескерусіз қалмады.

Бұрын «хищение» түсінігі 1997 жылғы ҚР көне ҚК 175-баптың ескертуінде «ұрлық» деп беріліп, ғылыми әдебиеттерде «бөтеннің мүлкін талан-тараждау» ретінде қолданылып келген болатын. Оған сәйкес «ұрлық» деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге

иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру танылады» деп бекітілген болатын. Ал келесі жылдан бастап күшіне енетін жаңа қылмыстық заңнамаға сәйкес «ұрлық» түсінігі «жымқыру» түсінігіне, сонымен қатар «айыпты» «кінәлі адам» түсінігіне ауыстырылып, бұған дейінгі ғылыми пікірталастар мен терминологиялық шатасуларды болдырмау бағытында нүктесін қойғандай.

1997 жылғы ҚР ҚК 6-тарауы «Меншікке қарсы қылмыстар» деп аталса 2015 жылдан бастап күшіне енетін жаңа Қылмыстық кодексте «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталған. Яғни, бұрынғы «қылмыскер» енді «қылмыстық құқық бұзушы» деп аталды.

1997 жылғы ҚР ҚК 6-тарау 175-188 баптар аралығын қамтыған 17 баптан тұрса, қолданыстағы кодекс 187-204 баптарды қамтитын 18 бапты қамтиды. Сонымен қатар, бұрын 183-1, 184-1 болып жазылған баптар қазіргі қолданыстағы кодекс бойынша реттілігі сақталып тиісті баптармен жазылған.

Жымқырудың жай түрі жымқырумен байланысты қылмыс құрамдары диспозицияларының 1-бөліктерінде орналасып, ұсақ-түйек жымқыруға қарағанда ауыр қылмыстық жауаптылық туындатады және ондай іс-әрекеттерді істегені үшін кінәлі тұлғаны норма санкциясына сәйкес жазаға тартуды белгілейді. Мұндай құрамдар үшін бөтен адамға келтірілген мүліктік залалдың мөлшері немесе залал 10 АЕК-тен 500 АЕК дейінгі мөлшерде болуы шарт.

Жымқырудың ауырлатылған түрі ірі мөлшерде жымқыру (ҚР қолданыстағы ҚК 188-бабының 3-бөлігіне сәйкес) қылмыстық құқық бұзушылық жасау сәтінде жымқырылған бөтеннің мүлігінің құны немесе залал мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген 500 АЕК-тен 2000 АЕК дейінгі мөлшерде болғанда танылады. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексті бойынша ірі мөлшерде жымқыру біздің еліміздікіне қарағанда өзгеше, оларда 3000 АЕК дейінгі мөлшер меже ретінде алынған. Жүргізілген зерттеулеріміз нәтижесінде сот-тергеу тәжірибесінде ұрланған мүліктің құны 500 АЕК бірнеше есе асатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың көп кездесетін жағдайлары анықталды. Сондықтан да заң шығарушы қылмыстық заңнамаға Қазақстан Республикасының 2009.12.10 №227-IV Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, ірі мөлшерде және аса ірі мөлшерде ұрлау құрамдарының ара-жігін ажыратып, ірі мөлшерде ұрланған мүліктің шегін 2000АЕК көлемінде бекітті.

Жымқырудың аса ауырлатылған түрі аса ірі мөлшерде жымқыру (ҚР қолданыстағы ҚК 188-бабының 4-бөлігіне сәйкес) қылмыстық құқық бұзушылық жасау сәтінде жымқырылған бөтеннің мүлігінің құны немесе залал мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген 2000 АЕК-тен асатын мөлшердегі жымқыру іс-әрекеттері танылады. Айта кету керек, бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтарының аса ауырлатылған түрі аса ірі мөлшерде жымқыру құрамы осы топтағы қылмыстар қатарына жаңадан енгізілген құрамдар болып табылады.

Қылмыстық заңнама мәтініне 16 шілде 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 2009.12.10 №227-IV 2-1. Заңымен осы тараудың баптарында аса ірі мөлшер немесе залал ұғымы заң жүзінде бекітілді, және бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың аса ауырлатылған түрлері ретінде барлық құрамдардың 4-бөліктерінде көрінісін тапты. Бұған дейін аса ірі мөлшерде жымқыру құрамы үшін жауаптылық арнайы құрам ретінде бөлінбеген болатын. Аталған баптарды талдау нәтижесінде кінәлі аса ірі мөлшерде бөтеннің мүлкін жымқыру іс-әрекеттерін істеген жағдайда оған сот мүлкін тәркілеу және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды қолдануы мүмкіндігін байқаймыз.

Сонымен қатар қылмыстық заңнамаға жымқырудың «аса ірі мөлшерде» жымқыру құрамын енгізу әділеттілік қағидасы мен сот-тергеу қызметінің қажеттілігі үшін өте қажетті және өз-өзін ақтаған ұстаным болды.

Залал мөлшері саралаушы белгілердің қатарында болғандықтан кінәліге белгілі бір заң нормасын қолдануға тікелей әсер етеді, оны дәл анықтау дәлелдеу пәніне кіреді және жымқырумен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша сот төрелігін жүзеге арттыруда заңдылықтың сақталуының басты шарты болып табылады.

Алынған заттың мөлшерін меншік иесіне келтірілген және өтелінуі қажет залалмен шатастыруға болмайды. Бұл залал Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексімен белгіленеді.

Жымқыруға түскен мүліктің құны қылмыс істеген уақыттағы зиянмен белгіленген айлық есептік көрсеткішпен белгіленеді.

Ұрланған мүліктің бағасы нарықтық бағасымен, егер мүлік нарық немесе комиссиялық бағамен алынса, осы бағалармен есептелуі қажет. Жымқыруға түскен заттың бағасы белгісіз болса, онда оның бағасы сарапшының қорытындасы бойынша оның әр түрлі қасиеттерін ескере отырып анықталады.

Жымқыруға салудың берілген нысандарының қоғамға қауіптілігінің дәрежесі алынған мүліктің мөлшерімен емес, мүлікті алудың әдісімен түсіндіріледі [117, с. 59].

Келтірілген залалдың мөлшері қылмысты саралауға әсер ететіндіктен, жымқырудың әр түрлерін ажырату үшін оның нақты мөлшерін белгілеп, саралау ережелерін нақты көрсетуге болмай ма деген мәселе туындайды.

«Заң қылмыстың мәнін құрайтын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесіне қарамастан ұрланған мүліктің сомасын сан жағынан нақтыламайды» дейді А.Н. Трайнин [31, с. 10]. Мұндай бір қарағанда қылмыстарды саралаудың қолайлы тәсілі белгілі бір кемшілікке ие, ол соттарды жымқырудалған заттың құндылығын сипаттайтын жәбірленуші үшін маңыздылығы, салмағы, көлемі, салмағы мен натуралдық бағасы т.б. секілді көрсеткіштерді ескеруге мүмкіндік бермейді.

Дегенмен соттарға ұрланған мүліктің құнын бағдарлау үшін және біріңғай практиканы қалыптастыру үшін шамамен болса да критерийлер қажет. Ол

шекараның шартты, шамалас. Сот тәжірибесі жымқырудың түрлерін ажырату үшін екі критерийді басшылыққа алады: ұрланған мүліктің құны және ұрланған мүліктің натуралдық көрінісінің мөлшерімен есептейді [118, с. 51].

Кейбір авторлар «елеулі залал» ретінде екі позицияда қарау керек дейді. Бір жағынан ұрланған мүліктің абсолюттік құнын ескеру қажет болса, екінші жағынан жәбірленуші үшін келтірілген залалдың маңыздылығын ескеру қажет [119, с. 10].

Бұл позицияға С. Степичев қарсы пікір білдірді, ол келтірілген залалдың жәбірленуші үшін маңыздылығы кінәліге белгілі бола алмайды, мұндай белгіні қолдану объективтік айыптауға жол береді.

Бұл пікір сенімсіздеу шыққандай. Әдетте ұрланаған заттардың жәбірленуші үшін қаншалықты маңызды болғандығын өздері-ақ көрсетіп тұрады. Айталық, кінәлі мас адамның сыртқы киімін шешіп алу арқылы оған елеулі залал келтіріп отырғанын біледі және түсінеді. Сондай-ақ ұры жәбірленушінің қалтасындағы ақшасына ұрлыққа түсу арқылы ол ақшаның айлық жалақысы ма әлде мейрамханаларда той-думандатуға арналған ақша ма екенін біле алмайды. Адамның сыртқы келбетіне қарап ұрланған мүлік ол үшін қаншалықты маңызды екенін ажырату қиын емес. Ал ол ақшаны жәбірленушінің қандай мақсатта жұмсайтындығы саралау үшін маңыздылығы болмайды.

Бұл жерде В. Владимировпен келісуге болады [52, с. 21], ол мұндай жағдайларда кінәлілер жәбірленушіге келтірілетін зардаптың мөлшеріне немқұрайлылықпен қарап нақтыланбаған қасақаналықпен іс-әрекет істейді. Осыған байланысты олар нақты келтірген залалы үшін жауап беруі тиіс. Әрине тәжірибеде кінәлі жәбірленушіге қандай залал келтіріп тұрғанын түсінетін де жағдайлар кездеседі. Алайда туындайтын зардапты көре білу жалпы ережеге сәйкес шешімін табады.

Сондықтан елеулі зардаптың нақты мөлшерін белгілеудің қажеттілігі түсіп қалады. Ол жәбірленушілердің мүліктік жағдайының әр түрлілігімен, мүліктің құндылығы бар жағдайда ақшалай түрде бағаланбайтындықтан маңыздылығын жоғалтады. Алынған мүліктің құнын сот әрбір жағдайда дербес, жеке анықтауы тиіс. Қылмыстық заңда бөтеннің меншігіне қылмысты түрде қол сұғушылық үшін жауаптылық меншік қатынастарына қол сұғу тәсілдеріне байланысты дараланып, жікке, нысанға бөлінеді. Бөтен мүлікті алу ашық немесе жасырын, күш колданып немесе күш қолданбай, алдау немесе сенімге қиянат жасау тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мүлікті алудың осындай тәсілдері істелген іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігіне тікелей әсер етеді. Жымқырудың нысандарының әрқайсысының ерекшеліктері мен белгілері оларды ұқсас құрамдардан ажыратуға көмектеседі. Сондықтан да жымқырудын әрбір нысанына жататын қылмыс құрамының зандылық белгілерін дұрыс анықтау осы тұрғыдағы қылмыстарды дұрыс саралаудың негізгі кепілі болып табылады.

Заң әдебиеттерінде жымқыруға салудың нысандарын бөліп көрсетудің критерийіне қатысты бірыңғай позиция көрініс тапқан. Яғни заңгер-ғалымдар

мен сот-тергеу тәжірибесінің қызметкерлері жымқыруға салуды мүліктің алыну әдісіне қарай бөлуді ұсынады [120, б. 85].

Осыған байланысты қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жымқыруға салудың келесі нысандары бекітілген. Олар: ұрлық, алаяқтық, бөтеннің мүлкін иелену және ысырап ету, тонау, қарақшылық. Заң шығарушы ескі қылмыстық заңдағы сияқты өзінің қызмет бабын пайдалану арқылы мүлікті иеленуді талан-таражға салудың дербес нысаны ретінде қарастырмайды. Бұл әрекет жымқырудың үш нысанының: алаяқтық, иелену, ысырап етудің ауырлататын белгісі ретінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңын қолданудың теориясы мен практикасы жымқыруға жататын пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың шеңберін анықтағанда үш түрлі көзқарасты ажыратады.

Біріншісі, жымқыруға жататын іс-әрекеттерді кеңінен талқылауды білдіреді. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 25 шілде 1996 жылғы «Жымқыру істері бойынша сот тәжірибесі туралы» №8 нормативтік қаулысының 1-тармағында берілген.

Аталған тармақтың мазмұнына сәйкес жымқыруға ұрлық, бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ерекше құндылығы бар заттарды ұрлау, қорқытып алушылықты жатқызған. Бұл позиция жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтарының қатарына қорқытып алушылық құрамын енгізуіне байланысты әділ түрде сынға ұшырады. Мәселен, 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексіне сәйкес, қорқытып алушылық жымқырудың бір нысаны ретінде қарастырылған. Қазіргі 1997 жылғы Қылмыстық кодексте қорқытып алушылық жымқырудың шеңберінен тысқары қалған. Себебі: жымқыруға салудың негізгі белгісі ретінде, жоғарыда мүліктің тікелей алынуын атап кеттік. Ал қорқытып алушылық барысында осы белгі орын алмайды. Яғни нақты жасалынған әрекет пен мүліктің алыну кезеңі уақыт аралығымен бөлінген. Осыған байланысты заң шығарушының позициясы өте орынды. К.Ш. Сулейменов пен Б.З. Байкасаров қорқытып алушылық бөтеннің мүлкін жымқыру қатарында бола алмайды, себебі ол 1997 жылғы ҚР ҚК 175-баптың ескертуінің 4 бөлігінде бұрын жымқыру немесе қорқытып алушылық қылмысы үшін сотталған адам туралы белгіленген. Бұл 175-баптың ескертуінің 4-бөлігі Қазақстан Республикасы 2009.12.10 №227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Заңымен алынып тасталды. Демек, заң шығарушы аталған норманың күшін жойғанына қарамастан, жымқыруды қорқытып алушылықтан әу бастан-ақ ажыратады.

Ресейлік қылмыстық құқықта да қорқытып алушылықты жымқыру ретінде есептемейді, өйткені ол жымқыруға қатысты материалдық құрамдағы емес, формальдық құрамдағы қылмыс болып табылады. Қорқытып алушылық аяқталған болып есептеледі, қорқытып алушы бөтеннің мүлкін беруді талап ету сәтінен бастап аяқталған болып есептеледі [121, с. 21-25].

Екінші көзқарас бойынша жымқыруға жататын пайдакүнемдік қылмыстарының шеңберін тар мағынада шектеп қарайтын секілді. Мысалы, А.Т. Жукенов жымқыру нысанына ұрлық, сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін

иеленіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау және қарақшылық құрамдарын жымқырудың нысандары ретінде көрсетеді [122, с. 4].

Сол секілді жымқырудың нысаны ретінде осы жоғарыда көрсетілген құрамдарды ғана қарастырғанымен, қазақстандық криминолог ғалымдар И.И. Рогов пен С.М. Рахметов әрі «Ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру» құрамын да қосымша сипаттайды [123, с. 229].

Алайда жымқыру қатарына кіретін меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың нысаны мұнымен шектелмейді, онымен үшінші бағыт келіспей, олардың қатарына Ерекше құнды заттарды жымқыру құрамын бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарының түрі (нысаны) ретінде қарастырады. Және бұл қылмыс түрін жымқыру қатарынан алып тастау негізсіз. Себебі, мүліктің түрі–қылмыс затының ерекшеліктерін есептемегенде бұл қылмыстың барлық белгілері жымқырудың белгілеріне сай келіп тұр.

Біздіңше жымқырумен байланысты меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың нысанын тар немесе кеңейтілген мағынадағы талқылау дұрыс емес. Үшінші бағытты қолдауға болады, жымқыру қылмыстарына ұрлық, тонау, алаяқтық, бөтеннің мүлкіен иеленіп алу немесе ысырап ету және қарақшылық құрамдарымен қатар, ерекше құнды заттарды ұрлау да жатады.

Докторлық диссертациясында Борзенков Г.Н. жымқыруды нысандарға оларды істеу барысында күштеудің болған-болмағаны белгісіне қарай бөлуді ұсынды:

– күштеумен байланысты нысандары: қарақшылық, күштеуге ұштасқан тонау (ауырлатылған құрамы);

– күштеумен байланысты емес (ұрлық, жай құрамдағы тонау, алаяқтық, сеніп тапсырылған мүлікті иелену немесе ысырап ету).

Мұндай классификация, сөзсіз болуы керек, ойткені ол тергеу-соттық тәжірибесінде күштеумен байланысты істелетін жымқыру қылмыстарының қоғамға қауіптілігін әрқашан назарға алып отыруға бағыттайды. Бұндай жіктеу қылмыс жасау тәсілінің ерекшеліктеріне қарай нысандарын ажыратуды толықтыра түседі.

Қылмыстық заң нормаларын іс-жүзінде қолдану немесе қылмысты іс-әрекеттерді бағалау, ол қылмыстық заңның міндеттерінен туындайды. Квалификациялау ұғымы латын тілінің «guabis» деген сөзінен шығады және мағынасы сапа деген сөзді білдіреді.

Квалификациялау кезінде болған уақиғаға бағалау беріледі, ал қылмысты квалификациялау кезінде заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, заңды мүдделерге, құқықтарға және қоғамның құндылықтарына қауіп төндірген, саналы түрде жасалған іс-әрекетке құқықтық бағалау жасалады. Құқықтық бағалау, оның ішінде қылмыстық құқықтық бағалау кезінде болған қылмыстық уақиғаны басқа құқық бұзушылықтардан ажыратып, қылмыстық құрамы бар немесе жоқтығын анықтап, бар болған жағдайда оны ҚК ереже бөлімінің белгілі бір бабына сәйкес анықтау керек.

Тонауды ұрлық құрамынан ажырату. Ұқсас қылмыс құрамдарын дұрыс ажырату тек қана теориялық емес сонымен қатар тәжірибелік жағынан да маңызды, себебі бұл арқылы сот әділдігінің маңызды міндеті, яғни заңға сәйкес жаза тағайындау мәселесі қамтамасыз етіледі.

Сот тәжірибесінде тонауды басқа ұқсас қылмыс құрамдарынан: ұрлықтан, қарақшылықтан ажыратуда бірқатар қиындықтар жиі туындап отырады.

Ұрлық, тонау сияқты қоғамдық меншікті талан таржға салудың бір нысаны болып табылады. Ұрлық пен тонаудың айырмашылығын анықтауды қарастыру қажеттілігі бұл қылмыстарды саралаудағы сот тәжірибесінде жиі кездесетін қателіктерге байланысты туындап отыр.

Заңда ұрлық бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау ретінде анықталған. Осыған байланысты тонауға қарағанда ұрлық бөтеннің мүлкін жасырын жолмен алу тәсілімен ерекшеленеді. Сонымен қатар тонау өмір мен денсаулыққа қауіпті емес күш қолданумен де жасалуы мүмкін, ал ұрлық әрқашанда жасырын, күш қолданусыз жымқырумен болып есептеледі. Сондықтан тонаудың объектісі меншік қатынасымен қатар адам денсаулығы болуы мүмкін, ал ұрлық объектісі тек қана меншік бола алады.

Ұрлық пен тонаудың арасындағы айқын айырмашылыққа қарамастан сот тәжірибесінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы жасалған тонауды ұрлық ретінде қарастырған жағдайлар орын алады.

Қылмыстық әдебиеттерде бөтеннің мүлкін ашық және жасырын ұрлауды ажыратуға негіз болатын бірнеше критерийлер көрсетілген. Осыған орай бірқатар авторлар кінәлінің субъективтік ой-пікіріне елеулі мән береді.

Жасырын ұрлау - қылмыскердің ойынша жәбірленушіге беймәлім түрде жасалатын жымқыру.

Келесі бір ғалымдар бұл мәселені шешу барысында ұрлау фактісін жәбірленуші немесе үшінші тұлғалар сезініп отыр ма жоқ па соған сүйенеді.

Сонымен бірге, заң әдебиеттерінде жасырын және ашық ұрлаудың айырмашылығын анықтау кезінде субъективтік және объективтік критерийлерді салыстыру керек деген пікір де айтылып жүр.

Мысалы, И.Ш. Борчашвили «Тонаушының озбырлығының көрсеткіші ретінде мүлік иесінің тонау барысында болуы емес тонаудың мүлік иесенің немесе заттың оған тиесілі емес екендігін білетін тұлғалардың көзінше жасауы тонаушының оны сезінуі, тонаудың объективтік жағынан да, субъективтік жағынан да ашық жасалуы» деп көрсетеді [116, с. 47].

Бұның ішінде дұрысы кінәлінің ұрлықты ашық немес жасырын жасап жатқандығына субъективтік сенімінің болуы. Кінәлінің жасап отырған әрекетінің субъективтік ролін дұрыс түсінуге келесі оқиға мысал бола алады.

С. мас күйінде мейрамханада ұрлық жасау үшін даяршы Л-дың алжапқышының қалтасына түсті, бірақ ол мұны байқап қалып ұрлық жасауға жол бермеді. Осыдан кейін С. басқа даяршы К-нің қалтасына түсіп 5000 теңгесін алды. Алайда К. ақшаның жоғалғандығын дереу анықтап С-тен оны қайтаруды талап ете бастады. С оны қайтаруға мәжбүр болды.

Қалалық соттың қылмыстық істер жөніндегі алқасы бұл іс бойынша өз анықтамасында былай деп көрсетті: «Куәлердің ешқайсысы С-ның даяршы К-нің қалтасынан ақшасын алып жатқанын көрген жоқ. Олар тек даяршы К-нің С-дан ақшасын талап ете бастағандығын көрген. С-ның өзі даяршылардың екеуі де, басқа адамдар да оның әрекетін көрген жоқ деп ойлаған. Сондықтан бұл әрекет сол жылдағы қолданыстағы ҚР ҚК 175 бабының 1 тармағына сәйкес сараланады».

Сәйкесінше егер кінәлі ұрлықты жәбірленушіге және үшінші тұлғаларға белгісіз, жасырын жасадым деп ойлайтын болса, ал бұл оларға мәлім болса да жасалған әрекет ұрлық ретінде сарапануы керек. Ал егер де керісінше кінәлі ұрлықты ашық жасадым деп ойласа, ал жәбірленуші мен үшінші тұлғалар оны байқамаса да жасалған әрекетті тонау ретінде саралау қажет.

Осыған орай мас, ұйықтап жатқан немесе жас балалардың көзінше ұрлық жасау тонау емес ұрлық деп сарапануы тиіс, себебі кінәлі бұл тұлғалардың жасалып отырған әрекеттің мәнін түсінбейтіндігін сезінеді.

Тонауды қарақшылық құрамынан ажырату. Тонауды қарақшылықтан ажырату сот тәжірибесінде белгілі бір қиындықтар туындатады. Тонаудың қарақшылықтан басты айырмашылығы қолданылатын күштеудің деңгейі мен көлемінде. Қарақшылық әрқашан жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану арқылы жасалса, тонау күш қолданусыз немесе жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен ғана жасалынады, яғни тонау күш қолданбай да жасалуы мүмкін. Ал қарақшылықтың объективтік жағының міндетті белгісі күш қолдану болып табылады және күш қолдану әрдайым өмір мен денсаулыққа қауіпті.

Тонау құрамы материалдық құрамға, ал қарақшылық формальдық қылмыс құрамына жатады, яғни қарақшылық шабуыл жасалған сәттен бастап зардаптың болған боламғандығына қарамастан аяқталған қылмыс деп танылады.

Жоғарыда тонау мен қарақшылықты саралауда соттардың қателігі бірқатар жағдайларда денсаулықтың бұзылуына әкеліп соққан жеңіл дене жарақаттарын әртүрлі бағалауға байланысты болатындағын айтып кеткен болатынбыз.

Тонау барысындағы күш қолданудың сипаттамасының заңда нақты көрсетілгендігіне қарамастан, сот тәжірибесінде қазіргі кезге дейін шын мәнінде қарақшылық болып табылатын әрекеттерді күш қолдану арқылы жасалатын тонау деп саралау жағдайлары кездеседі.

Физикалық күш қолданудың барлық жағдайларында, тонауда да, қарақшылықта да тек күш қолдаудың зардаптарын емес, сондай-ақ іс бойынша басқа да жағдайлар, атап айтқанда кінәлінің күш қолдану тәсілін ескеру керек, бұл жасалған әрекетті саралауда маңызды мәнге ие.

Осыған байланысты қаруды немесе объективті тұрғыдан оны ауыстыратын заттарды (балта, темір шыбықтар, тас т.б.) пайдалану арқылы күш қолдану, яғни адамға өмірінен айыру қаупін тудыруы мүмкін күш қолдануды әрқашан да тұлғаның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану деп тану қажет.

Т. мен С. бір үйдің ауласында Д-ні тоқтатты, күтпеген жерден Т. оның басынан темір затпен ұрды, осыдан кейін қылмыскерлер жәбірленушіні тінтіп

шығып оның ақша мен құжаттар салған әмиянын алып қойды. Д. ақша мен құжаттарды қайтаруды сұрай бастаған кезде Т. оның басынан тағы да темір затпен ұрғылай бастады. Осыдан кейін Д. құлап есінен танып қалды. Сот медициналық сараптаманың қорытындысында жәбірленушіге денсаулығының бұзылуына әкеп соқпаған жеңіл дене жарақаты келтірілді деп көрсетілген.

Алдын ала тергеу органдары кінәлілердің әрекеттерін қарақшылық ретінде саралау жүргізген. Алайда қалалық сот Т. мен С-ны сол жылдағы қолданыстағы ҚР ҚК-ң 178 б. 2 тармағына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартқан. Облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы бұл іс бойынша қалалық сот үкімінің күшін жойып, өз анықтамасында былай деп көрсеткен: «…алдын ала тергеу органдары Т мен С-ның әрекетін қарақшылық деп дұрыс саралаған. Қалалық соттың жәбірленушінің жеңіл дене жарақатын растайтын анықтамаға жасаған сілтемесі бұл жағдайда қылмысты саралауға әсер ете алмайды. Себебі азамат Т. Азамат Д-нің басына темір затпен соққан, ал бұл өмірге қауіпті күш қолдану болып табылады».

Сот алқасы бұл жағдайда күш қолданудың жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіргендігін, осыған сәйкес кінәлілердің қылмыстық іс-әрекетін тонау емес қарақшылық ретінде саралау керектігін дұрыс анықтаған.

Кінәлінің бөтен мүлікті иеленіп алуы кезінде жәбірленушіге күш қолдануы елеулі емес зиян келтіргенімен (тырнау, жыру т.б.) оны қолдану барысында өмір мен денсаулыққа нақты қауіп төндірсе әрекет дәл осылайша сараланууы тиіс. ҚР Жоғарғы Сотының 11 шілде 2007 жылғы «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында мүлікті иеленіп алу мақсатында жәбірленушінің денсаулығының бұзылуына әкеп соқпаған жеңіл дене жарақатын келтіретін немесе оның денсаулығына ешқандай залал келтірмейтін күш қолдануды, егер де оны нақты қолдану кезінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына нақты зиян келтірсе әрекетті қарақшылық ретінде саралау керектігіне айрықша көңіл аударылған [115].

Бірқатар жағдайларда күш қолданумен ұштасқан тонауға тән физикалық күш қолдану, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқытуды көрсетудің тәсілі болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда кінәлінің әрекетін саралау нақты келтірілген зиянды емес, қорқытудың мәнін ескеру арқылы жүргізілуі керек.

К. мен Д. Г-нің пәтеріне басып кіріп ақша беруді талап етті, және де Д. Г-нің басынан қолымен ұрып жіберді. Г. ақша беруден бас тартты. Содан кейін қылмыскерлер талабын қайталап, Д. тағы да Г-ның басынан ұра бастады, сондықтан Г ақша мен облигацияларды қылмыскерлерге берді. Бұл жағдайда Г-ге қолданылған физикалық күш жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті болмағанымен де, біздің ойымызша, сот К мен Д-ні қарақшылық үшін дұрыс соттаған. Себебі мүлікті талап ету барысындағы соққылардың кезектілігі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану тәсілі болып отыр.

Мысалы, «өлтіремін», «мауыздаймын» деген сөздермен қорқыту немесе жәбірленушіге қару не оны ауыстыратын басқа да заттар қолданамын деп қорқыту немесе оларды көрсетіп қорқыту жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданады деп қабылдайтын қорқытулар тек қарақшылыққа тән психикалық күш қолдану болып табылады. Бұл мәселеге мына жағдай мысал бола алады: Аппеляциялық инстанция қалалық соттың Г-ге қатысты шығарған үкімін өзгеріссіз қалдырды. Г тергеумен анықталмаған басқа тұлғамен біріге отырып қоғамдық әжетханада Б-ның қолындағы сағатын шешіп алып, оның қалтасындағы 3000 теңге ақшасын алып қойды, бұл кезде қылмыскерлердің біреуі жәбірленушінің басынан ұрамын деп бөтелке ұстап тұрды. Бұл жағдайда жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқыту нақты анықталған. Сондықтан Г-нің әрекетін күш қолданумен ұштасқан тонау емес қарақшылық ретінде қарау керек.

Бөтен мүлікті иемденіп алу кезіндегі психикалық күш қолдану нақты емес, анықталмаған болған жағдайларда күш қолдану арқылы тонауды қарақшылықтан ажырату қиынырақ болады. Ондай психикалық күш қолдануға мыс: «ақшаны бер, әйтпесе жаман болады» деген сияқты қорқытуларды жатқызуға болады. Мұндай жағдайларда қылмыскер кінәліні өлтіру немесе оған ауыр дене жарақатын келтіру не оның өмірі мен денсаулығына қауіпті қандай да бір күш қолдану емеурінін нақты көрсетпейді, жәбірленушінің алдында қару немесе оны ауыстыратын заттарды көрсетпейді.

Мұндай жағдайларға қатысты кінәлінің әрекетінен тонау не қарақшылықты айыруды былайша шешу керек.

Ең алдымен кінәлімен қолданылған қорқытуды жәбірленушінің субъективті қабылдауын ескеру керек. Алайда бұл жағдайды аталған қылмыс құрамдарын ажыратудағы жалғыз критерий деп бағалауға болмайды. Себебі жәбірленушінің субъективтік қабылдауы көп жағдайда қорқытудың нақты мәніне сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайларда сот қылмысты жасаудың нақты мән жайын (орнын, уақытын, көмекке шақыру мүмкіндігін т.с.с) жан-жақты талдауы, кінәлінің әрекетінің объективтік сипаттамасын және іс бойынша басқа да нақты жағдайларды ескеру керек. Осыдан кейін ғана кінәлінің әрекетін саралау мәселесін шешу керек.

Б. күндіз бір үйдің ауласында кәмелетке толамған К-ден ақша талап етіп «Егер бермесең жаман болады» деп оның 10000 теңгесін алғаны үшін кінәлі деп танылды. Сот Б-ның қылмысының күндіз, бұл кезде үлкендер жүруі мүмкін үйдің ауласында болғандығын ескере отырып, оның әрекетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабы 2-бөлігіне сәйкес сараланады.

Басқа жағдайда А. мен Т. түнгі сағат 1-лер шамасында, адам жүрмейтін жерде З-ні кездестіріп оның 30000 теңгесін алдыңғы мысалдағыдай қорқыту арқылы алып қойды. Сот қылмыстың жасалу уақытын, орнын және басқа да мән жайларды ескере отырып кінәлілердің іс-әрекетін ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігіне сәйкес саралады.

Бөтеннің мүлкін иеленіп алу кезінде қылмыскердің қорқытуы нақты болмаса, ал жәбірленуші оны өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданамын

деп қорқыту ретінде қабылдаса, алайда қылмыскерлердің келесі іс-әрекеті олардың жәбірленушінің өмірі мен денсаулыққа қауіпті күш қолдану ойының жоқтығын көрсетсе, олардың әрекеттерін күш қолдану арқылы тонау ретінде саралау керек.

Тонау және қорқытып алушылық. Қылмыстық заңда меншікке қарсы қылмыстар тарауында тонау үшін де, сондай-ақ қорқытып алушылық үшін де қылмыстық жауаптылық көзделген. Бірақ, қазіргі қолданылып жүрген Қылмыстық кодексте қорқытып алушылық жымқыру белгілері жоқ, меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстың бір түрі ретінде қарастырылуда.

Заңда «қорқытып алушылық, яғни бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе күш қолданумен не бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы мүлікті сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауды талап ету, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен, жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау» деп белгіленген.

Тонау мен қорқытып алушылықтың ұқсастығы, осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі меншікке қол сұғумен қоса, жәбірленушінің жеке басы (денсаулығы және бостандығы) болып табылатындығында болып отыр. Тонау сияқты қорқытып алушылықтың да объективтік жағының белгісі ретінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына күш қолданумен сипатталады.

Қорқытып алушылық кезінде қол сұғушылық кең мүліктік аумақты қамтиды (яғни, кінәлінің қылмыстық әрекеті жәбірленушінің мүлкін алумен ғана емес, сонымен қатар өзге де мүліктік құқықты немесе мүліктік пайданы алумен сипатталады.

Тонауда күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту бөтеннің мүлкін иелік ету немесе оны ұстап тұру үшін қолданылады. Ал, қорқытып алушылықта қорқыту қылмыскердің қойған талаптарының жәбірленушінің тез орындауына бағытталған қорқыту құралы болып табылады. Тонауда қорқыту және мүлікке иелік ету бір мезгілде жүзеге асырылады, ал қорқытып алушылықта бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді қорқыту арқылы талап ету болашақтың ісі болып табылады.

Тонауда күш қолданылмайды немесе жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданыла (физикалық және психикалық) отырыпта жасалуы мүмкін. Ал, қорқытып алушылықта физикалық күш қолданылмаған жағдайда, жәбірленушіге міндетті түрде психикалық күш қолданылады.

Бұзақылықтың қоғамдық тәртіпке, азаматтардың тыныштығына зардабын тигізетін, қайсыбір жағдайларда, одан гөрі ауыр қылмысқа итермелейтін қауіпті құқық бұзушылық екеніне дау жоқ. Бұзақылық тұрмыс салты мен қоғамдық тәртіптің бірден бір жауы.

Бұзақылық әрекеті кейде бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен сипатталады. Міне, осы жерде тонау мен бұзақылықтың айырмашылығын ажыратудың қиындығы туады. Тонаудың бұзақылықтан айырмашылығы:

Біріншіден, осы қылмыстар объектісінде болып отыр, тонаудың объектісі меншікке қол сұғумен қоса, жәбірленушінің денсаулығы мен бостандығы болса, ал бұзақылықтың объектісі қоғамдық тәртіп, ал қосымша объектісі адамның денсаулығы, ар-намысы немесе меншігі болып табылады.

Объективтік жағынан бұзақылық қоғамды анық құрметтеуін білдіретін, азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшелінетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық әрекеттері арқылы сипатталады.

Екіншіден, тонауда бөтеннің мүлкі кінәлінің пайдасына ашықтан-ашық тегін алынады, ал бұзақылықта меншікке қол сұғу бұзақылық ниетпен бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру арқылы жүзеге асырылады.

Тонау үшін жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бұзушылық жауаптылықты жүзеге асырудың маңызды сатысы жаза тағайындау болып табылады. Дұрыс жаза тағайындау - бұл қылмыстылықпен күресудің маңызды шараларының бірі.

Әділ жаза тағайындау қылмыстық заңның талаптарына атап айтқанда жазаны индивидуализациялау қағидасына негізделуі керек. Бұл ҚР Жоғарғы Сотының 30 сәуір 1999 жылғы «Қылмыстық жаза тағайындау барысында соттардың заңдылықты сақтауы туралы» қаулысының бірінші тармағында ба көрсетілген. Онда: «Әрбір қылмыстық іс, жасалған қылмыстың ауырлығы мен сипатына, айыпталушының қызметтік және қоғамдық жағдайына қарамастан қатаң заңға сәйкес шешілуі керектігіне соттардың назарын аудару қажет, заңдылықтың бұзылуын еш нәрсе ақтай алмайды», делінген.

Қылмыстық жаза маңызды мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының бірі. Бұған тарихи тәжірибе де куә бола алады. Чезарие Беккария өзінің «Қылмыстар және жазалар туралы» трактатында былай деп жазды: «Қылмыс үшін жазаны тек заң бекіте алады, ал заңды шығару билігі тек заңшығарушыға тиесілі, ешқандай судья әділеттілікті бұзбай, қоғамның басқа мүшелеріне жаза тағайындай алмайды. Заңның шегінен шығатын жаза әділетсіз жаза, себебі ол заңмен бекітілмеген жаза».

Қылмыстық құқықтың тиімділігі туралы мәселе қылмыстық жазаның тиімділігі туралы мәселеге тіреледі және жаза мақсаттарын дұрыс анықтауға тәуелді болады. Өте өзекті болып табылатыны: жазаның әлеуметтік мәні неде және жаза тағайындау барысында не басымырақ болуы керек: оның жазалау элементі ме, әлде қылмыстың алдын алуға бағыттылғы ма? осы мәселелер.

Жаза мақсатына қатысты Ч. Беккария оны жазалау немесе кек алу емес деп есептейді. «Жазаның мақсаты кінәлінің қоғамға қайта зиян келтіруіне кедергі жасау және басқалардың дәл осы әрекетті жасауына жол бермеу» [124, с. 125].

Жазаның мақсатын анықтау қылмыстық құқықтың өзекті мәселелерінің бірі. И.С. Ной бұл жөнінде былай деп жазды: «оны дұрыс шешуден тек құқықтың бұл саласының көптеген институттарының құрылысын анықтау ғана емес, ол жалпы қылмыстық заңның мақсатты қолданылуына әсер етеді» [125, с. 12].

Н.С. Таганцев жазаның мақсатын анықтай отырып «кінәліге өзінің жасаған әрекеті үшін келтірілген жеке шара бола отырып жаза, мемлекет жазалай отырып ұстанатын мақстаттарға қызмет ететіндей етіп ұйымдастырылуы керек» [126, с. 32].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі жазаның мақсатын былайша анықтайды: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін, сондай-ақ сотталған адамды түзету және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады» (қолданыстағы ҚР ҚК 39 бап).

Бұл нормада заңшығарушы сотталушының түзелу мақсатын атай отырып, оның заңды түзелуі жайлы айтып отыр. Бұл жөнінде Н.А. Беляев «сотталғанды түзету жазаны орындау барысында шешілуге тиіс маңызды міндет, жазаның әсерінен қылмыскердің санасында белгілі бір өзгерістер болып, сол арқылы ол қоғамның саналы, белсенді мүшесіне айналмаса да, ең болмаса қоғамға қауіпсіз тұлғаға айналған жағдайда ғана қылмыскердің түзелгендігі туралы айтуға болады» деп жазған [127, с. 20].

Жазаның дәстүрлі мақсаттарының бірі болып қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы және арнайы алдын алу есептеледі. Бұл орайда, жалпы алдын алу барысында - жаза қорқытуы керек, ал арнайы алдын алу барысында - жаза түзеу керек.

Теоретиктердің арасында жазалауды (карать) жазаның мақсаты ретінде тану немесе танымау мәселесі үлкен дау туғызады. Қылмыстық жазаға енгізілген және оның жазалау мазмұнынмен байланысты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, біздің ойымызша жаза қылмыскерді жазалау мақсатын көздейді дегенді білдірмейді. Жаза, мейлі ең қатал жаза болсын, сотталушыға моральдық немесе дене азабын келтіру мақсатымен қолданылмайды.

Жазаны орындаумен байланысты көрсетілген құқықтық шектеулер мен мәжбүрлі айырулар басқа мақсатты, соның ішінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатын көздейді [128].

Алайда заң әдебиеттерінде бұл мәселе бойынша басқа көзқарастар айтылып жүр. Жазалау (кара) жазаның мақсаты деген тұжырымның белсенді жақтаушысы ретінде И.И. Карпец танылады. Ол былайша тұжырымдайды: «Егер жаза жазалау арқылы белгілі бір мақсатқа жететін болса, сәйкесінше жазалау жаза мақсаттарының бірі болып табылады» [129, с. 22]. Оның ойынша жазалау өлім жазасы мен ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасынан көрінеді.

Н.А. Беляев дәл осындай көзқарасты ұстана отырып, былай түсіндірме береді: «Жазаның мақсаты ретіндегі жазалауды біз құқық бұзушыға жасаған қылмысы үшін қасірет пен айырулар келтіру деп түсінеміз».

Бұл мәселенің тереңіне үңілмей-ақ біз жазалаудың жазаның мақсаты ретінде қарастырмайтын, бірақ одан жазаның мәнін көретін авторлардың тұжырымын қолдаймыз.

Қандай да бір жазаны қолданудың тиімділігі, заңда оның шегінің қаншалықты негізді бекітілгендігімен тығыз байланысты. Бұл мәселенің шешімі бірқатар факторлармен байланысты. Н.В. Кузнецованың ойынша бұл мәселені шешу барысында қоғамның әлеуметтік, саяси құрылысындағы згерістер, қоғамдық пікірдің жағдайы, жалпылама сот тәжірибесінің және ғылыми ізденістердің нәтижелері ескеріледі [39, с. 17]. Сондай-ақ мұндай шешім субъективтік мәнге ие қандай да бір жазаның алдыға қойған мақсатты орындау мүмкіндігін заңшығарушының сезіну деңгейі.

Қоғамға оншалықты қауіп төндірмейтін қылмыстармен күрес мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары мен қоғамдық әсер ету шараларын ұштастыру арқылы жүзеге асырылуы керек.

Қылмысты дұрыс сараламау негізсіз қатаң немесе орынсыз жеңіл жаза тағайындауға әкеп соғады, ал бұл өз кезегінде өзара байланысты және бірін бірі толықтырып тұратын жалпы және арнайы алдын алулардың дұрыс үйлесуінің бұзылуына әкеледі.

Жазаны индивидуализациялауда тұлғаның кінәлілік деңгейін анықтау, яғни кінәлінің өзінің жасаған әрекетіне және келтірілген нәтижеге психикалық көзқарасын анықтау үлкен мәнге ие.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайдакүнемдік қылмыс екені белгілі. Ал қылмыс жасау барысында пайдакүнемдік мақсаттың болуы, бір жағынан әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің жоғарылығының, ал екінші жағынан кінәлінің ерекше жеке қасиеттерінің белгісі.

Жаза тағайындау барысында сот кінәлімен жасалған іс әрекеттердің қоғамдық қауіптілік деңгейі мен сипатын, қылмыстық ниетті жүзеге асыру деңгейі мен қылмысты аяғына дейін жеткізбеу себептерін ескеру керек.

Егер кінәлі тек жымқыру ғана емес сонымен қатар қандай да бір басқа қылмыс жасаса, жазаны индивидуализациялауда жазалардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау ережелерін негізді қолдану елеулі мәнге ие. Жаза тағайындау барысында сот заңда бекітілген жекелеген жаза түрлеріне қатысты ережелер мен оларды қолдану тәртібін сақтауға міндетті. Мысалы бөтеннің мүлкін ірі мөлшерде тонау жолымен жымқыруға салған кәмелетке толмаған тұлғаға жаза тағайындау барысында бас бостандығынан айыру 12 жылдан аспауы керек.

Жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік деңгейі әрбір нақты жағдайда бірқатар элементтермен анықталады. Олардың біреулері қылмыс құрамының элементтері болып табылады және кінәлімен жасалған әрекетті саралауға әсер етеді, ал басқалары қылмыс құрамының элементі болмаса да жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік деңгейін және кінәлінің тұлғасын сипаттайды. Оларға тізімі қолданыстағы ҚР ҚК 53, 54 баптарында берілген ауырлатушы және жеңілдетуші мән-жайлар, сондай-ақ нақты істерді қарастыруда бекітілген басқа да мән жайларды (мысалы, кінәлінің әлеуметтік-саяси бейнесін сипаттайтын мән жайлар: оның бұрынғы еңбек қызметі, тұрмыстығы тәртібі, жасы, денсаулық жағдайы т.б.) жатқызуға болады.

Сот әрқашанда тонау үшін жаза тағайындау барысында күш қолданылмай жасалатын тонау мен күш қолдану арқылы жасалатын тонаудың қоғамдық қауіптілік деңгейінің әртүрлілігін, физикалық және психикалық күш қолданудың қоғамдық қауіптілігінің әртүрлілігін ескереді.

Мысалы, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы тонау кезінде, мұндай топ қатысушыларының әрқайсысының қоғамға қауіптілігі әртүрлі. Бұл мән жайлардың барлығы заңның тиісті бабының санкциясының шеңберінде кінәліге жаза тағайындау барысында сотпен ескерілуі тиіс.

Сот тәжірибесі көрсеткендей қолданыстағы ҚР ҚК 54 бабында аталған ауырлатушы мән жайлардың қатарында тонау үшін жаза тағайындау барысында соттар бұрын қандай да бір қылмыс жасаған тұлғаның қылмыс жасауы, ұйымдасқан топтың болуы, жасөспірімге, қарттарға немес дәрменсіз күйдегі тұлғаларға қатысты қылмыс жасау фактілерін жиі кездестіреді.

Мысалы, К бірнеше рет мектептен қайтып келе жатқан балаларды тоқтатып, ұрып-соғамын деп қорқытып олардың ақшасын тартып алғаны үшін кінәлі деп танылды. Сот істің мән жайларын ескере отырып К-ні ҚР 1997 жылда қабылданғын ҚК 178 бабының 2 бөлігіне сәйкес ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарды.

Сот тәжірибесі кәмелетке толамғандардың үлкендердің әсер етуімен жиі тонау жасайтындығын көрсетеді.

Ересек тұлғалардың кәмелетке толмағандарды қылмыс жасауға тартуының қоғамға қауіптілік деңгейін ескере отырып ҚР Жоғарғы Сот Пленумы 11.04.02 ж. «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық, қоғамға қарсы қызметке тарту істері бойынша сот тәжірибесі туралы» қаулысында: кәмелетке толмаған тұлғаны қылмысқа тартқан кәмелетке толған тұлғалардың әрекеті жасалған нақты әрекет үшін және кәмелетке толмаған тұлғаны қылмыстық әрекетке тартқаны үшін жауаптылық (ҚР ҚК 132 бабы) көздейтін баптардың жиынтығы бойынша сарапдауы керек деп арнайы көрсетілген.Бұл орайда қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған тұлғамен жасалған қылмыс адамдар тобымен жасалған деп танылмайды. Мұндай жағдайларда қылмысты орындаушы ҚР ҚК-ң 28 бабының 2 тармағына сәйкес кәмелетке толмаған тұлғаны қылмыстық әрекетке тартқан ересек тұлға болып табылады. 14 жасқа толмаған немесе 14 пен 16 жас аралығындағы тұлғаларды қылмыс істеуге тартқан жағдайда, егер олар заң бойынша бұл қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтын болса, кәмелетке толған тұлға оның қылмысқа қатысу нысанына қарамастан сол қылмыстың орындаушысы болып табылады, сонымен қатар оның әрекетін Қылмыстық кодекстің кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тартқаны үшін жауаптылық көздейтін бабының жиынтығына сәйкес саралау керек.

Сот жаза тағайындау кезінде ауырлататын мән жайлармен қатар жауаптылықты жеңілдететін мән жайларды ескеруге міндетті.

Сот тәжірибесінде жымқыру үшін жаза тағайындау барысында ҚР қолданыстағы ҚК-ң 53 бабында көрсетілген жеңілдететін мән жайлардың ішінен жиірек кездесетіні: қылмысты кәмелетке толмаған тұлғаның жасауы,

қылмыскердің шын өкінуі, қылмысты алғаш рет жасау, оқыс оқиғалардың тоғысуына байланысты қылмыс жасау, келтірілген зиянды өз еркімен өтеу т.б.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі мас адамдармен жасалады. Сондықтан дұрыс жаза тағайындауда мас болу жағдайын соттың қалай бағалауы елеулі мәселе.

Заң әдебиеттерінде В.С. Орлов мас күйінде қылмыс жасауды кінәні жеңілдететін жағдай ретінде тану қажеттігін айтқан, яғни кінәлі спирттік ішімдіктерді теріс пайдалануының салдарынан өз әрекетін түсінбейді деп көрсеткен.

Ал С.В. Бородин басқа көзқараста: «Біздің ойымызша мас болу жауаптылықты ауырлатушы мән жай ретінде немесе қылмысты саралауға әсер етпейтін мән жай ретінде танылуы керек»-деп жазды. «Ал мас болуды жеңілдетуші мән-жай ретінде тану бұл кемшілікке деген негізсіз жеңілдік берудің дәлелі» [130, с. 104].

Бұл көзқарас шынында дұрысырақ. Алкагольдік мас күйінде қылмыс жасаған тұлға, соның ішінде егер де ол алкагольді үздіксіз теріс пайдаланатын болса, оны жақсы жағынан көрсетпейді. Сондықтан мас күйінде ауырлататын мән жайда тонау жасаған тұлғаға жаза тағайындау кезінде сот мұндай жағдайларды жауаптылықты жеңілдететін мән жай ретінде қарамауға тиіс. Ерекше жағдайларда бұрын тек жақсы жағынан көрінген тұлға бірінші рет кездейсоқ мән-жайдың тоғысуының нәтижесінде ҚР ҚК 187, 188 баптарында қарастырылған қылмысты жасаса ғана мас болу жағдайын жауаптылықты жеңілдетуші мән жай ретінде қарауға болады.

Кей кезде тұлғаны қылмысы үшін соттау барысында жазаны жеңілдету қажеттігі туындауы мүмкін. Бұл егер бірнеше жеңілдетуші мән жайлардың болуы мен жасалған әрекеттің де оны жасаған субъектінің де сипатына қатысты жеңілдетуші жағдайлар болған кезде орын алады.

Жаза тағайындау барысында қолданыстағы ҚР ҚК-ң 52 бабында нақты көрсетілгендей сот қоғамдық көзқарасты ескеруі керек. Жымқыру істері бойынша сотқа қоғамдық ұйымдардан не қызметкерлер ұжымынан кінәліні бас бостандығынан айырып, түзеу және қайта тәрбиелеуге беруді беруді сұрайтын өтініштер жиі түсетіндігін сот тәжірибесі дәлелдейді. Кейбір өтініштерде кінәліге шартты түрде соттауды қолдануды нақты көрсетіледі. Алайда сот бұл өтініштерді сот сенімі мен қоғамдық көзқарастар сәйкес келген кезде ғана қанағаттандырады. Мұндай өтініштерді негізсіз қайтаруға, дәл сол сияқты орынсыз орындауға да тыйым салынады.

Сотпен қолданылатын қылмыстық жаза қылмыстың алдын алу шараларының жүйесіне кіреді және ол қылмыстың алдын алудағы жалғыз тәсіл емес.

Сонымен қарақшылық пен тонаудың негізгі айырмашылығы мынада:

1) тонаудың объектісі меншік, қосымша объектісі ретінде (күш қолданып тонағанда) адамның денсаулығы болуы мүмкін, бірақ бұл әрқашанда 2 объекті бірдей болады дегенді білдірмейді, тонау күш қолданбай да жасалына береді. Ал қарақшылықта міндетті түрде екі объектінің де болуы керек;

2) тонаудың құрамы құрылымы жағынан материалды, яғни міндетті түрде залалдың орын алуы шарт. Ал қарақшылық формальдік құрамға жатады, яғни мұнда залалдың орын алуының қажеттілігі жоқ, тек шабуыл жасаған сәттен бастап қылмыс аяқталған деп деп танылады;

3) күш қолданып жасалған тонау қарақшылықтағы сияқты физикалықпен қатар психикалық та болуы мүмкін. Бірақ ол адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес болуы керек. Ал қарақшылықта күш қолдану адам өмірі мен денсаулығына қауіпті болып табылады, яғни қарақшылық қоғамдық қауіптілігі жағынан ауыр болып келеді.

Бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар жаңа қылмыстық заңнамада нақтыланып, қылмыстық құқықбұзушылық құрамдарының жаңа түрлері ауырлататын және аса ауырлататын түрлері ретінде қылмыстық заңнамаға енгізілгін. Олар «ақпаратттық жүйеге заңсыз кіру не ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған іс-әрекеттер» және «мұнай-газ құбырынан жасалған ұрлық» құрамдары.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаңашылдықтарының қатарында мұнай-газ құбырларынан жасалған ұрлық құрамын (188-баптың 4-бөлігін) айтуға болады. Бұл құқық бұзушылық құрамын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 4-бөлігінде «Ұрлық» құқық бұзушылық құрамының аса ауырлатылған түрі деп бекітуді жеткіліксіз деп табамыз.

24 қараша 2010 жылы Tengrinews.kz мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасында мұнай құбырларынан мұнай ұрлау үшін 100-ге жуық адам ұсталған, мұнай құбырларынан мұнайды ұрлау бойынша 97 оқиға тіркелген, ал 2009 жылы 15 қылмыстық топтың әрекеттері әшкереленген.

Мұнай құбырларын қорғауға маманданған ЖШС Semser Security құрылымының мәліметтеріне сәйкес барынша криминогендік аймақтар болып Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Атырау және мұнай қоры болмағанмен аумағы арқылы өтетін мұнай құбырлары бар Қарағанды облыстары танылады.

Соңғы үш-төрт жылдықта мұндай қылмыстық әрекеттерді жасаушылардың белсенділігі артқан, 640 жуық кесілген құбырлар табылған, 180 жуық адам ұсталған, олардың тек 26 ғана сотталған.

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық сотының баспасөз қызметінің хабарлауынша «Нефть-Казахстан» ЖШС-нің №203 Төре-арық ауылындағы жанармай құю бекетінің бас директоры азамат Б.А. 1 маусым мен 1 шілде 2014 жыл аралығында бір айда жанармай сатудан түскен 12 947 093 теңгені тапсырмай ЖШС-ке жалпы құны 14 230 023 теңге көлемінде аса ірі мөлшерде залал келтіргені үшін Ордабасы аудандық сотымен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленіп жеті жылға бас бостандығынан айыруға және үш жылға дейін мемлекеттік және коммерциялық ұйымдарда басшылық қызмет атқару құқығынан айыру жазасына кесілді.

2011 жылы «КазМобилКоммерц» ЖШС мен «КТДС Ойл» ЖШС директорлары мұнайды жымқырғаны үшін 5 жыл бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға кесілген болатын.

2009 жылы 10 жағдай, 2010 жылы 23, 2011 жылы 66; 2012 жылы 69 жағдай мұнай құбырынан мұнай ұрлау фактілері бойынша іс қаралған. Ал шын мәнінде мұнай және мұнай құбырларынынан жымқыру фактілері өте көп, оны кесілген құбырлардың бұл сандардан уш-бес есеге дейін көп болуынан да байқаймыз.

Сонымен қатар 248 (радиоактивтік материалдарды жымқыру немесе қорқытып алу) және 255-баптарға (қару жарақты жымқыру немесе қорқытып алу) қатысты 2010-2014 жылдар арасындағы ресми статистикалық мәліметтерге көз жүгіртетін болсақ бұл құрамдар жыл сайын 2-3 қылмыс оқиғасынан артық тіркелмегендігін байқадық. Яғни бұл құрамдар жылына 2-3 рет қана жасалғанына қарамастан қылмыстық заңнамада дербес қылмыс құрамы ретінде өз бекітілімін тапқан. 1997 жылы егемендік алған еліміз тарихындағы алғашқы қылмыстық заңнаманы қабылдау барысында мұнай,-газ өнімдерін өндіру бүгінгідей қарыштап дамымаған да болар. Сондықтан бұл табиғи ресурсты жымқыру әрекеттері өз алдына тіркеліп отырмаған болар. Алайда қазіргі мұнай-газ саласының қарқыны мен кесілген құбырлар бұл саладағы жымқыру әрекеттерін заң шығарушыдан криминализациялауды талап еткен болар, алайда мұнай-газ құбырынан ұрлау деп 188-баптың аса ауырлатылған түрі ретінде емес, жаңа қылмыс құрамы ретінде өмір сүруіне толықтай қақысы бар деп есептейміз.

Мұнай-газ саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың соңғы бесжылдықтағы ұдайы өсу тенденциясымен сипатталатын көрінісі мен олардың қоғамға қауіптілігінің жоғарылығын, құбыр өткізу жүйесінің қауіпсіздігіне, мемлекеттің, мұнай тасымалдау ұйымдарының экономикалық мүддесіне елеулі қатер төндіретінін, жер бетіне мұнай өнімдерінің төгілуіне байланысты қоршаған ортаға, экология мен халықтың денсаулығына орны толмас зиян келтіретінін, мұндай қылмыстарды істеу тәсілдерінің ауырлығын ескеріп, мұнай-газ құбырынан жасалған құқық бұзушылық құрамын қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 4-бөлігінде «Ұрлық» құқық бұзушылық құрамының аса ауырлатылған түрі деп бекітуді жеткіліксіз деп табамыз. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 193-1 «Мұнай-газ құбырларынан алынатын мұнай-газ және мұнай-газ өнімдерін жымқыру» деп аталатын жаңа, дербес бапты енгізу қажет. Бұл баптың мәтінін төмендегідей түрде ұсынамыз:

1. Мұнай-газ құбырларынан алынатын мұнай-газ және мұнай-газ өнімдерін жымқыру - мүлкі тәркіленіп не онсыз екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылдан

жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер–мүлкі тәркіленіп төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысумен;

2) аса ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер мүлкі тәркіленіп он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ерекше құнды заттарды жымқыру - қылмыстық кодексте жымқырудың ерекше түрі ретінде көрсетілген. Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 193-бабының 1-тармағында ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттарды жымқыруға салу, жымқырудың жасалу тәсіліне қарамастан осы қылмыс құрамын құрайды деп белгіленген.

Жымқырудың осы түрінің заты болып ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттар танылады. Бұларға археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған ерекше заттар, көркемдік маңызы бар ерекше заттар (картиналар, скульптуралық шығарма, әртүрлі нәрселерден жасалған көркем бұйымдар), көне кітаптар, сирек қолжазбалар, көне мәнеттер, ордендер, ғылым немесе мәдениет үшін аса құнды құжаттар жатады. Жеке тұлғалардың, мемлекет пен қоғам үшін осындай заттардың ерекше құндылығына қарап ерекше құнды заттарды жымқыруды аса ірі мөлшердегі жымқыру түріне жатқызуға болады. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде аталған іс-әрекеттер үшін жауаптылық белгілейтін норманың санкциясында «кінәлінің осындай іс-әрекеттерді істеуі ...мүлкі тәркіленіп немесе онсыз алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп бекітіліп жазасы қатаңдатылды. Жай құрамы үшін ауыр, ауырлатылған құрамы үшін аса ауыр қылмыстар санатына заңшығарушымен жатқызылған.

Заттар мен құжаттардың ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құндылығы, олардың ақшалай бағасымен бірге тарихи, ғылыми немесе мәдениет үшін бар немесе жоқтығына байланысты сараптамалық қорытынды негізінде анықталады.

Қылмыс объективтік жағынан ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттарды жымқыруға салу, жымқырудың тәсіліне (ашық, жабық, күш қоддану арқылы, алдау немесе сенімге қиянат жасау) қарамастан жасалады. Мұндай әрекеттерді істеу ұрлық, алаяқтық, иеленіп кету немесе ысырап ету, тонау я болмаса қарақшылықпен жасалуы да мүмкін.

Қолданыстағы ҚР ҚК 193-бабы ерекше құнды заттарды жымқыруға салғаны үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырып отыр.

Ерекше құнды заттар мен құжаттарды жымқыруға салу сол заттарға кінәлі адам толық иелік еткен уақыттан бастап аяқталған деп саналады.

Көрсетілген қылмыс құрамы субъективтік жағынан тікелей касақаналықпен және пайдакүнемдік максатпен жүзеге асырылады.

Қылмыс құрамының субъектісі 16 жасқа толған жеке тұлғалар танылады.

Жымқырумен байланысты қылмыс нысандарын тар және кең мағынада қарауға қатысты теориялық пікірлер, көзқарастар болғанымен, қылмыстық құқық теориясы жымқыру нысандарына ұрлық, тонау, алаяқтық, бөтеннің мүлкіен иеленіп алу немесе ысырап ету және қарақшылық құрамдарымен қатар, ерекше құнды заттарды ұрлау да жататынын бұрында-ақ бекітіп қойған.

Ғылымның жетістігі әрқашан да ғылыми методикалық жағынан бекітіліп барып жеңіске жететінін ескерсек, бұл нысандар біздіңше даусыз әрі сенімді.

3 ЖЫМҚЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДАН КЕЛЕТІН ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ЗАРДАПТАРДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Жымқырудан келетін зардаптардың құны

Қылмыстық құқық бұзушылық зардабына деген қызығушылық - тек қылмыстық құқықта емес, соңғы уақыттары криминология ғылымында да артып отыр. Оны криминология ғылымының біртіндеп өркендеуімен, дамуымен байланыстыруға болады. Және қылмыстылық категориясын қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарсыз, олардың мөлшерін білмей терең зерттеу мүмкін емес. Сондай-ақ қылмыс құрамы элементтерінің ішінде криминологияның зерттеу объектісіне айналған элемент қылмыс зардаптары ғана деп толық айта аламыз.

Тек криминология ғылымында қылмыс зардаптарын қылмыстық-құқықтық тұрғыда ғана емес, қылмыстық құқық бұзушылықтардың әлеуметтік зардаптары тұрғысында зерттейді. Бұл дегеніміз, қылмыстық құқық бұзушылықтардың әлеуметтік зардаптары қоғам үшін орасан зор және маңызды екенін көрсетеді. Себебі, қылмыстық құқық бұзушылықтардың басты қаупі қылмыстық құқық бұзуышлықтардың істелуінде емес, қылмыскер зұлымдықты (іс-әрекетті) жасау арқылы жетуді көздеген туындауы мүмкін зардабынан көрінеді.

Дәл осы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардап тарихи жағынан алғанда мынадай жетістіктерге жетеледі:

– қылмыстық заңдардың пайда болуына, оларды қолданудың процессуалдық ережелерінің пайда болуына, қылмыстық жазалардың түрлерінің пайда болуына әкелді;

– қылмыстық юстиция жүйесін өмірге әкелді (милиция, полиция, тергеу аппараты, прокуратура, сот, адвокатура және т.б.);

– криминалдық циклдағы пәндердің жүйесін (қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминалистика, қылмыстық-атқару құқығы, құқықтық статистика, криминология мен виктимология, соттық медицина мен соттық психиатрия және өзге де ғылым салалары) туындатты;

– қылмыстылықтың салдарын жоюға бағытталған шаралар мен құжаттарды тек қана мемлекетішілік деңгейде емес, халықаралық құқықтық деңгейде дайындауды ұйымдастыратын ұйымдарды құру мен қалыптастыруға әкелді;

– қылмыстылықтың алдын алу үшін қылмыстылық көрсеткіштерін жинақтап, талдау жүргізу мен криминологиялық болжамдар жүргізудің негізін қалады.

Бұл жетістіктер қылмыстылықтың әлеуметтік салдарын қылмыстылықпен күресудегі ғылыми, құқықтық, методологиялық, ұйымдастырушылық, құқық қолданушылық, техникалық, атқарушылық және т.б. міндеттерді шешу құралы болып қалыптасқанын білдіреді. Дегенмен осы зерттеу көрсетіп отырғандай қылмыс зардабы мәселесі әлі де жетілдіріле

түсуді қажет етеді. Ал бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардап мәселесі өз алдына.

Қылмыстың әлеуметтік зардабы әр түрлі нысанда көрініс алуы мүмкін: зиян, залал, жоғалту, шығын сияқты жалпылама терминдер салдар ұғымымен бірге тек қана теорияда емес, қылмыстық заңнамада да өзінің заңдық бекітілімін тапқан. Олардың арақатынасы мәселесі алдыңғы тарауларда нақтыланды, мұнда біз осы категорияларды біріктіретін криминологиялық ұғым ретінде «әлеуметтік зардап» мәселесін қарастырамыз.

Дей тұрғанмен, әлеуметтік зардап шын мәнінде әр түрлі және әр нақты жағдайда нақтыланып отырады. Ол адамдар өмірі мен қызметінің әр түрлі салаларын әр түрлі деңгейде және түрде бұзады. Қылмыстық құқық бұзушылық әлеуметтік зардабы моральдық, отбасылық, денсаулыққа, экономикаға, саясатқа, өндіріске, ғылым мен техникаға, әскери қызмет мүддесіне келетін және т.б. зардап түрінде болуы мүмкін. Оларды белгілі бір шекте немесе сандық көрсеткіш арқылы түсіндіру өте қиын. Тіпті мемлекеттік орган тарапынан жүргізілетін арнайы есептер де қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардап мәселесін материалдық жағынан ғана бере алуы мүмкін, оның өзі қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптың мөлшерін дәл және анық көрсетіп бере алмайды. Ал қылмыстық құқық бұзушылықтың әлеуметтік зардабын анықтау мен біріздендіру әр түрлі қылмыстық-құқықтық циклдағы пәндер шегінде дербес жүргізілгенмен, қылмыстың әлеуметтік зардабын кешенді түрде жинақтау осы күнге дейін жүргізілмеген.

Себебі, біз қылмыстылықтың көлемін статистикалық мәліметтер арқылы алғанымызбен нақты әрі шынайы көлемін білмейміз; оның әлеуметтік зардабын, қылмыстылықпен шын мәнінде тиімді күресуді білмейміз, әлемдегі өзгерістерге сәйкес оның қандай деңгейде болатындығын болжамдай алмаймыз. Оларды білген күннің өзінде біз алдымызда тұрған мәселелерді шешуге қауқарсыз екендігімізді түсініп «білмейміз» деп оңай құтыла саламыз.

Меншікті жымқыру қылмыстылығының мүмкін болатын әлеуметтік зардабын анықтау барысында төмендегідей салдарлар есепке алынуы мүмкін:

1) криминогендік фактор ретінде, яғни жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды туындататын фактор ретінде болады;

2) қылмыстық құқық теориясында немесе криминологияда ескерілгенімен, бағалық тұрғыда көрініс таппауы мүмкін (500 мын мен 700 мын теңге зардап келтірген қылмыскерлер бірдей жаза мерзіміне кесілуі мүмкін т.б.);

3) криминологиялық болжамдар үшін маңыздылыққа ие болады.

Меншікке қарсы қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінен алынған мәліметтерге назар аударсақ, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы қылмыстылық ішінде алатын орнының жоғары екенін аңғаруға болады. Меншікке қарсы қылмыстар

бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетінің мәліметтеріне назар аударсақ, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы қылмыстылық ішіндегі үлес салмағы жоғары екенін көреміз. Мәселен республикамызда тіркелген жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішіндегі меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі: 2010 жылы - 67,4%, 2011 жылы - 80%, 2012 жылы – 81%, 2013 жылы – 77,9%, 2014 жылы – 79,5%, 2015 жылы – 75% құрап отыр[6].

Көріп отырғандай, жоғарыда көрсетілген жылдар ішінде елімізде қылмыстылыққа қарсы белсенді күрес шараларына, сондай-ақ мемлекет тарапынан құқық қорғау органдарының саны мен сапасын арттырудағы жасалынып жатқан жұмыстарына қарамастан қылмыстылықтың жалпы көрсеткіштерінің ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылылқтар үлесі аз емес.

Оның бірнеше себептерін көрсетуге болады:

– қылмыстылыққа қарсы күрес бойынша мемлекеттік аппараттардың (әр түрлі органдарда ұйымдастырылатын шаралар мен жұмыстар өз алдына, дербес және жеке жүргізілуінде) жұмыстарының өзара үйлесімсіздігі және жүргізілген жұмыстар нәтижелерін талдаудың жеткіліксіздігі;

– қылмыстылықтың алдын алуға байланысты кешенді криминологиялық болжамдардың жүргізілмеуі;

– әлемдік жаһандану жағдайында қылмыс істеу құралдары мен тәсілдері үнемі жетілдіріле түсіп қылмыстармен күрес шараларының алдын орап кетуі;

– 2010-2012 ж.ж. бастап қылмыстар бойынша құқық қорғау органдарында түскен барлық арыздар мен хабарламаларды біріңғай тіркеу жүйесін енгізу нәтижесінде сапаға емес, санға таласу жағдайларының орын алуымен түсіндіріледі.

Әрі қарай талдауымызды жалғастыратын болсақ, осы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар арасында бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлес салмағы келесі картинаны көрсетеді:

– 2010 жылы: Ұрлық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 175-бап) – 67,4%; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 176-бап) – 2,25%; Алаяқтық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 177-бап) – 11,4%; Тонау (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 178-бап) – 12%; Қарақшылық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 179-бап) – 1,8%; Ерекше құны бар заттарды жымқыру (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 180-бап) – 0,0045%.

– 2011 жылы: Ұрлық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 175-бап) – 73,5%; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 176-бап) – 1,4%; Алаяқтық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 177-бап) – 9,6%; Тонау (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 178-бап) – 10,95%; Қарақшылық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 179-бап) – 12%; Ерекше құны бар заттарды жымқыру (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 180-бап) – 0,002%.

– 2012 жылы: Ұрлық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 175-бап) – 76,4%; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 176-бап) – 1%; Алаяқтық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 177-бап) – 9,95%; Тонау (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 178-бап) – 8,7%; Қарақшылық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 179-бап) – 0,7%; Ерекше құны бар заттарды жымқыру (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 180-бап) – 0,002%.

– 2013 жылы: Ұрлық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 175-бап) – 75%; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 176-бап) – 1,3%; Алаяқтық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 177-бап) – 13%; Тонау (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 178-бап) – 6,7%; Қарақшылық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 179-бап) – 0,5%; Ерекше құны бар заттарды жымқыру (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 180-бап) – 0,001%.

– 2014 жылы: Ұрлық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 175-бап) – 76,3%; Бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 176-бап) – 1,5%; Алаяқтық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 177-бап) – 13,5%; Тонау (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 178-бап) – 5,3%; Қарақшылық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 179-бап) – 0,4%; Ерекше құны бар заттарды жымқыру (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 180-бап) – 0,0007%.

– 2015 жылы: Ұрлық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 188-бап) – 71,9%; Сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 189-бап) – 2,1%; Алаяқтық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 190-бап) –12,3%; Тонау (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 191-бап) – 4,2%; Қарақшылық (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 192-бап) – 0,3%; Ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру (сол жылдағы қолданыстағы ҚК 193-бап) – 0,002% [6].

Аталған жылдар ішінде тек қана қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны азайған, қалған қылмыс құрамдарының саны жыл артқан сайын артып отырғанын байқаймыз. Яғни, ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жататын бөтеннің мүлкін қарақшылықпен жымқыру қылмыстық құқық бұзушылық деңгейі осы жылдар аралығында төмендегенмен, басқа құрамдар бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны артқан.

Ал қолданыстағы ҚР ҚК 193-бабы «Ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру» құрамы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық салыстырмалы түрде аз әрі бір деңгейде сақталып тұр.

Енді осы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабына тоқталып, 2010 жылдан 2015 жылға дейінгі істелген барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін материалдық залал сомасы мен олардың қайтарылуына қатысты статистикалық мәліметтер қарастырсақ:

2010 жылы 216261055,457 мың теңге залал келсе, 12008311,543 мың тенгелік мүлікке тыйым салынған, ал 54315298,530 мың теңге ерікті немесе мәжбүрлі түрде қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан 52553176,000 мың теңге, 1134152,866 мың тенгелік мүлікке тыйым салынған,

20628592,777 мың теңге қайтарылған.

2011 жылы 152939612,065 мың теңге залал келсе, 3243939,296 мың теңгенің мүлкіне тыйым салынған, 41026413,980 мың теңгенің мүлкі қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан 36549169,833 мың теңге материалдық залал келген, 2127866,354 мың теңге мүлкіне тыйым салынып, 12446656,704 мың теңгенің мүлкі қайтарылған.

2012 жылы 79976310,492 мың теңге залал келсе, 15416867,325 мың тенгелік мүлікке тыйым салынған, ал 21437236,594 мың тенге қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан 40190062,239 мың теңге материалдық залал келген, 7868726,598 мың теңгенің мүлкіне тыйым салынып, 14449935,683 мың теңгенің мүлкі қайтарылған.

2013 жылы 239377234,920 мың теңге залал келсе, 50419532,501 мың теңгенің мүлкіне тыйым салынған, 41877454,972 мың теңгенің мүлкі қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан 52342286,768 мың теңге материалдық залал келген, 1722741,149 мың теңгенің мүлкіне тыйым салынып, 7831577,798 мың теңгенің мүлкі қайтарылған.

2014 жылы 136756611,415 мың тенге залал келсе, 8867411,245 мың тенгенің мүлкіне тиым салынған, 33780618,481 мың тенгенің мүлкі қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан 104202811,096 мың тенге материалдық залал келген, 2373651,847 мың теңгенің мүлкіне тиым салынған, 25632226,908 мың тенгенің мүлкі қайтарылған.

2015 жылы 245513655,6 мың тенге залал келсе, 21938333,71 мың тенгенің мүлкіне тиым салынып қайтарылған.

Соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан 58671292,09 мың тенге материалдық залал келтірілген, 6828219,554 мың теңгенің мүлкіне тиым салынып қайтарылған.

Талдау нәтижесінде біз салыстырған жылдардағы жалпы қылмыстылықтан келетін материалдық шығындар орасан зор сомманы құрайды. Ал осы материалдық зиянның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар осы жалпы қылмыстылықтан келетін зардаптардың жартысынан да көбін құрайтынын байқадық.

Сонымен қатар, келтірілген залал мөлшерінің жымқыру зардабын анықтау үшін маңызды орынға ие екендігін тұжырымдаймыз [131].

Ал енді мешікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабының ішіндегі жымқырумен байланысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарының зардаптарының құнына тоқталсақ.

2014 жылы меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптарының 90% (102527992,697 мың тенге) жымқырудан келетін зардартар құраған. Оның ішінде 11,5% (13025301,215 мың тенге) – ұрлықтан, 8,5 % (9625423,845 мың тенге) – бөтеннің сеніп

тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету, 69,6% (79176507,980 мың теңге) - алаяқтықтан, 0,3% (362214,630 мың теңге) – тонаудан, 0,3% (338545,027 мың теңге) –қарақшылықтан келген зардаптар.

Сонымен қатар, осы қылымыстық құқық бұзушылықтар бойынша, әсіресе 2103160,868 мың теңге ұрлық бойынша, 1711790,347 мың теңге бөтеннің сеніп тапсырған мүлікті талан-таражға салу бойынша, 478406,246 мың теңге алаяқтық бойынша, 4005,600 мың теңге тонау бойынша, 10620,000 мың теңге қарақшылық бойынша мүлікке тиым салынған.

2014 жылы жымқырудан келген зардаптардың 74,4% (76302413,755 мың теңге) заңды тұлғаларға, 20,4% (20878081,793 мың теңге) – жеке тұлғаларға, 5,2% (5350210,849 мың теңге) – мемлекетке келтірілген.

Заңды тұлғаларға келтірілген жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар зардаптаптарының құнының 7,5 % - ұрлықтан, 9,8% - сеніп тапсырған мүлікті жымқырудан, 82,5% - алаяқтықтан, 0,04% - тонаудан, 0,03% - қарақшылықтан құралған.

Жеке тұлғаларға келтірілген жымқыру зардабының 33,8% – ұрлықтан, 3,1% - сеніп тапсырылған мүлікті жымқырудан, 60% – алаяқтықтан, 1,6% – тонаудан, 1,5% – қарақшылықтан келтірілген.

Мемлекетке келтірілген жымқыру зардабының құнына келетін болсақ, оның 3,1% - ұрлықтан, 27,4% - бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иелену немесе ысырап ету, 69,4% - алаяқтықтан, 0,0006% - тонаудан тұрады.

Жоғарыда көрсетілген 2014 жыл бойынша статистикалық мәлеметтерден жымқыру зардабының құнынының ауқымды бөлігінің «алаяқтықтан» келтірілгенін байқаймыз.

2015 жыл ішінде жоғарыда көрсетілген меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптарының 86,4% (50724526,449 мың теңге) жымқырудан келетін зардаптардың құны құраған. Осының ішінде 0,04% (24604,843 мың теңге) - ұсақ-түйек жымқырудың, 17,8% (10547542,51 мың теңге) - ұрлықтың, 19,9% (11673670,85 мың теңге) - сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 47,2% (27710291,59 мың теңге) - алаяқтық, 0,9% (528992,616 мың теңге) - тонаудың, 0,4% (239379,04 мың теңге) - қарақшылықтың, 0,00008% (45 мың теңге) - ерекше құнды заттарды жымқыруға салудың зардаптары.

Және жымқырушының ұсақ-түйек жымқыру бойынша 3,25 мың теңге, ұрлық бойынша 267120,032 мың теңге, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу бойынша 5433141,998 мың теңге, алаяқтық бойынша 1098516,94 мың теңге, тонау бойынша 17437,91 мың теңге, қарақшылық бойынша 3446,002 мың теңгенің құнында мүлкіне тиым салынып алынған.

2015 жылы тіркелген жалпы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарының зардабының 27% - мемлекетке, 25% - заңды тұлғаларға, 48% - жеке тұлғаларға келтірілген.

Енді олардың әрқайсысына жымқырудан келтірілген зардаптардың құнына келетін болсақ, мемлекетке 12% - мемлекетке, 25% - заңды

тұлғаларға, 63% - жеке тұлғаларға келтірілген.

Ал мемлекетке келтірілген жымқыру зардаптардың құнының 1% - ұсақ-түйек жымқырудан, 46,7% - ұрлықтан, 11,4% - сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салудан, 40,9% - алаяқтықтан, 0,006% - тонаудан болып отыр.

Заңды тұлғаларға келтірілген жымқыру зардаптарының құнының 0,06% - ұсақ-түйек жымқыру, 7,79% - ұрлық, 35,7% - сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 55,7% - алаяқтық, 0,1% - тонау, 0,6% - қарақшылық зардаптары құраған.

Жеке тұлғаларға келтірілген жымқыру зардаптарының құнының 0,06% - ұсақ-түйек жымқыру, 25,9% - ұрлық, 2,3% - сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 69,1% - алаяқтық, 1,9% - тонау, 0,6% - қарақшылық, 0,0001% - ерекше құнды заттарды жымқыруға салу зардаптары құраған.

2015 жыл бойынша мәлеметтерден де, жымқырудан келтірілген зардаптардың ауқымды үлесі «алаяқтықтан» екенін байқаймыз, бірақ бұл жылғы мәлеметтің бір ерекшелігі мемлекетке келтірілген зардап құнының ауқымды бөлігінің «ұрлық» зардабынан келтірілгені.

Осы жоғарыда көрсетілген жымқырудан келетін зардаптың құнының еліміздің аймақтарындағы үлесі бізді қызықтырмай қоймады. Сонымен, 2014 жылы жалпы мемлекетіміздегі жымқыру зардабының үлесі Ақмола облысында -1,8%, Ақтөбе облысында – 8,7%, Алматы облысында – 1,2%, Алматы қаласында – 6,7%, Астана қаласында – 2,4%, Атырау облысында – 0,8%, Шығыс Қазақстан облысында – 7,9%, Жамбыл облысында – 0,8%, Батыс Қазақстан облысында – 1,6%, Қарағанды облысында – 1,5%, Қостанай облысында – 0,5%, Қызылорда облысында – 1%, Манғыстау облысында – 2,2%, Павлодар облысында – 0,4%, Солтүстік Қазақстан облысында – 0,4%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 62,2%

2015 жылы Ақмола облысында -1%, Ақтөбе облысында – 2,4%, Алматы облысында – 6,5%, Алматы қаласында – 36,4%, Астана қаласында – 0,08%, Атырау облысында – 3,5%, Шығыс Қазақстан облысында – 9,6%, Жамбыл облысында – 2,5%, Батыс Қазақстан облысында – 2,5%, Қарағанды облысында – 7,2%, Қостанай облысында – 8,2%, Қызылорда облысында – 4,5%, Манғыстау облысында – 1,8%, Павлодар облысында – 2,7%, Солтүстік Қазақстан облысында – 1,5%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 9,5% [6].

Яғни, 2014 жылы жымқырудың зардабы бойынша бірінші орында Оңтүстік Қазақстан облысы болса, 2015 жылы біз жоғарыда байқағанымыздай алғашқы орынға Алматы қаласы шығып отыр.

Егер, латенттік қылмыстар деңгейінің меншікке қарсы қылмыстарда жоғары екендігін ескерсек, бұл цифрлар өздігінен-ақ еселеніп шығары сөзсіз. Сондай-ақ, қылмыстылықтан келетін материалдық зардаптарды қайтару мен шығынның орнын толтыру бірмезеттік шаруа емес, оларды қайтаруға бір жыл емес, ондаған, жүздеген жылдар қажет болуы мүмкін, тіпті келген материалдық зиянның орны толтырылмауы да мүмкін. Соған қарамастан

қылмыс істегені үшін сот үкімімен кінәлі деп танылған тұлғаны қылмыстық жазаға тартып қана қоймай, қылмыскерлерді меншік иесіне жымқыру нәтижесінде келтірген материалдық залалының орнын толтыру түрінде шешім қабылдау қажет.

Қылмыс зардабы мәселесіне Л.В. Кондратюк және В.С. Овчинский өздерінің «Криминологическое измерение» атты еңбегінде криминалдық мінез-құлықты биологиялық, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, саяси, рухани-этикалық контекстік көпөлшемді жүйеде қарастырып, биологиялық, психикалық және рухани тұрмыс секілді үш кеңістікті өлшеммен өлшейді. Осылай адамның жүріс-тұрысы оның өзінің ішкі дүниесіндегі рухани жағдаймен, сонымен қатар онымен қатынасқа түсуші қоғамның рухани жағдайымен тікелей байланысты деп ұйғарады. Және осы ұйғарымды басшылыққа ала отырып қылмыстылықтың құнының мәселесін шешуге тырысады. Сонымен қатар, авторлар, мысалы: кісі өліміне байланысты қоғамға келтірілетін залал өлшеу үшін жәбірленушінің орташа жалақы көрсеткішін, жасын және орташа өмір сүру ұзақтығын есепке ала отырып келесі формуланы ұсынады: Ус=(t-t2)S. t-орташа өмір сүру ұзақтығы, t2-жәбірленушінің жасы, S-жәбірленушінің орташа жалақы көрсеткіші. (t-t2)-жәбірленушінің орташа өмір суруге мүмкін жасы.

Ал, осы қылмыс түрімен келтірілген жалпы залалды есептеу үшін (Усо), жеке залалды (Ус) жалпы жәбірленушілер санына көбейтеміз(N): Усо=УсN. Осы формулаға сәйкес, бір қылмыстың залалын анықтау үшін: Ус=Усо/N сүйенуге болатынын қарастырады [132, с. 8-13]. Әріқарай ол И.А. Ильинге сілтеме жасайды «Зұлымдық – адам бар жерде бар, және бұл жерде адам денесі емес, оның жан дүниесі мен рухани әлемі – қайырымдылық пен зұлымдықтың шынайы орналасатын жері» [133, с. 23].

М.Х. Хутыз «Энциклопедия права» атты еңбегінде «өзінің құқықтық табиғаты бойынша құқық бұзушылық қоғамға қауіпті болып табылады, өйткені қоғамдық қатынастарға белгілі бір зиян келтіреді немесе мұндай зиянды нақты тудыру қауіпін төндіреді... Зиянның болуы әрбір құқықбұзушылықтың міндетті белгісі [134, с. 111]. Ол болмаса іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі болмас еді»-дейді.

Әр түрлі авторлар әр түрлі пікірлер білдіруі заңды. Дегенмен криминология үшін ең бастысы қылмыстық құқық бұзушылық зардабының құны деуге болады. Қылмыстылықтың көптеген әлеуметтік салдары шын мәнінде түбегейлі зерттелмейді, математикалық (статистикалық) тұрғыда бағаланбайды, жалпыланбайды, нәтижесінде қылмыстылықпен күрестің құқықтық негіздерін қалыптастыруда ескерілмейді.

Қылмыстылықтың нақты құнын білу біздіңше елдегі криминогендік жағдайды бағалаудың, қылмыстылықты минимизациялау мен оның алдын алудың негізіне алынуы тиіс. Қылмыстылықтың нақты құнын білу тиімді, экономды және ақылға қонымды ғылыми-негізделген жолдар іздеуге мәжбүр етеді. Қылмыстылықтың салдары ретінде оның нақты құнын білу арқылы қоғам өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын әр түрлі қылмыстық

қолсұғушылықтардан қорғай алады. Қылмыс құнын білу тек қана нақты қылмыстың қандай зардап келтіргенін білумен шектелмейді, ол материалдық, материалдық емес, жеке басылық, моральдық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық тұрғыда келтірілген зардаптарды бағалауға мүмкіндік береді [135].

Қылмыстық құқық бұзушылық құны дегенде шартты түрде қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттерден тікелей немесе жанама түрде келетін зардапты, сонымен қатар сот, құқық қорғау органдарын және қылмыстылықтың алдын алу міндеті жүктелген басқа да органдарын ұстап тұру үшін қажетті зардаптарды айтамыз.

Жекелеген дамыған мемлекеттерде (Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Австрия, Канада, Жапония және т.б.) билік органдары қылмыстылықтың құны анықтауға біршама ресурстарын жұмсауға әзір. Себебі олардан алынған көрсеткіштер қылмыстылықпен күресті жоспарлау үшін аналитикалық жұмыстарда пайдаланылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың құны туралы ақпарат бұл елдерде ашық түрде таратылады. Бұрынғы КСРО елдерінде, соның ішінде біздің мемлекетімізде қылмыстың құны туралы ақпараттарды жинақтап талдау түгілі қылмыс құнының мазмұны мен оны анықтаудың методологиялық базасы қалыптаспаған.

Қылмыстық құқық бұзушылық құнын зерттеуге соңғы уақыттары криминология ғылымында қызығушылық артты. Зерттеушілер қатарында В.В. Лунеев [136], М.М. Бабаев [137], В.Е. Квашис [138], В.С. Овчинский [139], У.С. Джекебаев, Р.Т. Нуртаев, И.Ш. Борчашвили, Б.М. Нургалиев секілді отандық ғалымдардың арнайы еңбектері болмағанымен, ғылыми мақалалары жарияланып жур. Бұл мәселенің аздаған ғалымдар арасында қызығушылық тудыруы қылмыстық құқық бұзушылық құнын анықтау методологиясын қалыптастырудың күрделілігімен және криминологиялық тұрғыда қылмыстылық құнын есептеуден қандай тәжірибелік пайда келетінін түсіндірудің қиындығымен байланысты болуы мүмкін.

Қылмыстылықтың әлеуметтік салдарының негізгі құқықтық базасы ретінде қылмыстық кодекстер мен халықаралық құқықтық актілерден бастау алады. Сол сияқты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде де қылмыс зардаптары қандай да бір іс әрекеттің криминализациялануының негізіне алынып, әр түрлі көрініс табады. Мысалы, аса ауыр зиян, ірі мөлшер, елеулі түрде бұзу.

Бұл зардап түрлері әр түрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың нәтижесі болғандықтан жалпыланбайды, оларға анализ жүргізілмейді. Бұған қоса еліміздегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттілігін, жаппайлылығын, жәбірленушілердің құқыққорғау органдарына арызданбауын қосатын болсақ қылмыс салдарын толық әрі нақты бағалау, оның құнын дәл белгілеу кедергісі көп түйінді мәселе екендігі көрінеді.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың (мысалы, пәтер, қалта ұрлығы немесе тонау қылмыстары) латенттілігі жоғары. Пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың шанайы жағдайын эксперттік бағалау

криминологиялық оқулықтар мен әдебиеттерде кеңінен жазылып жүр [140, с. 15-21].

Қылмыстылық жайлы картинаны толық білу үшін тек қана денсаулық пен өмірге келтірілген зиянды, меншікті немесе өзге де игіліктерді жоғалтуды, басқа да қаржылық және матерималдық залалдарды, моральдық, құқықтық немесе өзге де қыспаққа алуларды білу жеткіліксіз, әрбір қылмыс жөнінде осылардың бәрін кешенді түрде талдау жүргізу қажет.

Еліміздің қылмыстық заңнамасының міндеттері қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерді қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғау болса, олар тікелей және жанама түрде зардаптар, яғни әлеуметтік салдар қалдырғанымен, бұл қылмыстарды саралауда ескерілмеуі де мүмкін. Мысалы, бөтеннің автокөлігін ұрлау арқылы отбасының жалғыз табыс көзінен айыруы мүмкін, нәтижесінде отбасындағы автокөлік қана емес, балаларының аш қалуы немесе үйдегі мүгедек қария кісіні емханаға апара алмай салдарынан ол кісі қайтыс болуы мүмкін.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде іс-әрекеттердің барлық зардаптарды бағаламай, тек қана тікелей зардаптары белгіленген (яғни қылмыстарды дұрыс саралау үшін өте қажет деп заңшығарушымен танылғандары ғана енгізілген). Айта кету керек кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстарда тек қана тікелей зардап емес, негізгі зардаппен бірге туынды зардап ескерілуі мүмкіндігін заң нормаларында кездестіруге болады. Яғни қасақана істеген іс-әрекет нәтижесінде абайсызда екінші бір заңмен қорғалатын объектіге қол сұғылады. Мысалы, ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігі бойынша денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру нәтижесінде абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекет қылмыстық жауаптылық туындатады. Мұндай салдары бар құрамдар меншікке қарсы қылмыстарда да кездеседі. ҚР ҚК 192-бабының 2-бөлігінің 5-тармақшасы бойынша бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында шабуыл жасау нәтижесінде «адамның денсаулығына ауыр зардаптар» әкелсе немесе 3-бөлігінің 1-тармақшасы бойынша «абайсызда жәбірленушінің өліміне әкелсе» деген құрамдар енгізілген. Бұл зардаптардың маңыздылығын ескеріп заң шығарушы қылмыстық заң нормасының конструкциясына тікелей енгізген.

Ал бұл зардаптардың сыртында қаншама әлеуметтік салдары жатыр, болашақта қаншама адамдарға қиян келуі мүмкін. Айталық, қарақшылық қылмысының жәбірленушісі абайсызда қайтыс болса, ол жалғызбасты ана болса оның баласының болашақта қылмыскер болмасына кім кепіл? Мұндай жәбірленушілерді криминологияда қылмыстың «рикошеттік құрбандары» деп атайды. Мүлкінен айрылған құрбандар әр түрлі психологиялық күйзеліске түсуі мүмкін, экономикалық-материалдық жағдайы нашарлауы мүмкін, үй-мүлкінен айрылып қана қоймай қоғамдағы орнынан айрылуы мүмкін, ішімдікке, маскүнемділікке салынуы т.б. мүмкін. Мұндай зардаптардың бәрін қылмыстық заңнамада бекітудің реті келе қоймас, алайда қылмыстық құқық социологиясы, криминология секілді ғылымдар ол зардаптарды терең зерттеп, оларды туындататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен

күрес шараларының тиімділігін арттыру мәселесін қарастыра алады.

С.В. Землюков қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін мұндай әлеуметтік зардапты төрт топқа бөлуді ұсынады: біріншісі материалдық немесе материалдық емес игіліктерді жоғалтумен сипатталады; екіншісі зияндық жағдайды анықтаумен сипатталады; үшіншісі заңмен тыйым салынған қызметпен айналысумен сипатталады; соңғы төртіншісі қоғамдық игілікке қол жеткізе алмай қалуымен сипатталады [141, с. 5]. Бұндай бөлу шартты болса да шындыққа сай келетінін мойындауымыз қажет.

Біз зерттеп отырған қылмыстылықтың қоғамға қауіптілігі өте жоғары, жеке тұлғаларға, ұйымдарға, мемлекет пен қоғамға елеулі материалдық залал әкеледі. Сонымен қатар бөтеннің меншігін жымқырудан келетін зардап тек қана меншік иесіне ғана емес, онымен күрес жүргізетін, осындай қылмыстылықтың алдын алатын мемлекеттің аппараттың да қызмет етуіне кететін орасан зор қаржы салуды қажет етуімен ерекшеленетін зардаптар да елеулі болып отыр.

Жалпы қылмыстық пайдақорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі белгілеріне: біріншіден, бұл өзгенің мүлкіне қол сұғу. Пайдақорлық қылмыстар негізінен заттарға, соның ішінде ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүліктерге қол сұғады; екіншіден, пайдақорлық мақсат біреудің мүлкін құқыққа қайшы қайтарымсыз алып қою; Үшіншіден, пайдақорлық қол сұғушылық шаруашылық қызметтен тыс не кінәлінің материалдық құндылықтармен жұмыс, өндіріс, бөлу салаларындағы өзінің жағдайын пайдаланбай-ақ жасалады.

Қазіргі уақытта жоғарыда айтқандай жалпы қылмыстылық ішінде жартысынан астамын алатын меншікке қарсы қылмыстылықтың құны мәселесін зерттеу арқылы мемлекет қылмыстылықтың экономикалық тұрғыда криминологиялық алдын алуға мүмкіндік алады. Қылмыстылықтың құны жөніндегі мәліметтер қылмыстық саясаттың нақты әрі тиімді, экономикалық жағынан және өзге де жақтарынан тиімді түрде қылмыстылықтың профилактикасына бағытталуын қамтамасыз етеді. Қазіргі және алыс-жақын болашақтағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың масштабын азайту үшін болжамдарды есептеуге көмектеседі, олардан келетін қоғамға қауіпті зардаптардың көлемін төмендетуге, ең бастысы адам өмірі мен денсаулығын, мүлігі мен тыныштығын қамтамасыз ету үшін қаншалықты құралдар мен қызметтерді қамтамасыз етуге кететін шығындарды алдын ала білуге ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар мүлікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құны туралы мәліметтерді қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігін есептегенде пайдалануға болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілік дәрежесін көрсететін индекстер криминологтар үшін қашанда қызықты. Әдетте мұндай индекстер тіркелген жалпы қылмыстылық пен сотпен тағайындалған жаза негізінде есептеледі [132, с. 164].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құнын білу үшін

біздің зерттеуіміз жеткіліксіз. Біз тек осы жұмыста қылмыстылықтың құнының неден, қандай құрамдас бөліктерден тұратындығын түсініп көрмекпіз. Бұл мәселеге қатысты криминологияда түрлі көзқарастар бар. Мәселен, М.М. Бабаев, В.Е. Квашис «қылмыстылық құны» туралы кең және тар мағынада қарауды ұсынады.

Кең мағынада, қылмыстылық құны – бұл қылмыстылық нәтижесінде іс-әрекетпен тікелей немесе жанама түрде әлеуметтік (экономикалық, адамгершілік, құқықтық және т.б.) құндылықтарды негативті өзгеріске ұшыратумен себепті байланыста болатын, сондай ақ қылмыстылықпен күрес және қылмыстылықтың алдын алуды ұйымдастырумен байланысты нақты зиян [137, с. 246].

Тар мағынада, қылмыстылықтың құны бұл келтірілген зиянның құндық-бағалық көрінісі, ол мыналардан тұрады:

1) қоғамға қауіпті қылмысты іс-әрекеттің тікелей және жанама түрдегі зардабынан;

2) мемлекет пен қоғамның қылмыстылықпен күрес және құқықбұзушылықтардың алдын алуға жұмсайтын шығындарынан (әлеуметтік пайдалы және объективтік түрде қажетті) тұрады [137, с. 248].

Л.В. Кондратюк пен В.С. Овчинский де қылмыстылықтың құнын құрайтын элементтерді өздігінше бағалауға тырысты [132, с. 228-256]: а) криминалдық экспансия құны (жымқырылған игіліктің құны); б) криминалдық агрессия құны (адам өмірі мен денсаулығына қолсұғушылық құны) в) криминалдық алдау құны. Мұнда авторлар мемлекет пен қоғамның қылмыстылықпен күресу мен оның алдын алуға жұмсайтын шығындарын қоспайды.

Шетел криминологиясында қылмыстылық құнының мазмұнына қатысты түрлі пікірлер бар. БҰҰ тапсырыстарымен жұмыс істейтін World Federation аналитикалық тобы қылмыстылық құны ретінде қылмыстық ұйымдардың активтерін түсінеді [132, с. 255].

Американдық криминолог Х.Г. Деммерт қылмыстылықты құрайтын үш компонентті көрсетті:

1) қылмыстық мінез-құлықтан келетін тікелей зиян;

2) қоғамның қылмыстылықтың алдын алумен, қылмыскерлерді қылмыстық жауапқа тартумен байланысты шығындары;

3) қылмыскердің өзінің жоғалтулары (мысалы, қылмыс істеуге кеткен немесе жазасын өтеуге кеткен уақыты құқыққа сай өнімді қызметке жұмсалуы мүмкін еді) [142, p. 2-5].

Ұлыбритания Ішкі Істер Министрлігінің 2000 жылғы «Қылмыстылықтың экономикалық және әлеуметтік зардабы» [143], атты баяндамасында қылмыстылық құнын келесі компоненттерден тұрады деп көрсетеді:

1) «қылмысты күтетін құн» («costs in anticipation of crime» қылмыстың құрбанына айналу тәуекелін азайтумен байланысты қоғамның шығындары (қорғау жүйесіне, қылмыстық құқық бұзушылықтардан сақтандыруға, өзге де қауіпсіздік шараларына жұмсалатын шығындар);

2) қылмыс жәбірленушісіне қылмыс істеу нәтижесінде келген зиянды ақшалай бағалау;

3) қылмыстық юстиция жүйесін ұстап тұруға кететін шығындар. Соңғы екеуін «қылмыстылыққа реакцияның құны» (costs in response to crime) деп атайды. Бұл баяндамадан Ұлыбритания үкіметінің қылмыскердің өзінің шығындарын, қылмыс құрбанының отбасының шығындарын, және өзге де жанама зардаптарды қоспайтынын көреміз. Көріп отырғанымыздай, қылмыстылық құнына қылмыс істеу нәтижесінде келетін зиянның кіретіні даусыз. Бағалауға тек қана тікелей негативтік салдар емес, жанама зардаптар да кіруі қажет. Олар қоғамға үлкен соққылар (зардаптар) әкеледі.

Қылмыстылықтың негізгі себептерін ашу үшін қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына үңілу керек, сол әлеуметтік құрылымды тудыратын байланыстар мен қатынастарды зерттеу қажет.

Сонымен қатар, экономикалық дамуы барысындағы кең ауқымды процестерге байланысты қайшылықтар қылмыстылықты өздігінен, бірден туындата салмайды, басқа әлеуметтік процестермен өзара әрекеттесіп, қоғамдық ортаның қалыптасуына, адамның өмір-тірлігіне қатысып барып туындатады.

Қылмыс жасау дегеніміз әлеуметтік қайшылықтардан ғана туындайтын адам мен қоғам арасындағы дау.

Қылмыстылықтың тікелей субъективтік себептері әлеуметтік қайшылықтардан, яғни, объективтік сипаттағы себептерден туындайды.

Экономикалық қатынастардың қылмыстылықпен байланысы жайында тек соңғы кездері ғана айтыла бастады. Соның өзінде де толық емес, тиіп-қашып, экономикадағы кейбір кемшіліктерге талдама жасау түрінде. Дегенмен, ғалымдар қоғам өміріндегі кез келген проблеманың түбірі экономикалық қатынастарда жатқандығын мойындайды.

Жоғарыда көрсетілгендерді ұмыт қалдыру қылмыстылықтың себептері туралы барлық ой-болжамды аяқсыз қалдырады. Көптеген ғалымдар «психологияға кетуге» ұмтылды (ұмтылуда), экономикалық қатынастардың бірінші екендігін ашып айта алмады.

И.И. Карпецтің пікірінше, «қылмыстылық әлеуметтік сипаты бар, социализм үшін заңды құбылыс: оның себептері біздің қоғамымыздың дамуындағы қайшылықтар мен кемшіліктерде жатыр». Сондықтан да қылмыстылық қоғамда бар себептерден туындайды. Қылмыстылық көбейгенде ондай іс-әрекет жасауға бұрын қатыспаған адамдар онымен айналыса бастайды, әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдар әскери қызметкерлер, ғалымдар, студенттер, т.б. қылмыскерлер қатарын толтырады. Қоғам келбеті өзгергенде қылмыстылықтың келбеті де өзгереді. Бұл жерде айта кететін бір ерекшелік: қылмыстылық, өз кезегінде, қоғамдық қатынастарға теріс ықпал жасай алады.

Тағы да бір шындық, ол, қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде заңды түрде меншік иесіне айналып, кәсіпкерлік қызметке құқық алған адамдар мен оларға жалданып жұмыс істеушілердің мүдделері арасында туындайтын, күн асқан сайын шиеленісе беретін қайшылық.

Кезінде М. Гернет айтқандай, қылмыстылық факторлары жеке меншік институтымен тығыз байланыста болады [144, с. 32].

Қоғамға қарсы құбылыстардың себептерінде объективтік сипат бар, оларды тек объективтік қана емес, субъективтік факторлар да, олардың өзара әрекеттестігі де тудырады. Мысалы, экономикалық жағдай, негізінен, объективтік мүмкіндіктерді, сонымен қоса объективтік шекті алдын ала анықтайды, ондағы басқа факторлар (идеологиялық және әлеуметтік-мәдени) адамның тұлғасына ықпал жасайды.

Демек, экономикалық қолайсыз жағдай, қоғамның және жеке адамның санасына ұялап, қоғамға жат мінез-құлықты тудырады, бірақ ол белгілі бір әлеуметтік топ деңгейінде, жеке адам деңгейінде көрініс табады. Сондықтан да, әрбір нақты жағдайда, қоғамға жат көріністердің себептеріне жататын объективтік жағдайлар мен субъективтік факторлар арасындағы өзара байланысты ашып, оның кімге көбірек ықпал жасайтынын ескеру керек.

Әлеуметтік және экономикалық проблемалар кең ауқымда шешілсе ғана қылмыстылық азаяды, ол ахуал қоғам мүшелерінің экономикалық, әлеуметтік және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру мүмкіндігін арттырады.

Қылмыстылықтың түп-тамырын түсіну үшін мұнда әлеуметтік тұрмыстың ерекшеліктері, қайшылықтары және құрылымы жатқандығын ескеру қажет.

Қоғамдық қатынастардың қалыптан теріс ауытқуы қалайда сананы өзгертеді, құндылықтарға көзқарас басқаша болады, адам азғындайды, мінез-құлық өзгереді дейді ғалым-криминологтар. Онысы дұрыс. Мысалы, егер жастар өздерін еңбекте, оқуда және қоғамдық өмірде көрсете алатындай мүмкіндіктен айырылса, және де бос уақытын дұрыс пайдалана алмаса бойындағы барлық мүмкіндік-қабілетін қылмыстық іс-әрекеттерге жұмсауы мүмкін.

Өмірде теріс ауытқу неғұрлым кең ауқымда болған сайын заң нормаларын жаппай бұзушылық көбейеді, қылмыстылық етек алады.

Кезінде Д.А. Дриль қылмыстылықты әлеуметтік сырқаттың бір түрі деп қарастырған, ол өте орынды айтылған пікір еді, оның дұрыстығын соңғы кездері ғана мойындай бастадық. Қылмыс - әлеуметтік денедегі сырқат, адам бойындағы сырқат сияқты, одан жазылу үшін оны тудырған және себепші болған барлық факторларды зерттеу қажет.

Қарама-қайшылықтың екі түрі қылмыстық іс-әрекетке ұйытқы болады. Біріншісі - адамның мұқтаждығы мен оны қанағаттандырудағы әлеуметтік мүмкіндік арасындағы, екіншісі – құқықтық нормалар мен халықтың алдына қойған мақсаты арасындағы.

Соңғы кездері қайшылықтың бұл екі түрі экономикада, саясатта, рухани өмірде болып жатқан құбылыстарды шиеленістірді, олар жаңа мазмұнға ие болды.

Ұзақ уақыт бойы тұтынушылық бір арнада ұсталды, оны аталған қайшылықтардың талдамасы көрсетіп отыр. Халықтың басым көпшілігінің талабы шектеулі болды, ал басқаларынікі күрт өсті. Нарықтық қатынастардың қалыптасуына байланысты мүмкіндіктер де басқаша бола бастады.

Сұраным мен ұсыныс арасындағы қайшылық тұтынушылық дағдарысын шиеленістірді. Бұл экономикалық тұтынушылықтың себептері мен жағдайларының қалыптасуына және көрініс табуына әкеп соқты, бәрінен бұрын ұрлық, қорқытып алушылық, ұйымдасқан қылмыс бой көтерді.

Қылмыстылықтың себептері жайлы сөз болғанда В.Н. Кудрявцев былай пайымдайды: «біріншіден, мәселе, өндірістің қысқаруында, бағаның босатылуында, сыртқы экономикалық байланыстардың бостандығында, сауданың бостандығында, саудагерлікке, оның ішінде валютамен саудаласуға рұқсат бергендікте. Халықтың қайыршылық күйін айналып өтуге болмайды.

Халықтың 40%-тен астамы қазір кедейліктен де нашар тұрады. Бұл процестер экономикалық жағынан қылмыстылықпен тығыз байланысты».

Осы айтылғандардан мынадай тұжырым жасауға болады: қылмыстылық – адамзат тарихында бұрын болған және қазіргі бар қоғамдардың барлығының да ажырамас бөлігі. Оның болашақ тағдырын болжау үшін қажетті деректер әзірге жоқ, бірден бір жолы, ол – болжамды сәуегейлікпен немесе аксиомамен алмастыру. Сондықтан да, қоғамның және оның интеллектуалдық потенциалының мақсаты қылмыстылыққа жан-жақты әсер ете отырып оның деңгейін төмендету, құрылымын жұмсарту. Қылмыстылыққа әлеуметтік бақылау жасау және оны жүзеге асыруға болады.

Пайдақорлық қылмыстылығының негізгі себептеріне мыналар жатады:

– әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің криминогендік рөлі;

– материалдық жоқшылық;

– экономикалық қызметті мемлекеттік және әлеуметтік-экономикалық бақылаудың әлсіреуі;

– пайдақорлық қылмыстылықпен күрестің заңды қамтамасыз етілуінің артта қалуы;

– құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктер.

Ал, ұрлық, тонау, қарақшылық, алаяқтық сияқты меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей себептері ретінде келесідей негативтік құбылыстар танылады:

– отбасылық-тұрмыстық ортада, жұмыс және оқу орындарында пайдакүнемдік мотивациясы қалыптасуы;

– жинақтау, көрсеқызарлық, пайдакүнемдік сияқты қасиеттерді тарату мен енгізу;

– бос уақытты ұйымдастырудың деформациялануы, маскүнемдік, алкоголизм мен наркотизм құмар ойындар, соның негізінде жеке тұлғаның деградациялануы;

– тұтынушылық-эгоистік көңіл-күй;

– мәдениеттің төмендігі.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуге әсер ететін жағдайлардың қатарында:

– тұрғын үйлер мен ғимараттардың техникалық жағынан әлсіз қорғалуы немесе мүлде қорғалмауы;

– ұрланған мүлікті өткізумен күрестің жеткіліксіздігі;

– қылмыскерлердің қолында есепсіз тіркелмеген түрлі қару-жарақтарының болуы;

– өз мүлкін сақтауға азаматтардың құлықсыздығы; қоғамдық орындарда бейтаныс адамдардың жүріп-тұруына шектеу мен бақылаудың болмауы;

– жәбірленушілердің виктимдік мінез-құлқы, жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ашылуының төмендігі т.б. бар.

Сонымен қатар криминологияда қылмыстылықтың құны қылмыстылықтың көрсеткіштері (сандық және сапалық) сипатында қаралатындықтан, оны есептеу коэффициенті әр түрлі болғандықтан, бөтеннің мүлкін жымқырудан ғана емес, жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарды «қылмыс құны» ұғымы шеңберінде дәл есептеу мүмкін болмай отыр.

Бұл сандардың сыртында мемлекеттің қылмыстылықты ауыздықтау мен алдын алу үшін құқыққорғау органдарын ұстау үшін кететін шығындары қаншама. Өйткені, қылмыстылықтың құны дегенде қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптармен қатар міндетті түрде қылмыстылықпен күресу үшін қоғамның жұмсайтын шығындары да бар. Алайда бұл шығындардың табиғаты екіжақты: бір жағынан мәжбүрлі (міндетті) болса, екінші жағынан ерікті, ол ресурстар баламалы мақсаттарға жұмсалуы мүмкін.

Міндетті шығындарға мемлекеттілікті сақтап қалу үшін жұмсалатын шығындарды айтады. Мемлекет құқықтық тәртіпті қорғау мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мен күресусіз өмір сүре алмайды. Бұл орайда мемлекет мұндай шығындардан келетін жағымды салдарды болжамдай білуі тиіс. Мәселен, елдегі жұмыссыздық деңгейін ескеріп құқыққорғау органдары жұмысы нәтижесінде жұмыс орнын болжамдау т.б.

Қоғамның криминалдық қауіптерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындары баламалы шығындарға жатады, криминал аз болған жағдайда бұл шығындар басқа мақсаттарға жұмсалуы мүмкін. Дегенмен қылмыстың жағымсыз салдарына ғана жұмсалады дегеніміз орынсыз, кейде осындай баламалы шығындар үлкен қауіптің алдын алуда басты роль атқаруы мүмкін. Мысалы экономикалық контрабанданың жолын кесу үшін мемлекет шекара қызметін қатаңдатып, шығындар көлемін арттыруы нәтижесінде кеден шекарасын заңсыз кесу фактілерінің алдын алу мүмкіндігіне ие болды. Немесе бандалық топтарды құру сатысында-ақ әшкерелеп, қарақшылық қылмыстарының алдын алуды жүзеге асыру үшін құқыққорғау органдарының арнайы жасақтарын құрды. Сол сияқты мысал ретінде үлкен қалаларда, соның ішінде Астана қаласында жаяу, атты және велокөлікті полицейлерді көше қылмыстарының, оның ішінде бұзақылық пен тонау қылмыстарының алдын алу бағытында жаңадан енгізуін айтуға болады. Бұл шаралар экономиканың, нарық пен ғылымның дамуына үлес қосатын позитивтік шаралар болуы мүмкін.

Олай болса, қылмыстылықтың құны бұл ақшалай баға:

а) белгілі бір уақыт аралығында ел аумағында жасалған қылмыстық

құқық бұзушылықтардан келген (тікелей немесе жанама) зиян;

б) белгілі бір уақыт аралығында ел аумағында жасалған қылмыстармен күресу үшін мемлекеттің экономикалық және өзге де ақшалай тұрғыда бағаланатын міндетті шығындары (полиция қызметін қамтамасыз етуге кеткен шығындары, түзеу мекемелері мен түрмелерді, бас бостандығынан айыру орындарының қалыпты жұмысы мен ұстау стандарттарын сақтауды қамсыздандыру үшін қажетті шығындар т.б.);

в) қоғамның криминалдық қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсайтын шығындары.

Ал қылмыстылықтың көрсеткіштерінің мәнін зерттеуші беретіндіктен, бұл абсолютті көрсеткіш бола алмайды. Біздің елімізде қылмыстылық көрсеткіштері белгілі бір уақыт аралығындағы ел аумағында жасалған барлық тіркелген қылмыстар негізінде есептеледі. Ал шындығына келгенде біздің елімізде жалпы қылмыстылықтың ең көп істелетін және ең үлкен материалдық залал әкелетін қылмыстар меншікке қарсы қылмыстар құрайды. Сондықтан бүгінгі таңда теорияда және практикада қолданылып жүрген қылмыстылықтың көрсеткіштерін анықтауда белгілі бір уақыттағы белгілі бір аумақта жасалған барлық тіркелген қылмыстар бойынша мәліметтер емес, ауыр немесе күрделі қылмыстар негізінде анықталуы тиіс деп есептейміз. Мұндай тәжірибе өзге шетелдер тәжірибесінде де бар және ол өзінің тиімділігін көрсетіп отыр.

Мысалы, АҚШ тек қана 8 «күрделі қылмыстар», ГФР 24 қылмыс; Англияда 70 қылмыс; Францияда қылмыс негізінде қылмыстылық коэфициентін есептейді. Осы сияқты қылмыс зардаптарын да ескеру керек. Барлық зардаптар көлемін барлық қылмыстар санына бөліп, қылмыстылықтан келітін барлық зияндарды бағалай алмаймыз. Сәйкесінше қылмыстық құқық бұзушылықтардың құнын дәл анықтай алмаймыз.

Мемлекет кейбір қылмыстармен күресуге көп күш және қаржы жұмсауға мәжбүр болуы мүмкін. Ал жекелеген қылмыстар заңдағы «жұмыс істемейтін құрамдар» түрінде өте аз не мүлде істелмей тасада қалуын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, біз зерттеп отырған бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтары арасынан «ерекше құндылығы бар заттарды ұрлау» 2010-2013 жылдар аралығында бар болғаны 3-5 қылмыс фактісі көлемінде болғанын статистикалық мәліметтерден көреміз. Ал осы 3-5 қылмыс елдегі жалпы қылмыстылықтың көрсеткіштерін анықтауда ролі аз екендігін, сәйкесінше мемлекеттің бұл қылмыспен күресу мен алдын алу бойынша құқыққорғау органдарының қызметкерлерін ұстауға аз шығын жұмсалатынын аңғарамыз.

Дей тұрғанмен бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың мөлшеріне, көлеміне мән бермеу керектігін білдірмеуі тиіс. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мына мәліметтерге назар аударайық.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің «Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» 4 тарауына кіретін 10 қылмыс құрамы бойынша бар-жоғы 32 қылмыс

тіркелсе, 2013 жылы 50 қылмыс тіркелген. Алайда бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардап материалдық жағынан (ақшалай құны) есептелуі қиын болғанымен, мемлекеттердің дүниежүзіндегі бейбіт қатар өмір сүруі үшін орасан зиян келтіреді.

Материалдық жағынан бағаланатын, ақша немесе өзге де мүліктермен зиян сомасы тіркелетін қылмыс түрлері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бойынша бесеу: меншікке қарсы қылмыстар, экономикалық қылмыстар, коммерциялық және өзге де қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар. Яғни материалдық зиян келтіретін зардапты қылмыстарға осы топтық объектідегі қылмыстар жатады. Қалған қылмыс топтары бойынша материалдық зиян көлемін нақты белгілеу мүмкін болмай отыр.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зиянды есептеу үшін барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарды ескеру арқылы шешілмейтін сияқты. Бұған қоса ол криминализация мен декриминализация процесінің де жиі өзгеруімен қиындай түседі.

Статистикалық мәліметтер негізінде бөтеннің мүлкіне қол сұғатын меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық қылмыстылық ішінде 60% дейін жетіп отыр [145, с. 19]. Бұл дегеніміз мемлекеттің меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресуді ешқандай жағдайда әлсіретуге болмайтынын білдіреді. Өйткені кез келген алдын алу шараларын әлсірету нақты қылмыстылықтың санының күрт артуына ықпал ететін білеміз.

Э. Ферри: «Кісі өлтіру, ұрлық сияқты қылмыстарды зерттегенде олардың жазалау тәсілдеріне қатысты жекелеген ерекшеліктерін қоспағанда рим құқығы заманынан бері ешқандай өзгеріске ұшырамаған» [146, с. 14].

Осындай іс-әрекеттердің криминализациясы қоғамдық мүдделерді қамтамасыз етумен қатар барлық жағдайда да нақты тұлғалардың (потенциалды құрбандардың) құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғам үшін дәл осындай өзгермейтін қылмыстық құқық бұзушылықтардың құнын білу маңызды.

Бұл секілді қылмыстар жәбірленушінің еркінен тыс жағдайларда істелуінде [147, p. 5-8]. Автордың пікіріне біз де келісеміз, себебі меншік иесі ешққандай жағдайда өз иелігіндегі мүлікке қатысты құқығынан айырылу үшін шаралар қабылдамайды, бөтеннің мүлкі ашық немесе жасырын түрде немесе күш қолданып меншік иесінің иелігінен шығарылады [148, с. 4].

Қылмыс зардабын қарастырғанда оны істейтін адамдардың «жеке тұлға бұл нақты, тарихи тірі индивид, ол шынайы өмірдегі шынайы қатынастарға, соның ішінде қылмыстық іс-әрекеттер де бар, түседі» [149, с. 245].

Ал қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптың қоғамға қауіптілігі жоғары болса, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптың құнын бағалау үшін методологиялық мәселелер ғылыми негізделген кешенді түрде болуы керек.

Қылмыстық жолмен табылған ақша қайда жұмсалды деген сұраққа мынадай жауап алынды: а) заттар сатып алдым 23,7%, жолдастарымды (жолдастарыма) сыйладым 9,4%, жақындарыма сыйлық сатып алдым – 7,2%, көңілдесіме сыйлық сатып алдым 4,1%, автомобиль, мотоцикл сатып алдым 4,8%, үй, пәтер, саяжай сатып алдым 13,6%, аудио, бейне, радио аппаратура алдым 9%, есірткі сатып алдым 4,7%, құмар ойындарын ойнадым 2,8%.

Сотталғандардың тұрмыстық өмірін зерттегенде біз мынаны анықтадық: олардың 37,4% қылмыс жасағанға дейін жақсы жабдықталған жайлы пәтерде; 26,9% өз үйінде, 16,1% жатақханада тұрған, 2,6% бөлме жалдап тұрған, 16,3%-інің тұрақты тұратын жері болмаған.

Осы мәліметтерге қарап, біз қылмысқа материалдық тапшылықтың негіз болмағанын көреміз.

Алкоголизм, отбасылық кикілжіңдер, еңбексіз табыс, критикадан үрейлену, шындықтың болмауы, ...бөтеннің мүлкін жымқыру, парақорлық секілді жағымсыз құбылыстардың барлығы да мемлекет пен адамзат дамуына кері зиянын тигізбей қойған жоқ [150, с. 180].

Олар криминогендік маңызға ие және олармен күрес қылмыстылықтың алдын алудың тиімділігіне де байланысты.

Меншік қатынастарына қол сұғатын қылмыстар мен олардан келетін зардаптардың ғылыми негізделген құнын білу методологиясы арқылы бұл кеселдің алдын алу шараларының тиімділігі бар немесе жоқ деп айтуға болады. Сондықтан қылмыс зардабына қатысты қазақстандық криминология ғылымының алдындағы міндет шетелдік озық тәжірибе мен ғылыми зерттеулерге сүйеніп қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың құнын анықтаудың ғылыми негізделген методологиясын табу болып отыр. Жеңіс пен жеңіліс дәл осы методологияға байланысты десек, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құнының негізінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптармен күресу тиімділігін арттыруға мүмкіндік ашылады. Осы мәселе жұмыстың келесі тарауында зерттеледі.

3.2 Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігі

Қылмыстылықты әлеуметтік жағымсыз құбылыс ретінде түсіну оның басты бағыты ретінде оны туындататын себептерге ықпал ету түрінде алдын алуды қажетсінеді. Қылмыстылықтың, соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің сипаттамалары мұндай қылмыстылықтың алдын алу мәселелерінде жаңаша бағыттар іздестіруді қажетсініп отыр. Соның ішінде соңғы уақыттары меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрініс беруіне қоғамның төзбеушілігінің өскені байқалады. Азаматтық қоғам институттары мен жұртшылық меншікті қорғау бойынша қызметке барған сайын көптеп тартылуда. Қылмыстылықпен күрескеннен көрі олардың алдын алу мен күрес

шараларының тиімділігін арттыру жемісті болатындығын күн өткен сайын дәлелдеуде.

Меншікке қарсы күреске жалпы мемлекет болып жұмылдырылып, ұйымдастырушылық және құқықтық жұмыс жүйелі әрі кешенді сипат алып келеді. Әрине қазіргі жағдайда құқық қорғау органдары тек қана тіркелген қылмыстылықты назарға алып, тек сол бөлігінен ғана қоғамға келген зардаптармен күресті жүзеге асырады деп айтуға болады. Бұл әрине қылмыс жасаған адамдардың қылмыстық құқықтың «жазадан құтылмайтындық» қағидасын жүзеге асыру бағытындағы құқық қорғау органдарының жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Яғни қылмыстылықтың алдын алу құқыққорғау органдарының басты функциясы жүзеге асырады.

Құқыққорғау қызметінің алдын алу бағытындағы жұмысының маңыздылығын А.Ю. Шумилов «іс-әрекетті қылмысты деп саралау арқылы біз құқыққорғау жүйесі белгілі бір деңгейде «жұмыс істемеді», қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауға жол берді» Елеулі саяси, экономикалық және әлеуметтік зардаптарға әкеп соғатын ең қауіпті құбылыстың бірі бола отырып, қылмыстылық серпіні Қазақстанда бәсеңдеуге айналғанымен, меншікке қарсы қылмыстар саны әлі күнге азаймай келеді, оның санын азайту тетіктері қаншама ғылыми негізделген методикалар болғанымен мүмкін болмай тұр. Шешілмеген проблемалардың қатарында бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардаптарды жою немесе алдын алу тетіктерін табу да бар.

Криминология бастапқыда қылмыстылықтың алдын алу жөніндегі ғылым ретінде пайда болып дамыды. Қылмыстылықты зерттеу, қылмыскер тұлғасын зерттеу мен өзге де осы сипаттағы мәселелерді зерттеу қылмыстылықтың алдын алу шараларының алғышарты [151, с. 5].

Қылмыстылыққа қарсы бағытталған шаралар кешенін ұқсас семантикалық мағынасы бар, бірақ құқықтық мазмұны әр түрлі терминдермен атайды: «қылмыстылықпен күрес», «алдын алу», «профилактика». Яғни, терминнің нақты анықтамасы қылмыстылықпен күрестегі мәселелерді шешудегі нақтылық шарттары.

Соңғы жылдары «қылмыстылықпен күрес» термині кең қолданылып келеді. Қылмыстылықпен күрес термині бұрынғы Коммунистік партияның съездерінде де қылмыстылықты тамырымен жоюға байланысты мәлселелерді қойып, ол туралы бағдарламалар қабылданған кезде де айтылған. Бірақ, әлеуметтік қоғамдағы қылмыстылықпен күрес ол бастан ақ сәтсіздікке ұшыраған, себебі, «социализм дамыған» елде қылмыстылық бар болғаны «әлеуметтік-құқықтық тарихи өтпелі кезең» деп тұжырымдалған.

Кеңес заңгерлері «социалистік қоғамда» қылмыстылықтың негізгі түп себептері жойылып, кінәлінің жауапқа тартылуы қағидалары мен қылмыстылықпен күрестің нақты алдын алу шаралары құрылған дегенді тұжырымдайды. Кеңес қоғамындағы қылмыстылықтың болуы олардық сол кездегі бастан кешкендерімен, сондай-ақ практикалық жұмыс жетіспеушілігімен де тығыз байланысты.

В.В. Лунеев айтқандай қоғам қылмыстылықты түп тамырымен алып тастай алмайды [152, с. 3].

«Қылмыстылықпен күрес», «алдын алу», «қылмыстылық профилактикасы» деген терминдерді айтқанда ең алдымен нені ойлау керектігі туралы криминологтар түрлі пікірлерін айтқан.

А.И. Долгова қылмыстылықпен күрес әлеуметтік басқарудың бір саласы ретінде көрініс табады, яғни қылмыстылықты тудыратын себептер мен шарттарға әсер етеді деп айтқан. Қылмыстылықпен күрес сондай-ақ қылмыс жасаған тұлғаларға әсер етуді, жалпы қылмыстылыққа, оның детерминацияларына, соның ішінде қылмыстылықты жоюға бағытталған құқық қорғау органдарының қызметтеріне, кінәлілерді жауапқа тартуға бағытталған.

С.Я. Лебедев «қылмыстылықпен күрес» терминінің орнына «қылмыстылықты әлеуметтік-құқықтық бақылау» терминін қолдануды ұсынады, себебі, оның криминологиялық аспектілері дәл осы алдын алушылық бақылауда көрініс табады дегенді алға тартады. Лебедев С.Я. «Обычаи, традиции, преступность: теория, история, опыт криминологического анализа».

«Заң энциклопедиясында» қылмыстылықпен күреске «қылмыстылықтың алдын алуда, ашуда, кінәләлерді жауапқа тартуда, оларды түзетуде, қайта тәрбиелеуде т.б.шаралар бойынша құқықтық институттар байланысының жүйесі» деген түсінік берілген.

Қазіргі кездегі қылмыстылықпен күресте криминологтардың пікірі бойынша негізгі үш бағытты айтуға болады:

Жалпы күресті ұйымдастыру, қылмыстылықтың алдын алу, құқық қорғау органдарының қызметі.

Біздің көзқарасымыз бойынша «қылмыстылықпен күрес» термині тікелей криминологиялық болып табылады, сондықтан да оның сұрақтары тікелей криминологтармен шешіледі.

Криминологияның пәнін құрайтын мәселелердің қатарында қылмыстылықты зерттеу ғана емес, оның алдын алу мәселелері де бар деп қараймыз.

Қылмыстылықтың салдарымен күресуден гөрі себебімен күресу әлдеқайда тиімді. Қылмыстылықтың алдын алу құлашты кеңге сермейтін ауқымы кең шаралардың кешені. Ол тікелей қылмыстылықты ауыздықтауға бағытталған әрекеттерді де, тіпті, онымен жанама қатысты құбылыстарға да бағыттлаған шараларды қамтиды.

Қылмыстылықпен күреске, бәрінен бұрын, сол қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына мүмкіндік тудыратын себептер мен жағдайларды жою арқылы кейбір адамдардың қылмыс жасау пиғылын іске асырмау жатады. Қылмыстылықпен күрес пен алдын алу шаралары әлсіреген жағдайда елдегі қылмыстылықтың өршуі байқалады. Және керісінше қылмыстылықпен күресті күшейту олардың санының азаюына әкеп соқтырады. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша мемлекеттік Бағдарламасында соңғы уақыттары мемлекеттік деңгейде сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресті күшейту мен жалпы халықтың

сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігі мен арнайы мемлекеттік органның құрылуы аталған қылмыстылықтың деңгейін төмендетуге мүмкіндік жасағанын айтады.

Әлемдік деңгейдегі теоретик Фрэнсис Фукуяма (АҚШ) өзінің соңғы жұмыстарының бірі «Сильное государство» атты еңбегінде «...әлемдік саясатта 30 жылдам астам уақыттан бері мемлекеттілікті әлсірету тенденциясы басым болып тұр. Мемлекеттердің шексіз тәуелсіздігі мен өзге елдерден оқшау өмір сүруге талпынысы мемлекет жұмысының тиімділігінің төмендеуіне, елдегі араздыққа әкеп соқтырады» [153, с. 13]. Оны Қырғызстан елінің тәжірибесінен де көріп отырғандаймыз. Елдегі ауызбірліктің болмауы ел экономикасын тұралатып тұр. Сол сияқты Түркіменстан сияқты әлемдегі газ отынының қоры бойынша 7 орынға ие мемлекет шекарасының қарым-қатынастарға «жабық есік» күйінде болуы экономикалық жағынан дамуды тежеп отыр. Ресейдің бір ғана «Газпром» компаниясы ел экономикасына жылына 250 млрд. доллар құйып отырғанын ескерсек, Түркіменстан Республикасы сыртқы саудада өз орнын тапппай отырғандығы мемлекеттің материалдық жағдайына қаншалықты дәрежеде кері ықпал ететінін есептей беріңіз. Алайда, кейбір мемлекеттер осындай саясатты қолдана отырып өз тәуелсіздігін нығайтуға сенімді.

Кезінде «О преступлениях и наказаниях» еңбегінде Чезаре Бекария: «Жазалағаннан қылмыстың алдын алған жөн» деген еді. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» түсінігі негізінен, қылмыстылықпен күрестің криминологиялық теориясына сүйеніп қалыптасқан.

Г.А. Аванесовтың пікірінше, «қылмыстың алдын алу» түсінігі «қылмыстылықты жоюдың объективтік және субъективтік мүмкіндіктерінің тарихи қалыптасқан жүйесін, сондай-ақ осы құбылысты, оны туындататын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жиынтығын» білдіреді.

Қылмыстылықтың алдын алу дегеніміз қылмыстылықты тудыратын құбылыстарды азайтатын, шектейтін, жоятын қоғамдық процесс.

Қылмыстың алдын алу мақсатында ықпал жасалынатын объект «өте күрделі құбылыс», оған жеке адам, адамдар тобы, оларды қоршаған орта (оның ішінде тікелей қоршаған орта) және әр түрлі «заттар» факторлар, себептер мен жағдайлар, мән-жайлар, т.б. жатады.

Алдын алу объектілері жайында сөз қозғағанда, тіптен, нақты кәсіпорын, аудан, қала, қандай да бір аймақ жайында айтуға болады.

Қылмыстылықтың алдын алу сөзбе сөз алғанда адамдарды, мемлекетті, қоғамды қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғаштау [154, с. 30].

Қылмыстылықтың алдын алу бұл мемлекет пен қоғамның қылмыстылықты әлеуметтік төзімділік деңгейінде оны тудыратын себептерді жою мен жоққа шығару арқылы қылмыстылыққа қарсы бағытталған қызметі.

Қылмыстылықтың алдын алуға анықтама берсек, ол қылмыстылықтың себептерін және оған мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және жою

мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін, өзара байланыстағы әр түрлі шараларының жиынтығы.

Қылмыстылықтың алдын алу бұл мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктердің қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын бейтараптандыру немесе жою, анықтау және құқықбұзушылық жасауға бейім тұлғаларды жағымды әсер ету бойынша жекелеген азаматтардың әлеуметтік- құқықтық қызметі.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ескерту қылмыстылықпен күрестегі негізгі бағыт болып табылады. Қалай дегенде, бұл қызмет ресурстық, бірінші кезекте, жоғары деңгейдегі кәсіби мамандармен, материалдық және қаржылық құралдармен, арнайы техникамен, әлеуметтік-құқықтық қорғаумен қамтамасыз етуді талап етеді. Алдын алу жұмыстарының ең негізгі кемшілігі көп жағдайда оның формализмі болып табылады. Қағаз жүзінде бәрі де ойдағыдай болғанмен, шын мәніндегі қылмыстылық жөніндегі картина басқаша болуы мүмкін.

Қылмыстылықтың алдын алу бүкіл қоғам болып және мемлекеттік органдармен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін өзара бір бірімен байланысты шаралардың жиынтығы.

Қылмыстылықтың алдын алу - жүйені құрайды, бұл жүйеде профилактиканың объектісі, негізгі деңгейлері мен нысандары, күрес жүргізетін субъектілер бар.

Қылмыстылықтың алдын алу объектілеріне қылмыстылықтың жай-күйі мен динамикасына әсер ететін экономикалық, әлеуметтік, саяси сипаттағы факторлар, құқық нормасына сай келуі тиіс адамдардың қызметі, қылмыскердің жеке басын сипаттайтын қасиеттер кіреді.

Қылмыстылықтың алдын алу шаралары мынадай негіздер бойынша топтастырылады:

– алдын алу қызметінің әлеуметтік деңгейі;
– көлемі (жаппай қамтылуы), аумақтық көлемі;
– алдын алу обьектісіне әсер ету кезеңдері;
– бағыты, әсер етудің түрі (мазмұны);
– қолданатын субьект бойынша.

Алдын алу шаралары көлемі (жаппай қамтылуы) бойынша: жалпы, арнаулы және жеке болып бөлінеді.

Жалпы алдын алу шаралары қылмыстылықтың не оның жекелеген түрлерінің себептері мен жағдайларын анықтауға, жоюға, әлсіретуге, бейтараптандыруға бағытталған. Олар әсер ету обьектісінің (жағдайлар не тұлғалар) анықталмаған тобына жеке бағытталған. Мысалы, қаржы жүйесінің тұрақтылығы, нарықты дамыту мен бекітуге, экономикалық қатынастарды толықтай жүзеге асыуына көмектеседі.

Бұл шаралардың әсер ету механизмі барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері үшін бірдей, ол кейде өзінің тиімділігін бермей жатады.

Экономиканы дамытуға, азаматтардың материалдық және мәдени деңгейін көтеруге бағытталған экономикалық, саяси, ұйымдық сипаттағы барлық

шаралар жүйесі жалпы шараларға жатады. Қоғамды позитивтік тұрғыда дамыту, өмірдің барлық салаларын жетілдіру мен тұрақтандыру қылмыстылықтан қоғамды сауықтыруға ықпал етеді.

В.Н. Кудрявцевтің пікірінше, «ірі әлеуметтік шараларды мемлекет көлемінде жүзеге асыру жалпы сақтандырудың ең жоғарғы деңгейі болып табылады».

Қылмыстылықтың алдын алудың жалпы шараларына біздің республикамыздағы барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жатады.

А.Х. Миндагуловтың пайымдауынша: алдын алудың жалпы шараларының негізгі мақсат- тұрмысы нашар адамдарды әлеуметтік жағынан қорғау (әсіресе, баға жіберілген және нарықтық қатынас орнай бастаған кезде), халықтың табысын индексациялау, салық салу саясатын дұрыс жүргізу, халықтың еңбекпен айналысуын және оның тұрмыстық ахуалын бақылау, жұмыссыздарды еңбекке орналастыру, қоғамдық қатынастарды жетілдіру, адамдардың рухани байлығын молайту, мәдениетін, санасын көтеру, т.б. болып табылады [155, с. 34].

Ұрлау, тонау, қарақшылық, алаяқтық сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептерін жоюға тікелей бағытталған шараларды арнайы қарастыру керек. Оларға ең алдымен ұйымдастырушылық және техникалық сипаттағы шараларды жатқызуға болады:

– меншік иелерін өздерінің меншік құқықтары мен мүдделерін заңға қайшы емес тәсілдермен қолсұғушылықтардан қорғауды жүзеге асыру;

– олар көпқабатты үйлердің кіреберістерін, жертөлелерін, шатырларын техникалық қамсыздандырылған диспетчерлік қызметпен қамтамасыз ету;

– пәтерлерді күзет дабылдарымен қамсыздандыру, есіктер мен есіктің жақтауларын күшейту, темір есіктер салдыру, домофондық жүйедегі есіктерді орнату;

– шағын аудандардағы криминогендік жағдайды ескеріп, патрульдік-посттық қызметті күшейту;

– қылмыскерлерді анықтау мен дер кезінде ұстауды жүзеге асыру үшін ауладағы тұрғындардың қырағылығын арттырып, ынталандыру жұмыстарын әрдайым жалғастыру;

– мас адамдарды қылмыс құрбанына немесе қылмыскерге айналмауы үшін көшеден тез арада алып кету;

– тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;

– автокөліктерді аулаларда қараусыз қалдырмай, ақылы түрдегі автотұрақтарға қою;

– көше, аулалар мен ғимараттарды жарықтандыру мен бейнебақылау жүйесін орнату;

– елеулі емес ұсақ құқық бұзушылықтарға дер кезінде қарсы қимыл жасау және т.б.;

– заң бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту (әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы көп балалы отбасыларын, зейнеткерлерді, халықтың нашар тұратын тобын мемлекет тарапынан қорғауды

қамтамасыз ету; ең аз табысты анықтау және тұтыну мөлшерін ауық-ауық қайта қарастыру; ата-анасының қамқорынсыз қалған және жетім балалар үшін, қарт адамдар үшін мектеп жасына дейінгі балалар үйлерін, басқа да мекемелер жүйесін кеңейту; өнегелік тәрбиені, заңға баулуды жақсарту).

Бұл жалпы шаралар белгілі бір дәрежеде жалпы қылмыстылықтың деңгейін ұстап тұруға көмектеседі. Дегенмен әрбір қылмыстар тобы үшін осы шаралармен қатар арнайы шаралар да болады.

Қылмыстылықтың алдын алудың арнаулы шаралары белгілі бір тектік белгілері бойынша ерекшеленетін адамдар не жағдайлар тобының шеңберінде жүзеге асырылады, мысалы: Есірткі заттарын пайдалану, жезөкшелікпен айналысу, қаңғыбастық және т.б. байланысты қылмыс жасауға бейім тұлғаларға қатысты; Пайдақорлық қылмыс жасауға итермелейтін: мысалы, тұрғын үй не кеңсе ғимараттары үшін қауіпсіздік стандарттарының болмауымен; құжаттарды, ақшаларды, тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу мен сақтау ережелерінің бұзылуымен байланысты жағдайларға қатысты.

Арнайы алдын алу жалпы алдын алуды толықтырады, нақтылайды. Арнайы алдын алу белгілі бір салаға арнайыланған, мақсатты. Тіпті белгілі бір уақыттық немесе кеңістіктік шекарасы бар.

Мәселен, оқудан тыс уақытта балалардың бос уақытын ұйымдастыру, аз қамтылған отбасыларды қолдау т.б. Арнайы алдын алу шаралары әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Мазмұнына қарай (экономикалық, саяси, мәдени-тәрбиелік, құықытық және т.б.), әрекет ету ауқымына қарай (жалпымемлекеттік, регионалдық және т.б.), қолданылу уақытына қарай (ерте және тікелей), радикалдық дәрежесіне қарай (криминогендік құбылыстардың туындауының алдын алушы және жоятын немесе минимизациялайтын), құқықтық сипатына қарай (жалпы құқықнормасымен реттелген және арнайы заң нормасымен (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек, іс жүргізушілік және өзге де құқық салаларының нормаларымен) реттелген (әкімшілік қадағалау) арнайы алдын алу деп бөлінеді. Жіктеудің басқа негіздері де бар, алайда криминология ғылымында осы жіктеулер негізгі болып танылады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы алдын алу шаралары мынадай:

– қылмыстық топтар қызметін уақытылы тоқтату; меншікке қарсы қылмыстар арасында топ болып қылмыс істеу фактілерінің деңгейі жоғары. Дегенмен көп жағдайда жауапкершілікке топ мүшелерінің біреуі ғана тартылып жатады. Мәселен, автобуста жолаушылардың заттарын ұрлау көбінесе екі-немесе үш адамның қатысуымен орын алады;

– құқық қорғау органдары мен лауазымды тұлғалармен қаруды заңсыз сақтау, дайындау фактілерінің жолын кесу мен қаруды алып қоюды жүргізу; бұл бағытта елімізде қаруды легализациялау немесе тіркеу 2008 жылы жүргізілді, жұмыс әлі де жалғасып келеді. Нәтижесінде қару қолданып қылмыс жасау фактілерінің саны азайды;

– пайдакүнемдік және пайдакүнемдік-зорлық қылмыстарын істеуге бейім психикалық ауытқулары бар адамдарды есепке қою мен оларды емдеу; Адам

бойындағы психофизиологиялық процесстер мінез-құлықтың себептері болады және құқыққа қайшы реакциялардың негізін құрайды. Психикалық аномалиялар тек қана қасақана емес, абайсыздықпен істелетін қылмыстарға әсер етеді;

– белгілі бір аумақта, қаңғыбастардың, нашақорлардың, маскүнемдердің қылмыскер-гастролерлардың жүретін жерлерін, ұрланған мүлікті өткізетін (ломбардтар мен комиссиялық дүкендер, антиквариаттар алатын жерлер) жерлерді анықтау; маргиналдық топтарды үнемі бақылауда ұстау мен ұрланған мүлікті өткізу орындарын жүйелі тексеріп отыру қылмыстылықтың калдын алуға септігін тигізеді. Қылмыскер-гастролерлар қылмыстылығы – көші-қон процесінің есебінен қала халқының көбеюі, жаңа құрылыстарға бару, ары-бері ретсіз көшіп-қону жұмыс орнының жетіспеуіне, пәтер-үй тапшылығына, басқа да қиындықтарға әкеп соғады, ол өз кезегінде әлеуметтік шиеленіске ұшыратады, пайдақорлық-зорлық қылмыстарының көбеюіне себеп болады;

– қалта ұрлығы, пәтер ұрлығы, көше ұрлығы, автокөлік пен оның бөлшектерін ұрлауға қатысты жедел топтар мен арнайы қызметтерді ұйымдастыру (соңғы уақыттары біздегі универсалдық, соның ішінде атты және велосипедті полиция қызметкелерін де тәжірибеге енгізілуін айта аламыз); Нәтижесінде қылмыс оқиғаларының алдын алуға тек қана ішкі істер органдарының қызметкерлері, соның ішінде учаскелік полицейлер ғана емес, бұрынғы патрульдік-жол қызметкерлері де тартылып, ішкі істер органдарының полицейлері ретінде бірігіп қоғамдық құқықбұзушылықтармен күрес пен алдын алу шараларын нығайтудың құралы болды;

– қылмыстың алдын алудағы тиімді шаралардың бірі полиция мен халық жасақшыларының күзетін жақсы ұйымдастыру. Олар жаңа құрылыс жүргізіліп жатқан жерлерге, қараңғы көшелерге, теміржол бойындағы жалғыз аяқ жолдарға, қылмыс жасауға қолайлы басқа да жерлерге баса назар аударулары керек;

– бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдардың бос уақытын ұйымдастыру мен жұмысқа орналастыру, қоршаған ортаға бейімдеу жұмыстарын жүйелі әрі кешенді түрде жүргізу; Қоғамдағы үлкен мәселелердің қатарында тек қана қылмыскерлерді жазаға тартып, жазасын өтеумен ғана шектелмейді, жазасын өтеп шыққан адамдардың қоршаған ортаға тез бейімделуі, қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін жұмыстар жүргізу де шешімін табуы тиіс. Әсіресе жазасын өтеп шыққандарды жұмыспен қамсыздандыру бұл шешімнің түйінін шешуге көмектеседі. Біздің елімізде бүгінгі күні күрделі күйінде қалып келеді. Әйтпесе елдегі рецедивистер санын азайту түйінді мәселе болып қала береді;

– пайдақорлық-зорлық қылмыстарының алдын-алудың бір амалы – рецидивтік қылмыстылықпен күресті ұдайы жүргізу, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып келген адамдарға әкімшілік жолмен қадағалау туралы Ережені бұлжытпай орындау.

Пайдакүнемдік қылмыс жасаған адамдар жайында өкілетті органдар олардың жұмыс орнына және оқитын жеріне хабарлауы тиіс. Колониялардағы жұмыс сотталған адам түзелетіндей нәтиже беруге тиіс [156, с. 24].

И. Шмаров ойынша: қылмыс қайталануының алдын алу процесіне кедергі келтіретін көптеген себептердің бірі қоғамға көндігу, тұрмыс және жұмысқа орналасу мәселелері. Жазасын өтеп шыққан адамдардың әрбір үшінші-төртіншісі туысқандармен байланысын үзген, жұмысқа орналасуға, материалдық және дәрігерлік көмекке мұқтаждық көрген [157, с. 24].

Сотталғанның орнығуына және оны бақылауға алуда отбасының рөлі зор. Ұзақ уақыт сыртта болғандықтан олар отбасынан, үйінен қол үзіп қалады, дейді И.И. Карпец, бірақ бұл пікірмен келісуге болмайды.

Э.Х. Нарбутаев жүргізілген зерттеулерге қарағанда, үкім заңды күшіне енген кезден бастап сотталған адам жазасын өтеп шыққанға дейінгі аралықта олардың 35% (көбісі жергілікті ұлт өкілдері емес) отбасын жоғалтқан, ал босанып шыққаннан кейін 73% өздерінің туыстарымен қарым-қатынасты үзген және бұрын өздерінің туыстарымен бірге тұрған салтбасты адамдардың соншасы да өз байланыстарын үзген [158, с. 24].

Ю. Блувштейн мен К. Лапинскастың пікірінше, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып шыққан адамдардың қалыпты өмір жолына түсуі мына үш факторға байланысты: а) түзету мекемесіндегі тәрбиенің нәтижелілігіне; б) босанғаннан кейінгі әлеуметтік бақылаудың деңгейіне, в) босанғаннан кейін қандай ортаға келіп түскеніне [159, с. 32-33].

– меншікке қарсы қылмыс жасаудың тәсілдері мен жолдарын тұрғындар арасында түсіндіріп, қандай жағдайлардан сақтандыру керектігін айтып ақпараттық жұмыстар жүргізу; Мәселен, автокөліктерді ақылы немесе ақысыз тұрақтарға түнгі мезгілде қою арқылы автокөлік қылмыстарының ұрлануының алдын алуға болады. Немесе өз иелігіндегі мүлікті бөтенге сеніп тапсырмай өз иелігінен шығармау арқылы ҚР қолданыстағы ҚК 189-бабында көзделген қылмыстың орын алуына жол бермейді;

– тәрбиелік шараларды ұйымдастыру. қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларға (жұмыссыздар мен оқу оқымайтын) және психикасы тұрақтанбаған деп есептелетін кәмелетке толмағандарға болашақта қылмыс істеп қылмыскер атанбауы үшін қандай әрекеттерден бойын алшақ ұстау керектігін түсіндіріп тәрбиелік шараларды ұйымдастырып отыру;

– заңда көзделген жағдайларда әкімшілік қадағалау жүргізу. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жартысынан астамы түнгі уақыттарда, 25-30 пайызы жұмыс уақытында істелетіндіктен, әкімшілік уақыт белгілеу арқылы қылмыстық құқық бұзушылықтардың істелуінің санын біршама азайтуға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар әкімшілік қадағалау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет.

Әкімшіліктік қадағалауға алынуы тиісті адамдардың барлығының бірдей есепке алынып тіркелмеуі, ал есепке алынып, тіркелген адамдарға тиісті бақылаудың ұдайы жасалынбауы.

Жазасын өтеп келген адамдардың 12% – әкімшіліктік қадағалау бір ай ішінде, 55% – екінші айда, 20% – үшінші, 12% – төртінші, бесінші, алтыншы айларда, 1% – алты айдан кейін белгіленген.

Бөтеннің мүлкін жымқырудың алдын алудың арнайы шараларымен қатар жеке алдын алу шаралары да өз тиімділігін береді.

Жеке алдын алу шаралары жекелеген тұлғаларға қатысты жалпы әлеуметтік және арнайы алдын алу шараларының нақтылануын көрсетеді. Ол төмендегілерге бағытталған:

– нақты жеке тұлғаның қоғамға қайшы бағыты мен қоғамдық қауіпті мінез-құлықтың қалыптасуына әкелетін жағымсыз әсер етулерді жоюға;

– қылмыстық жолға әкелетін әлеуметтік жағымсыз мінез-құлықты өзгерту, және жеке тұлғаның бағыты мен қасиеттерін түзетуге;

– дайындалып жатқан қылмыстарды алдын алу бойынша кейінге қалдыруға болмайтын шараларды қолдану, оны жасау әрекеттерін болдырмау.

Пайдакүнемдік немесе пайдакүнемдік-зорлық қылмыстарының жекелеген түрлерінің алдын алудың жеке шаралары қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұрлық, тонау, алаяқтық, қарақшылық, қорқытып алушылық секілді түрлерінің алдын алуға тікелей бағытталған шараларды білдіреді.

Пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты жеке сипаттағы алдын алу шараларына мыналар жатады:

– қоғамның және шаруашылық пен экономикалық қызметтің криминализациялануын жоққа шығаратын экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау;

– өндірістік және қаржылық институттарды криминалдық құрылымдардың басып алуы;

– қаржылық және шаруашылық мәселелер бойынша экономикалық қауіпсіздік тұрғысында сараптама жүргізу;

– осы мақсатта заңнамаларды да құқықтық, антикоррупциялық және криминологиялық сараптамалардан өткізу.

Ресейлік криминолог Миньковский Г.М. жалпы, арнаулы және жеке алдын алу криминогендік детерминанттардың пайда болу кезеңдеріне жеке тұлғаның дамуы және алдын алу жұмысының басталуына байланысты обьектіге әсер етудің жеті кезеңін атап өткен:

– криминогендік жағдайларды анықтау мен жоюдан тұратын әлеуметтік қорғау түріндегі ерте алдын алу;

– әлеуметтік қорғау мен әсер ету түріндегі ерте алдын алу, егер өмірдегі жағымсыз жағдайлардың кері әсері нақты тұлғалар мен топтардың бұрмаланып әлеуметтік жағымсыз мінез-құлыққа әкелген болса;

– тікелей алдын алу, егер адамдардың (топтардың) әлеуметтік жағымсыз мінез-құлығы жүйелі түрде құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға айналса;

– қылмыс жасаудың тікелей қауіптілігінің алдын алу;

– қылмыс жасауға дайындалу не дайындалу кезеңінде жолын кесу, басталған қылмыстың жалғасу немесе аяғына дейін жеткізуі, сондай-ақ

қылмыстық қызметке одан әрі жағдай жасауды болдырмауға бағытталған шараларды қамтиды;

– жасалған қылмыстар фактілері бойынша алдын алудың іс жүргізушілік шаралары, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық сақтандыру мақсатын жүзеге асыру шаралары.

Жазаны өтеу және оны өтеп шыққаннан кейінгі қайта әлеуметтену кезеңінде қылмыс рецидивтің алдын алу, пенитенциарлық және постпенитенциарлық сипаттағы жағымсыз жағдайларды жою және бейтараптандыруды қамтиды.

Пайдақорлық қылмыстылығының алдын алудың стратегиясы жалпы қылмыстық пайдақорлық қылмыстылықтың себептілік кешенін құрайтын құбылыстарды локализациялаудан тұрады.

Жоғарыда көрсетілген көлеміне қарай бөлінген жалпы, арнайы және жеке алдын алу шараларының нақты сипатына қарай алдын алу шараларын төрт топқа бөлуімізге болады. Олар: ұйымдастырушылық, техникалық, арнаулы, әлеуметтік шаралар болып бөлінеді.

Қылмыстылықтың алдын-алудың ұйымдастырушылық шараларының қатарына:

– пайдақорлық қылмыстылығының деңгейі, құрылымы, динамикасы туралы мәліметтерді зерттеу және талдау;

– криминологиялық бағдарлама;

– жекелеген аумақтар мен обьектілерді алдын ала тексеру сияқты шаралар жатады.

Мысалы 2015 жылы жасалынған «ұрлық» бойынша - 18,5%, «ұсақ-түйек жымқыру» бойынша 25,2%, «сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» бойынша – 7,4%, «алаяқтық» бойынша – 15,6%, «тонау» бойынша – 20,6%, «қарақшылық» бойынша – 23,7%, «ерекше құнды заттарды жымқыруға салу» бойынша – 28,5% әйелдер жасаған. Ал 2015 жылы жасалған меншікке қарсы барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жәбірленушілерінің ішінде әйелдердің үлесі – 51% [6].

Яғни осындай жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін шараларда әйелдердің үлесін, оладың құқық бұзушылық түріне икемділігін, оларға әсер ету методикасын, олардың әлеуметтік мәселелерін терең зерттеген жөн.

Техникалық шараларға келетін болсақ, оған біріншіден тұрғын үй жайларға, зат сақтайтын қоймаларға, кіреберістеге, техникалық құралдардың көмегімен бақылау ұйымдастыруды жүзеге асыру қажет. Бұған қоса автокөліктерге сигнализациялар орнату сияқты шаралар қарастырылуы керек.

2015 жылғы мәлеметтер бойынша жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар, оның ішінде «ұрлық» - 16,1%, «ұсақ-түйек жымқыру» - 11,2%, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» - 4,1%, «алаяқтықтың» - 4%, «тонаудың» - 57,5%, «қарақшылықтың» - 22,7% - көше, скверлерде жасалынған. Ал, 34,5% «ұрлық», 28% «ұсақ-түйек жымқыру», 9,7% «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-

таражға салу», 6,5% «алаяқтық», 74% «тонау», 41,4% «қарақшылық» - қоғамдық орындарда жасалынған [6].

Сондықтан, осы орындарда азаматтардың бет келбеті арқылы олардың жеке тұлғасын дереу анықтап беретін сапалы биометриялық бейне камералардың, дыбыс құралдарының орнатылуы, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік қызметтерінің заман талаптарына сай жасақталуы жымқырудың алдын-алуға үлкен әсер ететіні сөзсіз деп ойлаймыз.

Сонымен қатар,осы шараға шағын аудандардың криминологиялық ерекшелігіне орай құқық қорғау органдарынан барлаушылық қызметін ұйымдастыруды жатқызуға болады:

– көшеде ішімдік ішіп жүрген мас азаматтарды уақытында алып кету қажет, себебі олардың қылмыскер не жәбірленуші болуға мүмкіндігі жоғары;

– көше, аула және ғимараттар жарықтандырылуы тиіс;

– ұсақ құқық бұзушылыққа дереу назар аударып, оны құқық қорғау органдары тарапынан жоюға бағытталуы керек;

– қаңғыбастар, нашақорлар жинақталуға лайық орындарды жиі тексеріп рейдтер жүргізілуінің ұйымдастырылуын қарастыру қажет;

– адамдардың сана сезімін жақсылыққа бағыттау жолында бас бостандығынан айыру орнынан келген тұлғаларды жұмысқа орналастырып, заңда көзделген ретте әкімшілік қадағалау жүргізілуі тиіс.

Арнаулы шараларға төмендегілер жатады:

– қоғам мен барлық шаруашылық және қаржылық қызмет салаларының криминализациялануын жоятын экономикалық және құқықтық жағдайларды жасау;

– экономикалық қауіпсіздік жағынан қарағанда қаржылық және шаруашылық мәселелер бойынша қабылданатын шешімдерді саралау;

– ерекше құндылығы бар заттарды ұрлаудың барлық түрлерін алдын алу бойынша жедел-іздестіру шараларының кешенін жүргізу;

– «Заңдағы ұрлардың» қызметін, қылмыстық топтардың көшбасшылары мен белсенді қатысушыларын анықтау мен жолын кесу бойынша операциялар өткізу арқылы ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы тұру;

– ұйымдасқан қылмыстық топтардың және мұнай, газ, сирек кездесетін не түсті металдарды өндіру мен қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардағы сыбайлас лауазымды тұлғалардың криминогендік қызметтеріне қарсы тұратын шараларды дайындау.

2015 жылы жасалынған жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың, оның ішінде «ұрлық» - 57, «ұсақ-түйек жымқыру» - 15, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» - 236, «алаяқтық» - 215, «тонау» - 15, «қарақшылық» - 2 мемлекеттік қызметкерлер жасаған [6]. Сондықтан осы жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін, ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерді жұмысқа алу барысында оларды дұрыс тексеру (арнайы органдармен, өтірік айту детекторымен, психологиялық анкеталарымен т.б.). Сонымен қызметкерлердің материалдық жауапкершілігін күшейту және оны

қадағалау немесе тіркеу бойынша бухгалтерлік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру. Сонымен қатар, болашақта мемлекеттік қызметке орналасу құқығын шектеу қажет деп ойлаймыз.

Оған қоса 2015 жымқырумен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауда Республикамыздың құқық қорғау органдары, сот және басқа да билік өкілдері тыс қалмаған. Мысалы: ІІМ қызметкерлері 92 жымқыру жасаған (13 ұрлық, 5 сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 68 алаяқтық, 5 тонау, 1қарақшылық), ҰҚК қызметкерлері 9 жымқыру (5 сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 4 алаяқтық), Кеден қызметкерлері 1 жымқыру (алаяқтық), Қылмыстық атқару жүйесі органдарының қызметкерлері 6 жымқыру (1 сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 5 алаяқтық), Судья 1 жымқыру (алаяқтық), әкімдер 1 жымқыру (алаяқтық), сот орындаушылары 1 жымқыру (алаяқтық), салық органдарының қызметкері 1 жымқыру (алаяқтық), ІІМ Ұлттық Гвардиясында қызмететушілермен 8 жымқыру (1 сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иеленіп алу немесе талан-таражға салу, 5 алаяқтық, 2 тонау), ҰҚК Шекара қызметкерлерімен 7 жымқыру жасалған (4 сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иеленіп алу немесе талан-таражға салу, 3 алаяқтық) [6].

Жеке секторға тоқталсақ, 2015 жылы жеке кәсіпкерлермен «ұрлық» - 64, «ұсақ-түйек жымқыру» - 7, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» - 33, «алаяқтық» - 143, «тонау» - 7, «қарақшылық» - 1 жасалынған [6]. Бұл жерде саны жанынан көп, мысалы «алаяқтық» жасаған жеке кәсіпкелерге де қатысты, қосымша жаза түрінде болашақ жеке кәсіпкер статусын алу құқығынан айыру тиімді деп санаймыз.

Оқу орындарындағы жасалынатын жымқыруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтайтын болсақ, 2015 жылы жоғары оқу орындарында - 131 - «ұрлық», 23 - «ұсақ-түйек жымқыру», 1 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 19 - «алаяқтық», 24 - «тонау», 7 - «қарақшылық» жасалынған.

2015 жылы колледждерде 576 - «ұрлық», 55 - «ұсақ-түйек жымқыру», 2 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 44 - «алаяқтық», 252 - «тонау», 19 - «қарақшылық» жасалынған.

2015 жылы мектеп оқушылары 678 - «ұрлық», 21 - «ұсақ-түйек жымқыру», 21 - «алаяқтықтың», 124 - «тонау», 8 - «қарақшылық» жасаған [6].

Бұл көрсеткіштер оқу орындарындағы ең алдымен жастардың тәрбие мәселесін оналтуды талап етеді, яғни заман талабына сай тәсілдер арқылы құқық бұзушылықты жасаудың қатерін, жаңа нысандағы жастар клубын құрылуын, оқытушылар мен тәрбиешілердің жүйелі тәлімдемеден өтуін ұйымдастыру, ата-аналар жиналысының жиі өткізілуін қамтамасыз ету, білім беру барсындағы талаптарды күшейту, жастардың өзін-өзі жетілдіру курстарын ашу, отансүйгіштік, қайрымдылық қасиеттеттерін жетілдіру. Спорттық үйірмелерді ашып, жастарға салауатты өмір салтын насихаттау. Сонымен қатар

оқу орындарындағы бейне бақылау т.б. қауіпсіздік қызметтерін дұрыс ұйымдастыру.

Әлеуметтік шаралар:

– құқық қорғау органдарының қызметі, халықтың өзін-өзі қорғауы туралы құқықтық насихат жүргізу;

– жетімдер үйі мен әлеуметтік-оңалту мекемелерінің материалдық базасын, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың тұрғын үй және тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша шараларды жасау;

– жасөспірімдер мен жастардың, үйсіздер мен жұмыссыздардың, қашқындар мен амалсыз орын тепкендер, қаңғыбастар, бұрын сотталған және тұрақты табысы жоқ өзге де тұлғалардың әлеуметтік қорғалуы мен жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету шараларын әзірлеу мен жүзеге асыру;

– қаңғыбастықтар мен қайыршылықпен айналысатындарды оңалтатын орталықтарды құру;

белгілі бір тұрғылықты жері мен жұмыссыз қалған тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсететін мекемелер жүйесін дамыту шараларын жүзеге асыру және т.б.

Мысалы 2015 жылы «ұрлық» – 34262, «ұсақ-түйек жымқыру» - 6446, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» - 859, «алаяқтық» - 6492, «тонау» - 4800, «қарақшылық» - 692 жасаған адам - жұмыссыздар [6]. Яғни, бір аймақтағы немесе мемлекеттегі жұмыссыздық мәселесін шешу жоғарыда көрсетілген жымқырумен байланысты қылымыстық құқық бұзушылықтардың, әсіресе ұрлықтың алдын алуға және оның санын азайтуға үлкен әсер ететінін мойындау керек.

Шынымен де, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар арасында жұмыссыздық факторы қылмыстық құқық бұзушылық істеудің басты себебінің бірі болуы мүмкін. Өйткені адам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бөтеннің мүлкін жымқыруы, жасырын немесе ашық түрде ұрлауы әбден мүмкін.

Оны Оңтүстік Корея елінің қылмыстылық бойынша мәліметтері беріп отыр. Ол елде мемлекет тарапынан азаматтарын қолдау нәтижесінде халықтың 90 пайызы жұмыспен қамтылған, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлес салмағы жалпы қылмыстылық ішінде бар болғаны 35 пайызды құрап отыр [160, с. 8].

Сонымен қатар, «Жұмыссыздар мен тұрақты түрде табысы жоқ адамдар арасындағы қылмыстылықтың заманауи тенденцияларын анықтағанда олардың қылмыстылығының пайдакүнемдік-күштеу сипатын айту қажет. Бірінші орынға ұрлық, тонау, алаяқтық, қорқытып алушылық, бандитизм, кісі өлтіру мен есірткі заттары мен қарудың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар шығады» деп көрсетеді И.А. Неупокоева [161, с. 85].

АҚШ ғалымдары R.W. Gillespie, R.B. Freeman, S.K. Long және A.D. White өздерінің зерттеу жұмыстарында жұмыссыздық пен меншікке қарсы қылмыстылықтың ара-қатынасын терең зерттеп, олардың ара-қатынасының тығыздығына көздерін жеткізбеді.

АҚШ-тың басқа криминологтары Э. Аллан және Д. Стеффенсмейер бұл

байланысты қылмыскердің жасы, меншікке қарсы қылмыстың түрі және жұмыссыздық деңгейінің көрсеткішіне сәйкес қарстыру керек деп тұжырымдайды. Бұл көзқарасты 14-17 жастағы жұмыссыз азаматтар ғана меншікке қарсы қылмыс жасауға талпыныста болады, ал 18-24 жастағы азаматтардың меншікке қарсы қылмыс жасауы жұмыссыздықпен байланысты емес деп S. Baron, T. Hartnagel, C. Britt қолдайды. Ал, G. LaFree: тек жұмыссыздық ақ нәсілді азаматтардың қылмысқа баруына тән, қара нәсілділердің қылмыс жасауы жұмыссыздықпен байланысты емес дейді. Д. Кантора мен К. Ланда керісінше жұмыссыздық меншікке қарсы қылмыстардың азайуына әсер етеді. Жұмыссыз азаматтың ұзақ уақыт үйінде отыруы қылмыскерлердің оның меншігіне қарсы қылмыс жасау қаупін төмендетеді, сонымен қатар жұмыссыздық өндіріс пен тұтынушылықтың тоқтауына әкеліп, мүліктің құны жойылып, қылмыскерлерді аз қызықтырады деп ойын түйіндейді [162].

Енді жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың білім деңгейіне үңілетін болсақ, 2015 жоғары білімді азаматтардың 1301 – «ұрлық», 222 - «ұсақ-түйек жымқыру», 620 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 1917- «алаяқтық», 172 - «тонау», 29 – «қарақшылық» жасаған. Ал орта және арнаулы білім иелерінің үлесі бұған қарағанда артық, мысалы: «ұрлық» бойынша 26.5 есе үлкен – 34567, «ұсақ-түйек жымқыру» бойынша 31,5 есе үлкен – 6992, «сеніп таспсырылған бөтеннің мүлкін иемдену немес талан таражға салу» бойынша 2 еседей – 1124, «алаяқтық» бойынша 2,3 есе үлкен – 5682, «тонау» бойынша 29 есе – 4897, «қарақшылық» бойынша 24 есе үлкен – 689 адам [6]. Яғни, жоғары көрсетілгендей тек жұмыссыздық мәселесін ғана емес оған қоса жоғары білім беру жүйесін жақсартып, талапкерлердің жоғары білім алуына жағдай жасау жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар олардың тегін түрде қысқа мерзімдегі арнаулы онлайн курстардан өтіп, онлайн емтихан тапсырып, онлайн элетрондық мөрге ие сертификаттарын алып жұмысқа тұруына байланысты шараларды ұйымдастыру тиімді нәтиже беретіні сөзсіз.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алудың мақсаты - қылмыстылықтың деңгейін төмендетуге келіп саяды. Ол үшін меншікті қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Неғұрлым тиімді алдын алу шараларының қатарында жәбірленушілердің құрбандық мінез құлқының профилактикасы да бар. Бұл бағытттың мәні мынада, қажетті профилактикалық шараларды тек қана потенциалды құқық бұзушылармен ғана емес, потенциалды жәбірленушілермен де өмір сүру қалыбы, отбасылық жағдайы мен айналысатын кәсібіне қарай қылмыстық қол сұғушылықтардың құрбаны болуы мүмкін адамдармен де жұмыс істеудің қажеттілігін түсіндіруде. Мұндағы міндет, жәбірленушілердің өздерімен қалыптастырылатын криминогендік жағдайлардың санын барынша қысқартуға келіп саяды.

2015 жылы жымқырудан жәбірленуші мүгедектер саны - 93, оладың ішінде, 67 - «ұрлық», 9 - «ұсақ-түйек жымқыру», 1 - «сеніп тапсырылған бөтен

мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 6 - «алаяқтықтың», 9 - «тонау», 1 - «қарақшылық» жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтардан.

2015 жылдағы жәбірленуші шет ел азаматтарының саны - 253. Оның ішінде 173 - «ұрлық», 8 - «ұсақ-түйек жымқыру», 12 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 21 - «алаяқтықтың», 21 - «тонау», 5 - «қарақшылық» жасалуынан.

Сол жылдағы жымқырудан зардап келтірілген 11 жасқа дейінгі жәбірленушілердің саны -75. Оның ішінде 40 - «ұрлық», 6- «алаяқтықтың», 27 - «тонау», 2 - «қарақшылық» жасалынғаннан; 12-13 жас аралығындағылар – 31. Оның ішінде 14 - «ұрлық», 1 - «алаяқтықтың», 17 - «тонау» жасалынғаннан; 14-15 жас аралығындағылар – 132. Оның ішінде 42 - «ұрлық», 11 - «алаяқтықтың», 77 - «тонау», 2 - «қарақшылық» нәтижесінде; 16-17 жастағылар – 339. Оның ішінде 138 - «ұрлық», 6 - «ұсақ-түйек жымқыру», 32 - «алаяқтықтың», 152 - «тонау», 11 - «қарақшылық» нәтижесінде; 18-20 жас аралығындағылар – 4154. Оның ішінде 3142 - «ұрлық», 148 - «ұсақ-түйек жымқыру», 11 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 411 - «алаяқтықтың», 416 - «тонау», 26 - «қарақшылық» нәтижесінен; 21-29 жастағылар – 22560. Оның ішінде 17018 - «ұрлық», 1124 - «ұсақ-түйек жымқыру», 141 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 2784 - «алаяқтықтың», 1363 - «тонау», 130 - «қарақшылық» нәтижесінен. 30-39 жастағылар – 25879. Оның ішінде 19608 - «ұрлық», 1573 - «ұсақ-түйек жымқыру», 251 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 2980 - «алаяқтықтың», 1372 - «тонау», 95 - «қарақшылық» нәтижесінен; 40-49 жастағылар – 20137. Оның ішінде 15269 - «ұрлық», 1342 - «ұсақ-түйек жымқыру», 283 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 2289 - «алаяқтықтың», 851 - «тонау», 103 - «қарақшылық» нәтижесінен; 50-59 жастағылар – 15661. Оның ішінде 11765 - «ұрлық», 1223 - «ұсақ-түйек жымқыру», 250 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 1715 - «алаяқтықтың», 629 - «тонау», 79 - «қарақшылық» нәтижесінен; 60 жастан жоғары – 10256. Оның 7494- «ұрлық», 916 - «ұсақ-түйек жымқыру», 170 - «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 1125- «алаяқтықтың», 479 - «тонау», 70 - «қарақшылық», 2 – ерекше құнды заттарды жымқыруға салу нәтижесінде [6].

Яғни, бұл мәлеметтерден жымқырудан жәбірленушілердің ең көбі (26%) – 30-39 жастағылар, әріқарай (22,7%) – 21-29 жастағылар, (20,3%) 40-49 жастағылар, (15,8%) 50-59 жастағылар, (10,3%) 60 жастан жоғары жастағылар, (4,2%) 18-20 жастағылар, (0,3%) 16-17 жастағылар, (0,07%) 11жастағылар, (0,03%) 12-13 жастағылар екенін байқаймыз.

Виктимологиялық әдебиеттерде айтылғандай, мүмкін болатын құрбандарға әсер ету шаралары зерттеуден тысқары қалатын, тек қана потенциалдық құқық бұзушыларға бағытталған дәстүрлік профилактиканы өзгерту қажет. Мұнда құқық қорғау органдарының қызметін ең алдымен

қылмыс құрбандарының (нақты және потенциалды) құқықтары мен мүдделерін қорғауға қарай қайта бағыттау жөнінде болуы керек.

Қылмыстылықпен күрес бойынша мемлекеттік саясат қылмыс құрбандары факторына баса көңіл бөлуі тиіс. Көптеген жылдар бойы біздің елімізде құқық қорғау органы қылмыстық заңның репрессиялық қызметіне арналды, негізінен жеке тұлғаның мүддесіне емес, мемлекет пен қоғам мүддесін қорғауға бағытталды. Қылмыскердің фигурасы бірінші орында болып, қылмыс жәбірленушілері көлеңкеде қалып қойды. Бүгінде қылмыстық юстиция басымдықтарының жүйесінде жеке тұлғаның құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағыттағандықтан, тек қана қылмыскерлер емес, олардың құрбандары да зерттеуден тыс қалмайды.

Мұнда айта кететін жай, осы виктимділік түсінігін және виктимологиялық профилактиканы дамытуда Н.К. Котованың еңбегі зор. Біз Н.К. Котованың «виктимділік ол способность емес, ол қылмыстылық жағдайына тәуелділігін және объективтік сипатын ескере отырып, әрбір индивидтің қылмыстық жәбірі болудағы потенциалды мүмкіншілігін айтамыз» деген пікірімен келісеміз [163, с. 9].

Біз жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтарының виктимологиялық профилактикасына әсер ететін келесідей кешендік шараларды ұсынамыз:

Біріншіден, жымқыру қылмыстарынан және жалпы қылмыстылықтан жапа шеккен адамдардың есебін жүргізіп, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың профилактикасында міндетті түрде ескерілуі қажет.

Екіншіден, жымқыру қылмыстарынан жапа шеккендердің жасына, кәсібіне, мінезіне, әдеттеріне қарамастан жымқыру қылмыстарын істеушілермен қарым-қатынас профилактикалық жұмысты талап етеді: жымқыру қылмыстарының жәбірленушілерімен ақпараттық-анықтамалық, тәрбиелік-түсіндірушілік, қажет болса психологиялық қызмет жүргізу т.б. Сондай-ақ Н.К. Котованың айтқанын да ескерген жөн, «мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардың мотивациясына жәбірленушілердің жеке қасиеттерінен гөрі оның материалдық жағдайы, мүлкінің болуы т.б. жағдайлармен қамсыздандырған нәтижелі болмақ. Сонымен қатар жәбірленушінің абайсыздық, сенгіштік сияқты жеке қасиеттері да қылмыстық ниет туғызу мүмкіндігі жоғары болғандықтан осы бағытта да жұмыстар жасау керек [164, с. 4-5].

Қылмыстылықтың деңгейін төмендетуге белгілі бір дәрежеде қылмыстық заңмен көзделген жауаптылық пен жаза мәселесі де ықпалын тигізеді деп есептейтін көзқарасты құптауға болады.

Солардың ішінде Ү.С. Жекебаев «Қылмыстылықпен күресудің бір құралы жаза болып табылады. Қылмыстық құқықтық әдебиеттерде жаза мәселесіне жеткілікті көңіл аударылуда: оның мағынасы мен қызметі, жаза тағайындаудың жалпы бастамасы және жаза түрлерін қолданудың ережелері қарастырылуда, қылмыстық құқықтық мәжбүрлеу тиімділігінің мәселелері белсенді түрде зерттелуде. Бірақ қылмыстық жазаның жалпы және арнайы алдын алу ретінде

қолданылуының шегі мен мүмкіндіктері жеткілікті түсінікті болмай қалып бара жатыр» деген болатын [159, с. 162].

Қылмыстылықтың алдын алу идеясының мемлекеттің жазалау идеясынан басымдығы жайлы сонау б.э.д. IV ғасырға тиесілі. Платон қоғамда адамдарды қылмыс жасаудан бас тартқызатын заңнама қолданылуы керек деген болатын. Бұл ой өзінің құқықтық реттелуін классикалық қылмыстық құқықта XVIII ғасырда тапты. Олар қылмыстылықпен күрестің саясатының негізіне алынды. Мәселен, Чезаре Беккариа өзінің «О преступлениях» (1764) атты еңбегінде қылмыстылықтың алдын алуда жазаның қаталдығына емес, оның әділ және жауаптылықтан құтылмайтындығына негізделуі қажеттігін бекітті.

Сондықтан профессор У.С. Джекебаевтың қылмыстық жазаны қылмыстылықтың алдын алудағы құралдардың бірі ретінде қарағаны құптарлық. Жазамен қорқыту арқылы қаншама адамның қылмыс жасауының алдын алуға болады [165].

Азаматтардың мүліктік қылмыс жасауынанан бас тартуға әсер ететін себептерді зерттегенде сотталғандар дәл осы жазадан қорқу негізінде қылмыс істегендердің 43 пайызы бас тартар едім деп жауап берген екен [166, с. 203].

Қазақстандық ғалым Н.О. Дулатбеков «Жазаның негізгі қағидаларының бірі оның қауіпті қоғамдық әрекетке сай болуы болып табылады. Жаза мөлшерден тыс немесе жеткіліксіз болмауы тиіс, басқаша жағдайда қылмыс жасаған тұлғаға ықпал етуде тиімді құрал болып шықпайды. Жазаның жеткіліктілігі дәрежесі оның таңданылған тәсілі, қолданылған шарасымен анықталады. Соңғысын қазақстандық заң шығарушылар Қылмыстық кодекс баптарының құрылымында ескерген және оның мөлшері (жоғары және төмен) анықталған»,-деп қазіргі қылмыстық заңдағы жекелеген қылмыс түрлеріне жаза көрсету бағытын сипаттайды [120, с. 168].

Жазаның тиімділігі жөнінде И.М. Гальперин былай дейді: «Жазаның тиімділігі- жаза заңды, негізделген және әділетті болса да жазаны атқару органдарының қызметіндегі кемшіліктер есебінен төмендеуі мүмкін. Бұған керісінше жазаны атқару өз дәрежесінде болғанда да, бірақ сот тиісті жазаның түрі мен мерзімін жауапкершілікті жекешелендіру туралы заң талаптарын ескермей жаза тағайындаса да төмендейді» [167, с. 152].

Мүліктік зардап келтірумен сипатталатын меншікке, экономикалық қызметке қарсы бағытталған және пайдақорлық ниетпен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін мүліктік тұрғыдан жазалау шараларын қолданған тиімді. Негізінде мүліктік тұрғыдан жазалауды білдіретін айыппұл, тұзеу жұмыстары, мүлкін тәркілеу сияқты жауапкершілік түрлері де қолданыстағы қылмыстық заңның баптарында пайдақорлық ниетпен жасалатын қылмыстарда басымырақ кездеседі. Мұндай жазаны қолданудың мағынасы, егер адам заңсыз әрекеттер жасау арқылы пайда тапқысы, байығысы келсе, онда оны осы тараптан материалдық тұрғыдан жазалау дұрыс және мүліктік сипаттағы жазаны қолдану арқылы оның бұрын қылмысты жолмен тапқан қаражаттарын қоғамға қайтару көзделеді. Сондықтан құқықтық саясаттың осы бағыты қолданыстағы қылмыстық заңда қазірде де бар, тек экономикалық қызметпен

байланысты қылмыстар көбінесе пайдақорлық ниетпен жасалатындықтан мұндай жазалауды арттыру керек деген түсінік шығады және заңның мұндай бағытына біз де қосыламыз. Егер шет елдердің жаза қолдану практикасын назарға алсақ, Жапония, Ұлыбритания, Франция сияқты елдерде барлық жазалардың ішінен айыппұл жазасы 70-90% аралығында қолданылады екен [168, с. 38-42].

Біздің ойымызша ҚР ҚК Ерекше бөліміндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарға жазаның түрін белгілеу саясатында алдымен осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың зиян келтіру бағытын, сипатын ескеру жатыр. Заң нормаларында белгіленген жазаның тиімділігінің мұндай жағдайдағы көрсеткіші, олқылмыскердің қоғамға қауіпті ойының бағытына қарай осы салаға сәйкес келетін қарсы шараның түрін белгілеу болып табылуы керек. Мұндай жаза белгілеу саясаты қазіргі қылмыстық заң Ерекше бөлімінің баптарында негізінен сақталған. Мысалы ұрлық қылмыстық құқық бұзушылығы адамның меншігіне бағытталған және оның себебі кінәлі адамда пайдақорлық ниеттің орын алуы болып табылады. Сондықтан мұндай пайдақорлықпен және меншікке зиян келтірумен сипатталатын қылмыстар үшін алдымен мүлікті тәркілеу, айыппұл жазалары тиімділік көрсетуі мүмкін, сонымен қатар заң шығарушы қоғамдық жұмыстар, түзеу жұмыстары, бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазаларын көрсеткен.

Қылмыстылық детерминациясының 3 деңгейін қарастырамыз:

1) жалпы-әлеуметтік деңгей. Бұл деңгейде қылмыстылық детерминациясы жаһандық сипатта: жоғарыда аталған криминалдық себептілік факторлары жиынтығында, өзара ықпалдастығында қылмыстылықты қалыптастыратын себептер мен шарттардың кешенін құрайды;

2) әлеуметтік-топтық деңгей. Бұл деңгейде криминалдық мінез-құлық микроортадағы криминогендік сарапануына әсер етеді, топтардың криминалдық өмір сүруіне, ауытқымалы және маригиналды мінез-құлқымен және топаралық, топішілік қатынастар мен нормаларға сәйкес өмір сүреді. Қылмыстық субмәдениет бұл микроптарды өзіне «сіңіріп» алады, олар қылмысты заңдылықпен, ситуативті немесе кездейсоқ қарайды, ол криминалдық немесе девианттық мінез-құлық нормасымен байланыс сарапануына байланысты қылмыс жасайды;

3) жеке, индивидуалды деңгей. Аталған деңгейдегі негізгі детерминациялық фактор болып тұлғааралық байланыс алынады. Белсенді субъект өзі меңгерген криминалдық әдет-ғұрыпты, мінез-құлық нормаларын, құндылықтар мен бағдарларды береді, ол болса осы сияқты қатынастардың ықпалына байланысты қылмыс жасайды.

Жоғарыда аталған қылмыстылық детерминацияларымен тікелей байланысты болып табылатын қылмыстылықтың алдын алудың негізгі төрт бағытына көшейік.

Жалпы-әлеуметтік бағыттағы қылмыстылықтың алдын алудың шаралары ретінде түгел қоғамды қамтитын, жалпы сипаттағы шараларды айтуға болады,

яғни, мұндай шаралар түгел адамзатты қамтуы керек, мысалы, терроризмге және экстремизмге қарсы күрестегі халықаралық бірлестікті айтуға болады.

Сондай-ақ осындай шаралардың қатарына жалпы қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарының, жаппай акциялардың, көмегімен жүзеге асырылатын саяси, экономикалық, құқықтық, идеологиялық, моральді-адамгершілік, мәдени, тәрбиелік сипаттағы жалпы әлеуметтік шараларды жатқызуға болады.

Арнайы-криминологиялық бағыттағы алдын-алу шарасының субъектісі болып құқық қорғау органдары табылады, ал объектісі-қоғамның криминалды және криминогенді топтарын жатқызамыз, мақсаты-осылардың әрекеттерімен қылмыстылықтың алдын алу.

Бұл шаралардың ерекшелігі болып сәйкестелген материалды-техникалық инфрақұрылымды, кәсіби білім мен танымды, қылмыстылық пен қылмыскерлердің әрдайымғы моноторингін, болжамдар мен жедел-тактикалық әрекеттерді талап ететін арнайы сипаты табылады.

Мұндай шараларға келесілерді жатқызуға болады: криминалды «қарсыласы» туралы ақпараттарды жинау және анализ жасау, материалды-техникалық қамтамасыз ету, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық және кәсіби деңгейін көтеру, криминогенді және криминалды құрылымдарды жоюға бағытталған шараларды жүргізу т.б.

Біздің ойымызша осыншама залалды ескере отырып, мемлекет құқық қорғау саласын жетілдіруге және қылмыстың алдын-алу шараларына қаражат бөліп отырса, мысалы: көшелер мен кіреберістерді, саябақ тар мен жағажайларды, демалыс-сауықтыру орындарын т.б. обьектілерді толық бейне камералармен жабдықтаса, құқық қорғау қызметкерлерінің жалақыларын көтеріп олардың жанұясының мүшелері әлеуметтік қамтамасыз етілсе, олардың жедел із кесіп қылмыспен күресуге көмек болатын заманауи технологиялармен жабдықталынса және олардың білімдері жылына жетілдіріп отырылса, бюрократиялық схемаларды қысқартып құқық қорғау қызметінің жедел әрекет етуіне жағдайлар жасалынса және олардың ішіндегі сыбайлас жемқорлықпен күрестің жүргізілуі қатаң қадағаланса отанымыздағы қылмыстылықтың алдын алу және онымен күресудің қызметі жетіліп, қылымыстылық азаяды деп ойлаймыз. Керісінеше осы жұмыстардың нәтижесінде қылымыстық зардап көрсеткішетрі де азаяды.

Әлеуметтік-топтық бағыттағы қылмыстылықтың алдын-алудың бұл бағытының объектісі болып қоғамның маригиналды, девиантты топтары: жасөспірімдердің, жезөкшелердің, наркомандардың, таксикомандардың, жұмыссыздардың, бұрын сотталған адамдардың т.б. микротоптары табылады.

Мұндай топтар біріншіден, құқық бұзушылық жасауға бейім тұрады, екіншіден, олардың топтарына кірмейтін басқа адамдармен салыстырғанда қоғамға қауіпті болып табылады

Қылмыстылықтың алдын алудың субъектісі болып құқық қорғау органдары секілді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер табылады.

Жоғарыда аталған әлеуметтік топтарға байланысты қылмыстылықтың алдын алу шараларын құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, медициналық-емдік, әлеуметтік-бақылаушылық т.б. деп бөлуге болады [169, с. 24].

Жеке-индивидуалды бағыттағы жүргізілетін шаралардың ерекшелігіне олардың жекелік және психологиялық сипаты табылады.

Бұл шараны қолданатын субъект сәйкестелген білім мен өзі бағытталып отырған адаммен жеке байланыс орната білу қабілетіне ие болу керек

Мұндай адамдар құқық қорғау органдарында, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекцияларда, қылмыстық атқару орындарында, өзге де мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда міндетті түрде қажет болуына байланысты жұмысшыларды мемлекеттік көлемде дайындау талап етіледі.

Зерттеу нәтижесінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың елдегі жалпы қылмыстылық құрылымының жартысынан астамын құрағанына қарамастан, әлі күнге дейін бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде болмай отырғанын байқадық.

Қоғамдағы мемлекет атты үлкен құрылымдық механизм кез келген әлеуметтік мақсатқа жету жолында нақты бір саясатты қолданады, оны басшылығына алады. Қоғам өмірінің әр саласында әр түрлі саясат жүргізіліп отырады. Ол мемлекеттің қай саланы басқаруына, оны жүзеге асыру тетіктерінің бірін таңдауына мүмкіндік жасайды. Осындай біртұтас саясаттың қатарында мемлекеттің қауіпсіздігін, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қандай да бір әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылықтардандыру мен қылмыссыздандыру саласындағы саясат, атап айтар болсақ, қылмыстық саясат та бар.

Мемлекеттік саясаттың бір тармағы ретінде құқықтық, соның ішінде қылмыстық саясатты да тану заңдылық, өйткені құқықтық саясат мемлекеттік саясатқа, мемлекет ұстанып отырған саясатқа қайшы келмеуі тиіс. Қылмыстық саясат та мемлекет басқаруына байланысты, мемлекет айқындаған бағыттарға жетуге арналған. Мемлекет белгілі бір әлеуметтік мақсаттарға жетуінің жолдары мен амалдарын анықтаған соң нақты саясатты белгілейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 40-бабының 1-бөлігінде мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағытын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды деп жазылған, сондықтан біздегі мемлекеттің даму саясатын біртұтас дамуды көздейтін саясат деп айтуға болады. Саясаттың мазмұнына қарай анықталатын мақсаттар мемлекеттік органдардың қызметі арқылы салалар бойынша жүргізіліп, іске асырылады және күрделі сатылардан өтеді. Сонымен қатар мемлекеттік саясат таралымды құбылыс, ол қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында кездеседі. Елдің даму бағыттарын ескере отырып, қоғам өмірінің салалары бойынша қызмет атқаратын органдар мемлекеттік саясаттың өзіне қатыстыларын анықтап, оны іске асыруды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Осы мәселелерді қарастырғанда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының алдында тұрған міндеттердің бірі меншікті қолсұғушылықатардан қорғау болуы тиіс.

Қылмыстық саясаттың мемлекеттік саясаттың бір тармағы ретіндегі негізгі міндеті, қылмыстылықпен күресудің амалдары мен тәсілдерінің тиімділігін арттыру үшін өткен уақыттарға баға бере отырып, алдағы уақыттардағы осы саладағы қызметтерге жаңа бағыт-бағдар беру болып табылады.

«Қылмыстық саясат» терминін алғаш рет 1840-жылы Ансельман Фейербах қолданған [170].

Сол замандардан бері қылмыстық саясаттың мазмұнын анықтау үшін зерттеулер жасалуда. Қылмыстық саясаттың қандай мәселелерді көтеретіндігін, яғни оның пәні мен мазмұнын анықтауға байланысты ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлерді талдай келе, оның күрделі болғанына қарамастан, негізгі төрт бағытын ажыратуға болады:

а) мемлекеттік органдар мен қоғамдық күштердің барлығының қызметін қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтармен күресуге бағыттайтын қылмыстық саясат [167, с. 178-179];

ә) қылмыстық саясат қылмыстылықпен күресудің негізгі міндеттерін, нысаны мен бағыттарын анықтайды [171, с. 4];

б) қылмыстық іс жүргізу, еңбекпен түзеу заңнамасы негізінде қылмыстылықпен күрес бойынша арнайы шаралардың қолданылуын қамтитын қылмыстық саясат [172, с. 65];

в) жоғарыдағы үш бағытқа қазіргі уақыттағы қылмыстылықпен күресті реттеуге бағытталған деңгейлерін ғана көрсетеді деп баға бере отырып, төртінші бағытын көрсетеді. Ол қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттарын дайындайтын қылмыстық саясат [173, с. 15].

Біздіңше, жоғарыда аталған бағыттарды жеке-жеке, дербес алып қарауға болмайды, керісінше, осы бағыттардың барлығы да бір-бірінен алшақ өміршеңдік таныта алмайды. Сондықтан олардың барлығы да бір міндетті шешуге, нақты айтқанда қылмыстылықпен күрес жүргізу бойынша қызметті атқарады. Ал қылмыстылықты болдырмауға, оның алдын алуға қолданыстағы заңнамада бекітілген нормалар көмегін тигізеді.

Қылмыстық-құқықтық саясат арқылы еліміздің қылмыстық заңнамасын құрастырып қана қоймай, оны дамыту бойынша шараларды қабылдауға, оны қолдануға болады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанынан бері Қылмыстық кодекс қабылданып, өзіне жүктелген міндеттерін жүзеге асырып келеді. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, заңның жекелеген нормалары тиімсіз болып, өз қызметін атқармауы мүмкін. Яғни, заң жүзінде бекітілгенмен, іс жүзінде қолданыста болмайтын жағдайлар кездесіп қалады. Осындай жағдайларды болдырмау үшін мемлекет өзінің қолындағы басты құралы саясатқа жүгінеді және қылмыстық саясаттың мазмұнына сәйкес келесідей жолдардың бірін таңдайды:

– қылмыстылықпен күресті ұйымдастыру;

– қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді криминализациялау және декриминализациялау;

– қылмыстық жазалардың пенализациясы мен депенализациясы.

Әсіресе, мемлекет қалыптастыру кезеңінде қабылданған заңдардың бір-бірінің ережелерін ескермей, қарама-қайшылықтары мол болып келетін нормаларды қабылдауға жол беріп келді. Бұл мәселеге талдау жасау арқылы осындай процесстердің болуы заңды деп айта аламыз. Себебі, жаңа мемлекеттің қалыптастырылуы кезеңінде қоғамдағы түрлі қайшылықтарды жою үшін, келеңсіздіктердің жолын кесу үшін тез және ұтымды шешім қабылдау қажет болды, оның парақтарын жаңартуға бағытталған тәсілдердің қажеттілігі айқындалды. Бұл жолда отандық білікті заңгер-ғалымдардың еңбектері жоғары бағасын алуға тұрарлық деңгейде.

Қазіргі таңда да елімізде білікті кадрлардың қатысуымен заман үдерісіне, өзгерістеріне, халықаралық стандарттарға жауап бере алатын, ең алдымен әлеуметтік факторларға сай келетін, олардың мүддесіне қарсы болмайтын заңдарды өмірге әкеліп жатыр. Бұл қолданыстағы бүкіл заңдарды қайта, жаңадан қабылдау қажет деген түсінік қалыптастырмауы тиіс. Себебі, сапалы, қойылатын талаптарға жауап беретін немесе өміршеңдігін танытып отырған заңдар да баршылық.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010 және 2020 жылдар кезеңіндегі Тұжырымдамасы (27.08.2009 ж.) мемлекеттегі құқықтық саясаттың негізін анықтайтын құжат бола отырып, мемлекеттің заңшығарушылық, ұйымдастырушылық және өзге де шараларын жүзеге асыруға бағытталуын көздейді.

Бұл құжат сонымен қатар елдегі қылмыстылықтың алдын алу мен күрес шараларын күшейту талабын қояды.

Меншікке қарсы қылмыстармен күрес тиімділігі ғылыми және құқықтық қамтамасыз ету жағынан да көптеген жағдайлаармен тығыз байланысты. Олар:

– меншікті қолсұғушылықтардан қорғауды нормативтік-құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты бекіту;

– меншікке қарсы қылмыстарды, соның ішінде бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты пайдакүнемдік қылмыстарды істеген адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және қылмыстық жауаптылықтан құтылмайтындық қағидасын бұлжытпай орындау;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың табиғи және жасанды түрдегі латенттілігімен күрес, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасырылуына мүмкіндік бермеу;

– қаңғыбастық, қайыршылық, жезөкшелік секілді қоғамдық проблемаларды үнемі бақылауда ұстау, бейберекет қаңғып жүруіне жол бермеу;

– кәмелетке толмағандардың мінез-құлқының тұрақтануына, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

– алкогольдік, есірткі тұтынудан мастану жағдайындағы адамдарды сауықтыру шараларын ұйымдастыру;

– тұрғындардың мүлкін қорғау үшін қандай шаралар қабылдауы керектігін, ғылым мен техниканың бөтеннің мүлкін жымқыру саласында жеткен жетістіктерін әшкерелеп отыру;

– құқыққорғау органдары қатарында тек қана білікті, әмбебап қызметкерлердің қызмет етуін қамтамасыз ету;

– бұқаралық ақпарат құралдарында меншікке қолсұғушылықты болдырмаудың, халықтың материалдық жағдайыны ешкімнің тиіспеушілігін қамтамасыз етуде мемлекеттік бақылаудың қылмыстық-құқықтық құралдары жөнінде уағыздау және т.б. жағдайларды іске асыру кезек күттірмейтін және жүйелілікті талап ететін жұмыс болып табылады.

Сонымен қатар меншікке қарсы қылмыстарға қарсы тұру механизмдері келесідей құрылымдық бөліктерден тұрады және олардың кешені мемлекеттегі қылмыстық саясаттың қылмыстылықтың алдын алу бойынша мақсатына жетуге ұмтылдырады. Атап айтқанда:

1) құқық қорғау органдарының азаматтарға қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасамау керектігі ниетін ұстануды тудыруы және қылмыстылықпен күресте азаматтардың құқыққорғау органдарына көмек көрсетуін тудыруы. Бұл құқыққорғау органдары қызметінде біздің мемлекетімізде кездесетін алғашқы қиындықтарының бірі деуге болады. Тұрғындар қылмыс істелгенін көрсе де бей-жай қарап назар аудармағанымен қоймай, құқыққорғау органдарына істелген қылмыс жайлы хабарлауға құлықсыздық танытады немесе көрсе де көрген жоқпын деп құтылу менталитеті қалыптасқан;

2) мұндай әсер етуге азаматтардың беретін жауабы немес реакциясы. Әдетте реакция жағымсыз, дөрекі жауап беру нысанында болады. Азаматтар қылмыс жайлы ақпарат беруден қашқақтайды немесе керек болса өздерің тауып алыңдар дейді. Немесе баюдың кез келген мүмкіндігі туындаған жағдайда оны мүлт жібермей пайдаланып қалуды көздейді. Мәселен, қоймада өрт туындағанда адамдар өртті сөндіруге емес, қоймадан қолына түскен затты іліп кетуді көздейді;

3) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаматтарға әсер етуді әлеуметтік-құқықтық бағалай білуі қажет. Уақыт жоғалтпай оқиғаға көмек бере ала ма алмай ма бағасын бере алуы тиіс;

4) әлеуметтік (саяси, экономикалық, құқықтық) және әлеуметтік-психологиялық және жеке басындық факторлар мен жағдайлар кешенінің құқыққорғау органының жұмысы мен азаматтардың мінез-құлқына қылмыстық –құқықтық нормаларды қолдану мен пайдалануда әсер етуін бағалау;

5) меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарды толығымен жоюдың мүмкін еместігін мойындай отырып мұндай қылмыстарды барынша азайту үшін алдын алу субъектілерінің бірлескен үйлесімді қызметі керек;

6) пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылық проблемаларын зерттегенде оның құрамдас элементтерін, сандық және сапалық көрсеткіштерін,

қылмыстылықтың индекстілігін ескеру қажет, ол аталған қылмыстылықты ашу, тергеу мен жоққа шығарудың тиімдң әдістерін пайдалануға итермелейді;

7) пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарды істейтін субъектілердің биологиялық, нерв-психикалық, әлеуметтік-демографиялық, мәдени-білім, кәсіби және адамгершілік қасиеттерінің ерекшеліктерін уақытылы анықтау арқылы қылмыстылықтың жағдайы ретінде жеке тұлғаның мінез-құлқына әсер етеді, сонымен қатар болашақта қылмыс істеуді болдырмауға көмектеседі;

8) мемлекеттің қылмыстылықтың алдын алу бойынша қызметінің механизмдерін әрі қарай жетілдіре түсу қажет. Себебі қылмыстылықтың алдын алудың шеңберін шектеп не нақты белгілеп қоюға болмайды, ол әрқашан жетілдіріліп, қоғам дамуына сәйкестендіріліп отырғанда ғана нәтижелі жұмыс көкжиегі көрінеді;

9) пайдакүнемдік және пайдакүнемдік-зорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша қызмет үш бағытта жалпыәлеуметтік, арнайы-криминогендік және жеке бағытта үйлесімді, кешенді түрде жүргізілуі тиіс;

10) қылмыстылықтың алдын алу міндеті жүктелген құқық қорғау органдары қызметін жетілдіру мен белсенділігін арттыру арқылы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейіін ұстап тұруға ғане емес, оның дамуын тежеуге тиімді әсер етуге жол ашылады; олармен аталған қылмыстармен күресу үшін арнайы әдіс-тәсілдер жүйеленген және қылымыстылықтың алдын алуға байланысты түрлі бағдарламалары бар;

11) қылмыстылықтың алдын алуда барлық құқықтық жүйе, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың үйлесімді жұмыс істеуі қажет және оны құқықтық-бағдарламалық жағынан қамтамасыз етуіміз қажет;

12) құқық қорғау органдары қызметіне көмектесу мен қол ұшын берудің пайдалылығын мемлекеттік деңгейде азаматтарға түсіндіру мен құқықтық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету;

13) қылмыстылықпен күрес тиімділігін қамтамасыз етпейтін заң нормаларына өзгерістер енгізу немесе мүлде алып тастап жаңа нормативтік-құқықтық актімен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс білдіру.

Пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдары қызметкерлерінен пайдакүнемдік қылмыстарын істеуге итермелейтін негізгі криминогендік жағдайларға қатысты үлкен біліктілік талап етіледі.

Р.Т. Нұртаев «Қылмыстылықпен күресудің тиімділігін зерттеу негізгі, арналуы әлеуметтік мәселелерді шешуден тұратын қылмыстық құқықтық нормалардың тиімділігін қарастырудан басталуы керек» деп біздің осы тақырыпты таңдауымыздың себебін көрсеткендей жазады [174, с. 31].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігін арттыру үшін келесідей шараларды жүзеге асыру қажет:

1) мүлікті жымқырудан қорғау жүйесін үнемі жетілдіріп отыру;

2) жеке және мемлекеттік меншікті жымқырудан қорғаудың методологиялық ұсыныстарын дайындау және жүйелі түрде халықты істелген қылмыстар жайлы және олар бойынша қабылданған шешімдер жайлы ақпараттандырып отыру;

3) ақша-қаржы жүйесінде жымқыруды болдырмау үшін құқықтық тәртіпті үнемі жетілдіріп отыру;

4) жымқыру үшін қылмыстық жауаптылықтан қашып құтылмайтындық қағидасының толығымен жүзеге асуын қамтамасыз ету;

5) құқық қорғау органдарының бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстармен күресудегі жұмысының тиімділігін арттыру;

6) қылмыстылықпен күресте мемлекеттік органдар мен жеке құрылымдардың (күзет мекемелері) және азаматтардың өзара ықпалдастығын күшейтуге жағдай жасау;

7) жымқырудың алдын алу бойынша құқық қорғау органдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын үйлестіру;

8) меншікті қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғауды қамтамысыз ету үшін ұйымдастырушылық және техникалық, әлеуметтік, құқықтық шаралардың мүмкіндіктерін кеңейту.

Қылмыстық заңды әрі қарай реформалау жалғасқан жағдайда, құқық қорғау органдарының заң нормаларын қолдану барысындағы құқық бұзушылық зардабына байланысты қызметтерін сапалы заңмен қамтамасыз ету үшін құқық нормаларының тиімділігін қалыптастыруға бағытталған алғы шарттарды немесе құралдарды дайындау қажет.

А. Костенконың айтуынша, жақсылық пен жамандық қатар жүрмей ешқандай өркениеттік дамымайды, яғни, қылмыстылық әрқашанда болады [175, с. 3].

Бұл жерден пайдакүнемдік қылмыстық құық бұзушылықтарының алдын алуға бағытталған шаралар мәселен, маргиналды топтарды бақылауда ұстау әр кезде де қосымша шаралармен, айталық меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді табу мен жоюға бағытталған шаралармен толықтылып нақтыланып отыруы шарт. Әйтпесе жеке жеке қолданылған алдын алу шаралары өз тиімділігін бермейді, сондай-ақ кез келген меншік қылмысының алдын алу үшін ортақ, тиімді шараны ойлап табу ақылға қонымсыз.

Яғни меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды ұйымдастыру мен жүзеге асыру барысында туындайтын міндеттерді шешудегі жетістік ол шаралардың неге, қашан, қалай әлеуметтік құбылыстар мен процестердің табиғатын, жағдайын, динамикасын, негізгі ерекшеліктерін алдын алу субъектілерінің қаншалылықты ескергеніне тікелей байланысты. Алдын алу шараларының дифференциациясы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс, ғылыми негізделген топтарға бөлінуіне қарайды. Яғни меншікке қарсы қылмыстарды тікелей объектісінің ерекшеліктеріне қарай бөлу нәтижелі әрі дұрыс болмақ.

Біздің ойымызша, қазір жасөспірімдерге мемлекеттік патронаж бағдарламасы қажет. Мұндай бағдарламаларды қаржыландыру мемлекеттік бюджет атынан жүргізілуі тиіс. Бір жағынан мұндай жасөспірімдерге көмек көрсету бойынша әр түрлі жұмыстар жүргізілуі тиіс, екінші жағынан жасөспірімдерге кері әсерін тигізетін солардан құралған топтардың көбейіп кетуіне байланыстты, осындай жасөспірімдердің отбасы, таныстары үнемі бақылап отыруы қажет. Егер, алкогольдік немесе нашақорлық ауруымен аурытан жасөспірімдер белгілі болған жағдайда оларды мәжбүрлі түрде емдеуге жіберу керек.

Бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу шараларының тиімділігін арттыру үшін құқыққорғау органдары тек қана тіркелген қылмыстармен күресті жүзеге асыру жеткіліксіз. Сондықтан бөтеннің мүлкін жымқыру құрамдарының алдын алуда жедел-іздестіру профилактикасының тиімділігін арттыруға көңіл бөлу қажет. Жедел-іздестіру шаралары осы топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жай-күйі мен негізгі тенденцияларын білу; оларды жасау себептері мен шарттарын түсіну; пайдакүнем қылмыскердің жеке басының ерекшеліктерін ескеру; меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін залалды толық бағалап, қылмыстылықтың құнын анықтау; қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дұрыс қолдану мен жан-жақты талдау арқылы нәтижелі болады деп есептейміз.

Жеке профилактикалық жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында келесідей негізгі талаптарды сақтауымыз қажет:

1. Дер уақытылық. Қылмыстық құқық бұзушыларға қарсы өз уақытында алдын алу шараларын қолданбау айналасындағы қоршаған адамдарға теріс ықпал етеді, тіпті антиқоғамдық мінез-құлықтың қалыптасуына, қоғамның деградациялануына әсер етеді. Дер кезінде профилактикалық шараларды қолданбау меншікке қарсы қылмыстарды істейтін кәмелетке толмағандар санының артуына жол береді. Ол мұндай шаралардың тиімділігін төмендетеді. Мысалы, кәмелетке толмағандар қылмыстылығының 2/3 бөлігі қолайсыз отбасылардың балалары болып шыққан. Олар қылмыс істегенге дейін құқыққорғау органдарының назарына ілікпеген.

2. Арнайы бағытталған. Алдын алу шаралары объектілерінің криминогендік жағынан күшті болуы оларға қатысты алдын алу шараларының да күшті, мықты болуын қажетсінеді. Адамның криминогендік жағынан күшті болуы жеке алдын алу шаралары бағытталған адамның мінез-құлқынан да, оған әсер ететін криминогендік ортаның дәрежесінен де көрінеді.

3. Бірізділік. Жеке алдын алу шараларын бірізділікпен, біртіндеп жүргізу керек. Ықпал етудің өткірлігі біртіндеп арта беруі (қабылданған шаралар жеткіліксіз болғанда) немесе төмендеп (жағымды өзгерістер байқалғанда) отыруы ақталады. Әңгімелесу, тұрмыстық және еңбектік көмек, бос уақытын ұйымдастыру, жағымсыз ортаның ықпалын жою немесе азайту т.б. егер ол шаралар көмегін бермесе онда ұжымның ата-аналардың, туыстардың көмегіне жүгінеді, егер заң бұзушылықтар орын алатын боолса тиісті жауапкершілік шараларын қолданады.

4. Кешенділік. Алдын алу субъектілерінің қызметі жинақы, үйлесімді, бір-бірін толықтыратын, қайталамайтын, өзара қақтығыспайтын деңгейде болуы тиіс. Мысалы кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекторлар олардың қылмыстарын тіркеуге міндетті емес, оны ішкі істер органдарының берген мәліметтері негізінде ҚР Бас Прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті тіркеумен айналысады.

5. Шынайылық: профилактикалық шараларды жүзеге асыру объективтік мүмкіндіктерге сайкес болуы шарт. Айталық, қазіргі уақытта бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққан адамдарды еңбекпен және тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етуге әкімшілік жүйе қауқарсыз, мекеме басшыларында бұрын сотталғандарды жұмысқа алуға ынталандыру жоқ. (Мәселен, салықтан босату немесе кәсіпорын табысының жергілікті бюджетке беретін түсімдерін азайту т.б.).

6. Заңдылық. Меншікке қарсы қылмыстар үшін жеке профилактика құқықтарды шектеумен байланысты болатын кездері бар. Мысалы азаматтарға әкімшілік қадағалау тағайындау, сондықтан заң жүзінде қандай тұлғалар және не үшін профилактикалық есепке алынатындығы мен оларға қандай шаралар қолданылуы мүмкіндігін реттейтін нормативтік заңдық негізде реттелуі шарт [176].

А.А. Тайбаков «меншікке қарсы қылмыстық қол сұғушылықтарды жалпы, арнайы және жеке алдын алудың негізгі объектілерінің бірі ретінде қарау керек» дейді.

Пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарына қатысты келесідей мәселелер әлі де шешімін таппаған:

– пайдакүнемдік қылмыстар жалпы қылмыстылық ішінде басымдыққа ие және оның көрсеткіштерін (динамикасы, деңгейі мен құрылымын) анықтайды, сондықтан олардың алдын алу мен профилактикалық қызмет елдегі қылмыстылықтың өсіміне қарсы тұру мен негативтік тенденцияларын төмендетуге тиімді әсер етеді;

– пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарының, соның ішінде жымқыру қылмыстарының алдын алу тиімділігі әлі де төмен;

– тұтастай алғанда қылмыстылықтың, соның ішінде пайдакүнемдік жымқыру қылмыстарының алдын алу бойынша заңнамалық базасы әлі де жетілдіруді қажет етеді [177, с. 4].

Сондай-ақ мұндай жұмыстар тек құқық қорғау органдарымен ғана емес, кәмелетке толмағандардың ісі бойынша комиссия инспекторларымен, бос уақытын өткізу, жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік және медициналық көмек көрсету бойынша орталықтардың да өкілдерімен жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, мұндай тұлғалардың арнайы білімдері болуы керек.

Тарихқа үңілсек, қылмыстың адамзат бойынан арылмаған тірлік екенін көреміз. Дей тұрғанмен азаматтар, мемлекет және қоғымдық аппарат қылмыстылықпен, соның ішінде меншікке қарсы қылмыстармен күресу мен олардың алдын алуда үйлесімді, кешенді және тұрақты түрде айналысатын

болса, мүлікті жымқыруға төзімділік танытпаса аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы қылмыстылық ішіндегі үлесін азайтуына болады.

Бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарының, жалпы алғанда қылмыстылықтың алдын алу шараларының тізімін нақты анықтап белгілеп қоя алмаймыз. Нәтижесінде мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін қылмыстық зардаптар да азаяды және қоғам дамуының артта қалуы сияқты экономикалық, әлеуметтік түйінді мәселелерді шешуде кері әсерін тигізбейді деп есептейміз.

Және де осы еңбек те көрсетіп отырғандай, бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстарды зерттеу мен олардан келетін зардаптар көлемі мен мөлшерін талдау мәселелері осымен шектелмейді, ол қылмыстық құқық бұрушылқтар бар жерде ғалымдар мен зертттеушілердің зерттеу объектісі бола береді.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, соның ішінде бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушыларға қатысты қылмыстық саясаттың тиімділігі қоғамда қалыптасқан әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайға адекватты түрде жауаптылығына байланысты. Мықты мемлекет өз азаматтарын, мемлекет пен қоғамды төніп тұрған қауіптен бұрын, алдын орап қорғауды қамтамасыз етуі керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Адамзат баласы бөтеннің мүлкіне қол сұғу қылмыстарын жеке адамға қарсы қылмыстармен бірдей алғашқы құқық бұзушылықтар ретінде біліп қана қоймай, оны тиісті қорғаумен қамтамасыз етуі бүгінгі таңда адамзаттың жеткен жетістіктерінің бірі екені белгілі. Біздің Қазақстан Республикамызда да меншікті қорғау - еліміздің негізгі заңында белгіленген конституциялық кепілдіктердің бірі. Меншікке қол сұғу және зардап келтіру - кез келген мемлекеттің қылмыстық заңындағы дәстүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарында.

Өзінің пайда болған уақытынан бері бөтеннің меншігін жымқыру қылмыстары ең көп тараған қылмыстық құқық бұзушылықтар болғаны және оны тарихи тұрғыдағы теориялық еңбектерден, оның ішінде, қазақ әдет құқығы заманында да жымқырумен байланысты қылмыстар болғандығын және оладың қоғамға келтірілген зардаптарына сәйкес реттелгенін көрсететін еңбектерден аңғарылды.

Соған қарамастан, бұл еңбекте көрсетіп отырғандай, бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстық құқық бұзушылықтарынан келетін зардаптарды зерттеудің нүктесі бола алмайды. Талдау мен зерделеу бар жерде ғылым ілгерілеушілігі байқалады. Сондықтан біз диссертацияда жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабын қылмыстық құқықтық және криминологиялық тұрғыда зерттеуге алдық.

Қойылған мақсат пен белгіленген міндетте шеңберінде осы зерттеу жұмысында келесі **қорытындылар** мен **тұжырымдар** айқындалады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық бұзушылық зардабы - қоғамдық қауіпті зардап; ауыр зардап; зиян; залал т.б. терминдермен әрқилы сипатталып, нақты анықтамасы берілмеуі объективті түрде қылмыстың осы белгісін анықтау туралы да сандаған пікірлер тудырады. Осы тұста, анықтамалар ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қолданылатын негізгі ұғымдарына жаңа «қылмыстық құқық бұзушылық зардабы» түсінігін «Қылмыстық құқық бұзушылық зардап ретінде тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасына сәйкес тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекетті кінәлі түрде жасау нәтижесіндегі залалды, зиянды және зардапты өзгерістерді атаймыз» - деп анықтама беріліп, енгізілуі қажет деп санаймыз.

Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының мәнін аша келе, бұл кез келген емес, тек қана қылмыстық заңмен тыйым салынған қылмыстық іс-әрекет нәтижесінің әлеуметтік сипаттамасы және тек қана қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың зиянды өзгерісі болуымен ерекше. Яғни қылмыстық зардап тек қана қылмыстық іс-әрекетпен емес, қылмыс объектісімен де тығыз байланыста болады.

Қазіргі таңда мүлкін жымқырудан келетін қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың материалдық зияны ғана мемлекеттік мәліметтер базасында тіркеледі. Ал зиян тек материалдық қана

емес, материалдық емес нысында да болатынын ескеріп, болашақта тек материалдық емес моральдық зияндарды есепке алуды қамтамасыз еткен жөн. Бұл орайда қылмыстық істердегі азаматтық талап ережелері шеңберінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 47-тарауына сәйкес «Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер» бойынша да мемлекеттік мәліметтерді ресми тіркеуді жүргізуді енгізу қажет.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінінің 3-бабының 10 тармағын, заң тілі мен техникасы ережелеріне сәйкес бір ғана «незначительный» терминін «болмашы мөлшер» немесе «ұсақ түйек мөлшер» деп заң мәтінінде екі түрлі аудармай, «ұсақ мөлшер» деп аударып енгізілген жөн деп есептейміз.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі 187-бап «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамын жаңа құрам ретінде қылмыстық заңнамаға енгізуді қолдамаймыз, оны декриминализациялауды қажет деп санаймыз. Заң шығарушының қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодексті қабылдаудағы да басты мақсаты да кезінде осы заңнаманы декриминализациялау деп түсіндірілген болатын. Алайда, бұрынғы қылмыстық кодекстегі әкімшілік жауапкершілікке тартылуы көздеген «ұсақ-түйек ұрлауды» қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодексте «ұсақ-түйек жымқыру» деп атын ауыстырып оны қылмыстық құқық бұзушылық ретінде көрсеткеннен ешқандай декриминализациялық нәтиже жоқ деп ойлаймыз.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың жауапкершілігінің жаза өтеумен шектелмей, келтірген залалының орнын толтыру міндетін жүктеп, жымқыру арқылы алған мүліктің құнын өтеу міндетін жүктейтін ҚР ҚК 188-бабын бөлікпен немесе ескертумен толықтыруды ұсынамыз. Яғни: «Бөтеннің мүлкін жымқырған кінәлі адам тағайындалған жазаға қарамастан меншік иесіне Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 917-бабына сәйкес материалдық және (немесе) материалдық емес) зиянды толық көлемде өтеуге міндетті».

Жымқыруды түрлерге бөлу бөтеннің иелігінен заңсыз алынған заттың мөлшеріне байланысты жымқыру зардаптарының төрт түрі ажыратылады:

1) болмашы мөлшердегі зардап, ұйымға тиесілі мүліктің құны 10 АЕК аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі 2 АЕК аспайтын жымқыру әрекеттері яғни ұсақ-түйек жымқыру зардабы (ҚР ҚК 187-бабы);

2) 10 АЕК-тен 500 АЕК дейінгі мөлшердегі мүлікті жымқыру зардабы;

3) ірі мөлшердегі зардап, 500 АЕК-тен 2000 АЕК дейінгі мөлшердегі жымқыру зардабы;

4) аса ірі мөлшердегі зардап, 2000 АЕК-тен асатын мөлшердегі жымқыру зардабы.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаңашылдықтарының қатарында мұнай-газ құбырларынан жасалған ұрлық құрамын (188-баптың 4-бөлігін) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 4-бөлігінде «Ұрлық» құқық бұзушылық құрамының аса ауырлатылған түрі деп бекітуді жеткіліксіз деп табамыз. Мұнай-газ

саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың соңғы бесжылдықтағы ұдайы өсу тенденциясы мен мұндай іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігінің жоғарылығын, құбыр өткізу жүйесінің қауіпсіздігіне, мемлекеттің, мұнайтасымалдау ұйымдарының экономикалық мүддесіне елеулі қатер төндіретінін, жер бетіне мұнай өнімдерінің төгілуіне байланысты қоршаған ортаға, экология мен халықтың денсаулығына орны толмас зиян келтіретінін, мұндай қылмыстарды істеу тәсілдерінің ауырлығын ескеріп Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіне 193-1 «Мұнай-газ құбырларынан алынатын мұнай-газ және мұнай-газ өнімдерін жымқыру» деп аталатын жаңа бапты енгізуді ұсынамыз.

Жымқырудың әрбір нысанына жататын қылмыс құрамының белгілерін дұрыс анықтау - оны дұрыс саралаудың кепілі болып табылады деп санаймыз және «кінәлілер жәбірленушіге келтірілетін зардаптың мөлшеріне немқұрайлылықпен қарап нақтыланбаған қасақаналықпен іс-әрекет істейді. Осыған байланысты олар нақты келтірген залалы үшін жауап беруі тиіс. Әрине тәжірибеде кінәлі жәбірленушіге қандай залал келтіріп тұрғанын түсінетін де жағдайлар кездеседі. Алайда туындайтын зардапты көре білу жалпы ережеге сәйкес шешімін табады. Сондықтан елеулі зардаптың нақты мөлшерін белгілеудің қажеттілігі түсіп қалады. Ол жәбірленушілердің мүліктік жағдайының әр түрлілігімен, мүліктің құндылығы бар жағдайда ақшалай түрде бағаланбайтындықтан маңыздылығын жоғалтады. Алынған мүліктің құнын сот әрбір жағдайда дербес, жеке анықтауы тиіс. Қылмыстық заңда бөтеннің меншігіне қылмысты түрде қол сұғушылық үшін жауаптылық меншік қатынастарына қол сұғу тәсілдеріне байланысты дараланып, жікке, нысанға бөлінеді. Бөтен мүлікті алу ашық немесе жасырын, күш колданып немесе күш қолданбай, алдау немесе сенімге қиянат жасау тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мүлікті алудың осындай тәсілдері істелген іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігіне тікелей әсер етеді. Жымқырудың нысандарының әрқайсысының ерекшеліктері мен белгілері оларды ұқсас құрамдардан ажыратуға көмектеседі» деген В.Владимировтың пікірін қолдаймыз.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының қылмыстық заңын қолданудың теориясы мен тәжірибесі жымқыруға жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың шеңберін анықтау бойынша үш түрлі көзқарасты ажыратамыз, бірінші, ҚР Жоғары сотының 25-шілде 1996 жылғы «Жымқыру істері бойынша сот тәжірбиесі туралы» №8 нормативтік қаулысының 1-тармағында жымқыруға ұрлық, бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін иемденіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ерекше құндылығы бар заттарды ұрлау, қорқытып алушылықты жатқызған. Қорқытып алушылыққа қарсы К.Ш.Сүлейменов, Б.З.Байкасаров қарсы көзқараста болған. Екінші көзқарас, А.Т.Жукенов бастаған ғалымдардың пікірі, яғни жымқыруға ұрлық, сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иеленіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау және қарақшылық кіргізіліп, шеңбері тарылтқан. Ал, И.И.Рогов, С.В.Рахметов бастаған ғалымдар жымқыруға «ерекше құндылығ бар

заттарды жымқыруды» қосып қарастырған. Біз осы үшінші топтың көзқарасын толық құптаймыз.

Қазақстан Республикасының бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитеттінің мәліметтерін талдау нәтижесінде, 2010 жылдан бастап тіркелген барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде мешікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үлесі 67,4 - 75% (2015 жылы), оның ішінде сол жылдар аралығында саны жағынан ең ауқымыдысы «ұрлық» екені анықталды, яғни 67,4% - 71,9% (2015 жылы).

Сәйкесінше, тіркелген барлық қылмыстылықтың зардабының жартысынан көбісі осы жымқырумен байланысты меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар зардабы құрап отыр. 2014 жылы оның үлкен бөлігі (74,4%) - заңды тұлғалардың үлесіне тисе, 2015 жылы үлкен бөлігі (45%) – жеке тұлғаларға келтірілген. Ал, жоғарыда атап өткендей жасалыну саны жағынан «ұрлық» алдыңғы қатарда болса, зардабы жағынан алдыңғы қатарға «алаяқтық» шығып отыр (2014 жылы – 69,6%, 2015 жылы – 47,2%). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың латенттілігі деңгейінің жоғары екендігін ескерсек, бұл цифрлар өздігінен-ақ еселеніп шығады.

Жымқыру зардабы келтірілген еліміздің аймақтарындағы алдыңғы үштігіне 2014 жылы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Шығыс Қазақстан облысы кірсе, 2015 жыл бойынша, келтірілген жымқыру зардабының ауқымы бойынша алдыңғы қатарда Алматы қаласы, екінші болып Оңтүстік Қазақстан облысы, одан кейін Шығыс Қазақстан облысы танылып отыр.

Жымқырумен байланысты қылмыстылықтың құны бұл ақшалай баға: а) белгілі бір уақытта белгілі бір аумақта істелген қылмыстар жиынтығымен келтірілген (тікелей немесе жанама) зиян; б) белгілі бір уақытта белгілі бір аумақта істелген қылмыстармен күресу үшін мемлекеттің экономикалық және өзге де ақшалай бағаланатын міндетті шығындары (полицияны ұстауға кеткен шығындары, түзеу мекемелері мен түрмелерді, бас бостандығынан айыру орындарын ұстау үшін қажетті шығындар т.б.); в) қоғамның криминалдық қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсайтын шығындары.

Жымқыру зардабының құны қазіргі және алыс-жақын болашақтағы жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алып масштабын азайту үшін болжамдарды есептеуге, сонымен қтар сәйкесінше олардан келтірілетін зардап көлемін азайтуға және оны қамтамасыз ету үшін қаншалықты құралдар мен қызметтерді қамтамасыз етуді жоспарлауға көмектеседі.

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын көлеміне қарай: жалпы, арнайы, жеке, ал сипатына қарай ұйымдастырушылық, техникалық, арнаулы, әлеуметтік деп бөлінуі дұрыс деп санаймыз.

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың виктимологиясын зерттеп, негізгі жәбірленген зардап шегушілердің 30-39 жас аралығындағы тұлғалар екендігін анықтадық, осыған орай, жымқырудың алдын

алу шараларын ұйымдастыру және жүргізу барысында осы жастағы тұлғалардың кең қамтылуын ұсынамыз.

Зерттеу барысында қылмыстық құқық пен криминологияда күрделі, аз зерттелген әрі даулы мәселелері көп болып кездесетін қылмыстық-құқықтық зардап, соның ішінде бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар мен олардың зардаптарына қатысты мәселелердің теориялық және практикалық бағыттарына зерттеу жүргізуге ұмтылдық.

Тақырып көлемінде даулы болып есептелетін мәселелерді ашып көрсеттік және олардың объективті, анық шешімдерін келтірдік. Және де осы еңбек те көрсетіп отырғандай, бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды зерттеу мен олардан келетін зардаптар көлемі мен мөлшерін талдау мәселелері осы зерттеумен шектелмейді, жұмыста айтылған тұжырымдар ешқандай даусыз немесе мәселелерді толықтай шешеді дегенді білдірмейді, ол қылмыс бар жерде ғалымдар мен зертттеушілердің зерттеу объектісі бола береді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін шешу нәтижесінде қол жеткен қорытындыларды, қылмыстық заңнаманы әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныс-шешімдер мен ережелерді заңгер ғалымдар мен көпшілік қауым назарына талқылау үшін ұсынып отырмыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 17-қаңтарындағы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыбындағы Казақстан Халқына Жолдауында: «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет. Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс»-деп атап өтті [178], сонымен қатар «НұрОтан» партиясының XVI съезінде «Ұлт жоспары - бес институттық реформа» ұсынып, оның екінші бағыты ретінде: «Меншік құқығына кепілдік беретін, кәсіпкерлік қызмет үшін, келісімшарттық міндеттемелерді қорғау үшін жағдай жасайтын, түптеп келгенде экономикалық өсім үшін негіз болатын заңның үстемдігін қамтамасыз ету керек» дей келе, мемлекетіміздегі сот жүйесі мен ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіру бойынша бірнеше нақты ұсыныстар мен тапсырмалар берді [179]. Бұл реформалардың нәтижесі болашақта еліміздегі жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар мен оның келтіретін зардаптарының деңгейінің төмендеуіне үлкен әсер беретініне сенімдіміз.

Осы бағытта отандық құқықтық саясаттың, оның ішінде қылмыстық құқықтық саясаттың мүлтіксіз орындалуы мен оның заман талабына сай жетілдіріп отырылуының маңызы зор.

Ал, қылымыстық құқықтық саясат - тек заң шығарушылық және құқық қолданушылық саясат шеңберімен шектеліп кана коймай, мемлекеттің жалпы саясатының бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да, осы саясаттың нәтижесі – мемлекет дамуының басты көрсеткішін құрайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІЛІМІ

1 Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы: 1948 жылы 10 желтоқсанда, №217А (III) бекітілген // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001.

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылы 3 шілдеде, №226-V қабылданған // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226.

4 Злобин Г.А. Основания и принципы уголовно-правового запрета // Советское государство и право. - 1980. - №1. - С. 69-74.

5 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саяси тұжырымдама: Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы, №858 Жарлығымен бекітілген // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858.

6 ҚР Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитеттің мәліметтері // http://pravstat.kz.

7 Малиновский А.А. Сравнительное правоведение в сфере уголовного права. – М., 2002. - С. 48-50.

8 Армения Республикасының Қылмыстық кодексі: 2003 жылдың 18 сәуірінде қабылданған.

9 Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 1994 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған.

10 Молдова Республикасының Қылмыстық кодексі: 2002 жылдың 18 сәуірінде қабылданған.

11 Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан. (Сравнительный комментарий к книге Дж.Флетчера и А.В. Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 256 с.

12 Бабаев М.М. Социальные последствия преступности. - М., 1982. – 82 с.

13 Каграманов В.П. Преступления в области брачно-семейных отношений. – М., 1950. – С. 35.

14 Лунеев В.В. Социальные последствия, жертвы и цена преступности // Государство и право. – 2009. - №1. - С. 36-56.

15 Михлин А.С. Последствия преступления. – М.: Юрид. лит, 1969. – 104 с.

16 Уголовное право. Общая часть: учебник / под ред Л.Д. Гаухмана, Л.М. Колодкина. – М.: Московский ин-т МВД России, 1997. - С. 158.

17 Әпенов С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері: оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. - 332 б.

18 Криминология / под ред. В.Н. Кудрявцева, В.Е. Эминова. – М., 2007. - С. 211-215.

19 Курс советского уголовного права: в 6 т. / под ред. А.А. Пионтковского. – М., 1970. – Т. 2. - С. 152-153.

20 Малинин В.Б. Энциклопедия уголовного права. – М., 2011. - Т. 18. - 1024 с.

21 Пирзадаев А.Н. Общественная опасность преступлений и понятие их последствий в современном уголовном праве // Вопросы экономики и права. - М., – 2011. - №9. – С.163-166.

22 Уголовное право. Часть общая. Часть особенная: учебник для юридических вузов / под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Юриспруденция, 2001. – 640 с.

23 Лопашенко Н.А. Посягательства на собственность: монография. - М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. – 528 с.

24 Брайнин Я.М. Уголовная ответственность и её основание в советском уголовном праве. – М., 1963. – 275 с.

25 Уголовное право. Общая часть: учебник / под ред. Б.В. Здравомыслова, Ю.А. Красикова, А.И. Рарога. – М.: Юридическая литература, 1994. - 536 с.

26 Кудрявцев В.Н. Причинность в криминологии. – М., 1968. – 175 с.

27 Пирзадаев А.Н. Существенный вред как одно из последствий преступного деяния и его роль для квалификации преступлений // Вестник Московского Государственного Областного Университета. Серия: Юриспруденция. – М, - 2012. -№1. – С.59-62.

28 Дурманов Н.Д. Понятие преступления. – М., 1948. – 315 с.

29 Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. – М., 1960. – 228 с.

30 Уголовное право РФ. Особенная часть: учебник / под ред. Г.Н. Борзенкова, В.С. Комиссарова. – М., 1997. – С. 141.

31 Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. – М., 1957. – 362 с.

32 Декларация основных прицип правосудия для жертв преступлений и злоупотреблений властью. Принята Резолюцией 40/34 Генеральной Ассамблей ООН 29 ноября 1985г.// URL: http//www.un/org/ru/documents/decl_conv/declarations/power.shtml

33 http://wikigraff.ru/ Германское гражданское уложение

34 Criminal Injuries compensation act 1995 [electronic resource]//web site of UK office of Public Sector Information//URL: http://www.opsi.gov.uk/acts/acts1995/Ukpga_19950053_en_1

35 The criminal Injuries Compensation Scheme 2001 [electronic resource] //Govan Law Centre. URL: www.govanlc.com/2001cics.pdf

36 The Crime Vicims Rights Act of 2004 and Federal Courts [Electronic resource]//Website of the Federal Judical Center.URL:www.fic.gov/public/pdf.nsf/lookup/cvr0001.pdf

37 Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. – М., 1960. – 244 с.

38 Церетели Т.В. Причинная связь в уголовном праве. – М., 1963. – 382 с.

39 Кузнецова Н.Ф. Значение преступных последствий. – М., 1975. – С. 40-41.

40 Дурманов И.В. Стадии совершения преступления по советскому уголовному праву. – Москва. Госюриздат, 1955. – 212 с.

41 Уголовное право. Особенная часть: учебник / под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. – М., 1998. – 454 с.

42 Уголовное право. Особенная часть: учебник / под ред. В.Н. Петрашева. – М., 1999. – 608 с.

43 Пирзадаев А.Н. Преступные последствия и их роль для квалификации преступлений // Образование. Наука. Научные кадры. – М., - 2012. - №1. – С. 77-79.

44 Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының қылмыстық істер жөніндегі қадағалау сот алқасының №2 уп-21-14 қаулысы: 2014 жылдың 26 наурызында қабылданған / Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының Бюллетені. - 2014. - №3. – 6 б.

45 Тронов В.Д. Обычаи и обычное право киргиз // Записки ИРГО. – СПб., 1891. - Т. 7, вып. 2. – С. 71-85.

46 Ткачев В.Н. Освобождение несовершеннолетних от уголовной ответсвенности и несовершеннолетние правосудие: Диссертация …канд.юрид.наук:12.00.08: Ростов на Дону, 2002. – с.127

47 Самоквасова Д.Я. Сборник обычного права сибирских инородцев. – 2-е изд., переизд. и доп. – Варшава, 1967. – 345 с.

48 Сборник казахского адата 1824 года // http://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=1023687.

49 Культелеев Т.М. Казахское обычное право казахов. – Алматы, 2004. – 312 с.

50 Пирзадаев А.Н. Бөтеннің мүлкін талан-тараждау ұғымы (қазақ әдет құқығы және шариғат ережелері бойынша көзқарас) // Сборник материалов Республиканской научно-практической конференции на тему: «Религиоведение – требование времени» - Уральск, - 2014. – С. 81-84.

51 Римское частное право: учебник / под ред. И.Б. Новицкого, И.С. Перетерского. – М.: Юрист, 1997. – 544 с.

52 Владимиров В.А. Субъект преступления по советскому уголовному праву: учебное пособие. – М., 1992. – 356 с.

53 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі: 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған.

54 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлімі: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 203 б.

55 Кайыржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Жеті-Жарғы, 1998. – 220 с.

56 Касымова А.С. Хищение чужого имущества с использованием служебного положения: уголовно-правовые и криминологические аспекты (по материалам Республики Казахстан): автореф. ... канд. юрид. наук. – М., 2007. – 34 с.

57 2003 жылғы 11 шілде Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Бөтенің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибиесі туралы» №8 нормативтік қаулысы // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id =1043645#sub_id=800.

58 Кригер Г.А. Квалификация хищений социалистического имущества. – М.: Юридическая литература, 1974. – С. 189.

59 Владимиров В.А. Квалификация преступлений против личной собственности: учебное пособие. – М.: Изд-во МВШ МООП СССР, 1968. – 171 с.

60 Милюков С.Ф. Российское уголовное законодательство. Опыт критического анализа. – СПб., 2000. – 249 с.

61 Бойцов А.И. Преступления против собственности. – СПб., 2002. – 775 с.

62 Голикова А.В. Признаки хищения в Уголовном кодексе РФ. – Саратов, 2002. – С. 42.

63 Бочкарев С.А. Собственность в уголовном праве. – М.: Note Bene, 2001. – 216 с.

64 Раздобудько Е.А. Проблемные вопросы ответственности за хищения по УК РФ // Развитие публичных и частноправовых институтов в современной России: матер. 5-й междунар. науч.-практ. конф. – М.: МЭСИ, 2005. – С. 378.

65 Плохова В.И. Ненасильственные преступления против собственности. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2003. – 284 с.

66 Кочои С.М. Ответственность за корыстные преступления против собственности: учебно-практическое пособие. – 2-е изд., доп. и перераб. – М., 2000. – 288 с.

67 Корягин А.Г. Неосторожный преступник. Субъект и личность. – М., 1990. - С. 220.

68 Пирзадаев А.Н. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық Кодексіндегі кейбір меншікке қарсы қылмыстардың реттелуінің ерекшеліктері // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – Астана, - 2014. - № 4(36). – С. 122-127.

69 Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Ответственность за преступления против собственности. – М.: Учебно-консультационный центр ЮрИнфоР, 1997. – 310 с.

70 Безверхов А.Г. Имущественные преступления. – Самара: Издательство «Самарский университет», 2002. – 359 с.

71 Вишнякова Н.Д. Понятие «хищение» в российском уголовном праве и уголовном праве зарубежных стран // Российский следователь. - 2008. - №16. - С. 31-37.

72 Криминология: учебник / под ред. В.Н. Кудрявцева, В.Е. Эминова. – М., 2009. – С. 208-210.

73 Пирзадаев А.Н. Общественная опасность и структура последствий от преступных деяний // Экономика. Налоги. Право. – М., - 2012. - №1. – С. 67-70.

74 Пирзадаев А.Н. Қылмыс зардабының сипаттамасы және оны саралау белгілері // Материалы Международной научно-практической конференции «Образование, наука и инновация в высшей школе: вчера, сегодня и завтра»,

посвященной 80-летию Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова 23-ноября 2012 года. – Уральск, - 2012. – С.141-143.

75 Пирзадаев А.Н. Формы, виды и состав преступных последствий в уголовном праве Республики Казахстан // Политика и общество. – М., - 2011. - №12(90). – С. 50-57.

76 Комментарий к уголовному кодексу Российской Федерации: в 2 т. / под ред. О.Ф. Шишова. – М.: ООО Изд-во «Новая Волна» 1998. – Т. 2. – 576 с.

77 Борчашвили И.Ш. Уголовно-правовые проблемы борьбы с преступлениями против собственности. – Караганда, 1997. – С. 17.

78 Нарикбаев М. Некоторые аспекты борьбы с корыстно-насильственными преступлениями // Борьба с преступностью в Казахстане: вопросы теории и практики: матер. науч.-практ. конф. – Алматы, 1998. – С. 12-18.

79 Ахметшин Х.М., Дубовик О.Л., Дьяков С.В. и др. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации / Генеральная прокуратура РФ; под ред. В.М. Лебедева, Ю.И. Скуратова. – 2-е изд., изм. и доп. – М.: ИНФРА-М – НОРМА, 1999. – 832 с.

80 Комментарий к Уголовному кодексу РК / ред.: И.Ш. Борчашвили, Г.К. Рахимжанова. – Караганда: Полиграфия, 1999. – 960 с.

81 Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексі: 1999 жылдың 9 шілдесіндегі кабылданған.

82 Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации с постатейными материалами и судебной практикой / под ред. С.И. Никулина. – М., 2001. – 1184 с.

83 Уголовное право Российской Федерации. Особенная часть / под ред. А.И. Рарога. – М.: Институт междунар. права и экономики, 1998. – С. 115-117.

84 Алауов Е.О. Квалификация хищений, совершаемых по подложным документам. – Ташкент, 1994. – С. 35.

85 Алауханов Е.О., Рахметов С.М. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 272 б.

86 Рогов И.И. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: учебник. – Алматы, 1999. – 420 с.

87 Наумов А.В. Қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: лекциялар курсы. – Астана: Фолиант, 2001. – 420 б.

88 Владимиров В.А., Ляпунов Ю.И. Ответственность за корыстные посягательства на социалистическую собственность. – М., 1985. – С. 5.

89 Кригер Г.А. Квалификация хищений социалистического имущества. – М., 1974. – 360 с.

90 Большой юридический словарь / под ред. А.Я. Сухарева и др. – М.: Инфра-М, 1997. – С. 243-244.

91 Ветров Н.И., Ляпунов Ю.И. Уголовное право Российской Федерации. Общая часть. – М.: Новый Юрист, 1997. – С. 118-119.

92 Дерендяев В.Н. Уголовная ответственность за присвоение или растрату вверенного имущества: монография. – М., 1998. – С. 47.

93 Шульга А.В. Объект и предмет преступлений против собственности в условиях рыночных отношений и информационного общества. – М., 2007. – С. 28.

94 Карыбеков К.С. Уголовное право РК. Общая часть. – Алматы: Данекер, 2001. – С. 220.

95 Комментарий к УК Республики Казахстан / под ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова. – Астана, 2011. – С. 680.

96 Владимиров В.А., Ляпунов Ю.И. Социалистическая собственность под охраной закона. – М.: Юридическая литература, 1979. - С. 210.

97 Бородин С.В. Квалификация преступлений против жизни. – М: Юридическая литература, 1977. - С. 452.

98 Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. – М., 1980. – 248 с.

99 Уголовное право Российской Федерации. Особенная часть / под ред. Л.В. Иногамовой-Хегай, А.И. Рарога, А.И. Чучаева. – М., 2004. – 742 с.

100 Яни П. Хищение: некоторые вопросы предмета и ущерба // Законность. - 1996. - №10. – С. 12-15.

101 Постатейный комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации / под ред. А.И. Чучаева. – М., 2004. – 819 с.

102 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлімі. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. - 345 б.

103 Пирзадаев А.Н. Жымқыру затының белгілері // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция: единство, стабильность, процветание», посвященной 20-летию Конституции Республики Казахстан (28-29 августа 2015г.). Том 1 / под общ. ред. И.И. Рогова, А.О. Шакирова, Е.Б. Сыдыкова. – Астана: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, - 2015. – С. 470-476.

104 Хабаров А.В. Преступления против собственности: влияние гражданско-правового регулирования: автореф. ... канд. юрид. наук. – Тюмень, 1999. – 24 с.

105 Семенов В.М. Социальные, уголовно-правовые и криминологические основы борьбы с кражами в России: автореф. ... докт. юрид. наук. – М., 2006. – 51 с.

106 Пирзадаев А.Н. Экономические последствия хищения собственности и ее правовая харектеристика в уголовном праве Республики Казахстан // Материалы Международной научно-практической конференции «Тенденции развития современной юриспруденции» 3-сентября 2012 года. – Новосибирск, - 2012 г., - С 118-126.

107 Кайыржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: Жеті-Жарғы, 1998. - 270 с.

108 Городенцев Г.А. Юридический состав преступлений в виде присвоения и растраты: учебное пособие. – Краснодар: ООО «Хорс», 2006. – 81 с.

109 Макашвили В.Г. Уголовная ответственность за неосторожность. – М., 1999. – С. 265.

110 Сергеева Т.Л. Уголовная ответственность за хищения государственного или общественного имущества, хозяйственные преступления и взяточничества. – М., 1967. - С. 140.

111 Пинаев А.А. Уголовно-правовая борьба с хищениями. – Харьков: Вища школа, 1975. - С. 247.

112 Ағыбаев А.Н., Бисенова М.Қ. Қылмыстық ниет және оның қылмысты саралаудың маңызы. – Алматы: Ғылым, 2006. - 160 б.

113 Пирзадаев А.Н. Роль размера похищенного имущества для определения последствия хищения собственности // Экономика и право Казахстана. – Алматы, - 2012. - №18. - С. 37-39.

114 Козочкина И.Д. Уголовное право зарубежных стран. – М., 2010. – 1056 с.

115 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының жинағы / ҚР Жоғарғы Соты. – Алматы: Санат, 1997. – Т. 1. - 477 б.

116 Комментарий к изменениям и дополнениям в УК РК и УИК РК / под ред. И.Ш. Борчашвили, П.Т. Оразалиева. – Караганда, 2003. – 308 с.

117 Михайлов М.П. Уголовная ответственность за кражу личного имущества и разбой. – М., 1998. - С. 169.

118 Ераксин В.В. Ответственность за грабеж. – М.: Юридическая литература, 1972. – 128 с.

119 Борзенков Г.Н. Ответственность за мошенничество (Вопросы квалификации). – М.: Юридическая литература, 1971. – 168 с.

120 Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері): монография. – Астана: Фолиант, 2002. – 220 б.

121 Сафонов В.Н. Организованное вымогательство: уголовно-правовой и криминологический анализ. – СПб., 2000. – С. 21-25.

122 Жукенов А.Т. Квалификация хищений. Теория и судебная практика. – Алматы, 1998. – С. 4.

123 Уголовное право Казахстана. Особенная часть: учебник для вузов / под ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова. – Алматы: ТОО «Баспа», 2001. – 536 с.

124 Беккария Ч. О преступлениях и наказаниях. – М., 1995. – 303 с.

125 Ной И.С. Сущность и функции наказания в советском государстве. – Саратов, 1973. – 193 с.

126 Таганцев Н.С. Общие начала назначения. – М., 2001. - С. 32.

127 Беляев Н.А. Уголовно-правовая политика и пути ее реализации. – Л., 1986. – 176 с.

128 Пирзадаев А.Н. Роль преступных последствий для назначения наказания в уголовном праве Республики Казахстан // Закон и Право. – М., - 2012. - №2. – С. 82-83.

129 Карпец И.И. Наказание: социальные, правовые и криминологические проблемы. – М., 1973. – 285 с.

130 Бородин С.В. Квалификация преступлений против жизни. – М.: Юридическая литература, 1987. – 452 с.

131 Pirzadayev A.N. Concept and Role of Damage for Determining the Consequences of Property Theft in Criminal Law of the Republic of Kazakhstan // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. - №15(9). – P. 1301-1305.

132 Кондратюк Л.В., Овчинский В.С. Криминологическое измерение // под ред. К.К. Горяинова. – М., 2008. – 272 с.

133 Ильин И.А. О сопротивлении злу силой. – М., 2005. – С. 23.

134 Хутыз М.Х., Сергейко П.Н. Энциклопедия права: учебное пособие. – М.: Былина, 1995. – 157 с.

135 Пирзадаев А.Н. Меншікке қарсы қылмыстардың құны // Вестник КазНУ им. АЛЬ-ФАРАБИ. Серия юридическая. - Алматы, - 2015. - №2(74). С.426-431.

136 Лунеев В.В. Курс мировой и российской криминологии. Общая часть: учебник: в 2 т. – М., 2011. – Т. 1. – 1003 с.

137 Бабаев М.М., Квашис В.Е. Цена преступности: проблемы теории и практики // Российский криминологический взгляд. - 2009. - №2. - С. 246-259.

138 Квашис В.Е. Цена преступности как криминологическая проблема // Уголовное право. - 2008. - №6. - С. 94-102.

139 Долгова А.И. Преступность в России XXI века и реагирование на нее. – М., 2002. – 409 с.

140 Долотов Р.О. Цена преступности как криминологический показатель: некоторые методологические аспекты // Криминологический журнал. - 2012. - №3(21). – С. 15-21.

141 Землюков С.В. Преступный вред: теория, законодательство, практика: автореф. ... докт. юрид. наук. – М., 1993. - С. 5.

142 Demmert H.G. Crime and Crime Control: What Are the Social Costs? / Center for Econometric Studies of the Justice System. – Stanford: Stanford University, 1979. – P. 2-5.

143 Brand S., Price R. The Economic and Social Costs of Crime / Home Office Research Study 217. - London, 2000 // http:// www.homeoffice.gov.uk /rds/ pdfs/ hors 217.

144 Гернет М.Н. Социальные факторы преступности. – М.: Унив. тип., 1905. – 215 с.

145 Карпова Н.А. Хищение чужого имущества: вопросы квалификации и проблемы дифференциации уголовной ответственности / под ред. Н.Г. Кадникова. – М.: Юриспруденция, 2011. – 184 с.

146 Исаев М.М. Общая часть уголовного права РСФСР. – Л., 1925. – 199 с.

147 Czabanski J. Estimates of Cost of Crime: History, Methodologies, and Implications. – Heidelberg, 2008. – 148 p.

148 Овчинскийй А.С., Чеботарева С.О. Матрица преступности. – М.:

Норма, 2008. – 112 с.

149 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 1946. – 676 с.

150 Джекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. – Алматы: Наука, 1987. – 192 с.

151 Лунеев В.В. Курс советской криминологии: предупреждение преступности. – М., 1986. – 341 с.

152 Лунеев В.В. Преступная мифология. Что скрывалось под покровом секретности // Известия. - 1991, апрель - 15.

153 Фукуяма Ф. Сильное государство. – М., 2010. – 222 с.

154 Литвинов А.Н. Предупреждение преступлений и правонарушений. Профилактическая работа с населением: научно-практическое пособие. – М.: Юркнига, 2004. – 140 с.

155 Миндагулов А.Х. Профилактика преступлений. – Алматы: HAS, 2005. – 408 с.

156 Скуратов Ю.И., Лебедев В.М., Побегайло Э.Ф. Новый уголовный кодекс нуждается в совершенствовании // Журнал российского права. – 1997. – №1. – С. 24.

157 Шмаров И. Предупреждение преступлений среди освобожденных от наказания. – М.: Юрид. лит., 1974. – 136 с.

158 Нарбутаев Э.Х. Государственная политика защиты населения от преступности: монография. – Ташкент, 2007. – 271 с.

159 Блувштейн Ю., Лапинскас К. Социальная адаптация лиц, освобожденных из исправительно-трудовых учреждений, и рецидивная преступность // В кн.: Изучение и предупреждение преступности. – Вильнюс: Минтис, 1971. – 58 с.

160 Демидов Ю.Н. Проблемы борьбы с преступностью в социально-бюджетной сфере. – М., 2002. – 185 с.

161 Неупокоева И.А. Современные тенденции преступности среди безработных и лиц, не имеющих постоянного источника дохода // Совершенствование государственной политики противодействия правонарушающему поведению: межвуз. сб. науч. тр. – Омск: Омская академия МВД России, 2012. – 248 с.

162 Криминология / пер. с англ.; под ред. Дж.Ф. Шели. – СПб.: Питер, 2003. – 864 с.

163 Ситковский А.Л. Виктимологические проблемы профилактики корыстных преступлений против собственности граждан: дис. … канд. юрид. наук: 12.00.08. – М., 1995. – 190 с.

164 Котова Н.К. Виктимологические проблемы криминальной агрессии. – Астана: ЗАО «Институт законодательства Республики Казахстан», 2001. – 120 с.

165 Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (На материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). – Алма-Ата: Наука, 1971. – 203 с.

166 Богданчиков С.В. Уголовно-правовые и криминологические аспекты преступлений против собственности: монография / под ред. Н.Д. Эриашвили. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2011. – 239 с.

167 Гальперин И.М. Наказание: социальные функции и практика применения. – М.: Юр. лит., 1983. – 217 с.

168 Исмаилов И.А. Преступность и уголовная политика (актуальные проблемы борьбы с преступностью). – Баку, 1990. – 304 с.

169 Базаров Р.А., Никитин Е.В. Уголовно-правовая характеристика насильственных хищений чужого имущества: учебное пособие. – Челябинск: Челябинский юрид. институт МВД России, 2001. – 89 с.

170 Джансараева Р.Е. Эволюция взглядов на понятие «уголовная политика». – Алматы, 2011 // articlekz.com.

171 Гришанин П.Ф. Уголовная политика Советского государства и уголовно-правовая социология. – М., 1977. - С. 4.

172 Клочков В.Б. Уголовная политика и уголовное право // Социалистическая законность. - 1977. - №11. – С. 65.

173 Миренский Б.А. Теоретические основы совершенствования советского уголовного законодательства. – Ташкент, 1983. – 120 с.

174 Нуртаев Р.Т. Борьба с неосторожными видами преступлений: проблемы эффективности. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1990. – 208 с.

175 Костенко А. Криминальный произвол. – Киев: Науково думка, 1990. – 146 с.

176 Пирзадаев А.Н. Меншікке қарсы қылмыстардың алдын алу және онымен күресу – мемлекеттік қылмыстық саясаттың басты мақсаты // «Конституционно-правовые основы защиты прав личности»: сборник материалов международной научно-практической конференции. - Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг». -2015. - С.292-298

177 Тайбаков А.А. Проблемы предупреждения и профилактики корыстной преступности. – Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского Гос. Университета, 2000. – 51 с.

178 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. 2014 жыл 17 қаңтар // http://www.akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar.

179 Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институттық реформа // Қазақстан Республикасының Президенті, «НұрОтан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі / nurotan.kz